



*"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары*  
*Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті*  
***Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ***  
*тізгінісіне бағынған шығармаларды*

## **“Мәдени мұра”**

**мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі  
қоғамдық кеңес мүшелері:**

Әшімбаев М.С. кеңес төрағасы

Асқаров Ә.А. жауапты хатшы

Абдрахманов С.А.

Аяған Б.Ғ.

Әбусейітова М.Қ

Әжіғали С.Е.

Әлімбаев Н.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Биекенов К.Ү.

Бұрханов К.Н.

Досжан А.Д.

Есім Ғ.

Қасқабасов С.А.

Қошанов А.

Құл-Мұхаммед М.А.

Нысанбаев Ә.Н.

Салғара Қ.

Самашев З.

Сариева Е.Х.

Сейдімбек А.С.

Сұлтанов Қ.С.

Тұяқбаев Қ.Қ.

Түймебаев Ж.Қ.

Хұсайынов К.Ш.

Шаймерденов Е.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігі  
Ақпарат және Мұрағат комитеті  
“Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару”  
бағдарламасы

# Қазақстан тарихы

З

*Әтешев, 2008*  
*Зерттеу, 2008*



**Жалайыр**

МІНІСТЕРЛІК  
ОРТАЛЫҒЫ  
**Алаш 2008**

“АЛАШ” тарихи-зерттеу орталығы

<b>Х.М. Ғабжалилов</b>	Ғылыми жобаның авторы, Орталықтың Президенті, Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті мүшесі (академигі), тарих ғылымдарының кандидаты, Д.А. Қонаев атындағы университеттің құрметті профессоры
<b>Т.О. Омарбеков</b>	Ғылыми жобаның ғылыми жетекшісі, Орталықтың директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
<b>Б.Б. Кәрібаев</b>	Ғылыми жобаның редакторы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**Қ 17 “Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде”. Т. III : Жалайыр. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. - 400 бет.  
ISBN 9965-765-27-8**

«Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде» ғылыми-зерттеу жобасы аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы бойынша жарық көріп отырған «Жалайыр» атты зерттеудің бірінші, екінші, үшінші томдарында ерте ортағасырлардан XX ғасырдың басына дейінгі Жалайыр тайпасының тарихы баяндалған. Өзгүрлі деректер мен нақты зерттеулерді талдау негізінде жалайырлардың арғы бабаларының тарихи тағдыры, олардың Мәуереннахр, Иран және Ирак жеріндегі, Шағатай ұлысы мен Алтын Орда құрамындағы және олар ыдырағаннан кейінгі Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Моғолстан, Әмір Темір және оның ұрпақтары мемлекеті, Қазақ хандығы тұсындағы этникалық процесстердегі, ұлт-азаттық қозғалыстарындағы орны мен ролі көрсетілген. Тарихымызда зерттеле қоймаған «ақтандақ» мәселелер – қазақ халқының этникалық негізін қалаған ру тайпаларының бірі Жалайырлардың этникалық тамыры, тайпаның шежіре деректері, түркі халықтарында және қазақ жерінде шашырай орналасуының себеп-салдары және т.б. көптеген тың мәліметтер негізінде баяндалған.

Том тарихи суреттермен, карталармен, ғылыми аппаратпен, көрсеткіштермен жабдықталған. Тарихшыларға, Отан тарихы пәнінің оқытушыларына, еліміздің қазақ халқының күрделі тарихының этникалық мәселелері қызықтыратын оқырмандардың қалың тобына арналған.

ББК 63.3 (5 Қаз)

«Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде» ғылыми жобасының бірінші, екінші, үшінші томы – «Жалайыр» атты ғылыми-зерттеу еңбегін жазуға төмендегі авторлар қатысты: Бірінші томның кіріспесін-Х.М.Ғабжалилов, Т.О. Омарбеков; I тарауын-Х.М. Ғабжалилов, Т.О.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев; II-III тарауын-Х.М. Ғабжалилов, Т.О.Омарбеков, Г.Б. Хабижанова; IV тарауын-Х.М. Ғабжалилов, С.Ә.Тортаев, V тарауын-Х.М. Ғабжалилов, Ж.Б. Сүлейменов; VI-VII тарауын-Х.М. Ғабжалилов, М.С. Ноғайбаева; VIII тарауын-Х.М. Ғабжалилов, Б.Б. Кәрібаев; IX тарауын-Х.М.Ғабжалилов, Ж.М. Арынов; X тарауын-Х.М.Ғабжалилов, Р.С. Жұматаев; XI тарауын-Х.М. Ғабжалилов, Б.Б.Кәрібаев; XII тарауын-Х.М. Ғабжалилов, Т.Е. Қартаева; қорытындысын-Х.М. Ғабжалилов, Т.О. Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев, М.С.Ноғайбаева, Ж.М.Арынов, Т.Е. Қартаева, Р.С. Жұматаев.

Бірінші, екінші, үшінші томдардың географиялық-топонимикалық, этникалық және есімдер көрсеткіштерін жасаған М.Д. Байдәулетова.

Қ 0503020905 — 2008 жыл  
00(05)-08

ISBN 9965-765-27-8  
ISBN 9965-765-24-3

©“Алаш” ТЗО, 2008.

## ОН БІРІНШІ ТАРАУ

### ЖАЛАЙЫР ТАЙПАСЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫР – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚОНЫСТАНУЫ

#### §1. Жетісу өңіріндегі жалайырлардың қоныстануы мен олардың дәстүрлі шаруашылықты ұйымдастыру ерекшеліктері

Жалайыр тайпасының қоныстану ауқымы кең болғанымен бұл тайпаның орналасқан жерін анықтауда Ұлы жүзді құраған басқа тайпалардан бөліп қарау мүмкін емес. Ұлы жүз тайпалары бір-бірімен көршілес, тығыз қоныстанды.

Орынбор экспедициясының құрамында болған швед ғалымы Иоганн Готлиб Георги (1729-1802) Ұлы жүз қазақтары Ташкент маңында, Сырдария өзенінің жоғарғы ағысы бойында Түркістан өңірінде көшіп жүрген, - деген. И.Г.Георгидың экспедициялық материалдарының қазақ халқының өткені үшін маңыздылығы аса құнды, дегенмен, бұл экспедицияның Жетісу өлкесінен алыс аймақта өтуіне байланысты, И.Г. Георги Ұлы жүз тайпаларының тығыз қоныстанған аймағы Жетісуды атамайды<sup>1</sup>.

Қазақ даласының шығысында Сібір-Қытай шекарасына дейінгі жерде Ұлы Жүз тайпалары көшіп жүрді<sup>2</sup>.

Ұлы жүз Қазақ даласының оңтүстік-шығысынан Балқаш және Алатау қыраттары аралығы жерлерін қамтыды. Ұлы жүз қазақтары оңтүстік батысында Балқаш көлін, Шу өзенінің жағалауы, Сырдарияның жоғарғы ағысы жағалауын, солтүстігінде Шыңғыс және Тарбағатай тауларына дейін қоныстанған. Ұлы жүз қазақтарының көбі Қытай шекарасына дейінгі жерлерге дейін көшіп жүрген.

И.Завалишин Ұлы жүз тайпалары Тянь-Шань тауларының солтүстік-батыс сілімдерінен бастап Балқаш және Іле өзендерінің

---

<sup>1</sup> Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов, так же их житейских обрядов, вер, обыкновений, жилищ, одежд и прочих достопамятностей. Ч.1. О народах финского племени. – СПб., 1776. – 116 б.

<sup>2</sup> Народы России. Этнографические очерки. СПб. 1880. – 148 б.

аңғары аймағын жайлап жатты, дей отырып, Ұлы жүздің албан, дулат, жалайыр тайпаларын атап көрсеткен.<sup>3</sup>

XIX ғасырдың 50-ші жылдарында Ұлы жүзде 200 000 адам болған<sup>4</sup>.

Жалайырлар қазақ даласының Жетісу, Оңтүстік және Орталық аймақтарында, сондай-ақ көршілес мемлекеттер жерінде шашырай қоныстанды. Ұлы Жүз тайпаларының жақын шет елдерге ауа көшуі жоңғар шапқыншылығымен тығыз байланысты.

XVIII ғасырда жоңғарлармен қақтығыс аяқталғаннан кейін, шапқыншылық кезінде бытыраушылыққа ұшыраған ру-тайпалар өз атамекендеріне қайтып орала бастады. Жоңғар шапқыншылығы барысында өз атамекендерінен айырылған тайпалардың басым көпшілігін Орта жүз тайпалары құрағаны белгілі. XVIII ғасырдың аяғында Ұлы жүз тайпаларының басым бөлігі Сырдария жағалауынан, Түркістан өңірінен Жетісу өңіріне қарай, Орта жүз тайпаларының да басым бөлігі осы аймақтан Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан далаларына қарай үдере көшті.

Ресей билігін жүзеге асыру кезіндегі Ережелерге байланысты, Екатерина II патша тұсында 4100 Ұлы жүз шаңырағы Сібір шекарасы арқылы Томск Губерниясына қарай қоныс аударғандығын А.Левшин атап көрсеткен<sup>5</sup>.

Жалайыр тайпасы толық қамтылмаса да, осы кезеңдегі қазақ тайпалары туралы жазылған аса маңызды құжаттардың бірі Г.Волконскийдің дерегі<sup>6</sup>.

1803 жылы Орынбор әскери губернаторы Г.С.Волконскийдің тапсыруы бойынша ағаман (старшын - Т.К.) Көбек Шүкірәліұлы мен Қазан татары Ғали Шахмұтаров<sup>7</sup> Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші

---

<sup>3</sup> Завалишин И. Описание Западной Сибири. Том 3. Киргизская степь. М. 1867. – 42-43 бб.

<sup>4</sup> Статистическое обозрение Сибири составленное по Высочайшему его Императорского Величества повелению при Сибирском комитете. Ч.II. СПб. 1854. – 10 б.

<sup>5</sup> Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. Ч.2. –СПб, 1832. – 92 б.

<sup>6</sup> Письмо Оренбургского военного губернатора Г.С.Волконского Министру коммерций Н.П. Румянцеву: «Описания 3-х Киргиз-Кайсацких орд». В книге: Материалы по истории Казахской ССР. (1785-1825 гг.) IV Т. М-Л. Изд.АНССР. 1940. 514-516 бб.; Г.С.Волконский. О киргиз-кайсаках разделяемых обыкновенно на Большую, Среднюю, Меньшую Орды // Центр. Гос. Историч. Архив России. Ф. 1291. Оп. 81. Д. 23, 6 л. об 12., 13 парақ.

<sup>7</sup> Аудармашы болуы керек – Т.К.

жүз қазақтарының қоныстануы, көші-қон аймағы жайындағы дерек дайындап, бұл деректі жинақтауға өздеріне қарасты руды жақсы білетін ру ақсалдары қатысқан. Г. Волконский деректерінде Үш жүздік құрылымдарды сипаттау барысында, Ұлы жүз бен Орта жүз құрамындағы ру-тайпаларды толық қамтымауы олардың Орынбор өлкесінен қашықта болуымен байланысты болуы керек. Мысалы Ұлы жүзден дулат, сіргелі, үйсін, жалайыр, шанышқылы, қаңлы руларын баяндап, шапырашты, албан, суан, ысты, ошақты руларының атауларына түсінік бермейді. Оның үстіне сіргелі, сары үйсін, жалайыр, қаңлы, шанышқылы руларының Бұқара, Ташкент көпестерімен сауда қатынасын атап, олардың қазақ жеріндегі атақонысы Жетісу өлкесін айналып өтеді. Онда “Жалайыр, сары үйсін руларының 2 атасынан 7000 шаңырақты ағаман Сары батыр басқарып, олар сіргелі тайпасымен қатар көшіп жүр”, - дей отырып, Ұлы Жүздің 13 тармағынан 70 000 шаңырақ болғандығын айтады.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде жалайырлардың ең тығыз қоныстанған аймағы Жетісу өңірі.

Жетісу облысы Түркістан Генерал губернаторлығының құрамында болып, 1891 жылғы Далалық Ережеге сәйкес Әскери губернаторлыққа бағынған. Облыс территориясының 260 291 кв. верст жері құрақ жерлер, 92 688 кв. верст жерін сулы аймақтар алып жатты. Әкімшілік жағынан 6 уезге бөлінді. 1897 Бүкілресейлік санақ нәтижесі бойынша Жетісу облысында 990107 адам болған, соның ішінде қазақтар саны – 770383 адам болған<sup>8</sup>.

Ал, 1910 жылғы мәлімет Жетісу облысында 188 016 адам болғанын көрсетеді<sup>9</sup>.

Жетісу облысында көшпелі болыстықтарда 1000-нан 2000 шаңыраққа дейін, ал болыс құрамындағы ауылдарда 100-ден 200 шаңыраққа дейін болған. Н.Зеланд бойынша уездерде 16000 – 28 000 шаңырақ, болыстарда 800 – 2000 шаңырақ болған<sup>10</sup>. Жетісу

---

<sup>8</sup> Обзор Семиреченской области за 1897 год. –Верный, 1898. - 4 б.; Обзор Семиреченский области за 1900 год. –Верный, 1901. - 9 б.

<sup>9</sup> Россия полное географическое описание нашего отечества. Под. ред. В.П.Семенова-Тянь-Шанского. Том. XIX. Туркестанский край. –СПб, 1913. – 362 б.

<sup>10</sup> Зеланд Н. Киргизы: этнологический очерк. // Записки Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества. Кн. VIII. Вып. II. Омск. 1885. – 30-31 бб.

өңірінде негізінен Ұлы жүз, Орта жүз рулары мен қырғыздар қоныстанған. 1908 жылғы Түркістан әскери округінің әскери-статистикалық мәліметі бойынша Жетісуда Ұлы жүзден үйсіндер – 397 000 адам; сары-үйсіндер – 10 000 адам; албандар – 82000; суандар – 22 000 адам; дулаттар – 104 000 адам; шапыраштылар – 51 000 адам; ыстылар – 11 600 адам; қыстық – 9500 адам; қаңлылар – 18 000 адам; жалайырлар – 86 900 адам; Орта жүзден наймандар – 166 000 адам, соның ішінде қаракерейлер – 82500 адам; садырлар – 31700 адам, матайлар 51 800 адам болған<sup>11</sup>.

Бұл өңірде жалайырлардың он үш руынан тараған ұрпақтардың барлық өкілдері кездесіп, олар Қапал, Верный және Лепсі уездеріне қарасты болыстарда шашырай қоныстанды<sup>12</sup>.

Санкт-Петербурттағы Орталық Мемлекеттік Тарихи құжаттар мұрағатында сақталған Ұлы жүз қазақтары құжатта жалайырлардың андас, мырза, күшік, сиыршы, қалпе, балғалы, қарашапан, сыпатай, байшағыр, қайшылы, арықтыным, қырғыз деп бөліп, оларды сұлтан Сүйік Абылайханұлы басқаратындығы көрсетілген<sup>13</sup>.

В.В. Радлов болса, жалайырлардың Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан өңірін, Шу өзені бойын мекендейтіндігін көрсеткен<sup>14</sup>.

Жалайырларды он үш руға бөлінеді десек, әр руының ежелден қалыптасқан атақонысы болды. Әр рудың қоныстану аймағын Н.А.Абрамов жазбасын және ауыл шаруашылық парақтарын негізге алып отырып қарастырып көрелік:

**Андас** руының қауымдарының бір бөлігі Қаратал мен Тентек өзендерінің аралығындағы Аралөткел, Еспай-Төлебай, Жаршаған, Үшмола, Жалғызтораңғы, Ақжал, Тентек, Мақаншы; екінші бөлігі

---

<sup>11</sup> Военно-статистическое описание Туркестанского военного округа. Чжунгарского-Семиреченский приграничный район. Ч.1-я. Сост. Д.Федоров. – Ташкент, 1910. - 80 б.

<sup>12</sup> Материалы по обследованию туземного и русскаго старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Том. IV. Верненский уезд. Киргизское хозяйство. СПб. 1913; Т.2. Копалский уезд. I; Лепсинский уезд; Бұдан әрі - МКХ.

<sup>13</sup> Казахско-русские отношения в XVIII – XIX вв (1771-1867 гг) . - 224 б.

<sup>14</sup> Арлов В.В. Средняя Зерафшанская долина // Записки Императорского общества. По отд. Этнографии. Том. 6. – СПб., 1880. – 65-66 бб.



Малайсары мен Желдіқара таулары етегіндегі Күлөзек, Шөладыр, Ашутасты, Қарасу шатқалдарында; үшінші бөлігі Верный уезінің оңтүстік-батыс қиырындағы Бесмойнақ, Бұғымүйіз шатқалдарында көшіп-қонған.

**Мырзалардың** негізгі бөлігі Қаратал өзенінің оң жақ бетін жағалай Қарақой, Бурақой, Дауылбай, Қайрақты тау жоталарында, Сарыбастау, Қызылауыз, Қарашоқы, Шаңырақ шатқалдарында, бір бөлігі Қаратал өзенінің сол жақ бетіндегі Шөпадыр, Достарболды, Жосалы шатқалдарында, қалған бөлігі Сарыкөл жағалауында қыстаған, жазда мырзалар Дегерес, Сарыжазық жайлауларында бас қосқан.

**Сиыршы-жалайырлардың** қауымының негізгі басым бөлігі Гавриловка, Қарабұлақ, Қаратал, Жалғыззағаш елді мекендерінде, Лабасы және Ешкіөлмес таулары етегінде көшіп-қонса, екінші бір бөлігі Қаратал өзенінің жоғарғы ағысы тұсындағы Қызылжар, Ықылас, Сарыноқай, Текелі, Қусақ, Тастыарық, Түйемойнақ, Өтенай, Шұбар сайларын көшіп жүрген. Қарашапандар Алатау етегінде, Қаратал өзені бойындағы Кеңарал, Көксу өзені аңғарындағы Шолақ, Желсаз сайларын қоныс еткен.

**Орақтылар** болса, Қаратал өзенінің орта ағысы тұсынан батысқа қарай Жуанқұм, Жетіжал, Біже өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы Ақжал, Малайсары тауының етегіндегі Өгізұшырған шатқалдарында көшіп жүрді.

**Ақбұйымдар** болса Алтынемел тауының қойнауларын, Іле өзенінің жағасын бойлай қоныстанған.

**Қалпелер** Біже және Тентек өзендерінің аңғарларында отырды.

**Сыпатайлардың** бір бөлігі Ешкіөлмес, Мұқыры, Лабасы тауларының қойнауында, бір бөлігі Алтынемел тауының етегінде, қалған бөлігі Жетісудың солтүстік қиырында көшіп жүрген.

**Арықтынымдардың** негізгі бөлігі Қаратал мен Іле өзендерінің сағаларының екі жақ бетінде, қалған бөлігі Оңтүстік Балхаш құмын, Бақанас өзені аңғарында қыстаған.

**Байшегірлер** Іле өзенінің екі жақ бетін жағалай қыстап, арықтынымдармен қоңсы отырды. Балғалы руының қауымдары негізгі бөлігі Шеңгелді, Бесапан, Құмбасы, Құланбасы, Жуантөбе,

## Жетісу өңірі және онда жалайырлардың қоныстануы



Рулар: АҚ - ақбүйім; АН - андас; АР - арықтыным; Б - байшағыр; БЛ - балғалы; ҚЛ - қалпе; ҚР - қарашапан; КШ - күшік; М - мырза; ОР - орақты; СР - сиыршы; СП - сыпатай; ҚШ - қайшылы

Ақдала, Қаракөл, Аққаптал, Үшқызылжар, Жіңішке шатқалдарын қыстап, жазда Жоңғар Алатауы етегіндегі шөбі шүйгін жерлерге көшкен.

**Қайшылы** руының қауымдары Іле, Балхаш, Шу қойнауын қыста қоныс етіп, жазда Жамбыл тауының етегіне қарай көшкен. Бір бөлігі Өзбекстан жерінде өмір сүрген.

**Күшік** руының қауымдары Іле өзені бойындағы Ақдала, Көкдала, Көрбі шатқалдарында қыстаған. Аздаған бөлігі Әулиеата уезінде көшіп жүрді.<sup>15</sup>

Н.А.Абрамов жалайырлардың Қаратал өңіріндегі шаңырақ саны жөнінде «андас руының қалқадан тарайтын дүйсенбі-андабай тармағынан 600, қонай, қырғыз, жомарт, айтымбет, қаракүш тармағынан - 600, тұлымбеттен тарайтын мендібай, кенжеке, шүрек, қошқар тармағынан - 350 шаңырақ; мырза руының әліке тармағынан – 500, бәйбіше тармағынан - 150, аман тармағынан – 660; қарашапаннан тарайтын тәңірберген, баташ, қылмамбет тармақтарынан – 500; орақты руынан жалықбай және көкшекөз тармақтарынан – 300; ақбұйым руынан 230; қалпе руынан – 200; сыпатай руының ақмарқа, қарамарқа тармақтарынан - 300, сауық тармағынан - 150, шылмамбеттен – 180, еселей мен күшіктен – 200; арықтыным руының өтес, сүттеген, өміржан тармақтарынан – 660; байшегір руының тыныш, жамбет тармақтарынан – 700; сиыршы руының сырымбет және байымбет тармақтарынан – 800; балғалы руының құлым тармағынан – 240, шағырдан – 80, өгізден – 55, нияз-барақтан – 55; қайшылы руынан – 200; күшік руының таз, жабысқақ, қарасақал тармақтарынан – 700, барлығы - 8410 шаңырақта 25000 жалайыр бар», - деп көрсетеді<sup>16</sup>.

Қазақ тайпаларының негізгі бөлігінің өмірі мен тұрмыс-тіршілігі көшпелі мал шаруашылығымен тығыз байланысты.

---

<sup>15</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями // Записки Императорского Русского Географического общества по общей географии. – СПб., 1867. Вып. 1. -269-278 бб.; Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. –А., 2000. – 88-89 бб; Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Том. IV. Верненский уезд.; Копалский уезд; Лепсинский уезд.

<sup>16</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями // Записки Императорского Русского Географического общества по общей географии. – СПб., 1867. Вып. 1. -271-273 бб.

Жетісуда қыстаған жалайыр тайпасының рулары жазда Алатау бөктерін, Шу өзені жағалаулары мен Сырдария өзенінің бас жағына дейінгі аралықтағы жайлауларға көшіп қонған.

Көшіп-қонудың маусымдық сипатына қарай, жалайырлардың да басқа тайпалар сияқты көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері болды. Жетісудың таулы аңғарларының әр түрлі шатқалдарында қыстаған жалайырлар, жаз кезінде бір жайлауда кездесіп, Сарыжазық, Сандықтас, Тентек сияқты жайлаулар жалайырлардың жаздық «атақонысына» айналды.

Төменгі-Қаратал, Оңтүстік-Балхаш, Мырза т.б. болыстардағы жалайырлар жазда Балықты жайлыуында бас қосқан. Көптеген жалайырлар Балықты, Сарыноқай, Қазыбек, Қоскөл қойнауларындағы жайлауларда жазда бас қосып, Іле өзенінің сағасына, Балхаш көлінің етегіне дейін көшіп қонды. Ал, Андас, Шолак, Алтын-Емел, Балғалы болыстарындағы жалайырлар Күренкей, Аралтөбе жайлауларын иемденіп, жыл сайын ағайындар жазда бас қосты.

Жалайырлар және Жетісуды мекен еткен басқа да Ұлы Жүз тайпалары мал шаруашылығының ең көп тараған дәстүрлі түрі жартылай көшпелі мал шаруашылығын кәсіп етті. Жетісу қазақтарының мал отарында жылқы мен қой малы басым болды.

Жартылай көшпелілер мал өсірумен қатар ішінара, тәлімі егіншілікпен, мал азығын дайындаумен де айналысты, олардың қыстауға арналған тұрақты орындары болды. Жартылай көшпелі мал шаруашылығының көшіп қонатын аймағы мен отырық-шылыққа көшу дәрежесі әр ауданда әр түрлі болды. Көшіп қонатын жер аумағы неғұрлым тар болса, малшы өзі үнемі қыстайтын орынға соғұрлым берік байланысты болатын.

Жалайырлар таулы аймақтарда қыстағандықтан, көшудің «вертикальды» бағытын ұстанды. Көшудің бұл бағытын ұстанған көшпелілер көктем түскеннен малдарын қар тезірек еритін жақ, яғни таудың оң жақ бөктеріне қарай айдаған. Осылайша олар қар еріп, көк шыққан соң ақырындап таулы қыраттармен тік бойлай отырып, жоғары қарай көтерілген. Көктеу мен күздеулік

жайылымдар қыстаудан онша қашық болмады. Жетісулық жалайырлар таулы қыраттарда қоныстанғандықтан, негізгі көшу көліктері жылқы болған. Себебі, жылқы тұяғы тасты жолдарға шыдамды келді. Таулы аймақтардағы көшу жолындағы бағыттарға табиғи өткелдерді, табиғи су көздерін белгі ретінде алынды<sup>17</sup>.

Жетісу өңірінде қыстаулар ызғырық желден пана болатын, жылуыт, таудың күнгеілі бетіндегі етегіне, малды бораннан сақтайтын ықтасынды жерлері мен шатқалдарында салынды; көктеуге жас төлді аяқтарынан ширатуға қолайлы, әрі қыстан жүдеу шыққан малдың жайылымы үшін көк майсалы шөптері бар жерлер таңдалды; жетісулық көшпелілер жайлауға тау етегіндегі шөбі шұрайлы, көк майсалы, өзен сулардың бойларындағы жерлерді таңдады. Көктеу мен күздеулік жайылымдар көбіне бір жерде болды, көктеуге жайлауға қарай барар жолда, күздеуге қыстауға қайтар жолда тоқтады. Әрбір рудың дәстүрлі қалыптасқан көшу жолы, бағыты болды. Әрбір ру мен оның бөлімшелерінің қоныстары негізінен бір территорияда болып отырды.

Қатал қыс, жұттың әсерінен малдың жаппай қырылуы нәтижесінде көшпелілер тұрмысының қиындауы кейбір қауымдықтың атакәсібін тастап, еріксіз отырықшылануына алып келді.

П.П.Румянцев берген дерек бойынша 1902 жылы 1870 жылмен салыстырғанда Верный уезінде мал саны 80,8 %-ға, Қапал уезінде 26,8 %-ға, Лепсі уезінде 14,9 %-ға азайып кеткен екен<sup>18</sup>. Санақ кезінде малшы қазақтар өз отарындағы мал санын статистермен келісе отырып, кемітіп жаздыртып отырған. Оның себебі мал табынын дәстүрлі нанымға сәйкес көз тиюден сақтау болса, екінші себебі орыс әкімшілігінің Ресейге мал айдап әкетуінен сақтау еді<sup>19</sup>. XIX ғ. екінші жартысында қазақтардың малдарын Ресейге сатып және айдап әкету есебінен де азая түскен<sup>20</sup>. Жалпы мал санының

---

<sup>17</sup> Поляков С.П. Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. – М. 1980. – 46 б.

<sup>18</sup> Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – СПб. 1910. – 48 б.

<sup>19</sup> П.А. Киргизская степь в хозяйственном отношении // Экономический журнал. Под ред. А.П.Субботина. СПб. 1888. 103 б.; Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. СПб. 1867. 24 б.

<sup>20</sup> Мейер Л. В отношении к средне-азиатской торговли // Морской сборник. Т. LX. №7. Июль. – СПб., 120-121 бб.

азая бастауына байланысты Жетісу өңіріндегі қазақтардың отырықшылыққа ойыса бастауы ХІХ ғасырдың 50 жылдарына саяды<sup>21</sup>. ХІХ ғасырдың аяқ кезінен қазақ шаруашылықтарының отырықшылану үрдісінің Қазақстанның басқа өңіріне қарағанда Жетісу өңірінде қарқындырақ жүруіне, бұл өңірге орыс қоныстанушыларының толастап келуі әсер етті<sup>22</sup>.

Қазақ даласын басқару мақсатында жүргізілген ХІХ ғасырдың 60-шы жылдары мен 1917 жылдар аралығындағы әкімшілік Ережелер дәстүрлі басқару жүйесіндегі ғасырлар бойына қалыптасқан далалық билікті бірте-бірте ығыстыра бастады. Бұл Ережелерді іске асыруға байланысты саяси биліктегі өзгерістер Жетісу жеріне де орнықты. Жетісудағы Ресей билігі жөнінде профессор М.Қойгелдиев: “...ортағасырлық бұйығы қоғамдық қатынастар торына шырмалған Жетісу елі ендігі уақытта Еуропалық Ресейдің қоғамдық-саяси жүйесіне тартылып қана қойған жоқ, сонымен бірге экономикалық және мәдени өміріне де біртіндеп ене бастайды. Бұл процесс өңірдің жергілікті халқы үшін жеңіл болған жоқ. Өңір енді ғана қарқынды капиталистік даму жолына түскен метрополияның арзан шикізат көзіне айнала бастады, ал оның халқы үшін ұлы державаның кемсіту мен қорлауды басынан кешіруге мәжбүр болды”, - деп түйіндейді.<sup>23</sup>

Басқару Ережелеріне сәйкес облыстар уездерге, уездер болыстықтарға, болыстықтар әкімшілік ауылдарға, әкімшілік ауылдар шаруашылық ауылдарға бөлінді. Бір уезге 15-20 болыстық, бір болыстыққа 10-12 әкімшілік ауыл, әкімшілік ауылға 50-70 шаңырақ бірігіп, ауылдық қауымды құраған. Әрбір әкімшілік ауылды ауыл старшинасы, ал болыстықты сұлтан немесе болыс, ал уезді аға сұлтан басқарған. Болыстық қызметі шын мәнінде атадан балаға мирас ретінде қалып отырды.<sup>24</sup>

Болыстықтар әкімшілік аймақ ретінде қалыптасып, болыс халқы шекара тәртібін қатаң сақтап отырған. Уездік басқарма

---

<sup>21</sup> Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – Спб. 1910. – 54 б.

<sup>22</sup> Чжунгарского-Семиреченский приграничный район. – 84 б.

<sup>23</sup> Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі. – Алматы. 2004. - 129 б.

<sup>24</sup> Народы России. Киргизы. Исторический очерк и народный характер // Природа и люди. 1879. - 15-16 бб.

құрамына орыс шенеуніктерінің өкілдері, старшындар, билер енді<sup>25</sup>. Ауыл старшыны да, болыс та 3 жыл мерзімге ғана сайланды. Болыстар немесе сұлтандар өз қарамағындағы әкімшілік аймаққа билік жүргізіп, патша үкіметінің жарлықтары мен сот үкімдерінің орындалуын қадағалады. Сондай-ақ, ауылдарға жайылымдық шабындық жерлер бөліп беру, жер дауы, салық салу, салық жинау мәселелерін де шешіп отырды. Сондықтанда әр рутайпа болыс қызметіне өз адамын өткізу үшін сайлау кезінде барынша жанталасқан.<sup>26</sup> Болыс қызметі Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жойылған.

Ауыл старшиндары ауыл шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қонуды ұйымдастыру, ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешу, халықтан алым-салықты жинауды ұйымдастыру, болыстық сайлауға қатысушы адамдарды шақыру сияқты жұмыстарды атқарған. Ауыл старшындары ел арасында “ауылнай” деп аталған. Бұл лауазым да Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жойылды.

Жетісуда әрбір түтін басы сұлтандарға қарабасы салығы, яғни бір қой және ұлпан салығы, яғни 1 қап астық төледі<sup>27</sup>.

Ш.Уәлиханов 1864 жылы 14 желтоқсанда Г.А.Колпаковскийге жазған хатында Ұлы жүздегі жалайыр, албан, дулат рулары арасындағы саяси билік жүйесінен мәлімет береді. Жалайыр тайпасының сұлтаны ретінде Сібір корпусы штабының офицері Сұлтанғазы Уалиханов, Аға сұлтан Қамбар Аланов және Тынға сұлтанды атай отырып, олардың қызметін албан, дулат сұлтандары қызметімен салыстырады.<sup>28</sup> Шоқан жазбаларынан қазақ қоғамындағы саяси билік жүйесі мен халық арасындағы наразылық білінеді.

Осындай халық пен билік арасындағы қайшылық халық наразылығы «Бақтыбай мен Тезек төренің» айтысының желісінен көрінеді. Тезек төре ХІХ екінші жартысында Жетісу өлкесіндегі

---

<sup>25</sup> Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в Киргизской степи. 1902. - 16 б.

<sup>26</sup> Киргизское выборы в Семиречье //Туркестанские ведомости. 1904. № 27.

<sup>27</sup> Баллицкий Ю. «Заметка о кочевом населении в Верненском уезде» // Туркестанские ведомости. 1873. №6. – 22 б.

<sup>28</sup> Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том. 5. –Алма-Ата, 1985. – 169, 476 бб.

жергілікті билеуші күштің өкілі болса, Бақтыбай Жетісу өлкесі, Қаратал, Көксу өзендері бойында, Өтеубайдың сазында туып өскен, жалайырдан шыққан айтыскер ақын.<sup>29</sup>

Дәстүрлі қазақ қоғамында шаруашылықтың көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы түрлері және осыған орай қазақ ауылының типтері қалыптасты.<sup>30</sup> Жалайырлардың Жетісу өңіріндегі ауылдары көшпелі және жартылай көшпелі, Сырдың орта ағысы бойындағы жалайыр ауылдары отырықшы ауылдарды, Сырдың төменгі ағысы мен Қызылқұм аңғарын ішінара мекендеген жалайырлар көшпелі ауылды құрады. Жетісуда жалайыр ауылдарының көлемі шағын болды, қыстаулық шатқалдарды 5-6 дан 10-15 шаңыраққа дейін қоныстанғанымен, жайлауға бірнеше ауыл бірге қонған. Ауыл көшпелі қауымның негізі болды.

## §2. Қапал уезіндегі жалайырлар

Қапал уезі солтүстік-шығысы мен шығысында Лепсі уезімен, шығысында Қытай, Жаркент, Верный уездерімен, оңтүстік-батысы мен батысында Іле өзенімен, солтүстік-батысы мен солтүстігінде Балхаш көлімен шектесті.

Қапал уезінің жер көлемі 74 100 кв.верст жерді алып жатты. 1897 жылғы санақ бойынша халқының саны 180000 болып, оның 158 000 қазақтар, 17 000 орыстар болды<sup>31</sup>. Уезд орталығы Қапал 1841 жылы құрылған. 1854 жылы Жетісу облысын басқару туралы Ереже қабылданып, ереже негізінде Қапал әскери округі құрылған. И.Н. Крафт мәліметі бойынша ол кезде Қапал қаласында 2499 адам болған<sup>32</sup>. 1897 жылғы санақ дерегі бойынша Қапал уезінде 136 421 қазақ өмір сүрген<sup>33</sup>.

1867 жылы Қапал қаласынан Сібір казактары полкінің штаб-квартирасының құрылуы, сондай-ақ Гаврилов, Луговой,

---

<sup>29</sup> Айтыс. 1 том. –А., 1965. – 104-124 бб.

<sup>30</sup> Соколовский В.Г. Казахский аул. –Ташкент, 1926. - 3-4 бб.

<sup>31</sup> Россия полное географическое описание нашего отечества. Под. ред. В.П.Семенова-Тянь-Шанского. Т. XIX. Туркестанский край. –СПб. 1913. – 776 б.

<sup>32</sup> Крафт И.Н. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург. 1898. – 238 б.

<sup>33</sup> Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. LXXXV. Семиреченская обл. Состав наличного населения обоого пола. 1905. -1-2 бб.



Попутненский сияқты т.б. қоныстанушылар селениесінің салынуы бірте-бірте бұл өңірге қоныстанушылар легінің ағылуы, жергілікті тайпалардың жерлерін тарылтты.

### Қапал уезінің тұрғындар саны 1870-1871 жж.<sup>34</sup>

№	Болыстықтар	Шаңырақ саны		Тұрғын саны
		1870 ж.	1871 ж.	
1.	Төменгі Қаратал	2,206	2,334	10,86
2.	Бөріходзүр	1,266	1,277	6,01
3.	Алтын Емел	1,297	1,315	5,95
4.	Бүйен Қоянды	2,068	2,061	8,28
5.	Күшік	1,808	1,878	8,79
6.	Таулы Жалайыр	2,026	1,893	9,60
7.	Төменгі Ақсу	2,075	2,101	7,70
8.	Арасан	2,685	2,544	10,80
9.	Балқаш-Лепсі	2,196	2,170	8,30
10.	Жоғарғы Қаратал	2,144	2,042	9,27
11.	Басқан-Сарқан	1,966	1,897	7,45
12.	Балғалы-Қайшылы	1,331	1,406	6,64
13	Оңтүстік Балқаш	1,554	1,517	6,74
	Барлығы	24,622	24,435	106,39


Қапал уезінде 1910 жылы ауыл шаруашылығы негізінде Статистикалық партия зерттеу жүргізіп, сол зерттеудің санақ парақтарын ХІХ ғасырдағы жалайырлардың қонысы мен санын анықтауға негіз етіп алдық.

1910 жылы Қапал уезінің жер көлемі 8 067681,00 десятин немесе 77 409,74 кв. версть жерді алып жатты.

1910 жылы Қапал уезінің Басқан-Сарқан болысында 5 әкімшілік ауыл, 942 шаңырақ, 4506 адам; Таулы-Ақсу болысында 7 әкімшілік ауыл, 1156 шаңырақ, 5585 адам; Төменгі –Ақсу болысында 9 әкімшілік ауыл, 1459 шаңырақ, 6981 адам; Биен-Ақсу болысында

<sup>34</sup> Ежегодникъ Туркестанского края. Подъ редакціей Н.А.Маева. - СПб., - 1872. Вып. 1. - 142 б.

**Талдықорған уезінің әкімшілік бөлінісі**



**Уезд орталығы-Талдықорған селосы. Болыстар:**

**1.Ақішкі, 2.Ақсу, 3.Балғалы, 4.Таулы Жалайыр, 5.Ескелді, 6.Іле-Балқаш, 7.Қаратал, 8.Қапал, 9.Қоғалы, 10.Күшік, 11.Луговой, 12.Троицк, 13.Тұлымбет, 14.Оңтүстік Балқаш**

7 ауыл, 1340 шаңырақ, 7120 адам; Ши болысында 10 ауыл, 1463 шаңырақ, 7423 адам; Төменгі-Қаратал болысында 13 ауыл, 1772 шаңырақ, 9506 адам; Оңтүстік-Балқаш болысында 10 ауыл, 1172 шаңырақ, 6608 адам; Күшік болысында 10 ауыл, 1509 шаңырақ, 8085 адам; Таз болысында 8 ауыл, 1335 шаңырақ, 7223 адам; Алтын-Емел болысында 12 ауыл, 1610 шаңырақ, 8888 адам; Андас болысында 9 ауыл, 1194 шаңырақ, 6244 адам; Шолақ болысында 8 ауыл, 1371 шаңырақ, 7036 адам; Балғалы болысында 11 ауыл, 1557 шаңырақ, 8591 адам; Іле-Балқаш болысында 11 ауыл, 2031 шаңырақ, 10592 адам болған. Барлығы 1910 жылы Қапал уезінде 31931 шаңырақ, 167828 қазақ өмір сүрген<sup>35</sup>.

1910 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша Қапал уезінде 179487 адам болып, соның ішінде қазақтар саны 175999 адамды құраған. Қапалдағы қазақтардың басым бөлігін жалайыр тайпасының рулары құрады. Қапал уезінде

6 ауыл, 1075 шаңырақ, 5058 адам; Сарытай болысында 9 ауыл, 1391 шаңырақ, 6720 адам; Арасан болысында 14 ауыл, 1567 шаңырақ, 8200 адам; Көлдей-Жұмай болысында 13 ауыл, 1530 шаңырақ, 7954 адам; Биен Қоянды болысында 12 ауыл, 1183 шаңырақ, 6094 адам; Ақішкен болысында 8 ауыл, 1188 шаңырақ, 6429 адам; Мырза болысында 7 ауыл, 912 шаңырақ, 5198 адам; Жоғарғы-Қаратал болысында 13 ауыл, 1583 шаңырақ, 8807 адам; Сыпатай болысында 10 ауыл, 1590 шаңырақ, 9010 адам; Таулы-Жалайыр болысында

<sup>35</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Сводная таблица статистических сведений о киргизском ховяйстве по административным аулам, волостям и уезду. - 312- 348 бб.

жалайыр тайпасының барлық руының тармақтарынан тараған ұрпақтар кездесті. Қапалда жалайырдың балғалы, байшегір, сыпатай, қалпе, ақбұйым, мырза, қарашапан, арықтыным, күшік, андас, орақты, сиыршы руларынан тараған әулеттер қоныстанды. Қапал уезіндегі болыстардың аттары жалайыр руларының атымен аталуы да бұл уездің негізгі тұрғындары жалайырлар екендігін нақтылайды.

Уезде қаңлылардың үш руы, наймандардың садыр және матай рулары, төре, төлеңгіттер аралас қоныстанып, олардың саны жалайырларға қарағанда аз болды. Қапал уезіндегі жалайырлардың жалпы саны 100-120 мың адамды құраған.

Н.А. Аристов Қапал уезіндегі жалайырлар Қаратал мен Іле өзені аралығын қоныстап, 1889 жылы олардың саны 16098 шаңырақ болғандығын айтады.<sup>36</sup> Аристов берген деректі негізге ала отырып, егер әрбір шаңырақта 6 адамнан болды десек, онда 1889 жылы Қапалдағы жалайырлар саны 96588 адам болған деуге болады.

Қапал уезіндегі тұрғындардың 90,18 %-ның тұрақты қыстық баспаналары болған, бұл өсі өңірді мекендеген жалайырларға тікелей қатысты. Ал, жалайырлар ішінара қоныстанған Верный уезіндегі тұрғындардың 75,71%-ның, Жаркент уезіндегі тұрғындардың 73,42 %-ның қыстық баспанасы болған.

Жетісу өңірінің табиғатының қолайлылығы, шөбінің шүйгіндігі мал шаруашылығын дамытуға қолайлы болған<sup>37</sup>. Жетісу өңірінің табиғаты егіншілікті дамытуға да қолайлы болғанымен, мал шаруашылығы басты рол атқарды<sup>38</sup>.

Жері таулы болып келгендіктен жергілікті тайпалар қыстық баспаналарын салуға шатқалдарды өзен аңғарларын пайдаланса, жайлауға тау қойнауларына қарай көшкен. Қапал уезінің шығысынан батысына қарай көшпелі тайпалардың көш жолдары мен қоныстарын Ақбұлақ, Марқатау шатқалдарын, Суықтау,

---

<sup>36</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 398 б.

<sup>37</sup> Джетысу (Семиречье) Естественно-историческое описание края. Под ред. В.Н.Шнитникова. –Ташкент, 1925.

<sup>38</sup> Туркестан. География и история края. Сост. М.В.Лавров. – М,Л. 1916. – 71-72 бб.

Сарытау тауының қойнауларын, Керей көл, Ақсу өзендері бойын, Сарытау, Үшбиен, Алатау етектерін, Ойжайлау сайын, Теректі, Қора, Үлкенқайынды өзендері аңғарларын, Жүрек, Тақыр, Мыңбұлақ таулары етектерін, одан әрі батысқа қарай Сарышыбын тауын, Қайыңдыбұлақ, Байкүлдек, Итшекүнек, Жамбайтекесі бұлақ елді мекендерін, Аламан өзені аңғарын алып жатты.

Қапалдың батыс бөлігіндегі көшпелілер жолдары Сары-бұлақтан Кемеращыға дейін Сары бейіті, Ешкіөлмес таулары, Қарабала қыстағы, Алтуайт тауы, Үңгірлі тауы, Кіші-Біже, Майтөбе, Сарыөзек өзендері, Бекботашолақ бейіті, Тасбастау бұлағы, Серектас тауы, Жоладыр қыраттары жалғап жатты.

Солтүстігіндегі көшпелілер жолдары мен қоныстарын Бекшойын бейіті, Жайпақөткен өткелі, Бүлік шатқалы, Тілеужан-құдық құдығы, Білде бейіті, Байсеке құдығы, Бекбас бейіті, Омарқұдық құдығы, Қисықтөбе қорымы, Тектұрмас шатқалы, Тораңғылы сайы, Сарой, Бестөбе, Тастөбе шатқалдары жалғап жатты.

Лепсі уезінен батысқа дейінгі оңтүстік бөлігіндегі көшпелілер қонысы Бекшуан, Шонды, Берден, Тілеужан, Білда, Байсеке, Бектас бейіттері, Омарқұдық құдығы, одан әрі Жетім бейіті, одан шығысқа қарай Ақтайлақ, Балты, Тоғызқұдық, Тоқтағұл, Сарытөбе бейіттері бойындағы жолдар жалғап жатты.

Қапал уезіндегі жалайырлардың қыстаудан жайлауға қарай көшу бағыты солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған.

Жалайырлар қыстаулары Алтынемел қыраттарының солтүстігін, Жоңғар Алатауын, Іле өзенінің оңтүстік жағасын, Қаратал өзенінің аңғарларын алып жатты.

Қапалдықтар дәстүрлі шаруашылығында жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделгенімен, мал шаруашылығын дамыту басты назарда болған. 1910 жылғы ауыл шаруашылығы санағы кезінде жалпы уезде 31931 шаруашылық тіркеуге алынып, олардың иелігінде жылқы малының саны басым болды.

Л.О. Костенко құрастырған географиялық және статистикалық жинақта « қазақтар орыс әкімшілігіне әлі күнге дейін сенімсіздікпен қарайды, олардың малдарының нақты санын білу қиын, жасырып, азайтып айтады». Мысалы Л.О. Костенко құрастырған жинақта Қапал уезінде 1955 жылқы, 104201 түйе,

71601 ірі қара, 821547 қой болғандығын көрсеткен<sup>39</sup>. Қазақтар мал санын кемітіп жаздырғандықтан, статистикалық жинақтарда көрсетілген мал санын әдеттегіден аз деп қабылдау керек.

1910 жылдары Қапал шаруашылықтардың 71,81% көшпелі, 28,19% отырықшы өмір сүрген<sup>40</sup>. Қапалдағы қазақтардың 81,51% егін шаруашылығымен қосалқы түрде, яғни барлық шаруашылықтың 4/5 бөлігі айналысты. Қапалдықтар егіншілікті 1835-1845 жылдар аралығынан қолға ала бастаған<sup>41</sup>. Егіншіліктің суармалы түрі өріс алып, өзен, арық суларын егістікке шығыр арқылы көтерген. Әсіресе, Қаратал өзенінен тартылған арық бойындағы, Қаратал өзенінің төменгі ағысы бойындағы жалайырлар шығырларды көбірек қолданған. Қапалдық қазақтар шөп шабуды қосалқы кәсіп қылған. Шөп шабуды XIX ғасырдың бас кезінен кәсіп ете бастаған.

1870 жылы Түркістан Статистикалық комитеті жинақтаған мәліметтер Қапал уезіндегі тайпалардың қонысын анықтауға басты нысана болған құжаттың бірі. 1870 жылы олардың құрамы мен саны төмендегідей:

Жоғарғы-Қаратал болысында жалайырлардың сиыршы, байғазы, қыстық, сегіз-сары, андас, ерші, ақбұйым, азғалы рулары дулат руларымен аралас мекендеген. Барлығы 10 ауылда 2060 шаңырақ болған.

Балғалы-қайшылы болысында жалайырлардың балғалы, қайшылы, мырза, андас, орақты рулары мекендеп, албан, дулат руларымен аралас қоныстанды. 8 ауылда 1448 шаңырақ болған.

Оңтүстік – Балқаш болысында байшегір, арықтыным, мырза, сиыршы, сыпатай рулары басқа рулармен аралас қоныстанып, 8 ауылда 1493 шаңырақты құраған.

Төменгі – Қаратал болысында андас, мырза, күшік, ақбұйым, сиыршы, қарашапан, арықтыным байшегір, сыпатай, орақты рулары керей, алшын, дулаттармен аралас қоныстанып. 10 ауылда 2101 шаңырақ болған.

---

<sup>39</sup> Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. Материалы для географии и статистики России. Сост. Л.О.Костенко. Том. III. Спб. 1880.

<sup>40</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. - 192 б.

<sup>41</sup> Сонда. - 206 б.

Күшік болысында орақты, қарашапан, сыпатай, андас, мырза, күшік рулары қыпшақ, коралас, сұлтан руларымен аралас қоныстанды. 9 ауылда 1783 шаңырақты құраған.

Таулы жалайыр болысында мырза, қарашапан, сиыршы, арықтыным, андас, орақты, сыпатай рулары қоныстанып, 10 ауылда 1 979 шаңырақты құрады.

Алтынемел болысында ақбұйым, қарашапан, сыпатай, байшегір, мырза, арықтыным рулары найман руларымен аралас қоныстанып, 7 ауылда 1264 шаңырақты құрады<sup>42</sup>.

Қапал уезіндегі жалайырлардың санын анықтауға сол кезеңде жазылған ғылыми зерттеулерді негізге алдық. 1867 жылы Н.Абрамов жазып көрсеткен дерек бойынша Қапал уезіндегі жалайырлардың саны келесідегідей болған: андастар – 1550, мырзалар – 1310, қарашапандар – 500, орақтылар – 300, қайшылылар – 200, ақбұйымдар – 230, қалпелер – 280, күшіктер – 700, сыпатайлар – 830, арықтынымдар – 660, байшегірлер – 700, сиыршылар – 800, балғалылар – 430, барлығы – 8410 шаңырақ болған<sup>43</sup>.

Ал, Н.Аристов болса, 1889 жылы Қапалдағы жалайырлардың саны 16098 шаңырақты құрады, дейді<sup>44</sup>. М.Тынышпаев 1917 жылы Қапал уезінде 120 000 адам жалайыр болғандығын айтады<sup>45</sup>.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қапал уезіндегі жалайырлар Қаратал мен Іле өзендерінің аңғарларында қоныстанып, олардың қоныстары солтүстікте Балхаш көліне дейін, оңтүстікте Жоңғар Алатауымен шектесіп жатты. Бұл өңірдің ауа райының қолайлы болуы жалайырлардың мал шаруашылығымен де, суармалы егіншілікпен де айналысуына жағдай жасады. Аң аулаумен, балықшылықты қосалқы кәсіп етті.

Қапал уезінің оңтүстігіндегі Балғалы, Андас, Күшік, Таз, Шолақ, Таулы-жалайыр, Алтынемел, Ши, Жоғарғы Қаратал, Төменгі

---

<sup>42</sup>Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанскаго края. Вып. 1. Спб. 1872. – 158-161 бб.

<sup>43</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями // Записки Русского Географического общества по общей географии. 1867. Вып. 1. -267-278 бб.

<sup>44</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. -398 б.

<sup>45</sup> Тынышпаев М. Истории киргиз-казакского народа. Ташкент. 1925. - Приложения 1. Количество киргиз-казаков на 1917 год.

Қаратал болыстарының көшпелілері қыста Іле, Біже, Қаратал өзендері бойында, Шолақ, Алтынемел, Малайсары тауларының етегінде қыстап, жазда Алатау тауларының бөктерінде көшіп жүріп, Қытай шекарасына дейін барған. Қапал уезінің Қаратал өзенінен бастап солтүстігік аймағын алып жатқан болыстардағы жалайырлар қысты Ақсу, Биен, Қызылағаш, Алмалы өзендерінің бойларында өткізіп, жазда Басқан өзенінің жоғарғы жағындағы Қарасарық елді мекенінде, сондай-ақ Биен, Балықты, Алмалы, Қора өзендерінің бойында көшіп-қонған. Ал, Қапал уезінің Оңтүстік-Балқаш, Іле-Балқаш болыстарындағы тайпалар қысты Балқаш сағаларында өткізіп, жазда құмды алқаптарға қарай көшкен<sup>46</sup>.

1907 жылы Түркістан әскери округі Жоңғар-Жетісу шекарасы әскери округіне статистикалық зерттеу жүргізіп, бұл санақ жалайырлар қоныстанған болыстарды да қамтыған еді. 1908 жылы 1 қаңтарда нәтижесін шығарған бұл санақ парақтары да Қапал уезін құраған жалайырлардың санын анықтауға нақты негіз болар құнды құжаттардың бірі<sup>47</sup>. 1908 жылы Андас болысын толығымен дерлік андастар құрап, олар 9 ауылға бөлініп, онда 1415 шаңырақ болған; Арасан болысында да негізінен андастар қоныстанып, 1908 жылы 11 ауылға бөлініп, 1492 шаңырақты құраған; Балғалы болысында 10 ауыл, 1668 шаңырақ; Басқан-Сарқан болысында 5 ауыл, 919 шаңырақ; Таулы-Ақсу болысында 7 ауыл, 1317 шаңырақ; Биен-Ақсу болысында 6 ауыл, 1472 шаңырақ, Биен-Қоянды болысында 9 ауыл, 1440 шаңырақ болған. Бұл аталған болыстар тұрғындарын негізінен балғалы-жалайырлар құраған.

Жоғарғы- Қаратал болысында 12 ауыл, 1671 шаңырақ; Таулы-Қаратал болысында 7 ауыл, 1384 шаңырақ; Іле-Балхаш болысында 11 ауыл, 1829 шаңырақ; Көлдей-Жұмай болысында арықтыным-жалайырлар 11 ауыл, 1855 шаңырақ; Күшік болысында күшік-жалайырлар 10 ауыл, 1558 шаңырақ; Мырза болысында мырза-жалайырлар 6 ауыл, 965 шаңырақ; Төменгі-Ақсу болысындағы мырза-жалайырлар 8 ауыл, 1531 шаңырақ; Төменгі-Қаратал

---

<sup>46</sup> Чжунгарского-Семиреченский приграничный район. Приложение 6. Сведения о зимовках и летовках киргиз Семиреченской области. – 112 б.

<sup>47</sup> Военно-статистическое описание Туркестанского военного округа. Чжунгарско-Семиреченский приграничный район. Ч.1-я. Ташкент, 1910. – 107 б.

болысында қайшылы-жалайырлар 12 ауыл, 1958 шаңырақ тіркелген<sup>48</sup>.

Осы статистикалық құжат параған одан әрі саралайтын болсақ, Сарытай болысында 1908 жылы 8 ауыл, 1619 шаңырақ қайшылы-жалайырлар; Сыпатай болысында 1908 жылы 10 ауыл болып, онда 1778 шаңырақ сыпатай-жалайырлар; Таз болысын жалайырдан тараған таз руы толығымен дерлік құрап, 1908 жылы олар 8 ауылда, 1689 шаңырақ; Ши болысында негізінен күшік-жалайырдан тараған қауым қоныстанып, 1908 жылы 9 ауылда 1593 шаңырақ; Шолақ болысын негізнен жалайырдың ақбүйім руынан тараған қауым құрап, 1908 жылы олар 8 ауылда 1400 шаңырақ; Оңтүстік-Балхаш болысында негізінен арықтыным руынан тарағандар тұрып 9 ауылда, 1243 шаңырақ қоныстанғандығы мәлім<sup>49</sup>.

#### **а) Төменгі-Ақсу болысындағы жалайырлар\***

Төменгі-Ақсу болысында жалайырлар №1 және №9 әкімшіліктерге біріккен. №1-ші әкімшілігіндегі жалайырлардың тоғыз ауылы мен №9-шы әкімшіліктегі жалайырлардың 18-ші ауылы бірігіп бір қауымды құрап, қауымда 121 шаңырақ, 544 жалайыр болған. Жалайырдың байғазы руынан тараған бұл қауым Қосағаш, Шолақөзек, Қожанберлі, Жайнақ, Құмжарған шатқалдарында қыстап, жазда Биен-Ақсу болысына қарасты жердегі Аманбөктер, Ақшолақ жайлауына көшкен. Көктем түсе, Жайнақ пен Қожамберлі сайларына көшіп, сол жерде егін салған. Ал, көктеу мен күздеулік жайылымды да Жайнақ пен Қожамберлі сайлары атқарды. Биен, Тентексу, Сарытоғай құмдарындағы жерлерді де пайдаланған. Ақсу және Жайнақтағы арық бойларынан шөп шапқан. Бұл жердегі арықтар Басқаннан бастау алады<sup>50</sup>.

№9-шы әкімшілік ауылда негізінен жалайырдың тоқпамбетінен тараған қоңырбай аталығынан және маймылдан тараған

---

\* Ескерту: Кей ауылдардағы жалайырларды анықтау қиын болғандықтан, кестеде анықталған ақсақалдар аттары ғана көрсетіледі.

<sup>48</sup> Военно-статистическое описание Туркестанского военного округа. Чжунгарско-Семиреченский приграничный район. Ч.1-я. Ташкент, 1910. – 107 б.

<sup>49</sup> Сонда.

<sup>50</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копалский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 44 б.



байғазы және досай аталықтарынан тараған ұрпақтар қоныстанды. Олар 4 – 17 ауылдарды құрап, қауымда 223 шаңырақ, 1059 адам болған. Ақсу, Ақтөбе, Сарытоғай шатқалдарында қыстап, жазда Аманбөктер мен Көкжота жайлауында көшіп-қонды. Көктеу мен күздеуді Бұрған және Қожамберлі сайларында өткізіп, сол жерде егін салған. Егістіктерін Көкқамыстоған арығынан суарған<sup>51</sup>.

Осы әкімшілікке қарасты 19-шы ауылды құраған жалайырлар Биенқопа шатқалын жеті атадан бері иемденіп келген. Егістік және шабындық жерді ауыл мүшелері бірігіп пайдаланды. Көктем мен күзді Ақөзек және Арасан болысына қарасты Сүтіген сайларында өткізген. Жазда Ақтас сайы жайлаулық қонысты атқарды. Қыс кезінде бұл қауымдағы жалайырлар малдарын Жон шатқалына қарай айдаған. Ақөзек сайындағы шабындықтардан шөп шабуды қоса кәсіп етті<sup>52</sup>.

### 1910 жылғы Төменгі- Ақсу болыстығындағы Жалайырлар<sup>53</sup>

Әкімшілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№1	Тайымбек Жандарбек, Бергембай Қосақ, Өмірбай Әубәкір, Шақан Шегеубай, Сәдуақас Қуыпкел, Қасық Орымбай, Сәрсембай Тоқтабай, Тоғайбай Мәмбай, Имамбай Малқары.	Қосағаш, Қожамберлі, Қопа
№9	Жайнақ Төлеген, Есен Темір, Стамбек Шошыппай, Жамбай Жидебай, Жұрымбек Түгілбай, Алшымбай Шөке, Абрайым Орман, Сойбек Шора, Мұхаметқали Қадырбай, Мұхамбек Беке, Самбек Айдаралы, Ержан Жаманбазы, Есербай Дауылбай, Нүсіп Елубай, Рақым Керекұл, Нұрабай Бекбай, Нұрбоз Байтемір, Қамықпар Өскімбай, Разымет Сауырбай	Кіші Ақсу, Қаракөз, Қожамберді, Қопа

<sup>51</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области.. Копалский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 39 б.

<sup>52</sup> Сонда. - 40 б.

<sup>53</sup> Бұл да сонда. -14-20 бб.

## ә) Мырза болысындағы жалайырлар

Мырза болысында жалайырлар №1-ші және №3-ші әкімшілік ауылдарға бірікті. Бұрын Мырза болысының жерлері Жоғарғы Қаратал болысына қараған болатын.

№1-ші әкімшілігінде сиыршы-жалайырлар 22, 59-61-ші ауылдарды, яғни төрт ауылды құрады. Онда 15 шаңырақ, 97 адам болған. Ауыл қыстауларын Ащыбұлақ, Кемерашықора, Жалғызағаш шатқалдарынан салған. Арнайы меншіктеген көктеу-күздеулік жайылымдары болмады. Бұл уақыттада малдарын қыстау маңына жайған. Жаз кезінде Дегерес және Қайыңды, Шажа, Қойтас жайлауларына көшкен. Бұл жайлауларды тек жалайырлар қауымы ғана пайдаланған. Қыс кезінде қой мен жылқы малын Дегерес шатқалының жоғарғы жағына қарай айдаған. Көктал, Жалғызағаш, Кемерашы шабындықтарынан шөп шапқан. Егістіктері қыстау маңында салынып, суарып отырған. Ақсақалдар кеңесі қауымның кедей мүшелеріне бай шаруашылықтардан жер бөліп беріп отырған. Ауыл жалайырлары Қаратал өзенінен тартылған екі арық, Терескей және Күнгеі арықтары, Жалғыз ағаштоған арығы суларын пайдаланған<sup>54</sup>.

Мырза болысында жалайырлардың келесі қауымы №3-ші әкімшілікте 2-28 ауылдарды, яғни 26 шаруашылықты құрап, онда 1910 жылы 146 шаңырақта, 791 адам болған. Олар толығымен дерлік жалайырдың мырза және андас руынан тарағандар. Қыстауларын Бұрақ, Қарақой, Көктал, Сарыбұлақ, Садық шатқалдарында салған. Көктеу мен күздеуге қыстаудан ұзап кетпеген. Жазда малы көп шаруашылықтар тау етегіндегі Балықты, Шажа, Қойтас жайлауларына көшкен. Жекелеген шаруашылықтар қыс кезінде ірі қара малдарын Төменгі -Қаратал болысына қарасты Кескентал шатқалына өз ағайындары отырған жерге қарай айдаған. Қауым жалайырлары Қаратал өзені бойынан мал азығына жоңышқалық сепкен. Көктал сайындағы егістік жерлер әрбір «елубасына» бөлінген, яғни елу отбасынан бірігіп пайдаланған.<sup>55</sup>

<sup>54</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 91-92 бб.

<sup>55</sup> Сонда. – 91 б.

## 1910 жылғы Мырза болыстығындағы Жалайырлар<sup>56</sup>

Әкімшілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№1	Талдыбек Мұса, Мұхаметша Байбосын, Талдыбек Мұса, Еңсекбай Имамбай, Ақынбай Шығыр	Теректі, Қара
№3	Талыбек Батырбай, Доңбай Толыбай, Бекқожа Алдияр, Өсербай Бейсен, Бұршақбай Айырбек, Жексембек Айырым, Асық Аямбай, Сырбонай Шиібет, Ерназар Ақман, Тоғай Қыртпай, Бестебай Ыбрайым, Мейірбек Ажарбай, Бейсен Соқыр, Жалдыбай Баймамбай, Назықбай Қолжабай, Жұмабай Шоқыт, Тұрысбай Елеу, Сегізбай Жақсыбай, Ахмет Орман, Тоғымбай Қарабала, Қозыбек Көрпе, Байкісі Жұмабай, Шокмет Жылбай, Шуақбек Шалғымбай, Бақырбек Тәжібай, Бейсара Әлжан	Жаңғызқұдық, Қаракүнгеі, Қамыстысай, Талдыбастау, Қызылкүнгеі, Шокпартас, Садықсыдық, Ұзынбұлақ, Дауылбай, Қарақайнар, Керештас, Ақжар, Терістоған, Талдыжар, Шиелітөбе, Көктал

### б) Жоғарғы Қаратал болысындағы жалайырлар

Жоғарғы Қаратал болысында жалайырлардың сиыршы руынан тараған ұрпақтар қоныстанып, олар 2-7 және 9-шы әкімшілік ауылдарға бірікті.

№2-ші әкімшілікте толығымен жалайырлардың сиыршы руынан тараған ұрпақтар тұрып, олар 63 шаруашылықта 174 шаңырақ, 971 адам болған. Қауымдағы жалайырлар арасында Торғай өңірінен қоныс аударып келген азын-аулақ төре-төлеңгіттер қоныстанды. Жалайырлар Көксу, Шыбынды, Жалғызғағаш, Қаратал, Шұбар шатқалдарында қыстап, жазда көпшілігі Қайыңды, Сарыноқай, Текелі жайлауына, кейбір ауылдар Ақтөбе, Аққоян, Шоладыр жайлауларына көшкен. Көктеу мен күздеуді қыстау маңында

<sup>56</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Заметки об отдельных общинах. Поаульные таблицы - 48-52 бб.

өткізген. Егістіктерін суаруға Биғаш, Теректітоған, Төретоған, Ортагоған, Терескейтоған, сондай-ақ Қайыңды өзенінен тартылған екі арық суын пайдаланған<sup>57</sup>.

Сиыршы – жалайырлардың келесі бір қауымы № 3-ші әкімшілікті толығымен құрап, Тастыарық, Сарыноқай, Текелі, Құсақ шатқалдарында тұрақты қыстау иемденді. Көрші ауылдармен шекара сақталғанымен, жалайырлардың бұл қонысы жайлауға баратын көш жолының үстінде жатқандықтан, көктем мен күз кезінде аталған шатқалдар маңында бөтен ауылдың малдары жайылған. Ал, өздері көктемде малдарын Тастыарық көктеуіне айдаған. Бұл қауымдағы кейбір шаруашылықтар жатақ ауылды құрап, жыл бойына қыстауда отырған, ал малы көп бай жалайырлар Ақтөбе шатқалындағы жайлауға көшкен. Қой отарын жайлауда қыркүйектің аяқ кезіне дейін қалдырған, ал ірі мал басын шілденің аяғында айдап, кері қайтқан. Қауымның кейбір мүшелері қойларын Үшөзек, Биже, Дауылбай, Қарақой, Лаба, Беріктоғыл сайларына, Іле өзені жағалауына қарай айдаған. Тастыарық, Текелі, Жонжүрек сайларынан егістік алқаптар және шабындықтар иеленді, Қараталдан тартылған Тастыарық суын пайдаланған. 1910 жылы қауымнан 171 шаңырақ, 1033 жалайыр тіркелген<sup>58</sup>.

№4-ші әкімшілікке біріккен сиыршы-жалайырлар 39 шаруашылықты құрап, онда 125 шаңырақ, 697 адам болған. Олар Ешкіөлмес, Ащыбұлақ, шатқалдарында қыстап, жазда басқа ауыл жалайырларымен қатар Мыңбұлақ, Балдырған, Қойтас жайлауларына көшті. Егістік атыздарын Шымыртоған, Төретоған, Жартоған, Жылантескентоған, Жарқапқантоған арықтарының суымен суарған. Шабындықтарды да қыстау маңындағы сайлардан пайдаланған<sup>59</sup>.

№6-шы әкімшілікті де сиыршы-жалайырлар құрап, барлығы 32 шаруашылыққа бөлінді. 1 – 9-шы ауылдар Лаба шатқалында қыстап, жазда тау етегіндегі Ақтешкі жайлауына көшкен. Көктеу мен күздеулік жайылымға қыстау маңындағы Батпақты және Қамыстыбұлақ шатқалдарын пайдаланған<sup>60</sup>. 10 – 18-шы

---

<sup>57</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 78- 79 бб.

<sup>58</sup> Сонда – 61-62 бб.

<sup>59</sup> Бұл да сонда – 60-61 бб.

<sup>60</sup> Бұл да сонда – 92-93 бб.

ауылдардағы сиыршы-жалайырлар Қызылтас шатқалында қыстап, жайлауға Ақтешкі, Көптас, Теректі жайылымдарына көшті. Көктеу-күздеулік жайылымға Шұбар шатқалына көшіп-қонған. Егістіктерін суаруға Шымыр арығын пайдаланған<sup>61</sup>. 19 – 29-шы ауылдарды құраған жалайырлар сиыршы руының сырымбет, жылкелді, ескелді аталарынан тараған. Олар Түйемойнақ, Өтенай, Шұбар қыстауларында қыстап, жазда Ақтешкі, Қойтас жайлауларын жайлаған. Суармалы егіншілікпен қосалқы айналысып, қауым егістіктері Көкқия, Талдыарық, Шымыртоған, Төретоған, Жартоған арықтары бойында салынды<sup>62</sup>. Осы әкімшіліктің 30-32-ші шаруашылықтағы үш ауылын және №7-ші әкімшілікке қарасты 36-41-ші шаруашылық ауылдарын құраған сиыршы-жалайырлардың қыстаулары қатар салынып, бір қауымды құрап бірге көшіп-қонды. Олар төре және төлеңгіттермен аралас қоныстанды. Төре және төлеңгіттер бұл жерге ХҮІІІ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың бас кезінде Торғай облысы жерінен қоныс аударған. Ал сиыршы-жалайырлар үшін бұл жер атақонысы саналды. Көсу, Жалғыз ағаш, Қарал өзендері бойындағы Көксу, Шыбынды, Жалғыз-ағаш, Қаратал, Шұбар шатқалдарында қыстап, жазда Қайыңды, Текелі, Сарыноқай жайлауларында көшіп-қонды. Көршілес қонған ауылдармен жайылымдық шекара қатаң сақтап отырды. Бұл ауылдар көктемде жайлауға барар жолда және жайлаудан қайтар жолда Ащыбұлақ жайылымын пайдаланды. Кейбір мал саны көп шаруашылықтар қыс кезінде малдарын Ақтөбе, Үшөзек, Аққоян, Жоладыр шатқалдарына қарай айдаған. Қауымның егістік жерлері Биғаш, Теректі-тоған, Төретоған, Терескейтоған арықтары бойында салынды. 90 шаңырақта, 491 адам болды<sup>63</sup>.

№7-ші әкімшіліктің 1-26-шы ауылдары және 35-ші ауылы бір қауымды құрап, бірге көшіп жүрген. Олар Ешкіөлмес, Ащыбұлақ қыстап, жазда Мыңбұлақ, Балдырған, Қойтас жайлауларын жайлады. Қаратал өзенінен тартылған Шымыртоған, Төретоған, Жартоған арықтары бойында егін егіп, шабындықтар иемденген. Мұнда 181 шаңырақ, 1018 адам өмір сүрген<sup>64</sup>.

---

<sup>61</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 90-91 бб

<sup>62</sup> Сонда. – 59 б.

<sup>63</sup> Бұл да сонда. – 78- 79 бб.

<sup>64</sup> Бұл да сонда. – 60-01 бб.

Жоғарыда көрсетілген ауылмен көршілес қонған №9-шы әкімшіліктегі сиыршы жалайырлар 125 шаңырақта 690 адам болған.

### 1910 жылғы Жоғарғы Қаратал болыстығындағы Жалайырлар<sup>65</sup>

Әкімшілік ауыл	Ауыл аксақалдары	Қыстаулары
№2	Есімғали Бүйембай, Шыныбай Боташ, Шолақбай Хангелді, Шойбек Ханқожа, Алтыбай Тоғамбай, Қойшыбай Тілеуберлі, Айтпай Қожабай, Сәдуақас Бекшойын, Шалымбек Асубай, Бейсенбі Төлен, Сатыбалды Біласар, Әліп Сатыпалды, Тоқтарбай Төлек, Керімбай Боқпантай, Қостай Шопабай, Бұрымбай Шайқу, Қазанқап Ашықпай, Асылбек Құлбығды, Бидайбек Қараш, Жошы Тума, Үркімбай Байтоқ, Жапыбай Әлік, Дәуіт Жұрқабай, Дүйсембай Бижан, Елеу Таласпай, Жарылқап Шоңбай, Дана Айтұған, Иманбай Айтұған, Дарқамбай Сәмбет, Жегебей Шалмамбет, Серікнор Төлеткі, Бейсен Мамыр, Қали Жұман, Маңқай Берсүгір, Бекші Телеу, Бейсембі Жарбор, Бегалы Қисық, Бенберген Идембай, Тастай Андақұл, Қанбай Саунамбай, Анонпай Қырғызбай, Діламалбай Байназар, Далабай Мойнақ, Бейсек Байбек, Меденек Дикамбай, Бекмұрат Қырманбай, Есембек Малтебер, Құдайберген Дауылбай, Өткелбай Бауылбай, Көнербай Бауылбай, Метенмай Өсубай, Исабет Мәмбет, Сарынти Үмбет, Ерубай Амантал, Жаманқара Атбан, Жұмаділ Атбан, Бұқашпай Атбан, Меншібай Атбан, Қараке Сатбен, Естембай Жаманқыз, Бекіш Бекбосын, Шақыр Садық, Қасен Құсайын	Жыландысай, Биекесай, Талды, Бұқансай, Сасық –Бастау, Шірікқора, Қайыңды, Жалғыззақаш, Теріске Бұлақ, Шыбынды, Қаратал Қосақ, Тоқтамыс

<sup>65</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Поаульные таблицы - 58-74 бб.

№3	<p>Жазыбай Тебершік, Салық Дәуке, Ыбрайым Малай, Күнболат Ысқақ, Нұмахамед Малай, Кекіл Мейірман, Жайлаубай Жантыл, Шыныбай Сеңгірбай, Ауғамбай Мәмбет, Күлдей Егісбай, Садық Бәйбек, Балтабай Шалабай, Бұқарбай Құнанбай, Байтілеу Дәуке, Адғамбай Мамыр, Райша Байбосын, Қасен Жансері, Садырбай Қанғай, Тілеулі Дайын, Қайып Серік, Тәжі Есірген, Мұқан Әли, Нұрмұхамед Елшібай, Шымболат Ахмет, Сарыбас Сырлыбай, Бөке Шұйғыш, Серғазы Бөке, Мұсралы Қожеке, Әбдіқадыр Медет, Байсейіт Сағындық, Бектас Шағалақ, Керінбек Қойшыман, Қойгелді Жанғұрбай, Байғозы Бореке, Ысқақбек Асубай, Қарасай Сәрсенбай, Әбдіраман Нөсербай, Мырзабай Қойшыман, Ескекбай Сейтімбет, Жанғалы Өтеген, Қойлыбай Балықбай, Мадян Шышқанбай, Мұхамет Бекзат, Жұмабай Үшқот, Байралы Сапақ, Тұрымбек Ағанас, Ажанбай Жайылныс, Сабалақ Қасқан, Достымбек Әлібай, Тазабек Айтақ, Байқоныс Батырбай, Иманбай Байтөл, Жұмабай Масанай, Беделбай Ыбырайын, Ысқақ Малай, Нұғыман Әмір, Оразалы Кекін, Бернібек Батырбай, Еңсекбай Иманбай, Талдыбек Мұса, Мұхамеджан Байбос, Ақынбай Шығыр</p>	<p>Донқора, Сарнықой, Шоқпаргас, Жаманбол, Жылдысай, Сасық Бұлақ, Ақтекше, Сарыжота, Қасықпайжота, Кіші Ақтекше, Сарыжота, Тастыбел, Қардонсай, Қайыңды Бұлақ, Тықжол, Орақты Бұлақ, Текелі, Қисықауыз, Белқора, Үңгірқора, Қызыл қора Жартасқора, Көкбастау, Қайыңды, Тастыбұлақ, Қора Тастыарық</p>
№4	<p>Сүлеймен Ордағұл, Нүпес Тілеубай, Құдабай Алшын, Нұрамахамбет Тілеубай, Кейлібай Ержігіт, Бөре Ердаспай, Отарбай Жолман, Токтыбай Ержігіт, Сүгіралы Астамбек, Байыс Әбілдебек, Стамбек Сәрсембі, Байтілес Үңгірбай, Келмен Естібай, Қосай Шегебай, Қосбармақ Бексуан, Тоғошақ Таңқыбай, Байыс Қыстаубай, Амары Байтұрбай, Байжан Үсен, Қозқұйтыр Қалыбек, Самбай Қадырәлі Мұрыншак Қобай, Байғазы Аман, Тобышак Исабай, Қиралас Машай, Жігітек Емібай, Келмен Сыздықбай, Байбосын, Қырықбай, Құржау Токберген, Бегімбет Арқатшы, Өскенбай Мұрыншак, Жаныбай</p>	<p>Жамбастыжал, Дүнқора, Шұбар Доланалысай, Тасбастау, Ұзынбұлақ, Жартас, Жарқұдық, Тамшыбастау, Қосақ, Жартаған, Сасықбастау, Көкөзек, Күмөзек, Ішкөмей, Көксу, Оспанқора, Шақрақтоқ, Шошақтас, Қарашеку, Күнегейқара, Жартасқара, Қаратөбе,</p>

	Бикадаш, Атақбай Амамдос, Сыпатай Жылкыбай, Асамбек Сүттібай, Имамбай Бейбіт, Асамбай Ертісбай, Өзбек Жантай, Келгембай Жабыс	Шұқыркора, Тасқора, Ащыбұлақ, Керегесай, Ақбастау, Шыбықора, Үкілібас, Қайнар, Ащыбастау
№6	Сарбас Жұмамбай, Әбіш Қонтағай, Әубәкір Байтума, Шормақ Тастанбек, Тұзсымбет Бақтияр, Тілеугүл Айтқұм, Мешәл Байтық, Толымбек Байтолса, Имамбай Үмбетай, Мұхамеджан Айбаспай, Серікбай Пұсырмай, Сералы Дәулет, Амандас Сералы, Тауте Айтқұл, Күлет Тілеуберді, Беркімбай Бейсембе, Шалыт Тілеуберді, Абылқосым Тіленді, Шубай Желай, Қадырқұл Мольбай, Жансейгір Оспамбай, Нәсән Төребай, Күлдебай Күмербай, Кенембай Қолдыбай, Исабай Қашқым, Дүйсел Китербай, Сәкебай Төленді, Бибол Ереуіл, Жентақ Тілеуберді, Малбай Бөлекей, Шатырбай Кенегес, Менуеке Маныбай	Ботпарты, Теректі, Қаратал, Қамысты, Өтенай, Қызылтас, Шыбынды, Шұбар Бұлақ
№7	Өмбетқұл Қойтан, Сексенбай Әліке, Көсембай Өміржан, Қарабұла Тоғантай, Бақыш Нартпай, Айбөкен Жақсынбай, Ала Келмет, Мұқамбы Алдаяр, Асубай Анар, Тоқтарбай Тілеужан, Сәрсөбіз Бейсембі, Жанболат Тілеміс, Сәрсөбі Бейсенбі, Толдас Төлеген, Сүттібай Кемпіршал, Қоттыбай Кемпіршал, Нүпейіс Аққойлы, Шоқырбай Майбілек, Ерқытпай Қонақбай, Дійқамдек Болпы, Жандарбек Байқон, Сармамбек Түгелбай, Тұрысбек Тұлымдет, Үмбетпай Қойтай, Мұсабек Шенгелбай, Алпысбай Жайсамбай, Әлікбай Құлыбек, Мұсабек Секбай, Сағындық Елемес, Алпысбай Сақабай, Киебай Суамбай, Туғамбай Мамезек, Доймат Жарылғамыс, Жетпісбай Жалке, Ерыдай Терлікбай, Құлмамбет Кенемді, Шілдебай Шөкебай, Серік Жайнақ, Тастан Тілеміс, Болас Кенебай, Бетебай Енболат, Толқымбай Самбұлық, Нұрмұхамбет Ордабай	Қызылтас, Сымтасты, Шұбар, Сымтас, Талдыарық, Көксу, Өтенай, Көкіл, Ешкіөлмес, Шыбынды



№9	Шишамбай Қарабай, Бейсембай Тумабай, Шәріп Тәнке, Тулақбай Абақ, Сәрсен Шақаптай, Әжіке Жайлаубай, Көбіш Шақыман, Бекбаулы Мырзабай, Бейсембай Көшубай, Қарамбай Құдасбай, Шәліпбай Ноғай, Тұрғамбай Бене, Нүсіпбай Елубай, Монтубай Таймөнке, Уәсіл Балпық, Жұмсақбай Сартып, Байтұр Егембай, Имамбай Жантоқа, Далыбай Аманжол, Надырбай Құдасбай, Өтеғұл Байтен, Жұмағұл Сәрсенбай, Рүстембек Қикымбай, Байсерке Боқымбай, Домбай Бекберген, Атамкүл Құдайкүл	Қарашоқы, Ащыбұлақ, Теректі, Екітоспа бұлақ, Ешкіөлмес, Мұсақорған
----	---	--

### **в) Сыпатай болысындағы жалайырлар (1910 ж.)**

Жайырлардың үлкен бір қауымы Сыпатай болысы құрамына бірігіп, бірнеше ауылды құрап, олар № 1 - 9-шы әкімшілік ауылдарға бірікті.

№1-ші әкімшілікті толығымен жалайырдың бәйбіше (жалайыр-шуманақ-мырза-бәйбіше) руының өкілдері құрады. Бұл қауымдағы бәйбіше-жалайырлар 95 шаруашылық ауылды құрып (314 шаңырақ, 1809 адам), орта есеппен бір қыстауда 4-5 шаңырақтан отырды<sup>66</sup>. Олар ХІХ ғ-дың орта кезіне дейін Қаратал өзенінің бойындағы Қызылтас аңғарында қоныстанған. Кейін Шаған елді мекеніндегі Қотырқай, Теректі, Онкүрке, Бесқағыл, Талды, Айғайтас, Қызылқора, Ақтекше, Қызылбұлақ, Жоладыр, Ақжар қыстауларында қыстап, жазда Сарыноқай, Беріктас жайлауларына көшкен. Көктеу-күздеуді Қотырқай мен Теректісай сайларынан пайдаланған. Түйе өсіруге көңіл бөліп, қыста түйелерін Үшөзек құмдарына қарай айдаған. Қызылбұлақарық, Кемерарық суларын пайдаланып, жағасындағы алқапта егін салған.<sup>67</sup>

№2-әкімшіліктің 36 шаруашылық ауылын (176 шаңырақ, 1073 шаңырақ) толығымен мырза-жалайырлар құрады. Олар Сәмен, Талды, Жылыкүнгеі, Мұқыры, Ақтас, Шаған, Дүнген, Мате

<sup>66</sup>Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области.Копальский уезд. Поаульные таблицы. – 78 – 80 бб

<sup>67</sup> Сонда. Заметки об отдельных общинах. – 77 б.

шатқалдарында бірнеше атадан бері қыстап келе жатты. Көктеу мен күздеуді өз қыстаулары маңында отырған жайлауға көшер кезде Жаршапқан шатқалы жеріне ауылдар жиналып, бір-бірін күтіп үлкен бір қауымды құрап көшкен. Көксу өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы Сарыжазық жайлауында жазды өткізіп барып кері қайтты. Қыс кезінде малы көп ауылдар малдарын Желдіқора шатқалына қарай айдаған. Ауылдар қыстау маңындағы жерлерді өңдеп, егістікке айналдырды, ал 35-ші ауыл жалайырлары Байлауық арығы бойында егін еккен. Көксу өзенінен тартылған Талды, Мұқыры, Жылықүңгей, Күнтутоған, Кемерарық арықтары бойынан шөп шабуды қосалқы кәсіп етті<sup>68</sup>.

№3-ші әкімшілік 21 шаруашылыққа (130 шаңырақ, 752 адам) бөлінген. 1-10, 17-19-шы шаруашылық ауылдарында андас руанан тараған кенже аталығының ұрпақтары, ал 11 – 16 –шы және 21-ші ауылдарын мырза-жалайырлар құрап, олар көршілес қонған. Кенже руының қауымдары Лабасы тауының Асусай, Қосбастау, Көкбастау, Сүтбұлақ, Шолақарық, Мұқыры шатқалында, ал мырзалар Жалабай шатқалында қыстап, жазды Беріктүгел, Сарыжазық жайлауларында өткізген. Шабындықтары Лабасы қыстауының маңы мен Қоңырбастауда орналасты. Малы көп жекелеген ауылдар қыста малдарын Жіңішкеқұм, Жетіжал, Желдіқора шатқалдарына қарай айдаған<sup>69</sup>.

Осы әкімшіліктің құрамындағы 11–16-шы және 21-ші ауылдарын құраған мырза - жалайырлар бір қауымда болып, көршілес қонған. Лабасы шатқалында қыстап, жазды Беріктүгел, Сарыжазық жайлауларында өткізген. Шабындықтары Лабасы қыстауының маңы мен Қоңырбастауда орналасты. Малы көп жекелеген ауылдар қыста малдарын Жіңішкеқұм, Жетіжал, Желдіқора шатқалдарына қарай айдаған<sup>70</sup>.

№4 әкімшіліктің негізгі бөлігі сыпатайдың қарамарқа руынан тараған қауым құрап, олар 30 шаруашылық (222 шаңырақ, 1203 адам) ауылға бөлінді. Сарыбастау, Тасбастау, Шағылқора, Қаратас, Қорасай, Шоқпақтас, Күшшоқы, Қызылқора, Тасқора, Ащыбұлақ,

---

<sup>68</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 77-78 бб.

<sup>69</sup> Сонда. – 79 – 80 бб.

<sup>70</sup> Бұл да сонда. – 79 – 80 бб.

Бүлікши, Мате шатқалдарында қыстап, жазды Сарыноқай, Сымтас, Күйелі жайлауларында өткізген. Сыпатай болысындағы жалайырлардың келесі қауымы осы әкімшілік ауылдың 31 – 42 шаруашылық ауылдарын құрады. Бұл қауымдағы жалайырлар күшік руынан тараған. Күшік-жалайырлар Жылыкүнгеі шатқалында қыстап, Сарыноқай жайлауын жайлаған. Көктеу және күздеуді қыстау маңында өткізген. Қыс кезінде қауымдағы күшік-жалайырлар жылқыларын Ақсал шатқалына, ірі қара мен қойларын Жаркент уезіндегі Қату шатқалына, қойларды сондай-ақ Қалқан, Мыңбұлақ, Қарақоян шатқалдарына қарай айдаған. Егістік алқаптары суармалы және танапты болып екіге бөлінді. Дүнген, Мате, Біже сайларындағы алқаптар суармалы егістікті, Жылыкүнгеі алқабында танапты егістіктер салды. Шабындық жерлер қауымға мүшелеріне атадан балаған мирас болып қалып отырды. Көксудан тартылған, Ақшатоған, Кемерарық, Күнтутоған Біже өзенінен тартылған Ақжартоған арықтары суын пайдаланған<sup>71</sup>.

№5-ші әкімшіліктегі 28 ауылды (137 шаңырақ, 739 адам) толығымен мырза руынан тараған жалайырлар құрады. Олар Сарыбастау, Қосқұдық, Қызылауыз, Қарашеку, Шаңшаңырақ шатқалдарында қыстап, жазда Сатылы жайлауына көшті. Шаңшаңырақ және Біже алқаптарынан егістік жерлер иемденген. Жоңышқалық атыздарды он жыл қатарынан пайдаланып барып, демалдыруға қалдырған. Біже өзенінен тартылған Қызылауыз, Көксудан тартылған Шаңшаңырақ арықтары су көзімен қамтамасыз етті.<sup>72</sup>

№6-шы әкімшілік ауылда толығымен сыпатайдан тараған қарамарқа руының (138 шаңырақ, 682 адам) қауымдары қоныстанды. Шығу тегі келесідегідей: жалайыр-шуманақ-сыпатай-қарамарқа. Олар Сарыбастау, Тасқора, Шағылқора, Қорасай, Шоқпартас, Күшшоқы, Ащыбұлақ, Сарыбастау, Кетен, Бүлікши, Мате қыстауларында қыстап, жазда малы көп қауым мүшелері Сарыноқай, Сымтас, Күйелі жайлауларына көшкен. Көктеу және күздеулік жайылымда Мате, Дүнген, Бүлікши шатқалдары маңы-

---

<sup>71</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 81 б.

<sup>72</sup> Сонда. – 82 б.

нан пайдаланып, қыстаудан ұзап кетпеді. Көксу өзенінен тартылған Терісарық суын пайдаланған<sup>73</sup>.

№7-ші әкімшілікті негізінен сыпатайдың шалымбет руынан тараған қауым және мырзадан тараған бір ауыл құраған (129 шаңырақ, 749 адам). Бұл жалайырлар Лабасы, Жылықүнгеі шатқалдары бойында қыстап, жазда Беріктүгел, Суықтөбе жайлауларына көшкен. Көктеу және күздеулік жайылымға Мұқыры шатқалына тоқтаған. Қыстау маңынан және Кемер сайларынан егістік алқаптар иемденді. Суармалы егістіктегі алқапты 50 шаңырақтан бірігіп пайдаланған. Егістік алқапта пайдалануда талас-тартыс туып жатса, ауыл мүшелері тоған-басы немесе мұраптың шешіне жүгінген<sup>74</sup>.

Осы әкімшілік құрамындағы мырзадан тараған жалайырлардың бір ауылы Лабас, Жылықүнгеі шатқалдары бойында қыстап, жазда Беріктүгел, Суықтөбе жайлауларына көшкен. Көктеу және күздеулік жайылымға Мұқыры шатқалына тоқтаған. Қыстау маңынан және Кемер сайларынан егістік алқаптар иемденді. Суармалы егістіктегі алқапты 50 шаңырақтан бірігіп пайдаланған. Егістік алқапта пайдалануда талас-тартыс туып жатса, ауыл мүшелері тоған-басы немесе мұраптың шешіне жүгінген<sup>75</sup>.

№8 әкімшілікте мырза руынан артық тармағының қауымдары (169 шаңырақ, 1058 адам) отырды. Олар Оғызқұрған, Шоқпасты, Теріскен, Быпси, Жылықүнгеі, Жоладыр шатқалдарын қыстап, жазда Сарыжазық жайлауына көшкен. 1867 жылдардағы Ережелерге дейін олар Жаркент уезі Алтынемел болыстығына қарасты Майтөбе елді мекнінде көшіп жүрген еді<sup>76</sup>.

№9-шы әкімшілікті толығымен дерлік жалайырдың сыпатай руынан тараған қауым (91 шаңырақ, 465 адам) құрады. Бұл қауымдағы сыпатайлар Алтуайт, Бүлікши, Мате, Лабас, Дүнген, шатқалдарында қыстап, жазда Сарыноқай, Сымтас, Күйелі жайлауларында көшіп-қонған. Шабындықта өздері отырған қыстау маңынан иеленіп, қысқа мал азығын дайындаған. Егістіктіктері Терісаққан, Тастыарық Байлауық арықтары бойындағы алқаптарды алып жатты<sup>77</sup>.

---

<sup>73</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 58-59 бб.

<sup>74</sup> Сонда. – 88 – 90 бб.

<sup>75</sup> Бұл да сонда. – 80 – 81 бб.

<sup>76</sup> Бұл да сонда. – 82 б.

<sup>77</sup> Бұл да сонда. – 58 б.

## 1910 жылғы Сыпатай болыстығындағы Жалайырлар<sup>78</sup>

Әкім-шілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№1	<p>Жақар Бәжір, Ханкелді Шілдай, Жүндібай Жағалат, Байжан Нұрабай, Қасымбек Бодық, Бойхан Мегілбай, Байбек Жетібай, Ақалдек Каметай, Бисембай Майтабақ, Есмұхамбет Кендірбай, Бөлекпай Қасқабай, Қылбай Сапабай, Тоқмолда Асылбай, Байымбет Тасу, Жангүлек Майшы, Бектен Айдас, Оразбай Елік, Бекболат Шыныбек, Қоңырбай Тіленші, Құрматбек Қуат, Имабек Ботабай, Нұрмолда Тіленшы, Болатай Нарымбай, Оразымбет Иттай, Бигелді Қарауылбас, Жанту Елеусіз, Жанғырман Тайшыман, Серікпек Қарбос, Шабдар Өскембай, Ерзақ Елқонды, Қолтай Асыл, Сазақ Өстем, Тамшыбай Төлеміс, Асқар Есімбай, Отақпай Батыр, Асылбек Мақтыбек, Тілеу Сәмен, Жұмабай Хонгай, Байтоқ Тума, Жаумыш Әлібек, Амадай Толтамбай, Жақымбай Райымбек, Жидебай Қалматай, Доске Шайболда, Серкебай Жансырбай, Сағындық Шома, Шынтай Шокпар, Бәшекпай Жандыбек, Опалбай Досжасар, Жалаш Сақы, Мұса Шоқабай, Жалдыбай Кейбай, Жексембі Нобай, Жанпейіс Еміл, Сәрсен Дүйсен, Сейтахмет Толыспай, Ерінші Малай, Еркембет Қарғамбай, Нұрлыбай Шок, Тілеу Стамбек, Есіркеген Тоқтыбай, Нұржақ Бейсек, Бұқпан, Мөңке, Бөкенбай</p>	<p>Қотырқай, Теректі, Он күрке, Бесқағыл, Талды, Бектаир-саз, Ортаталды, Айғайтас, Аяқталды, Асақ Қаратас, Талдысай, Қызылқора, Жайлауқана, Жанғызбастау, Ақтекше, Қызылбұлақ, Ортақызыл бұлақ, Қызылбұлақ, Молалы, Қорақожы, Ақтышаған, Шоладыр, Шаған, Қызылбұлақ, Донқора, Ақтекше, Ақжар, Қарашоқу, Қызылбастау, Кизенқора, Айқайтас, Қотырқай</p>

<sup>78</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 82, 84-86 бб.

	<p>Қабыл, Нүрпейіс Байторы, Алтымбек Жұмабай, Насақпай Ізімбай, Жиенбек Сәмен, Дүйсеке Толымбек, Кемпірбай Қарыбай, Андаспай Токбасар, Сейсембі Қолқамбай, Оспанқұл Танжы, Әжі Күнқожа, Маймыш Байқожа, Тұртпай Бастамбай, Тілежан Көрпебай, Жанаспай Қуат, Шаймербек Туғамбай, Есімдек Масабай, Ерліқожа Беспай, Сейітмағзақ Тосымбай, Ахымбет Жамақ, Сақ Майлыбай, Діқанбай Қоржау, Ашықпай Қоржау, Бекмұхамбет Абақ, Байжомарт Бұғыбай, Нұрмұхамед Адақ, Өнгілбай Тандыр, Түлкібай Қосшығұл, Токсоба Нұрыс, Жалды Торғай, Көмірбай Тілеуке, Базарбай Бадапай</p>	
№2	<p>Мұхаметші Ақымбек, Қорасай Жасыбай, Жантілеу Жандарал, Күреңқой Таманкөз, Тозыбек Смайыл, Қарауыл Назар, Байқұлақ Төлек, Баймахмет Бұршақбай, Байпамоз Арқабай, Қаңқабай Байпамоз, Мамыр Шомай, Сарытбай Тоғамбай, Қасыл Әбдібенат, Нұрмахамбай Ақтас, Ұса Әбділда, Ақымбек Жаманкөз, Тұрсымай Дүзбай, Тезекбай Сырымбет, Есалы Сапар, Дүйсембай Матыш, Құсайын Байтулақ, Бөкей Тулақбай, Жылқышы Мақұлбек, Бақабат Жауылбай, Қарымсақ Жаубасар, Нүсіп Жамабай, Байбалсот Жамабай, Өстібай Ниязбек, Орымбай Майзабай, Бестібай Ниязбек, Леппай Демеу, Олжабай Құлжан, Байсаба Серікбай, Нығметжан Ейызық, Қали Таңғышбай, Қошқарбай Бекберген</p>	<p>Шолақтоған, Жаршанқай, Сәмен, Қотанашы, Талды, Боқтыбастау, Көкбастау, Ақшоқы, Мұқыр, Жылыкүнгеі, Дұнғана</p>
№3	<p>Өмірбай Жұмбас, Назар Жайнақ, Таласбай Әділбай, Рахымжан Басқам, Онғарбай Мырзас, Құрама Мұсабай, Тасжарған Құлбалды Байтілеу Есенкелді, Ағыбай Салтанай, Мырзахмет Тазабек, Түгіреқпай Байсұлу, Бекше Ұзайғодыл, Сақмолда Түрікпен, Сәрсембай</p>	<p>Жалабай, Беріктас, Шашқақашан, Жылыкүнгеі, Қосқұдық, Асусай, Лабасы, Сүтбұлақ,, Көкбастау, Мұқры, Шолақ арық, Шолақ</p>

	Байдолы, Әміре Байтұрбай, Шәліп Естербай, Кемпірбай Жалебай, Қадыл Құдабай, Табыл Құдабай, Оразбек Мәжік, Байқанды Терөбай,	тоған, Қарабалта
№4	Шілбай Әжібай, Жексембі Құлмамбай, Класпай Дүйсембай, Шөпшек Шоқпар, Жайшыбек Әбдіре, Ақсақал Алмабай, Шалбай Тышқамбай, Орымбай Шілабай, Рысқұл Қалған, Жайпақтай Шілабай, Дәркенбай Жансерік, Насылбек Қозыбақ	Тесіктас, Қара шоқы, Мұқыры, Сарыбастау
№5	Белітбай Төленді, Имамбай Асылбай, Саурық Қарсақпай, Барық Төлебай, Сеңгірбай Марка, Ақылдыбай Күнту, Наурызбай Ертебет, Өсербай Ақымбет, Қылыш Маңғы, Байжен Қолдыбай, Қадыр Тақаш, Сәрсембай Құрмамбет, Артықпай Қадылбай, Шақыр Қазыбек, Досжан Мамыр, Әбсүгір Назар, Оспан Жуаспай, Туғамбай Қалдыбай, Мамық Тиес, Белтай Серікпай, Нұрлыбек Өскембай, Болатпай Бақты, Байша Қарабатырбай, Кіреуке Шығынай, Оңшарбай Қанжалбай, Смайыл Батырбек, Қашқымбай Қуат, Әдият Маута, Смағұл Бияқан, Әлпеш Епеш, Мүсәпір Маджас, Әлібек Зақпай, Беркін Қилыбай, Дүншебай Көбей, Иманқұл Мырзадала, Бегімбет Байшел, Абрай Қабай, Оралбай Түнкатар	Қосқұдық, Қызылауыс, Үңгіртас, Сүйіттулақ, Шаңырақ, Қарашоқы
№6	Кенбай Дөмей, Құрыспай Бірманай, Бекпосын Асылбек, Нұрбай Тойшыбай, Опабек Қосаяқ, Толымбек Қоздас, Құлман Қорабай, Бұлақпай Иса, Орамбет Тойтыбай, Дармамбет Түреш, Отығұл Молғы, Бейсембі Мірман, Жилықпай Битуған, Омарқұл Опшат, Қоныспай Айшуақ, Абдырайым Жандос, Игілік Нарт, Байназар Сайлыбай, Жактыбай Стамбек, Саурамбай Байтық, Мұса Сайлыбай, Жолдыбай Жұмағали, Жұртабай Арқымбай, Артықпай	Сарыбастау, Тасқора, Шағылқора, Қаратас, Қорасай, Шақпақтас, Қоратас, Күшшоқы, Ащыбұлақ, Қызылқора, Сарыбастау, Мате, Кетен, Бүлікші

	Сен, Абдырайым Сасык, Қырықпай Қашкымбай, Байтұлақ Бекқора, Көмек Қары, Найымбет Ботпай	
№7	Самалық Жамансор, Жанпейіс Жантай, Қылышпай Күзембай, Есмырза Жабай, Онғар Койлықпай, Орақпай Үзенбай, Мықтыбай Онша, Бекшойын Босқымбай, Әбдікерім Қалдай, Нұрахмет Сағай, Нөсербай Байторы, Амамбай Қамбай, Құлжан Мәлекпай, Сәрсембай Батпай, Артықпай Байра, Хасен Жомарт, Ошақпай Айдарбек, Сағай Талеке, Қуамбай Серкебай, Есбосыл Қабай, Шоқар Үшкемпір	Керегетас Лабасы, Көкбастау, Үштұмақ, Ағындысай, Мұқыры, Қарашоқа, Жылыкүнгеі, Тересарық
№8	Ошақпай Тұманшы, Сыдық Қарын, Мұғалбай Алтқора, Манақпай Баймене, Қожабек Көпкелді, Нүсіпбек Далабай, Байымбет Сақа, Мұратбек Мұдатпек, Шыныбек Доспай, Тілеубай Көнеқпай, Маржесебай Шаңкөз, Жауқабай Ұса, Қонақпай Айнабек, Кебекпай Байшашин, Орыспай Нысаки, Жұмабай Шаке, Байқон Байтілеу, Қуатпек Қасабай, Қамымбай Бегімбет, Шайбек Сүйінтікбай, Атылбек Жарлықам, Қыныр Бөгембай, Тоғымбай Қыстаубай, Өтеп Байдәулен, Жансейіт Оран, Салыпай Жуанғор, Серікпай Дүйсек, Омар Шимамбай, Үшкеккер Аймуар, Қайтанбай Шындаупай, Денгелбай Күртібай, Тоғанбай Аралбай, Маралбай Байжан, Мұса Байқожа, Жарқымбай Торғамбай, Ақшабай Көнеқпай	Өгізқұрған, Шокпасты, Теріскен, Быпси, Жылыкүнгеі, Шокпакты, Шақпакты, Шаладыр
№9	Найманхан Қамбар, Түсіпбек Маймұқан, Имамқұл Қамбар, Базархан Найманқұл, Шаиншолақ Қарсыбай, Қалмамбет Қабан, Бейсембай Қайдербай, Ноғайбай Шаңғыспай, Жүніс Тілеужан, Шеріптай Секімбай, Далибай Ниетпай, Тәжі Қисық, Алдай Өтеп, Жайнақ Байғаныс, Саурамбай Ақшал, Қаратышқан	Көкбастау, Көпішқора, Қызылқора, Қарашоқы, Қарасай, Бұлақты-қарасай, Қаратөбе, Қызылтас, Асусай, Сүтбұлақ, Күншығыс Сүтбұлақ, Дүнгене, Бөлекит, Мате, Беріктас, Шиліқұдық



	Төлөнді, Тобажан Тірентай, Құсанкиік Қалайжанай	
--	--	--

Сонымен Сыпатай болысында жалайырлардың сыпатай, мырза, күшік, қалмат, маматай, қарамарқа, шалымбет, артық сияқты рулары мен ру тармақтарынан тараған әулеттер қоныстанған.

### г) Таулы-жалайыр болысындағы жалайырлар

№1-ші әкімшілік ауылды жалайырдың шуыншал, өмірбек руларынан тараған ауылдар құрады (337 шаңырақ, 1788 адам).

Бұл қауымдағы жалайырлардың негізгі дені 1885 жылы Төменгі Қаратал болысынан келіп қосылған. Қыста Дастар-күтей, Дастар-теріскей, Қашамалықора, Ұзынбұлақ, Аққұдық, Бозтоған, Жосалытеріскей қыстауларында қыстап, жазда Сарыжазық жайлауын жайлаған. Қыс кезінде малдарын Желқора, Үшөзек, Жаманқұм, Норбы шатқалдарына айдаған. Егістіктерде, шабындықтары да қыстау маңында болып, егістік алқаптарды Біже өзенінен тартылған Бозтоған, Жарлыөзек арықтарынан суғарған<sup>79</sup>.

№2-ші әкімшілігін толығымен, жалайырдың толымбек руы құрап, олар 78 шаруашылыққа бөлінген (243 шаңырақ, 1420 адам), сондай-ақ олар №3-ші әкімшіліктің 1-4 шаруашылық ауылдарын құраған. Шөладыр, Желдіқора, Желдіқора теріскей, Қызылшоқы, Күмөзек, Жарлыөзек, Бүлік, Дүнген, Шенгелді, Ауысқора, Аққора, Қарауызсай шатқалдарында қыстап, жазда Беріктоғыл, Көктөбе, Сарыжазық жайлауларына көшкен. Қауым мүшелері жайылымдық жерлерді бөліп иеленген және жайылымдық шекара қатаң сақталған. Малы көп шаруашылықтар қыс кезінде малдарын Оңтүстік Балхаш, Іле-Балхаш, Төменгі – Қаратал, Ши, Күшік, Таз болыстарының жерлеріне қарай айдаған. Желдіқора, Бүлікши, Жарлыөзек, Дүнген сайларынан егістік алқаптар иеленіп, егістіктерін Көксудан тартылған Бозтоған, Ақшатоған, Жарлыөзек, Көкжарлы тоған арықтарының суларымен суарған<sup>80</sup>.

№3-ші әкімшілік ауылы 67 шаруашылыққа бөлінсе, 58- 67-ші 10 шаруашылығын мырзадан тараған әліке руының (жалайыр-

<sup>79</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 85-86 бб.

<sup>80</sup> Сонда 83-84 бб.

шуманақ-мырза -әліке), сондай-ақ толымбек, бимамбет қауымдары құрады (208 шаңырақ, 1091 адам). Олар Мақаншы өзені бойында қыстап, жазда Беріктүгел жайлауына көшкен<sup>81</sup>. Егістік алқаптарын Көксудан тартылған Қызылтоған арығы бойында салған. Қыс кезінде қауымдағы малы көп жалайырлар малдарын Үшөзек құмына қарай айдаған.

Әліке-жалайырлардың бір қауымы №4-ші әкімшілікті құрап, 18 ауылға бөлініп (75 шаңырақ, 377 адам) олар толығымен Мақаншы өзенінің бойындағы қыстауларда отырған. Олар бұл жерге Жоғарғы Қаратал болысындағы Қаражиде шатқалынан қоныс аударған. Қыста Жетіжал, Үшөзек шатқалдарына айдаған. Егістік жерлерді қауым мүшелері бөліп пайдаланған<sup>82</sup>.

5-ші әкімшілігінде толығымен айтымбет-жалайырлар тұрып, олар 100 шаруашылықты құраған (218 шаңырақ, 1178 адам). Ашудасты, Қарасай, Бесқайнар, Қарасу, Тектей шатқалдарында қыстап, жазды Шажа, Көксай жайлауларында өткерген. Қарасу сайынан егістіктер пайдаланып, суармалы егіншілікті қоса кәсіп етті. Қарасудан тартылған Жотаарық, Жаңарық арықтары, Көксудан тартылған Күнтуарық, Кемерарық, Тентектен тартылған Қароқойарық арықтары бойларынан шөп шабуда қосалқы кәсіп етті<sup>83</sup>.

№7-ші әкімшілікті шұңғыр аталығынан тараған қауым (110 шаңырақ, 527 адам) құрады. Олар Мақаншы, Қаратөбе шатқалдарында қыстап, жазды Сарыжазықта өткізген. Бұл қауымдағы жалайырлар бұрын Төменгі Қаратал болысы жерінде тұрған, жердің тапшылығына байланысты 1880 жылдары көрсетілген қыстауларға қоныс аударған. Мақаншы өзенінен тартылған Бабатоған арығы бойына егін салып, осы арық бойынан шөп шапқан<sup>84</sup>.

---

<sup>81</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 85 б.

<sup>82</sup> Сонда. – 85 б; Поаульные таблицы. – 102 б

<sup>83</sup> Бұл да сонда 84-85 бб.

<sup>84</sup> Бұл да сонда. 86-87 бб.

## Таулы-Жалайыр болысындағы жалайырлар (1910 ж.)

Әкімшілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№1	Талеке Жарлысай, Отарбай Қалдықұлақ, Таунықай Кемпір, Әтійбай Бейсембі, Құтыбай Сары, Жансарбай Жосқожа, Ақылбек Дүйсембі, Қорбас Телбай, Қапай Андас, Шыпы Битық, Мұхұмбет Зәкір, Үкібас Жанқұлы, Жамалбай Жанқұл, Нійба Қошқын, Құллықа Құрман, Сәдуақас Ахмет, Мәсәлім Әжі, Серғады Қаршақ, Шалдыбай Қабатай, Тәнеке Тота, Қапнарбай Кекіл, Медер Садық, Жаманқұл Токсанбай, Бойыршпай Тоғай, Қобайдулла Сады, Мықышпай Мантай, Жаубасар Монтай, Мұратбек Досубек, Сүгір Есболат, Сүйімбек Токболат, Нұрлыбек Жанке, Нұрымбай Серті, Дүйсембай Опалбай, Рысымбет Ордымбай, Үмбет Әшібек, Сарықыз Тұрман, Әлібай Әден, Анықбай Телібай, Асылбек Майке, Шалыбай Әлжан, Жаманқұл Есмұрза, Берсүгір Қуандық, Молдахмет Молдабай, Рахым Марзыбай, Қалық Иманқұл, Қалыбай Қалқа, Қолдыбек Баптақ, Жылып Бумықбай, Бекбосын Елемес, Жанбосын Елемес, Жұмантай Басай, Сайдыл Қарабала, Қайпаттен Байнашар, Носықбай Өтеғұл, Жабағы Бершімбет, Сирақбай Әлімбек, Қожық Жаманқұл	Достар-Құтты, Достар-терексай, Қашамалықор, Дыспар теріскей, Ұзынбұлақ, Аққұдық, Жарөзек, Жосалықүнгеі

### ғ) Ши болысындағы жалайырлар

Ши болысының № 1 және 2-ші әкімшіліктерінде жалайырлардың қалпе руынан тараған қауымдар, ал № 8 және 9-шы әкімшіліктерінде қарашапан руынан тараған қауымдары қоныстанды. Ал, 3-7, 10 әкімшіліктерінде жалайырлардың қошөтер, меңлібай, жомарт сияқты ру тармақтарынан тараған әулеттер тұрған.

№1-ші әкімшілікті қалпе-жалайырлар 126 шаруашылықты құраған үлкен қауым (239 шаңырақ, 1213 адам). Бұл қауым 1885 жылдары Төменгі – Қаратал болысынан бөлініп шыққан. Олар Қаратал өзені бойындағы Баулыбай және Аралқұм шатқалдарын бірнеше атадан бері қоныстанып келе жатқан. Жайлауға барар және қайтар жолда Қарашеңгел шатқалында аяндаған. Жазда Сарытер және Қарабұлақ шатқалдарындағы жайлаулық жайылымдарда көшіп жүрген. Айту, Құлжабай, Шолақ арықтары бойында шабындық және егістік алқаптар иеленіп, олар әрбір елубасына бөлінген<sup>85</sup>.

№2-ші әкімшілік құрамындағы қалпе-жалайырлар 98 шаруашылықты құрады (258 шаңырақ, 1236 адам). Ақжар және Жаманқұм шатқалдарында қыстаған бұл қауым, жайлауға Сарытер және Қарабұлаққа көшті. Егістіктері Қалпетоған, Айту, Шолақтоған арықтары бойында салынса, Баубек шатқалы бойынан шабындықтар иеленген<sup>86</sup>.

№3-ші әкімшілік толығымен жалайырдың андас руының меңдібай тармағынан (жалайыр-шуманақ-андас-меңдібай) тараған (164 шаңырақ, 827 адам) ұрпақтар қоныстанған. Олар 115 шаруашылыққа бөлінген үлкен қауымды құраған. Ауыл қыстаулары Қаратал өзенінің сол жақ бетіндегі Тассуат, Сарықамыс, Оршағыл, Бесшағыл, Қақпақта, Қаражырық, Бұратышқан, Ақжал және Қаратал мен Тентек өзендерінің аралығындағы Тентек, Құлжа шатқалдарынан салынған. Малы аз ауылдар жыл бойына қыстауда қалып, егіншілікті дамытса, малы көптері Сарытер, Қарабұлақ және Тентек жайлауларына көшкен<sup>87</sup>.

№4-ші әкімшілік ауылының (143 шаңырақ, 780 адам) 13-32 шаруашылықтарында жалайырдың қошетер аталығынан тараған ауылдар қоныстанды. Олар Көктөбе, Естімбай, Қоғаш, Оралтентек, Тентек қыстауларында қыстап, жазда Сандықтас жайлауына көшкен. Олардың ата-бабалары ертеректе Сырдария өзені бойында өмір сүріп, кейін Жетісуға қоныс аударған. Алғашында Балғалы болысы жеріндегі Таржол шатқалында қыстаған<sup>88</sup>.

---

<sup>85</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 32-33 бб.

<sup>86</sup> Сонда. – 33 – 34 бб.

<sup>87</sup> Бұл да сонда. Пообщинные таблицы– 31-32 бб; поаульные таблицы. – 118-121 бб.

<sup>88</sup> Бұл да сонда. - 55 б.

5-ші әкімшілік ауылы 31 шаруашылыққа бөлініп (89 шаңырақ, 431 адам), онда толығымен қырғыз-жалайырлар (жалайыр-андас-қалқа-қырғыз) қоныстанды. Қысты Тентек, Саурыққарасу, Мақаншы, Көрікшибай қарасу, Төрткөл, Мүсірен қыстауларында өткеріп, жазда жалы көптері Тентек өзені бойындағы Тентек жайлауына көшкен, ал қалғандары қыстау маңына киіз тігіп жыл бойына қыстау маңында өткізген. Көршілес Таулы-жалайыр болысымен шекара қатаң сақталмады. Кей жағдайда жайылымдарды ортақ пайдаланған. Егіншілік пен шөп шабуды да кәсіп етті Көкарық, Шолақтоған бойынан егін салған<sup>89</sup>.

6-шы әкімшілік ауыл, 47 шаруашылыққа бөлініп (101 шаңырақ, 500 адам), бұл қауымды жалайырдың қалқа руының майса, қонай-қанай (жалайыр-андас-қалқа-шүйінішәлі-қанай, қонай) аталарынан тараған ұрпақтар құрады. Қыстауларын Жолбарыс, Тасарық, Бөлектөбе, Айдар, Шолақтоған, Бесағаш, Тентек, Тастөбе, Қаракөтерлі, Теріккөл, Қашқан, Қарабол, Мұстабайқұдық шатқалдарында салып, жазда Сатылы жайлауына көшкен. Көктеу мен күздеулік жайылым үшін Тастөбе, Бесағаш жайылымдарын пайдаланған. 1880 жылдары қауым мүшелері шабындық жерлерді шаңырақ бойынша бөлісіп алған. Егістіктері мен шабындық жерлерді Тентек өзенінен тартылған Тасарық, Бесағаштоған, Шолақтоған арықтары бойларынан пайдаланды<sup>90</sup>.

7-ші әкімшілік ауыл 75 шаруашылыққа бөлініп (159 шаңырақ, 846 адам), мұндағы қауымды жомарт аталығынан тараған ұрпақтар құраған. Олар Ши елді мекенін қыстап, жазда Сатылы және Көксай жайлауларында көшіп жүрген. Малы көп шаруашылықтар қыс кезінде малдарын Дәуқора, Белшағыл, Қызқазған құмды алқаптарына қарай айдаған. Олар бұл жерге Сырдария өзені бойынан қоныс аударған.<sup>91</sup> Егістіктері Қоскемейтоған, Ақтоған, Қайнартоған, арықтары бойында салынды.

№8-ші әкімшілік ауылының 93 шаруашылығын (140 шаңырақ, 720 адам) және №9-шы әкімшіліктің 42 шаруашылығын (89 шаңырақ, 489 адам) қарашапаннан тараған жалайырлар құрады.

---

<sup>89</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. - 56-57 бб.

<sup>90</sup> Сонда. - 34-35 бб.

<sup>91</sup> Бұл да сонда. - 53 б.

Кенарал шатқалын бойлай қыстау салған қарашапан-жалайырлар бұл жерде 9 атадан бері қоныстанған. Өздерінің айтуы бойынша олар бұл қыстауды ХҮІ ғасырдың аяқ кезінен бастап иемденген. Жазда Сандықтас, Көктөбе шатқалдарына көшкен. Егістіктері мен шабындықтарын суару үшін Көктал өзенінен Көкжал, Шолак, Сүптеген, Қарағай арықтарын тартқан. Ал қауым пайдалануындағы Нүркетоған арығы Тентектен тартылған<sup>92</sup>.

№10-шы әкімшілігін таймөңке аталығынан тараған қауым құраған. 27 шаруашылықты құраған (81 шаңырақ, 381 адам) бұл қауым мүшелері Қошқарбаймола, Айдар, Көкдала, Қалыш шатқалдарында қыстап, жазда Сатылы жайлауына қарай көшкен. Жекеленген ауылдар қыс кезінде жылқы, түйе, қойларын Жаманқұм жайылымына қарай айдаған. Жаманқұм жайылымын қыс кезінде Оңтүстік-Балқаш, Төменгі Қаратал, Ши, Күшік, Таз болыстарының жайлайырлары да пайдаланған<sup>93</sup>.

#### 1910 жылғы Ши болыстығындағы Жалайырлар<sup>94</sup>

Әкімшілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№1	Монаспай Отар, Тоқай Бақаш, Есембай Байбосын, Таксыбай Байғыбай, Баулбай Ақпал, Қаңтарбай Қалшамбай, Сәндібай Алсай, Берлібай Сөкімбай, Асан Токпан, Серікпай Қарасай, Сүттібай Бек, Қожанберді Бисен, Темір Жантуған, Айнабай Көбел, Байфілдә Қырғызбай, Жаңабай Бейбіт, Роғайбай Қосай, Мұсабай Тәжі, Босмахан Шегебай, Бейсембай Боғдал, Белекті Орал, Оразымбет Сүммен, Шорабай Төлен, Жиренше Көшен, Көптілеу Тілеке, Талдыбай Жанжігіт, Жақсыбай Терлік, Есгебай Бексейіт, Байжомарт Бектас, Шылынамбет Орымбай,	Қалыш, Аққайыр, Миялы түбек, Көкдала, Қалтабан, Жиделі Шыған, Дөңгелек саз, Қараөзек, Дайрабай мола, Сасықкөл, Қараөзек, Кескен Алқалы, Шиліорал, Кикентүбек, Базарарал, Аралкөл, Көптіктөбе, Түнкұдық, Бүріккұдық, Қарақұдық, Кішкенекұдық, Бұлығтай, Сәрсә Қоңтай, Ақшөкі,

<sup>92</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 57 – 58 бб.

<sup>93</sup> Сонда. - 52 б.

<sup>94</sup> Бұл да сонда. - 82 б. - 84-86 бб.

<p>Жалдыбай Өмірзақ, Сәрсембай  Маймасор, Нүскен Сатыбалды,  Құрмашпай Каракүш, Ағнас Қабыл,  Жақый Бишемір, Орақпай Нүсен,  Қижыбай Саркебек, Қарабек Саркөбек,  Сейдахмет Қойлыбай, Смағұл Оңдаспай,  Ошақпай Қарағұл, Алтыбай Борамбай,  Жамбырбай Берлұқ, Отызбай Сайбек,  Мұқан Сармамбай, Құнылы Елеусіз,  Алпысбай Тлеуғабыл, Туғамбай Тоқыш,  Шани Рысбек, Қорыбай Шөмек, Дәумен  Белғожа, Қосы Атрау, Қайлыбай Бекежан,  Жүрімбай Бегежан, Қарауыл Төке,  Құттым Күйтен, Сексембай Манақпай,  Сыйлыбай Қойшыбай, Мұхамеди  Белгібай, Сүгірбай Қойшыбай,  Шенелбай Оралбай, Жүніспай Отар,  Дүйсембі Манаспай, Ағыбай Бойбай,  Майшыбай Тоғымбай Жүніс Байбосын,  Үсен Токпан, Егізбай Дәулет, Оразбай  Сәндібай, Жарылқам Дикамбай,  Түзел Көбелек, Омырбай Байсембі,  Байтілеу Қырғызбай, Сарсем Мәмбет,  Туғанбай Майлай, Қырғызбай Мәмбет,  Клепбай Дайрабай, Шубай Мәмбет,  Қуалбай Мәмбет, Жалбет Мәмбет,  Құланшы Көбек, Жексембай Шейбай,  Отарбай Сүлеймен, Жидебай Байәділ,  Күсебай Нысанбай, Қауықпай Алшық,  Кемелбай Ыбрайым, Қожаберген  Бұлдыбай, Нұрмахамбет Шал, Сүгірбай  Ағырбай, Жанбай Опыш, Меңлібай  Қыңырбай, Жүніс Құнанбай, Нұрпейіс  Жалдыбай, Батылы Сәмбет, Дөнел  Бұлдыбай, Рахым Дөпіл, Сәрсембай  Күлсұлу, Елубай Қармыс, Бектас Көпту,  Қалиасқар Бектас, Кемірек Қанту,  Майкөт Кемірек, Тілеужал Жандос,  Еспақат, Бетебай, Қасылбек Дайырбек,  Салдамбек Сайбек, Өсікбай, Баймасар,  Қали Нүсіп, Анықпай, Ашамбай,  Қалық Амамбай, Мырзалы Қарыбас,  Қырбалы Қарыбас, Аубай Бұлдыбай,</p>	<p>Ақжірік, Қаражірік,  Тыңқұдық, Ақсерке,  Әулиеқұдық,  Татырқұдық, Күркемкен,  Майсиген, Молалы,  Майемген, Қарақұдық,  Елшібай, Базарқұдық,  Аққұдық, Ашамайлы,  Токберлі, Қосірім</p>
--	---

	Орымбай Бекжан, Жамабай Байдрауық, Екмұхамбет Көптілеу, Сүлеймен Көптілеу, Ахмет Көптілеу, Байтілеу Кесеке, Ешім Шал, Орнықбай Байтона	
№2	Жолдыбай Төлебай, Таңатар Ақтабай, Жарнақбай Қарсыбай, Тыныштықбай Даубас, Айдос Даубас, Өтетілеу Құттыбай, Тауқар Қармыс, Тыштыбай Көпжасар, Жексембай Төкебай, Амамбай Айжас, Төлеміс Теміртай, Құдаш Дайрабай, Аятбек Тайжене, Өсербай Айтолым, Ауылбек Жетен, Елубай Жақсылық, Берікбай Қоңыр, Серікбай Түткөмбай, Нұрбай Шалбай, Байгүл Тенбай, Мәжік Шалбай, Бұтабай Бәйіт, Өтеген Саурық, Серке Таскенбай, Бәтербай Сәтенбай, Садықбай Жақсылық, Қыдырәлі Мұса, Тоқберген Байтон, Құсамбай Самарқан, Туғанбай Тәңірберген, Жексембай Наурызбай, Тәжібай Байысбай, Камилон Сәттібай, Өтен Шынәлі, Танабай Дербісәлі, Теңдесбай Асылбай, Беспай Тұрғамбай, Өмелбай Тұрғамбай, Бегімбай Дербісәлі, Нұрпейіс Сунақбай, Өлербек Қонақбай, Жаманқара Райымбек, Жиенқұл Байтас, Төлен Дүйсембі, Өтелбай Дүйсембі, Сәмбет Бейсембі, Азнабай Бейбіт, Самбаз Өзембай, Тәтебай Күзембай, Байсек Әжімарт, Иса Анасбай, Кенетбай Төле, Мылтықбай Топар, Жекебай Исабай, Сартамбет Нуматбет, Түзбай Өксембай, Қилыбай Қолдасбай, Смағұл Жылқыбай, Жақсыбай Дүртбай, Қуат Оңғарбай, Бейкүл Көшкөмбай, Жанқұл Күрет, Тетзпай Жаман, Аққұлы Көшеген, Сатқымбай Күренкей, Тоқболат Маңжас, Денібай Тоқтыбай, Кендісбек Ақсақал, Тоқтыбай Лебай, Олжеке Қашқымбай, Тостық Еспенбек, Тоқашпай Лебай, Избасар Сәмбет, Ахметші Бейсембі, Естібай Бейбіт, Жұмабай Дүйсембі, Қабыл Күзембай, Малжиса Анасбай,	Қатықшы, Аран, Біліктөбе, Байсұмақ, Шоқпақты, Аманбай, Бәйіт молда, Тостық, Ешкітас, Нысанбайарқа, Шолақтөбе, Аққұмшық, Қараағаш, Шилі, Қырам, Сартоғай, Шенгелдіқарым, Сартоғай, Сартқой, Шенгелдітөбек, Сартоғай, Жаманшенгелді, Тастелебек, Қаратөбе, Ақжал, Тасқұдық, Шалтөбе, Тыңқұдық, Қаратөбе, Жалғызқұдық, Қосқұдық, Таңқұдық, Бесқожа, Алтықожа, Базар



	<p>Жұмабай Белгиса, Темсікбай Бақаш, Мәмбетқұл Тостық, Бұлшық Ұлжеке, Талдыбай Сасық, Малдыбай Жылқыбай, Сәндібай Созақ, Майлыбай Жылқыбай, Мырзабек Шұбашыр, Шубай Ақсақал, Сырмакөк Ақсақал, Тыныштық Бостан, Ыбрайым Тайхұлы, Өміржан Райымбек, Мендібай Ақбай, Смағұл Жұмабай, Нұрманбай Жамау, Нөкебай Шілен, Балта Шілен, Кенжебек Шілен</p>	
№8	<p>Күшікбай Қойшы, Мықтыбек Бесімбай, Баел Дәлебай, Қиялы Тұяқбай, Жағаш Тәтен Бекбосын, Ормақ Тағай Қойшы, Нұрланбай Қияқбай, Нұрбек Таймеңке, Шыныбек Таймеңке, Күнтубай Таймеңке, Серкебай Токпан, Бекберген Ақпан, Қопатан Бекжігіт, Ескебай Рысбек, Өмебек Әлмерек, Жарықбас Баймен, Дайбек Нарбай, Базарбай Бәйтерек, Тоғабай Бәйтерек, Көріп Тілеген, Мүсәпір Тілеген, Қандарбай Байжиен, Әжібай Тайлақ, Бәжібай Тайлақ, Топанбай Дайр, Арғынтай Мырзабай, Байбол Жалбық, Шөкербан Есмамбет, Дүйсембай Сәрсембі, Нағашбай Құрманбай, Сексенбай Қозыбақ, Бағысбек Жадыра, Шағатай Нұрақ, Құлсейіт Ахымбан, Байжан Абақ, Байтоқ Байсақал, Токсанбай Артық, Мамырбай Бұлақбай, Смайыл Ақсақал, Молдаберген Жалыбай, Көптілеу Құлбай, Нұрпейіс Орынбай, Талдыбай Құлжан, Жалдыаяқ Мейірман, Бекболат Жексен, Иман Нұрбай, Ошар Кемебай, Бахтияр Боқан, Өтебай Майымбет, Алдай Тоғыз, Отарбай Сарыбай, Бактыбек Тыңдай, Әділбек Бокбасар, Асылбек Дүйсембай, Серікбай Мұрбай, Молдыбай Тілеулі, Нүсіпбай Жекенбай, Рахмет Анасбай, Таласбай Егімбай, Олжабай Жорымбай, Есімбек Бағыбай, Смағұл Қатубек, Сәрсембай Шалбай, Әркембай Шалбай, Шибұт Дәуіт,</p>	<p>Кеңарал, Тентек, Аралтоғал</p>

	Жанпейіс Станбек, Жусанбай Көпбай, Тана Бекші, Құрайыс Мұқамбай, Абайла Итаяқ, Смайыл Тілен, Сартай Тұрсынбай, Тортай Тұрсынбай, Бейсембай Аңдысбай, Сәрсембай Бейсібай, Тезембай Көшкінбай, Ұзақбай Бисымақ, Сараншы Бисымақ, Нұрлан Бек, Жасау Талубай, Мұратбек Тылыбай, Көптілеу Сатыбалды, Ахметжан Сәрсенбай, Созақбай Буан, Бекшайын Жазымбек, Балғатай Дүйсебай, Жұмабек Көшек, Оспан Адыбергәй, Бейсенді Көшек, Омар Салтымбек, Мырзабек Көшек, Ақшал Балтық	
№9	Серікбай Белдібай, Әлібай Дүйсебай, Бектісан Белдібай, Бектіберлі Жанал, Иманберлі Демесінов, Құрмантай Жанесін, Жаңабай Тілек, Жарылбай Боқкөз, Бермелібек Тілеуғабыл, Бесбай Шынғожа, Қиған Көмек, Боқнет Досалы, Тілеу Тастамбек, Боқмырза Шонбас, Игілік Көңтербай, Асылбек Есін, Дүйсембай Балтабай, Сәмбетбай Шайгөл, Жақыбай Алтымбет, Қонақбай Ащыбұлақ, Тоқыман Таңатар, Омар Мыңбай, Жекембай Алысбай, Жанбай Жарбек, Жармұхамет Дүйсен, Қаропық Тастембек, Мөңке Сарық, Абайдилон Төкен, Шоламбай Батырбек, Боқбасар Маклай, Бақабай Тоғатал, Оразалы Лепес, Шелімбай Өте, Кенжедос Қолдығұл, Көндікбай Тергеусыс, Баукебай Тілеш, Бейсек Мағайбай, Сатыбалды Жарылқап, Мұсабек Жорықбай, Әбдіхалық Далабай, Байғожа Байтас	Тентек, Сұмырық, Қаражал, Кеңарал, Жіңішкеарал

#### д) Төменгі – Қаратал болысындағы жалайырлар

Төменгі Қаратал болысындағы жалайырлардың негізгі дені андас руынан тараған. Олар толығымен дерлік №5-ші әкімшілік ауылын құрап, 113 шаруашылыққа бөлінді. Қауым жалайырла-

рының ата-бабалары бұл жерге Шу өңірінен ертеректе қоныс аударған. Үшмола, Жазылбек шатқалдарын бойлай қыстаулар иемденіп, көктем мен күзде Жаманқұм шатқалында көшіп қонған. Азын-аулақ шаңырақ андас-жалайырлар Жаманқұм шатқалында жыл бойына отырған. Ал, жайлауға Терісаққан мен Сандықтасқа көшіп, ірі қара малдарын қыстауға қалдырған. Жазылбек сайынан егістік алқаптар иемденіп, Тастыаралтоған, Жазылбектоған, Жіңішкесу, Ақтөбетоған арық суларын пайдаланған<sup>95</sup>.

Төменгі Қаратал болысында андас руының саурық, ордағұл, түрке тармағынан тараған жалайырлар қоныс-танған. Олардың шығу тегі келесідегідей: жалайыр-шуманақ-андас-қалқа-дүйсенбай-қайдауыл -түрке, саурық, ордағұл.

№1-ші әкімшілігі 117 шаруашылыққа (228 шаңырақ, 1255 адам) бөлінген үлкен қауым. Бұл қауымды жалайырдың түрке, көтемберді аталарынан тараған ұрпақтар құраған. №1-ші әкімшілік құрамында түрке руының қауымдары 1-37, 99-117 шаруашылық ауылдарын құрап, олар Қызылжар, Ескелді, Ұзынтөбек, Тасқайыр, Ақжар, Шордана, Арқабай, Уақмола, Ақөткел, Дөнен, Қаракұл, Тасқора, Жаманқора, Қылсу, Арал, Кескентал шатқалдарында қыстап, жазда Балықты, Сарыноқай жайлауларына көшіп-қонды. Ал, көктеу және күздеулік жайылымды Үштөбе, Жота шатқалдары қамтамасыз еткен.<sup>96</sup> Ал, 38-98-ші ауылдарда қоныстанған көтемберді-жалайырлар Қараталды бойлай Арқабай, Ақжар, Ұзынтөбек, Уақмола, Ақөткел, Дөнен, Қаракөл, Шынгелді, Томарөткел, Тасқора, Жаманқора, Қылсу, Арал, Қаракөл, Қоғалыкөл, Қаржау, Кескентал шатқалдарында қыстап, жазда Сарытер, Балықты және Сарыноқай жайлауларына бөлініп көшіп, жайлауда наймандармен көрші қонған. Көктеу мен күздеулік жайылымды Жота, Үштөбе, Қызылжар сайлары қамтамасыз етті. Аталған қыстауларға ХҮІІІ ғасырдың аяғында Түрке заманында Сырдария өзені бойынан қоныс аударған. Үштөбетоған және одан тартылған Түрке, Мәжі арықтары бойынан егін салған.

---

<sup>95</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 28 – 29 бб.

<sup>96</sup> Сонда. – 51-52 бб.

1898 жылдары Түркенің ұрпағы Ыбрайым қажы ауыл мүшелеріне жоңышқалық және шабындық жерлерді бөліп берген<sup>97</sup>.

№2-ші әкімшілік 55 шаруашылыққа бөлінген, 18-46 ауылдарда жалайырдың тоймөңке атасынан, кей жерінде тілес атасынан тараған қауым (144 шаңырақ, 984 адам) қоныстанды. Олар Ұмкөмей, Ұмкемел қыстауларында қыстап, жазда Сатылы жайлауына көшкен. Қауымның малы аз мүшелері жазда қыстауға жақын маңдағы Бесқарағай, Бөрлітөбе шатқалдарындағы көшкен. Құлтабан сайында егін салып, шөп шапқан<sup>98</sup>.

№3-4-ші әкімшіліктерін толығымен андас руының саурық тармағынан тараған ұрпақтар құраған. 3-ші әкімшіліктегі саурықтар 60 шаруашылықты құраса (140 шаңырақ, 774 адам), 4-ші әкімшілікте олар 65 шаруашылық ауылды (137 шаңырақ, 750 адам) құраған. Олар Сусар, Қойшыман, Бестерелі, Ақсақал, Бөкет, Жалғызмөңке, Майлыбай, Байсерек, Шоқай, Қарташ, Қарағаш, Үшарал, Найманарал, Шамбай, Байғабыт, Тантабай, Қосабай мола, Қосақарғай, Ұзынмола қыстауларында қыстап, Жота шатқалында көктеуді өткізіп, Балықты жайлауына көшкен<sup>99</sup>.

№5-ші әкімшілік ауылын толығымен дерлік андастар құрап, олар 113 шаруашылыққа (211 шаңырақ, 1166 адам) бөлінді. Қауым жалайырларының ата-бабалары бұл жерге Шу өңірінен ертеректе қоныс аудырған. Үшмола, Жазылбек шатқалдарын бойлай қыстаулар иемденіп, көктем мен күзде Жаманқұм шатқалында көшіп қонған. Азын-аулақ шаңырақ андас-жалайырлар Жаманқұм шатқалында жыл бойына отырған. Ал, жайлауды Терісаққан мен Сандықтас ірі қара малдарын қыстауға қалдырған. Жазылбек сайынан егістік алқаптар иемденіп, Тастыаралтоған, Жазылбектоған, Жіңішкесу, Ақтөбетөған арық суларын пайдаланған<sup>100</sup>.

---

<sup>97</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. - 36-37, 51-52 бб

<sup>98</sup> Сонда. - 50-51 бб.

<sup>99</sup> Бұл да сонда. Пообщинные таблицы – 35 – 36 бб; поаульные таблицы. – 146 150- бб

<sup>100</sup> Бұл да сонда. – 28 – 29 бб.

## №5-ші әкімшілік ауылындағы жалайырлар<sup>101</sup>

Әкімшілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№5	<p>Досан Өсербай, Орман Өсербай, Дәрібай Күтім, Жұмабай Күтім, Жетебай Құрымбай, Ердембек Мамыр, Досмайыл Бейсен, Исабай Көтербай, Қамаубай Тейлібай, Бектау Көшербай, Байтау Көшербай, Иса Көшербай, Аннабай Олақ, Байбосын Аяғөз, Байтілен Өтеп, Білтекбай Өтеп, Алпыс Бақай, Шойбек Аманжол, Нұршеке Сатыбалды, Майдабай Аманжол, Қуаныш Жұбандық, Бөбекбай Жолдыбай, Байсерік Сатыбалды, Жанке Токтабай, Қасен Садбен, Жантемір Бедел, Төкеш Байет, Жексембай Сүзгібай, Сейдемқұл Қондықбай, Смайыл Қондықбай, Байсақ Малдыбай, Тұрсынбай Избасар, Отарбай Избасар, Шығанбай Қондыбай, Дауылбай Маңдыбай, Табысбай Қудырым, Қайысбай Одырым, Молбай Жандыбай, Жуасбай Өтерім, Бидайбек Малаш, Қажбай Жабы, Шалғымбай Сайлыбай, Байтоқ Малтыбай, Сексембі Байет, Смаиз Жансейіт, Ақшабек Бәйтерек, Дүйсембі Қойлыбай, Нұрман Өсербай, Рысбек Қарағай, Қойбағар Тәуке, Тілеуберді Манат, Дүйсембі Шауын, Тиін Тәуке, Айке Тәуке, Баймұрат Тәуке, Үндесбай Тасық, Мәмбет Жаман, Уәли Сәмбетов, Нүсіп Күтім, Кәрібай Күтім, Нүсіпбай Бектұрған, Смағұл Бозтайлақ, Жұмабай Құлпейіс, Құлдый Далбай, Тұрысбек Байсал, Байтілеу Байсал, Көмек Улау, Басұрмам Қойшыман, Байділдә Құрымбай, Жарғытай Жайсембай, Несіпбай Серікбай, Шілтебай Құрымбай, Нұрқұбыр Тілеукабай, Онғар Тілеуабыл, Жеңгірбай Байғабыл, Жолбай Байсерке, Имамбай Мастек, Ормамбет Жексыбай, Жақып Нұрмамбет, Майлыбала Бекболат, Кобос Жексембай, Аязбай Сәрсембай, Кене Сопак, Нұрлыбай Бекберлі, Балбек Сатыбалды, Қалдыбек Аманжол, Бейсек Келгенбай, Мәди Байбағар, Жұмай Жетібай, Ақберген Жемсік, Дауылбай Масабай, Тақашбай Қаншағай, Байтілеу Ноғай, Тілес Қалқабай, Мақаш Барбас, Шолқыбай Әділбай, Әуелбек Майлай, Сәрсембек Маса, Жаңабай Күнұзақ, Сағындық Бейсек, Артықбай Тотан, Табылды Ұзақбай, Шалабай Бекбай, Елеусіз Айтөк, Саурамбай Қыдырбай, Мұздыбай Тұяқбай, Досбай Асау, Бекембай Шубай, Жотабай Имамбай, Қойлыбай Ұлыған, Жетпіс Мырзағұл, Семізбай Есенгелді</p>	Тастыарал Үшмола

<sup>101</sup>Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. - 84-86 бб.

6-шы әкімшілік ауылы 83 шаруашылыққа (171 шаңырақ, 962 адам) бөлінген. Шаруашылықты қошқар руының төлебай аталығынан тараған қауым құрады. Төлебай құлболды тармағымен аталас. Екеуі де қошқар руынан тараған. Олар Қаратал өзенінің төменгі ағысының сол жақ бойындағы Аралөткел, Тентек өзені бойындағы Еспай-Төлебай қыстауларында қыстап, жазда Сарыжазық жайлауына көшіп-қонған. Аралөткел қыстауындағы жалайырлар көктем мен күзде Қатынқазған, Манатқұдық, Торанғылы, Райынқұдық, Шолақты сайларына тоқтаған. Ал Еспай-Төлебай қыстауындағы жалайырлар негізінен отырықшы қауымды құрап, жыл бойына қыстауда отырды. Шабындықтары қыстау маңындағы Еспай Төлебай арығы бойында болып, қауым мүшелері бөліп пайдаланды<sup>102</sup>.

№7-ші әкімшілігін толығымен барақ аталығынан тараған ұрпақтар құрап, олар 71 шаруашылыққа (153 шаңырақ, 767 адам) бөлінді. Қаратал өзенін бойлай салынған Наймансояғы, Әулиеағаш, Қосқорған, Бекбаулы, Кекрейлі сияқты қыстауларда қыстап, жазда Сарыбие, Бессеркеш, Талдықұдық, Төбекұдық сайларында көшіп жүрген. Мал отарының көктеулік, күздеулік жайылымына Талдықұдық, Төбекұдық жайылымдарын пайдаланған<sup>103</sup>.

№8-ші әкімшілікті күшік руының қарасақал тармағынан тараған қауым құрап, олар 21 шаруашылыққа (82 шаңырақ, 375 адам) бөлінген. Әулиеағаш, Ұрынхай, Қосқорған, Бекбаулы, Шербакты шатқалдарын қыстап, бұл жерді олар 6 атадан бері, яғни шамамен ХҮІІІ ғасырдың бас кезінен бері иемденіп келген. Жайлауға қыстауға жақын маңдағы Сарыбие, Бессеркеш, Талдықұдық, Төбекұдық жайылымдарына көшкен<sup>104</sup>.

№9-шы әкімшілікті андастың ордақұл тармағынан тараған қауым қоныстанып (46 шаңырақ, 296 адам), олар №4-ші әкімшіліктегі сарық ағайындарымен көршілес отырған. Олардың жайлауға көшу жолдары да бір болды. Қарақош, Шыңғысшоған, Тассуат, Жалғызтораңғы шатқалдарын қыстаған.

№10-шы әкімшілігінде ауылдарда толығымен жомарт атасынан тараған ұрпақтар тұрып, олар 52 шаруашылыққа (114 шаңырақ, 607 адам) бөлінді. Тентекарал, Бесағаш, Шолақтоған, Қойшыбайтөбе, Шорбакты, Нүрке, қыстауларында қыстап, жазды Сандықтас жайлауында өткерген. 1897 жылға дейін бұл қауым Ши болысының

<sup>102</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. 27-28 бб.

<sup>103</sup> Сонда. 27 б.

<sup>104</sup> Бұл да сонда. – 27 б.

құрамында болған. Шабындықтары Шолақ, Нүрке арықтары бойында және Бесағаш сайында орналасты<sup>105</sup>.

№11-ші әкімшілік шағын 18 шаруашылықты құрап (93 шаңырақ, 539 шаңырақ), толығымен дерлік қырғыз аталығынан таралған ауылдардан тұрды. Ал, 12-ші әкімшілік 54 шаруашылыққа бөлініп (89 шаңырақ, 468 адам), қауымды тоннат аталығынан тараған ұрпақтар құрады. Бұл екі қауымның қыстауы бір-бірімен көршілес тығыз орналасты. Қайнар, Сырғабайтөбе, Көкарал, Кержол, Көтерме, Жалғас, Шолақтоған, Тастөбе, Тосторық, Шорбақ қыстауларында қыстап, көктеу мен күздеуді Арал шатқалында өткізген. Танат-жалайырлар өздерінің аталас ағайындары андабай, сырлыбай, қарғабай-жалайырлармен қатар ХҮІІІ ғасырдың 50-ші жылдарында Сырдария бойынан қоныс аударған. Андабай және танаттан тараған қауым Сатылы жайлауына, Сырлыбай және Қарғабай жайлауына көшкен. Шабындықтары мен егістіктері Қаратал өзені бойынан пайдаланылды<sup>106</sup>.

Болыстық құрамындағы алакөз, қарасақал аталықтары жалайырдың үшінші ұрпағы Қарағаш алтыншы ұрпақ болып саналады.

### **е) Оңтүстік-Балқаш болысындағы жалайырлар**

Оңтүстік-Балқаш болысында жалайырлар №1-10-шы әкімшіліктерге бірігіп, бірнеше ауылды құрады. Бұл болыстық құрамындағы жалайырлар толығымен дерлік арықтыным руынан тараған. №1-ші әкімшілікте өміржан (234 шаңырақ, 1386 адам), №2 және 5 әкімшіліктерінде байшегір (355 шаңырақ, 1399 адам), №3 және №5 әкімшіліктерінде арықтыным (176шаңырақ, 1042 адам), №4-бәйбіше (118 шаңырақ, 730 адам), №6-қартұқ (90 шаңырақ, 443 адам), №7 – қобыз (136 шаңырақ, 751 адам), №9-жәнібек, қоңыр(101 шаңырақ, 552 адам), №10 құрман, жылкелді (62 шаңырақ, 335 адам) аталарынан тараған қауымдар қоныстанды.

№3-ші әкімшілік ауылда арықтынымдар 35 ауылды құраған. Олар бұрынырақта Таулы-жалайыр болыстығы жерінде тұрған. 1867 жылғы әкімшілік ережеден кейінгі бөліністер кезінде Оңтүстік Балқаш болысына қоныс аударып, Қаратал өзені бойындағы Қанғай шатқалына көшіп, өз қыстауларын салған. Көктеулік және күздеулік

---

<sup>105</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. 55-56 бб.

<sup>106</sup> Сонда. 52 б.

жайылымға қыстаудан аса қашық емес, Микайнар, Қызылқайнар шатқалдарына көшсе, жаз кезінде Балықты, Сарыноқай жайлауларына көшкен. Қауымдағы малы көп шаңырақтар қыс кезінде малының бір бөлігін Бестаз шатқалына айдаған. Қыстауға жақын маңдағы Тектұрмас шатқалынан егістік жерлер иемденіп, суаруға Қараарық суын пайдаланған. Ал шабындық жерлерді суару үшін Қаратал суын шығырмен көтерген<sup>107</sup>. Осы қауымдағы **Игібай Тоқымбай** ақсақалдың ауылындағы арықтынымдар жыл бойына Бақанас қыстауында отырған<sup>108</sup>.

№8-ші әкімшілік ауылындағы жалайырдың арықтыным руынан тараған жылкелді, құрмантай, қауыс аталарынан тараған ұрпақтар 25 шаруашылықты құрады. Бұл әкімшіліктегі арықтынымдар ХҮІІІ ғасырдың аяқ кезінде Сырдария өзенінің орта ағысы бойынан қоныс аударған Олар Шымкент уезіндегі жалайырлармен аталас болып келеді. Жиделай қыстауында қоныстанған **Досжан Болбан, Әбдірахман Есілбай, Сүттібай Тынышбай, Шеңгелді** төбе қыстауында қоныстанған **Тоқтарбай Бисембай** ауылдарының көшу жолдары №3-ші әкімшіліктегі жалайырлармен бір болған. Ал қалған 4 – 6, 8 – 25 ауылдардағы арықтыным жалайырлар Құмөзек, Көкөзек, Ақесік, Айнакөл, Ақкөл шатқалдарындағы қыстауларда қыстаған. Қауым құрамындағы ауылдар жайылымдарды бірігіп пайдаланған. Жазда Көкдала жайлауына қарай көшкен. Құлманшағыл, Ақкөл арықтары бойындарындағы шабындықтардан шөп шауып, алқаптарына егін салған<sup>109</sup>.

### Оңтүстік-Балқаш болысындағы жалайырлар (1910 ж.)

Әкімшілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№5	Омар Серікбай, Ыбырай Бименді, Әділбай Байшаған, Садық Байменді, Әліке Байшағаш, Байғозы Дәуітбай,	Шиліқарын, Өтеғұл, Бақанас

<sup>107</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. - 26 – 27 бб.

<sup>108</sup> Сонда. – 104

<sup>109</sup> Бұл да сонда. – 25- 26 бб.



	<p>Пшан Жалменды, Келімбет Балғабай, Жанасық Үйсінбай, Әрібай Амашбай, Бердібай Болдыбай, Дендібай Рысбай, Тортай Теберік, Биназар Құдайкүл, Сәдбенбай Дулат, Тазабек Таукеш, Дәуренбек Нұрзас, Сиябай Бейсенбі, Сүлеймен Серікбай, Тұрысбек Токболат, Токтыбай Түктібай, Жүрімбай Түктібай, Қойшыбек Токболат, Найманбай Жанты, Байжомарт Телғозы, Құндақбай Қаратай, Қашаған Сәттібай, Қараша Мыңбай, Бекжан Бөген, Базарбай Жанты, Қаратеке Садық, Бөрібек Жанпейіс, Кәрібай Шаққой, Игібай Токымбай, Арын Жәнібек.</p>	
№8	<p>Досжан Балуан, Әбдрахман Есілбай, Тоқтарбай Бисембай, Смағұл Байтақ, Өмірбек Бастыбай, Көпен Оспан, Сүттібай Тынышбай, Тасбауыр Қаржау, Байсерке Аман, Есенбай Жанап, Сәрсен Жәңгірбай, Қадыр Бердәулет, Тобон Айтымбет, Жүсіп Айтымбет, Шығамбай Елшібай, Жақсымбай Бердімбай, Дүтбай Кекіл, Байкенже Оқаспай, Боқбасар Оқаспай, Оспан Байыс, Бекбосын Тіленші, Бөлтiрiк Оқаспай, Керiм Байбосын, Рахымбай Байқозы, Нұрысбай Кенiсбай</p>	<p>Жиделай, Құмөзек, Шеңгелдітөбе</p>

### ж) Күшік болысындағы жалайырлар

Күшік болысында жалайырдың орақты руынан тараған бір қауымы толығымен дерлік №1-ші әкімшілікке (312 шаңырақ, 1592 адам), ал қарасақал руынан тараған бір қауымы №9-шы әкімшілікке (72 шаңырақ, 382 адам) біріккен. №1-ші әкімшілік ауылдарының қауым ішіндегі шекарасы қатаң сақталды. Қыста Жетіжал елді мекеніндегі қыстауларда қыстап, жазда Күренкей, Сатылы жайлауларында көшіп қонған. Жайлаудан қайтар жолда Ши болысы жеріндегі Ақши шатқалында бір айдан артық тоқтаған.

Қыс кезінде малы көп шаруашылықтар мал отарын Ақдала, Бақанас, Жаманқұм шатқалдарына айдаған. Бұрған сайында егін салып, Біже өзенінен тартылған Бұрғантоған арығымен суарылды. Шабындықтары қыстау маңынан болып, шөп шабуды қосалқы кәсіп етті<sup>110</sup>.

№2-ші әкімшілікте тоғай, №3, 10-шы әкімшіліктерде өтебай, №4-ші әкімшілікте байтоқа, №5-ші әкімшілікте елшібек, №6-шы әкімшілікте молдас, №7-ші әкімшілікте бөрібай және байсары, №8-ші әкімшілікте сомбек және бекайдар рулары қоныстанды. Тоғай-жалайырлар Сауықтың үлкен әйелінен тараған. Олар бұрын Жаркент жерінде албандар арасында тұрған. Байсарының Тілеужан деген баласынан тараған жалайырлар ертеректе Сыр өңірінен қоныс аударған. Байсарының өзі Түркістандағы Әзірет-Сұлтан қорымында жерленген. Молдас-жалайырлар болса бұл жерге Іле аңғарынан қоныс аударған. Қарашеңгел елді мекеніне алғаш болып Күшіктің өзі қоныстанып, бұл жерде өз атасының атымен аталып кеткен Күшік-тоған арығын қазған. Молдастар Өтетілеу, Ақмырза, Кершолақ шатқалдарында қыстап, Сарытер, Қарабұлақ жайлауларын жайлаған. Өтебай-жалайырлар өздері қоныстанған Шөлқұм, Көкдала, Жетішал т.б. шатқалдарды ертеден бері иемденіп келген. Жазда Қарасарыққа көшкен. Ал, бекайдар-жалайырлар Сыр бойынан қоныс аударған. Бекайдардың өзі Әзірет Сұлтан қорымында жерленген. Олар Жалаңаш сексеуіл елді мекенінде қыстап, жазда көршілес қонған жалайырлармен Қарасарық жайлауында бас қосқан<sup>111</sup>.

### **Күшік болысындағы жалайырлар (1910 ж.)**

Әкім-шілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№1	Тілеміс Бекбай, Баймұқаш Бестібай, Салтыбай Тарпан, Әділбай Тарпан, Далбай Құлбай, Өскембай Берлі,	Жарқұдық, Аяқшыжыл, Жетіжал, Шеңгелді, Бұрған,

<sup>110</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 10 б.

<sup>111</sup> Сонда. – 14 -16 бб

<p>Күлқора Рысбек, Бағатай Жаманқұл,  Ағыбай Жаманқұл, Базыл Құнанбай,  Ималбек Тережан, Өміржан Есен,  Шуақбай Аманжол, Уақпан Аманжол,  Асан Жұмақбай, Ұсақбай Дауылбай,  Тышқанбай Байымбет, Тентебай  Кәрібай, Алтыбай Кәрібай, Матыгүл  Жалдыбай, Тасыбай Алтуған, Балдай  Рыскелді, Бөкей Жанмырза, Көкеш  Өмірле, Әлжан Күтей, Басқанбай  Жанмырза, Сағылбай Жанмырза,  Нұрқыш Бижан, Сазанбай Жаманқұл,  Қойтілеу Төле, Жылыс Қойтілеу,  Жыңғылды Нұрманбай, Әлібай  Өтелбай, Исабек Нұрмамбет,  Жаңабатыр Жаман, Жаманбала Нұрбай,  Арымбай Майман, Шанбай Байғожа,  Көпайдар Танаш, Бектемір Әшекбай,  Жантеис Рыскелді, Ыбырай Асау,  Майдабала Тережан, Имамбай Тынбай,  Есжан Еселбай, Жетісбай Әлібек,  Қалпебай Мүсірәлі, Жұмал Алмабай,  Сырманақ Атымбек, Емабай Аймабай,  Бұғыбай Кене, Ансұбай Бөлей, Қалабай  Еркебай, Шайтыбай Ебей, Нүсбек  Тілеужан, Дүйсеке Құлтай, Келмембет  Орабай, Мәмбетәлі Татсар, Таске  Каман, Қарқымбай Қалыбай, Бейсек  Ердене, Өкербай Жанкебай, Балакек  Тынәлі, Жайнақбай Хаус, Құлқысы  Алан, Енгебай Тілен, Шалдамбай  Оразбай, Қойшыбай Оразбай, Қосай  Бахтияр, Қалпебай Аманқұл, Саткембай  Тоқсабай, Жақсылық Бадақбай,  Шоқыбай Жанасыл, Нұрпейіс Жанасыл,  Тұрған Күлейіс, Дүйсек Түрке,  Еркінбек Қыстаубай, Көжебек Жәпек,  Әжіғожа Жәпек, Берліғожа Раб, Тәжік  Керім, Демеу Сқабай, Отарбек Жанты,  Жұмабек Жанты, Тоқымбет Масабай,  Ораз Бегалы, Жалсейіт Байсабай,  Жалдәулет Жасыл, Қалмамбет  Жақсылық, Ахымбет</p>	<p>Талдықұдық,  Жінішкежал, Қайшағал</p>
---	--

	<p>Жүріптай, Ермек Жүріптай, Доспай Жанпейіс, Қосы Жантас, Иіржан Баясыл, Беке Мұрасыл, Саржан Шақабай, Ес Құдапқұл, Нұрмұхамед Бүтін, Мұхан Қалқамбек, Ниетбай Ауылбек, Өңірбай Бақтай, Киізбай Бақтай, Денгелді Бақтай, Тақсамбай Наурызбай, Жексембай Баубек, Тұрғамбай Тантай, Анықбай Теңізбай, Әбіш Рысбек, Өмірзақ Төлеп, Бейсеке Қайлыбай, Төлөнді Шұғыл, Тәжібай Есқожа, Сарымсақ Отарбай, Сембай Жантеле, Жадыра Байтош, Жауғаш Жантөле, Толықбай Ортамбай, Бисек Көбен, Ережен Дәулет, Жұмай Таяқ, Ақрос Сарыша, Бейсембай Қалматай, Құлдар Бимембет, Жұпар Төкей, Медеу Тілеуғабыл, Домалақ Ботонтай, Шаңғылбай Тәжин, Есім Төлеміс, Жонғатыр Токсаба, Жембек Бақбай, Көлдей Мырзағұл, Көкіш Байсейіт, Избасар Тілеуғабыл, Тұрлыбек Есембек, Биғаш Жантеул, Байқұлақ Мырзағұл, Ошақбай Қойшы, Қошбай Бейсембі, Жанәділ Бейсембі, Қаражын Сабота</p>	
№9	<p>Масабай Шуақ, Баймұхамед Иса, Жақып Айқымбай, Итеке Баяжық, Төлеңгіт Қанетей, Кенжебай Жұрынбай, Дүйсек Желіспай, Болымбай Тоғамбай, Құламбай Торлақ, Жайылмыс Сәмбет</p>	<p>Берлібай, Күйгентөбе, Қарашыңғыр</p>

### з) Таз болысындағы жалайырлар

Таз болысында жалайырлардың сауық руынан тараған қауым №1-ші (168 шаңырақ, 748 адам) және №8-ші әкімшіліктер (97 шаңырақ, 459 адам), ал қырғыз руынан тараған қауым №2-ші әкімшілік (162 шаңырақ, 968 адам) ауыл жерінде қоныстанды. Сауық-жалайырлар Аспан қора, Қақ, Шетөзек, Терескенқак, Ақиік, Қаратөбе, Ақшағыл, Көкпақты, Аяққұдық, Берісшағыл, Бозтөбе, Қарашағыл, Сарыжол, Шеңгелді, Сарыбиік, Қоңырбиік, Көктіжал, Кезентөбе, Қишала биік, Өтек шағыл, Кезен шағыл,

Сора биік, Қоңырбиік, Қалғалы биік, Шұғыр қора шатқалдарында қыстаған және малы көп шаруашылықтар жылқы мен түйе отарын қыста Ақдала шатқалына қарай айдаған. Ал жайлауға бірнеше шаруашылықтар бірігіп, Сарыноқай, Мақаншы, Қаражирек жайылымдарына қарай көшкен<sup>112</sup>.

Ал, қырғыз-жалайырлар қауымы Сарыбұлақ, Ақтөбе шұрық, Аяққұдық, Ақиық шатқалдарына қыстау салып, жазда Сарыжазық, Сарытерге көшкен. Күзде екі айдай уақыт Жоғарғы Қаратал болысы жеріндегі Қыйқымбай шатқалында тоқтаған<sup>113</sup>.

### **и) Андас болысындағы жалайырлар**

Андас болысында орақты-жалайыр ауылдары №4-ші әкімшілікке (88 шаңырақ, 454 адам) және алакөз-жалайырлар №5-ші әкімшілікке (166 шаңырақ, 857 адам) бірікті. Мұнда орақтылар Малайсары шатқалында қыстап, 14 шаруашылық ауылға бөлінген. Алакөздер болса Сарыбұлақ, Малайсары, Ашутасты, Шеңгелді, Ақтөбешұрық, Салмырза шатқалдарында қыстап, 27 шаруашылықты құрады. Олар аталған қыстауларға Қаратал және Көксу өзендері бойынан ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қоныс аударған. Жазда ауылдар Шыбық, Аралтөбе жайлауларына көшкен. Көш жолында Кербұлақ шатқалындағы көктеуге тоқтаған. Қыс кезінде малдарын Бақанас, Бестаз шатқалдарына қарай айдаған<sup>114</sup>.

### **к) Шолақ болысындағы жалайырлар**

Шолақ болысында жалайырдың ақбұйымның құяс руынан тарағандар № 2-ші әкімшілікке (262 адам, 1367 адам), ал қарашапан руынан тараған бір қауымы №4-ші әкімшілік ауылында (140 шаңырақ, 654 адам) қоныстанды. Қарашапан-жалайырлар Желсаз және Шолақ елді мекендеріндегі қыстауларда қыстап, жазда Көксай жайлауына көшті. Көктеу мен көздеуді Желсаз шатқалында

---

<sup>112</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. Сонда - 9 б.

<sup>113</sup> Сонда. – 8 б.

<sup>114</sup> Бұл да сонда. – 75 – 76 бб.

өткізген. Олар 1870 жылдарға дейін Көксу өзені бойындағы Кеңарал шатқалында қоныстанған, әкімшілік өзгерістерге байланысты көрсетілген қыстауларға қоныс аударған. Қыста кейбір малшы-қарашапандар малдарын Мыңбұлақ шатқалына қарай айдаған. Шабындықтары қыстау маңында болды. Суармалы егістіктері Желсазтоған арығы бойынан салынып, егін егілді.<sup>115</sup>

### Шолақ болысындағы жалайырлар<sup>116</sup> (1910 ж.)

Әкім-шілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№2	Мапке Түрікпен, Смайыл Масақпай, Шөкеп Арықбай, Торпан Жұман, Алтыбай Досай, Немеребай Мүзерібай, Ұлтаубай Төлеген, Шал Есебай, Дәутелі Түрікпен, Қосшұғұл Бегалы, Асқарбек Тойжан, Байдәулет Әжбембет, Еркаман Әжбембет, Ахмет Жарқымбек, Төлеміс Көпен, Әжірбай Қолдан, Шымбай Қобалбай, Шоқжал Маясоры, Малтабай Ықылас, Тәжі Бекет, Беспай Атабай, Үйсімбай Тойшыбек, Шуақ Сарт, Мақау Қожагелді, Ғали Атбан, Байжігіт Манаспай, Солтамбай Батырбек, Бекжан Тастамбек, Алтыбай Сәрсембі, Садық Сүйіндік, Смағұл Дүйсембай, Бекшойын Алдасбай, Қырымқұл Көмек,	Тұзтоғай, Шапақтоғай, Үштөбе, Айдарытоғай, Жиделітоғай, Үшарал, Айыркезең, Айыркезең, Ршаулысай, Үкілісай, Қараеспе, Жартөсті, Керегетас, Қызылшоқы, Қызылқұдық

<sup>115</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Копальский уезд. – 72 б.

<sup>116</sup> Сонда. -260 б.

	Метел Маймебай, Бекжігіт Токсан Дүйсембай Барақбай, Күркембай Теулебай	
№4	Қапалбай Байыс, Қарсыбек Құлаш, Бекқойлы Мыңжасар, Ердембек Түбекбай, Барманқұл Қабан, Рәш Манеке, Қыстау Ибраим, Қосақбай Қалдыбай, Садыр Қатымбай, Омар Отарбай, Нүсіп Жаман, Айдапкел Жауғаш, Сызақ Айғора, Түгелбай Балғабас, Мықтыбек Каумен, Араз Семілтір, Ердембек Қарымсақ, Мырзағара Жасыбек	Тұзасу, Мыңбұлақ, Шылбыр, Қалмақора, Тескенсу, Астауқора, Шүкірқара, Қызылащы, Тұзасу, Талды, Желсаз, Құлдықора, Аққауға

#### к) Балғалы болысындағы жалайырлар

Балғалы болысының аты жалайырдың балғалы руына байланысты аталғаны сөзсіз. Болыс құрамында жалайырдың құлым, шағыр, өгіз аталарынан тараған қауымдар қоныстанған.

№1 (174 шаңырақ, 1094 адам), №3 (99 шаңырақ, 610 адам), № 4 (129 шаңырақ, 818 адам) әкімшіліктерге Құлымның үлкен әйелі туған Шандыаяқ, Алдаберді, Байымбет деген ұлдарынан тараған әулеттер бірікті. XX ғасырдың бас кезінде олар Қапшағай, Арқарлы, Малайсары, Жаманқұм, Көкжиде елді мекендердегі шатқалдарда қыстап, жазда Күренкей, Аралтөбе жайлауларына бөлініп қоныстанады. Көктем мен күз кезінде Кербұлақ, Жоламан, Бесапан, Шынкелді шатқалдарындағы жайылымдық жерлерде тоқтаған. Малы көп шаруашылықтар қыс кезінде Таз болысы жеріндегі Ақдала, Андас болысы жеріндегі Сарыбұлақ шатқалдарына және Шолақ тау шатқалдарына қарай айдаған. Құлым–жалайырлар өздері отырған қыстауға 1860 жылдары Алтынемел болысы жеріндегі Арқарлы, Майтөбе шатқалдарынан қоныс аударған. Құлым әулеттері келгенге дейін бұл жерлерде дулаттар көшіп қонған.

Белгілі шығыстанушы ғалым Н.Пантусов 1897 жылғы қыркүйек-қазан айларында Қопал уезінің Балғалы болысының Іле өзені жағалауындағы Қапшағай елді мекеніндегі «Тамғалы тасты» зерттеу мақсатында сапарда болады. Қапшағайдағы «Тамғалы тас» Іле өзенінің төменгі ағысы бойында, өзеннің оң жақ бетінен 25 шақырым жерде жатыр. Н.Пантусовтың жергілікті жердің көшпелі қазақтарынан алған мәліметі бойынша, олар (балғалы-жалайырлар - авт.) бұл жерді 1870 жылдардан иеленген. Оған дейін бұл жерде дулаттар көшіп жүрген, әкімшілік Ережелерге сәйкес олар Верный уезіне қоныс аударған екен<sup>117</sup>. Егістіктерін Шеңгелдібұлақ суымен суарған.

Ал, осы болыстықтың №2 (200 шаңырақ, 1005 адам), 11-ші әкімшілік ауылдарын (117 шаңырақ, 654 адам) толығымен шағыр (жалайыр-балғалы-құлымбет-шағыр) әулетінен тараған, №8-ші әкімшілігін (176 шаңырақ, 834 адам) толығымен өгіз әулетінен (жалайыр-балғалы-құлымбет-өгіз) тараған қауым құраған. Шағырлар бұл жерге, осы жерде көшіп жүрген дулаттар Верный уезіне қоныс аударуы себепті, Қаратал өзені бойынан қоныс аударып, бос қалған жерді иеленген. Олар Іле өзенінің сол жақ бетіндегі Құланбасы, Жуантөбе, Аққаптал, Есмай, Естай шатқалдарында қыстап, жазда Күренкей жайлауына көшіп-қонған. Қазамбай шатқалындағы ауылдар отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етіп, жатақ ауылды құрады. Шағырдан тараған Өксекбай Сәрсембай, Тоқтарбай Өтел, Қалқа Сәрсембі, Тұсақбай Тілеп, Астаубай Айтуған Керімтай Нұрбосын ауылдары ауылдары жайлауға көшер жолда көктемде Малайсары шатқалында аялдаған. Көктем мен күз кезінде шағыр-жалайырлар Қаракөл, өгіз-жалайырлар Аққаптал шатқалдарында аялдаған.

Шағыр ауылдары Іле өзенінен тартылған Қаракөл-тоған, ал өгіз ауылдары Байарық арықтары бойынан егістік алқаптар иеленді<sup>118</sup>.

---

<sup>117</sup> Пантусов Н. Тамғалы тас (урочище Капшагай Копальского уезда, Балгалинской волости. // Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества. Том. 11. 1897-1898. СПб., 1899. – 276 б.

<sup>118</sup> Сонда, - 3-5 бб



## Балғалы болысындағы жалайырлар (1910 ж.)

Әкім-шілік ауыл	Ауыл ақсақалдары	Қыстаулары
№4	<p>Ноғайбай Құтболды, Сарпай Терлікбай, Шенгелбай Құтқыбай, Есембай Імлік, Құттыбай Сүттібай, Үшкөмпір Сүттібай, Тезекбай Үмбет, Доқанкөз Ескелді, Бозымбай Ескелді, Баймолда Тлеуғабыл, Көмкебай Құртыбай, Жалтабай Сүлілбай, Қарсыбай Імлік, Таубалды Әділбек, Байзақ Батырбек, Сағымбай Імлік, Кешібай Күшбай, Ұрқымбай Нұралы, Дайырбек Мінке, Құсалы Шоңыл, Елшібек Дайырбек, Ақшуақ Дайырбек, Досымбек Дайырбек, Жыланқұс Дүркелбек, Ысышай Қарабек, Баймұхамет Жайнақ, Қоянкөз Досқалды, Мамаш Досқалды, Рүстембек Досқалды, Дықарбат Серғазы, Талғарбек Түзтік, Шыңқаз Түзтік, Диканерке Түзтік, Қопалбай Наурызбай, Қали Пішлік, Оспаншалы Есіріз, Қолқай Ниязбек, Бектен Ниязбек, Қаратышқан Қожай, Сүйін Сәмбет, Шалқа Түгүй, Байымбет Райымбек, Жақсымбет Райымбек, Кашербай Сүттібай, Сауық Батырбек, Дәліш Әділбек, Тектарбай Қоржымбай, Қошақ Тотылбет, Есембек Түксербай, Қарымсақ Айтужар, Қарашай Бейітжан, Смағұл Қорықпас, Абдықалық Жайнақ, Қали Жайнақ, Керғамбай Қанибай, Молдақұн Бабай, Мейманқұл Бабай, Жақұлбек Дүйсен, Жақаш Дүйсембы, Тауырбай Түрікмен, Әбділдә Беркімбай, Дүзүрбай Жақтыбай, Андаспай Жақтыбай, Жаннақ Болтай, Сайрамбай Болтай, Қалым Болтай,</p>	<p>Караеспе, Байсары Сартой, Арқалы, Бозапан, Қосқұдық, Ақкерші, Көктаскер, Балғабай, Шенгелді, Ашықұдық, Құлантөбе, Жусалықора, Құмөзек, Жырақара, Тұзтоғай, Өтегентөбе, Шанзұлша, Жаманқұм, Тасөзек, Төбебастау, Үштөбе, Қорақұл, Кенентаз, Қаншағай, Ізендай, Итжол, Қоншағай, Теріскен, Салмырза, Малайсары, Қызық Қатыр, Қызылқайнар, Жолсай, Құмқұдық, Айнабұлақ, Сарыбастау, Көкжиде</p>

	<p>Күрінкей Токнай, Иманқұл Бабай, Жанталы Татуқай, Түсіпбек Түктібай, Саяхмет Бабай, Келжебек Шонтақ, Байшүкір Шонтақ, Шағаман Бекмырза, Текебай Бекмырза, Әлімқұл Бүлік, Нұрмұхамед Әлім, Асылбек Бесбай, Шайман Асымбек, Қоншағай Шүкен, Керімбек Шұбар, Мақа Ұнбай, Балділдә Мақа, Белгібай Құралы, Мұстапа Бүребай, Токбай Есбол, Жұрымбай Керен, Қожахмет Бабай, Қожақан Бабай, Байбосын Мекеш, Танатар Мекеш.</p>	
№2	<p>Дүйсен Айтбай, Шентібай Есен, Бадай Өрісбай, Шентібай Есел, Байғабыр Мейірім, Сыпатай Қойтал, Қойшытай Садбес, Өксікбай Тынышбай, Шетырман Құндабай, Есболат Төлебай, Басқамбай Сәлібай, Науымбай Бәке, Шәлімбет Жиенқұл, Сәрсембек Байжиен, Қолқа Жайлыбай, Дос Байжиен, Сатыбай Қарты, Ақшабай Бөрте, Құсайын Бөрте, Сіркебай Кәшке, Жақсымбет Қыйсық, Асан Итжігіт, Самай Итжігіт, Асубай Қашқын, Әбділдә Самай, Сатыбалды Қары, Танышбай Жанабай, Оңғарбай Бүйшүгеш, Жана Ерсалы, Асылбек Ботнай, Тілеуғабыл Сайбай, Нұрмұхамет Баймет, Шалғымбай Сарлыбай, Жөнкебай Есалы, Қозыбек Қарасарт, Тұрлы Сарықұл, Бейіс Тұрлы, Жампейіс Рысбек, Сыпатай Бақтыбай, Қамай Бош, Жиделі Айбол, Даубай Қарасарт, Дикалбай Жомарт, Бап Жомарт, Өсербай Қойшыбай, Тұғамбай Нұрғожа, Шүйіншалы Тленші, Баймолда Байымбет, Бесбай Сағындық, Аманбай Алпай, Маралбай Әкіш, Сәрсенбі Сарыбақсы, Шоғыбай Нұрмамбет, Сарман Сарке, Жауғазы Көлбай, Балғазы Дайымбай,</p>	<p>Құмбасы, Жүмтөбе, Сарыбиік, Сарыжал, Жуанқұм, Далажиен, Күнесжал, Көкдала, Қаратас, Ергеқұм, Күйгейқұм, Жағақұм, Жұнқырқора, Шағылқора, Жіңішкеқұм, Қарамұрын, Қызылшеке, Қарашеке, Тоғызқұдық, Қоратөбе, Шолақсай, Жіңішкесай, Жерікқора, Сарымойыншақ, Қызылшағыл, Жындытөбе, Кезелқора, Кемірқора, Тасмұрын, Ақшағыл, Дүйскендішал, Сымбылшағыл, Қарой, Сарыжал, Кезелінқора, Жіңішкеқұм.</p>

	Дәулетбай Рысбай, Қызырғали Байғозы, Әбділдә Қанқожа, Мұхамет Шөкен, Бекіш Қарасай, Тұманшы Баймырза, Амандық Баймырза, Малдыбек Байымбек, Көнтеқ Байғозы, Исабай Тленші, Айғырбай Нұрғожа, Төлебай Көрнебай.	
№3	Ахметші Әсембай, Көсен Жанабек, Өразбай Асқарбек, Жүніскүл Асқарбек, Бошқұл Өтеген, Естай Шегебай, Бейсембай Ретаулет, Омар Шегебай, Иса Алдақбай, Барақ Мамыр, Шалқарбай Мамыр, Көлбай Дөнембай, Арқарбай Мұса, Абдрахман Сқақ, Алшанбай Нұрмамбет, Сәрсембі Рыскелді, Барбол Байғазы, Өмірбек Матай, Балапан Сойлыбай, Таскенбай Смайыл, Тоғызбай Смайыл, Оңғарбай Қаражігіт, Азембай Есқожа, Боқатай Байқуат, Сембай Тақсаба, Телбай Айылбек, Рысбай Санғыл, Сөйсенбай Тілеуғабай, Мадияр Тоқай, Мыңбай Дулат, Шаңбатай Дулат, Бейбіт Есенаман, Бекбосын Айтөк, Әжікебай Айтөк.	Үнгіртас, Керегетас, Көкайырсай, Тезекқара, Жартықара, Қаратас, Шайқара, Сардырқара, Егізшөке, Сарықара, Түнісіктас, Олдакебайқал, Шоқпартас, Қарашөке, Қызылқара, Жарқара, Күнгенқора, Тұйыққора, Қызылқабак, Қоқыр, Тұйықсай, Кеңсай, Қарасай, Беріктас, Сұлысай, Думалтабы, Ауызсу, Ақшөке, Шақпақты, Сарыелқара, Күмөзек, Жиделі, Секертас, Тасмұрын, Үшарық, Төменгі күмөзек.
№4	Тоттыбай Қараошы, Дүйсембі Құнанбай, Жанақұр Жазылбай, Мырзақұл Жазылбай, Базылбек Бокбасар, Ақылшы Базылбек, Жомарт Байтек, Құнанбай Байтек, Тәжікүл Жамабай, Тұғамбай Тоқшыбай, Егеубек Самен, Сиқымбай Сапақбек, Шалымбай Жапбек, Ақмадияр Бұсырман, Балабек Жайлаубек, Құсейін Жорғабай, Бадаубай Шортық, Арқарбай Болатбек, Ахмет Жайсембек, Ережеп Жайсембек, Шүмбек Жиен, Дәулетқұл Жазыл, Әмре Жазылбек, Қойлыбай Жапбек, Үсен Мұлыхан, Қошақбай	Ұлықсуат, Ақтасты, Сарықамыс, Күмөзек, Сарығам, Кербұлақ, Шұқылқора, Төбекора, Жандықара, Жолақ, Қарсықара, Көлтiкiра, Ортақарас, Босқарас, Жырқара, Шақпартауыз, Шоқпарқара, Шоқпартұмсық, Шоқпаромалы, Тасқұдық, Бойгел Бісек, Қорабие, Қарашөке, Балғамбай, Құмқара, Еспеқара,

	<p>Бүркітбай, Ошақбай Биеш, Қадырбек Жігіт, Мамыш Батырқан, Тіленші Бұшыбай, Сұраншы Алдияр, Бейс Бектеміс, Қыстаубай Түстікі, Қожамқұл Қыстаубай, Сарсембай Ақшал, Жауғашы Қанай, Байдыл Түйтебай, Итемір Қангелді, Қарабай Еділ, Қалмақбай Ниязбек, Бұрхан Жолбарыс, Бөребай Байарыстан, Жұмабек Асымбек, Ағыбай Жолдаспай, Бұйдас Түрбек, Арқабай Сарыбағыз, Ұлтарак Жолдасбай, Құложақ Сейір, Шайғөз Айбаз, Батырай Жолдаспай, Бөребай Тұстымбай, Молдаша Жауылбай, Әден Бұлғақбай, Өке Бұлғақбай, Шыңғысбай Бұламбай, Қарқабай Құламбай, Малыбек Баймен, Майымы Байғозы.</p>	<p>Төбекара, Жамбайқара, Қылшықтөбе, Жотықара, Дамбай-теріскей, Дамбай Бейісқора, Тұмыс қара, Тасөзек, Шерікқара, Құлантөбе, Өстектөбе, Шокпар ауыз, Үштөбе.</p>
№8	<p>Елеусіс Дикамбай, Төлебай Оңбай, Көске Егізбай, Тұғамбай Кендібай, Таубай Сегізбай, Жылгелді Кенбай, Зейнеп Айушан, Аяп Бошан, Кенебай Әжібек, Райқұл Тайшы, Сқақ Ахынбек, Айбек Бәке, Базылбек Тойшы, Сәдуақас Серікбай, Шара Малыбай, Жақып Мамбет, Байбосын Бексейіт, Жұсыпбай Байтанас, Тасқамбай Өткембай, Төлепберген Сарсембай, Ысмайылбек Үрпек, Нұржан Сағындық, Алберген Тастамбек, Бұқабай Бекболат, Әмре Тоқа, Жамажары Аңақала, Сонша Маштақ, Дамай Иман, Күренбай Жиенбай, Нұрғожа Имат, Көсім Досмайын, Шыпетбай Десмалы, Тұрлымбай Досман, Есембай Қосал, Айтымбет Досмайыл, Қарламбай Мұсабай, Ақымбай Жайлыбай, Ореке Әжібек, Күшікбай Абыл, Байтен Сатай, Сейтембет Досан, Түсінбай Малдыбай, Шынболат Сағай, Ерменбет</p>	<p>Аққаптал, Есмай, Естай</p>

	<p>Бонпай, Оспан Қатлыбай, Қарабала Есергеп, Бүйебай Қабыл, Байжиен Нарынбай, Нұрпейіс Тоқамбай, Елікбай Тасширек, Танабай Манабай, Байқуат Тоқбай, Бектұр Сатай, Ожар Қарсыбай, Нысамбай Жалбат, Байжан Оңбай, Садық Оспан, Жетібай Ердау, Беркембай Тілебалды, Батырбек Қондыбай, Бердий Кенбай, Рай Сегізбай, Асылбек Сағпай, Баубек Жарылғап, Құрманбай Есерген, Есеншора Тайыс, Көжек Дүйсенбі, Жұртшы Нұрабай, Күренкей Бекболат, Ержан Сағындық, Құлжай Тойымбет, Жайсалбай Жұмабай, Тастамбек Тоғысбай, Сарікбай Тоғысбай, Қуанышбай Айманбай, Избасар Бастияр, Бибосын Байбосын, Жақып Байталас, Досан Байталас, Жиренбай Жиенбай, Асан Нарей, Нарбай Сүзтапай, Абдрахмет Ахмет, Дайырбек Бәке, Қасымбек Сұлтанбай, Байбек Бәке, Омар Жакып, Делгелбай Байшы, Ербұман Жамал, Қайшыбек Қияқбай, Әбіш Саржан, Санармұрат Маштай, Жұмабай Сәрсенбі, Малыбай Машпақ, Ноташбай Малыбай, Тірұшы Маштак, Арғынбай Байымбет, Ноғайбай Байқоншақ, Қарабала Байқоншақ, Нұраш Тұңғышбай, Қыбрай Жұмық, Көршібай Балтабай, Құскелеп Балтабай, Мұса Шынысбай, Нұрбек Шықышбай, Сыйпым Өтеміс, Байғабат Самбет.</p>	
№11	<p>Өксекбай Сәрсенбі, Тоқтарбай Өтел, Қалқа Сарсенбі, Тұсақбай Тілеп, Астаубай Айтуған, Керімтай Нұрболсын, Нұрболсын Жаманқы, Наймантай Шадай, Сембі Тілеп, Тілеубай Мырза, Қарабек Досан, Стамбек Досан, Бердембек Балғабыл, Жарбол Бөгембай, Оралбай Нарбол, Қасымбек Көмекбай, Асықбек</p>	<p>Қарашоқы, Жуанқұм, Жіңішкекұм, Қазанбай, Ақдала, Қаракөл.</p>

	Балғабек, Төлепбек Балғабек, Байнияз Нарбол, Алтынбек Ақшал, Төменбек Сәрсенбі, Балташы Қылышбай, Бақтыбай Шарман, Тұрлыбай Қарынбай, Бүйінбай Маманбай, Елубай Бүркітбай, Нүсіп Таеке, Сатыбалды Отабай, Қоқубас Төлеміс, Шубай Елікбай, Бибол Киікбай, Қабыл Құрманбай, Бұтабай Серікбай, Көшербай Құрманбай, Жанәзіл Қалдыбай, Байәзіл Жақсылыбек, Доканзақ Шал, Төлеген Төлес, Қара Төлес, Айдабол Төлес, Қожабай Бүркітбай, Исабай Шарық, Шоқай Төлеміс, Қалыбай Атабай, Досымбет Таске, Бешей Бейбері, Бексейіт Артықбай, Шоқан Тілеміс, Ахымбет Төсеке, Жанысбек Қобдық, Тұлкебай Мырза, Телкебай Мырза, Самбетбай Ерлікбай, Тынышбай Жанқұл, Өскенбай Игілік, Берлібай Шалабай	
--	--	--

### л) Іле-Балқаш болысындағы жалайырлар

Іле-Балқаш болысын да жалайырдан тараған қауымдар құраған.

№1-ші әкімшілігін (182 шаңырақ, 915 адам) жалайырдың Сүтемген руы тармағынан өрбіген мыржық, итай әулеттері бірікті. Жиделі, Көкөзек, Қараөзек, Құрөзек шатқалдарында өз қыстауларын салып, Көктем мен күз уақытын да қыстау маңында өткерген. Қауым мүшелерінен 6 шаңырақ, жазда Алтынемел болысы жеріндегі Қоғалы жайлауына көшті. Қыс кезінде малдарын Бақанас сайына қарай айдаған. Мыржық әулеттері Темір сайына, итай әулеттері Майлыбас сайына егістік салып, Іле өзенінен тартылған Жиделі арығы суымен суарған<sup>119</sup>.

№2-ші әкімшілігінде (203 шаңырақ, 1015 адам) жалайырдың жиенбет ру тармағынан өрбіген ақша, есімбол, атайбоз

<sup>119</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. - Т. 2. Копальский уезд. – Заметки об отдельных общинах -19 б.

әулеттерінен тараған қауым бірігіп, олар Қараөзек, Қарақылы, Көкөзек, Құрлы шатқалдарында қыстап, жазда Бақанасты жайлаған. Олар өздері отырған қонысқа 1840 жылдары Оңтүстік-Балхаш болысы жерінен қоныс аударған. Малы аз шаруашылықтар жыл бойына қыстауда отырды. Малы көп шаруашылықтары малдың қыстық азығын қамтамасыз ету мақсатында Қарой шатқалдарына қарай айдаған<sup>120</sup>.

№3 әкімшілігінде (197 шаңырақ, 978 адам) жалайырдың арықтыным руынан тараған жынкелді, әнет, едігеденбай ру тармақтарынан өрбіген қауым бірікті. Олар Әжімбай, Бейменей, Жарма, Ақбөгет шатқалдарында қыстап, Қарабөгет, Көкшекөз, Иір, Ақпастыүлкес, Аққұлдың сағасы, Терісаққан шатқалдарында көктемнен қоңыр күзге шейін көшіп-қонған. Бұл қауым мүшелері бұл жерге ХҮІІІ ғасырдың аяқ кезінде Сырдария өзені жағалауынан қоныс аударған. Итайбөгет, Қарабөгет, Ақбөгет, Танатбөгет, Терісаққан сайларында суармалы егіншілікті дамытқан<sup>121</sup>.

№4-ші әкімшілігі (292 шаңырақ, 1732 адам) құрамындағы ауылдар жалайырдың сүтемген ру тармағынан өрбіген назар, базар әулеттері. Олардың ата-бабалары да ертеректе Сырдария өзені бойынан қоныс аударған. Күрлі, Шойбекелемес, Ботажан-Тілекежар өткел шатқалдарында қыстап, көктеу, жайлау, күздеулік жайылымдарды да қыстау төңірегіне жақын маңнан пайдаланды. Арқартоған, Наулы арықтары бойынан егістік алқаптар салған<sup>122</sup>.

№5-ші әкімшілігінде (177 шаңырақ, 871 адам) толығымен дерлік жалайырдың бәбіше әулеттері қоныстанды. Ауыл қыстаулары Ақпас тасжүрек тома, Байқожа шоқалақ шатқалдарынан салынды. Ибақ шоқалақ, Қарой, Жарма, Сарпұлдақ, Ақтоған сайларында егін егін егіп, шығыр арқылы суарған<sup>123</sup>.

№6-шы әкімшілігін (146 шаңырақ, 745 адам) жалайырдың жиенбет ру тармағының ақтеке атасынан өрбіген әулеттер қоныстанды. Ауыл қыстауларын Іле өзені бойы мен оның Көкөзек сағасы бойынан салған. Қыстауға жақын маңдағы Шалай, Сарықұм

---

<sup>120</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. - Т. 2. Копальский уезд. – Заметки об отдельных общинах – 20 б.

<sup>121</sup> Сонда. – 23 б.

<sup>122</sup> Бұл да сонда. - 21-22 бб.

<sup>123</sup> Бұл да сонда. - 23 б.

сайларында егін салып, Шалай егістігін Көкөзек арығы, Сарықұм егістігін Үшсарықұм тоған арығы арқылы суарды.

№8-ші әкімшілігінде (115 шаңырақ, 615 адам) сүтемгеннен тараған базар, өтестен тараған алтын аталығынан тараған қауыммен қатар, жалайырдың жынкелді әулетінің ұрпақтары қоныстанды. Ақсақал, Бозтөбе, Екіқаратөбе, Күрлі, Шойбек елемес, Ботажан тілекежар өткел, Әжімбай, Жарма, Ақбөгет шатқалдарындағы жерлерде қыстауларын салып, көптеген шаруашылықтар жыл бойына осы қыстауларда өткізді. Тек малы көптері ғана жазда Бақанас жайлауына қарай көшкен<sup>124</sup>.

№10-шы әкімшілікте (143 шаңырақ, 779 адам) сүтемген ру тармағынан тараған қытай, қауыз, құрмантай, қартұқ аталарының ұрпақтары қоныстанды. Қауым мүшелері 1850-ші жылдары Сырдария өзені бойынан қоныс аударған. Қыстауларын Есенқожа, Қарақылы, Жаманқылы, Қарқабат шатқалдарынан салып, жылдың басқа мерзімінде Бозбала, Тереңқора, Тереңкөл, Көкшекөз сайларында көшіп-қонған. Ақөзектоған, Көкөзек арықтары бойындағы алқаптарға егін егіп, тіршілік еткен<sup>125</sup>.

№11-ші әкімшілігінде (147 шаңырақ, 709 адам) жиенбет ру тармағынан өрбіген есболай және сүтемген ру тармағынан өрбіген итай әулеттері бірікті. Жиделі, Көкөзек, Қараөзек, Құрөзек шатқалдарында қыстап, жазда Алтынемел болысы жеріндегі Қоғалы жайлауына көшіп, басқа жалайырлар ауылдарымен жайлауда бас қосқан. Есболай әулеттері Сабылбай сайында, ал итайлар Майлыбас сайларында егін салып, Жиделі, Қарағылытоған арығы суымен суарған. Есболай әулеттерінің аталары бұрын Әулиеата уезі жерінде өмір сүрген. Кейін Қаратал өзені бойына, одан кейін Іле өзені бойындағы Қарағылы аңғарына қоныс аударып, осы жерде өз қыстауларын салды.<sup>126</sup>

---

<sup>123</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. - Т. 2. Копальский уезд. Заметки об отдельных общинах - 20, 22-23 бб.

<sup>124</sup> Сонда, - 21 б.

<sup>126</sup> Бұл да сонда, - 19 -20 бб.



## Іле-Балқаш болысындағы жалайырлар (1910 ж.)

Әкім-шілік	Ауыл ақсақалдары	Ауыл орналасқан қыстаулар
№1	<p>КӨРІП ТӨСБАТЫР, ҚҰЛПЕЙІС ҚАЛКЕ, БЕЙСЕМБАЙ ЖАҚСЫЛЫҚ, БЕКБАУЛЫ БЕГДАЛЫ, АСЫРБАЙ ИБРАЙЫМ, ШАРЫП ҚАЙШАҒҰЛ, САППАЙ БЕСБАТЫР, БЕКМҰХАММЕД НАСЫПБАЙ, ЖҮСПІ БАЗАРБАЙ, ҚОСТАЙ МАНАСБАЙ, КӨПБАЙ ҚҰТТЫБАЙ, ҚОНШАПОС БАЛТАҒАН, ҚҰРЛАҚ МҰЗДЫБАЙ, ҚОЛПАҚ КӨКЕ, БЕКАҒАШ КҮНТУҒАН, ҚҰРМҰХАММЕТ БАҚТЫБАЙ, ЕРҚАБАН БӨЙГЕЗДІ, БЕЙСЕНЫ ШЕЛІМБЕТ, ЕЛАХМЕТ ТҮСПАЙ, ТӘТТІМБЕТ БИЖАН, БИҚАМБЕК БАЙГЕЛДІ, БЕКБОСЫН БАЙҒОНЫС, ҚҰРБОСЫН КӨРГЕНДІ, ТӘТТІБАЙ ДОСМАН, ТОҚСОБЫ БЕКТЕМІС, ОМАРБЕК ТОҚТАМИС, АҚМҰХАММЕТ БЕКТҰРҒАН, ТҮСІМБАЛЫ БЕКТҰР, ТОЙҒЫ БЕЛДІБАЙ, ҮМБЕТБАЙ БАЙШАШ, ЖЕКЕМБІ САИДЖАР, ОЙҒЕ ШАЛҒЫНБАЙ, ТҮРСЕЙІТ БАЙЖУМАР, ҚАРИП ТӨСБАТЫР, ҚҰЛПЕЙІС ҚАЛКЕ, БЕЙСЕМБАЙ ЖАСАЛЫҚ, БЕКБАУЛЫ БЕГДАЛЫ, АСЫРБАЙ, ЫБЫРАЙЫМ, ШӨРІП ҚАЙШАҒҰЛ, САППАЙ БЕСБАТЫР, БЕКМҰХАММЕД НӘСПАЙ, ЖҮСПІ БАЗАРБАЙ, ҚОСТАЙ МАНАСБАЙ, КӨПБАЙ ҚҰТТЫБАЙ, ҚОНШАПАС БАЛАТОҒАН, ҚҰРЛАҚ МҰЗДЫБАЙ, ҚОЛПАҚ КӨКЕ, БЕКАҒАШ КҮНТУҒАН, ҚҰРМҰХАММЕД БАҚТЫБАЙ, ЕРҚАБАН БАЙКИЗДІ, БЕЙСЕМБІ ШЕЛІМБЕТ, ЕЛАХАМЕТ ТҮСПАЙ, ТӘТТІМБЕТ БИЖАН, БЕКМАМБЕК БИЕЙКЕЛДІ, БЕКБОСЫН БАЙҚОНЫС, ҚҰРБАСЫН КҮРГЕНДІ, ТӘТТІБАЙ ДОСМАН, ТОКСОБА БЕКТЕМІС, ОМАРБЕК ТОҚТАМИС, АҚМҰХАММЕД БЕКТҰРҒАН, ТҮСЫМБАЛЫ БЕКТҰРҒАН, ТОЙҒЕ БЕЛДІБАЙ, ҮМБЕТБАЙ БАЙШЫШ, ЖЕКЕМБІ САЙЖАР, ОЙҒЫ ШАЛҒЫНБАЙ, ТҮРСЕЙІТ БАЙЖУМАР, ҚАСЫҚ ЖАСЫБАЙ, ЕГІМБАЙ БАЙҒҰШЫН, ТӨЛЕПБЕРГЕН ЕРЖАН, МОЛДАҒҰС МҰСАҒҰЛ, РАХЫП ҚҰСАМБАЙ, АДАТКЕН ЖҮСІПБАЙ, НАУШАБАЙ МӘЖЕН, ТОЛЫМБАЙ ТАСЫБЕК, ЫСТАН БАЙҒАРА.</p>	<p>Қарабөгет, Бескөл, Құнақ, Қаракөл, Көкжиде, Жиделі, Көкөзек, Ескеқарабөгет, Қанғай, Ансытөбе, Сарышөке, Жантақтөбе, А л к ө г е л - С а қ с ы , Аққайыр, Қашыстың сағасы, Жарошақөзек, Құмбөгет, Сарықұм, Қорөзек, Ойтарасағұл, Тандыскөл, Сарықамыс, Қосқаракөл, Ақарық сағасы, Түсмойын, Жанмеші, Сасықдала, Баспайқараған, Көрік көпір, Ойбайшынаш, Таранғыбай, Ескі мешіт, Қарабөгет, Бескөл, Қунақ, Қаракөл, Көкжейде, Жиделі, Көкөзек, Секеқара бөгет, Қанғай, Аңыз төбе, Көкжиде, Сарышоқы, Жантақтөбе, Алакөлсақсы, Аққайыр, Қашыстың сағасы, Жерошақөзек, Құмбөгет, Сарықұм, Қорөзек, Ойтарасағұл, Тандыскөл, Сарықамыс, Қосқаракөл, Ағарық сағасы, Төсмойын, Жанмешу, Сасық долас, Баспай қараған, Қорықкөпір, о й б а й ш ы н а ш , Таранғыпай, ескімешіт, Бозтөбе, Ескібөгет, М ы л т ы қ а т қ а н , Қ а м ы с т ы к ө л , Қаспабкөлезен, Үшқой сойған, Ұзынжота, Жидеара, Жиделі ақшарын, Ақжара.</p>

№2	Толысбай Көкімбай, Тұрман Байсанбай, Ыбырай Тойшыбай, Тілеубай Айтбай, Жетпісбай Ботабай, Ахмет Аманжол, Тоғабай Қошамбай, Бекбау Ордағұл, Әуелбек Райымбек, Тұрыс Сәрсем, Жапыбек Найзабай, Исабай Әлібек, Әділбай Ұрыптағай, Бектемір Қапсымбет, Байымбет Ескембет, Терлікбай Байжігіт, Ыбырай Бекбай, Дабырбай Көшкембай, Отақбай Өскембай, Оспамбек Тыпар, Мұсабай Бақтыбай, Әбілғазы Тожықбай, Мәлімбай Құрдым, Әлібек Сартбай, Тілей Төлібай, Әбділда Есқожа, Көшкембай Қойлыбай, Тазыбек Байғоҗ, Мақылбай Шоқай, Нүсікбай Майлыбай.	Қарамұрын, Қолтықтөбек, Жатыжал, Тектұрман, Қаракөл, Жақсыкөл, Рысбай, Саурамбай, Ақтөбе, Рысбай, Шангелді, Қылықтынсағасы, Күруле, Сарычек, Шұңқыркөп, Қараөзек, Жайтақтөбе, Қылық, Балғабай сирел, Сарышоқы, Бимамбет, Қаразыл, Жабақ, Бөпе, Ақжайлау, Жақсыкөл, Жолдағары, Сарышек, Ақжота, Төре
№3	Өтеғұл, Тоқпақ, Керімқұл Тайсары, Ахмди, Үңгірбай, Найзибек Намаз, Ибрайым Жоныс, Әлімқұл Байсары, Смағұл Молдияр, Шөкей Мырзабек, Қияпай Қорғамбай, Жолымбет Бейсембі, Өмірзақ Атамбай, Қонысбек Құрлымбек, Ысқақбай Жалпақ, Қылышбек Сырғыбай, Жарқынбек Танат, Наурызбай Шайқоз, Байбек Шағыр, Жаманқұл Шағыр, Шаке Айтуған, Дүйсембай Сыпатай.	Безбола, Сапакөл сөресі, Дүйсен, Әжібай, Ақтам, Көкжиде, Ботпай, Қаракөл, Шынбоғыт, Ащыкөл, Қараой, Айсары, Ақкөл, Айдарлы, Жарма, Таңатар бөгет, Мешіттіой, Қаракөл, Кеткенөзек, Домалатбай.
№4	Әжібек Қойшу, Манаспай Байеділ, Рысбол Байбақ, Айтелеу Еркебай, Жоқобай Тайман, Кенжебай Бердалы, Әзілбек Кенешбай, Жебесін Сүйіндік, Жиембай Отарбай, Қадырбек Қойшыман, Құралбай Қарсыбай, Мырзабек Құдабай, Өткелбай Қойымбай, Қосшыбек Ойғу, Тойзыбек Тойшық, Әбділда Төлеген, Қалық Сегізбай, Исамбай Құлан, Байбол Жиембай, Денгельбай Күзембай, Сәрсембек Есенаман, Оспан Есен, Тұрсынбек Саят.	Д о м а л а т б а й , Мешітқұм, Шебық, Иманқұл, Байторы, Көлеңкелі, Шықыбек, Қарашенгел, Елемес, Қаратоғыр, Қоғай, Көкжиде, Жарөткел, Қылшалытөбе, Батажан, Сарытөбе, Тікен, Қозыбағар, Тоқалқатын, Жетіктенқұмы

№5	<p>Ысқақ Тезекбай, Молдабай Дөнен, Ержал Байдәулет, Иманалы Батыр, Қосабай Қосақ, Садық Тілеуақдыл, Жұсбай Мұсран, Батшыбай Тобақабұл, Ақберген Торқабай, Мастас Төлен, Қуаныш Жалғабек, Айдарбек Қарабалы, Қоуытшан Баймырза, Асубай Бекбай, Нағашбай Ақмырза, Қасымбай Тоқмырза, Мажак Байел, Қабіке Төлеш.</p>	<p>Ақталы, Бишекті сүресі, Ақбасты Сашаян, Кимолы ақтоған, Айсары, Соркөл, Қарашоғыр, Қ и с ы қ б ө г е т , С а н д ы б а й т ө б е , Қарай, Тойлыбай, Қаражырық, Жарлы, Ақкөл, Ақтоған, Жетіарал, Сарпылдак.</p>
№6	<p>Тоғай Мырзагелді, Қарабай Қасқабай, Рысбай Сикымбай, Жұмабай Қанжығор, Мұса Медеу, Қайдыбай Ледай, Бердалы Байсалық, Досымбек Досберді, Токберген Бұғоды, Сасебай Қарымбай, Қарабай Асбұғыр, Өмір Асылбек, Бақдәулет Айтқұл, Дәуіт Жандас, Исабек Байтерек, Шалдабай Бұламбай, Бекберген Өтембек, Батырке Азнабек, Жанеке Сатпай, Бекістай Қарсақбай, Білдебек Байғожа.</p>	<p>А қ б а й л а у , Байтайлақ, Қанғай, Ж ы н ғ ы з қ ы з ы қ , Шадай, Қабамбай, Жайтақтөбе, Бижак, Ақкөл, Төте, Көккүртөбе, Басбай, Шанамбай, Данебай, Құмжарма, Тұрлыбай, Аштанөлген сағасы, Бақтияр, Қоғуақ, Дөненбай.</p>
№8	<p>Жазыбек Өткембай, Қопақ Мажар, Құрақбай Оралбай, Шетыр Нәдір, Сәулейбай Тағтабай, Ақбоз Дүзбай, Жылқыбай Қадарам, Ыбырайым Хангелді, Серікқұл Оразалы, Еппек Байғұлақ, Демесін Байдалы, Еке Құтпан, Сатай Бұсырман, Жалдыбай Қалыбек, Толпамбай Нәубет, Ошакбай Байқоңыр, Жанжейіс Молдас, Бамамбай Мәкен, Қалық Тенебай, Батырбай Оңғырбай, Баймахамбет Бақел.</p>	<p>Қ а р а ж е г і р , Күдере, Қарқабат, Демесық, Қоскөз, Қозыбағар, Басқылма, Қылман, Ақкөл, Торағыл, Доғайқұм, М а л т ы қ а т қ а н , Көкөзек, Наршеткен, Тұробай, Қосқызыл, Сарышеку, Қаздын жарыт, Қасаға, Қамыстықой.</p>

№10	<p>Байжұман Жәнібек, Байғазы Қасабай, Смони Қасабалат, Байбары Баубек, Өмірбек Елібай, Артықбай Қайбақ, Жанысбай Қабет, Шыбықбай Ақымбек, Аамандос Жексембек, Нағашыбай Мұстафа, Жатра Ақсерне, Ораз Сармал, Ыбырай Тарыш, Шінетбай Рысбек, Жұмағожа Қалдығай, Мұхамбай Бейсембай, Тынышбай Абламбай, Омар Төлібай, Әлтай Айнақұл, Дүзөбай Темір, Мақұл Арқабай, Имамбай Төлеген, Есмахамбет Қарамен, Жолыбай Мүстәжі, Жирамбай Батабек.</p>	<p>А т ы р а у , Қ о с к е л і н ш е к , Қаракыл, Қарқабат, Есенғожа, Астаукөл, Естайбөгет, Құркүрсө, Жылқыбұлғалы, Дүзен, Ұзынарал, Тереңкөл, Шегіркұлтық, Борқан, Күркіреу, Жаманқал, Қаракыл, Орақты, Бейімбай, Борлықұм, Тұздын қолтұсы, Көкшегіз, Бесбала</p>
№11	<p>Қоғамбай Құлшық, Тоқтарбай Қапайбай, Дармахат Тоқмамбет, Бекбосын Мұсырман, Аманжал Байырмақ, Әшім Бебекай, Құлшығас Жәнгір, Бектемір Сүйіндік, Амамбек Әлім, Медеубай Өтен, Өңгірбай Сайлабай, Рысқұл Жақым, Темірбек Молдабай, Маштақ Қондыбай, Байсембай Қаршыға, Бөкен Қартбай, Бұрсым Тоқмамбет.</p>	<p>Бадыққатым, Құлқынақсақ, Архарқұм, Сарыоба, Кешкенқызбел, Қарамұрынқора, Ердүшшытын қыз., Батайлақ, Бөрілі, Қарамұрын, Қанөбай, Шауындық, Қаратоғай, Байғұлқатын, Шағырлы, Тоқобай, Қарағалы бөгет, Қаракұм.</p>

### § 3. Верный уезіндегі жалайырлар

Жалайыр тайпасының бір қауымы Верный уезінің Рғайты, Ботпай, Жаңа-Іле болыстарына бірікті.

Верный уезі Қопал уезінің оңтүстік-батыс бөлігінде Іле өзенінің жағалауында орналасып, жер көлемі 74 100 кв. верст жерді алып жатты. Верный уезінің оңтүстік таулы бөлігінде Түрген, Есік, Қаскелең, Күрті өзендері ағып жатса, қыратты бөлігі Алатау және Кіндікті тау етегінің сілімдерін бойлай отырып, Балхаш көлімен шектесті, Мойынқұм, Тауқұм, Қорғанқұм құмдарымен жалғасып жатты.

Верный уезінің орталығы Верный қаласы 1854 жылы Алматы өзені бойынан құрылды. 1867 жылғы Басқару Ережелеріне сәйкес Жетісу облысы құрылғаннан кейін Верный бекінісі облыстық қала орталығы болды. Крафт бойынша 1870 жылдары Верный қаласында 22982 адам болған<sup>127</sup>.


Верный уезі қазақтарын сары үйсін, дулат тайпаларымен қатар жалайырлар да құрады. Верный уезін қоныстанған көшпелі қазақтарына кей жағдайда қыс кезінде көшулеріне тура келді. Ю.Баллицкий жазған «Заметка о кочевом населении Верненском уезде» атты мақалада «Тауқұм болысының көшпелілері Ақжал, Жуантөбе қыстауларында қыстағанымен, бұл жерде ұйытқып соғатын боран, желдің әсерінен мал арып кетпес үшін ірі-қараны қыста қолға ұстамай оларды Іле өзені бойындағы қамысқа қарай айдайды. Керісінше тау көшпелілері түйелер мен қойларды Тауқұмға қарай айдайды. Ауыз суды қар ауыстырды. Қар аз жауатын жерлердегі сабанның көптігі түйе мен қойларға азық табуына мүмкіндік берді. Бұл өңірдегі көшпелілер Ақсүйек, Алажол, Ботабөру, Қызылақтау, Аяқұм, Жирекоты, Жауқантөбе, Қамау елді мекендерінде тығызырақ қоныстанды», - дейді<sup>128</sup>.

Верный уезінде 1911 жылы ауыл шаруашылық негізінде санақ жүріп, сол санақ негізінде жалайырлардың қоныстары мен санын анықтап отырмыз. Мұнда жалайырлардың байшегір және андас

---

<sup>127</sup> Крафт И.Н. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург. 1898. – 236-237 бб.

<sup>128</sup> Баллицкий Ю. «Заметка о кочевом населении Верненском уезде» // Туркестанские ведомости. 1873. №6. – 21 б.



**Қапал және Верный уезі  
жалайырларының жайлауға көшу  
бағыттары**

аталармен сиыршы руының аралас қоныстанғандығын көрсеткен.

В.Радловтың А. Макшеев дерегіне сүйеніп берген мәліметі бойынша Верный округінде олар 7321 шаңырақты құраған<sup>130</sup>.

Верный уезінің көшпелілері қыста Іле өзені бойынан Іле Алатауының солтүстік қыратына дейінгі аймақта қыстап шығып, жазда Алатау етегіндегі жайлауларды иемденген. Бөліп қарастырар болсақ, Верный-Ташкент тасжолының оңтүстік бетінде орналасқан болыстар Қаскелең тауларының қойнауында; Верный-Бішкек тасжолының солтүстік бетін алып жатқан тайпалар жазда Құлжа тауларына қарай көшкен. Іле өзенінің төменгі бойында орналасқан қазақтар қыста Іле өзенінің қамысты алқаптарында қыстап, жазда Тауқұм құмдарына көшкен.

**Рғайты болысында** Жалайырдың Андас руынан тараған қауым мүшелері шапырашты, дулаттармен аралас қоныстанған. №9-шы әкімшілікке қараған Түгелбай Дыбысалды ақсақал ауылының жалайырлары Қараарша өзені бойындағы Қараарша қыстауында қыстаған<sup>131</sup>. Бұл ауылдың қыстаулары Қараарша өзенінің төменгі ағысы бойындағы Беріктас сағасы бойында, Аққұдық құдығынан төменгі аңғарларда салынған. Бұл жердегі

рулары қоныстанған. Байшегір руы уездің солтүстік қиырында, Іле өзені және Балхаш көлінің төменгі бөлігін бөлігінен жерлер, иемденіп, қыстаулары Қауыскөл мен Мыртық сайларынан салынды. Ал, андас руы болса, уездің оңтүстік-батыс қиырында тау етегіндегі Бесмойнақ, Бұғымүйіздала шатқалдарында қыстаған<sup>129</sup>.

1870 жылы Түркістан Статистикалық комитеті жинақтаған мәліметте Ботпай-шымыр болысында ботпайдан тараған

<sup>129</sup> ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 3 қор, 545 іс, 506-507 пп.

<sup>130</sup> Радлов В.В. Из Сибири. – 114 б.

<sup>131</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Верненский уезд. – 108 б.

жалайырлар жергілікті найманбай, құлболды, түкетүз руларымен қатар көшіп-қонған. Көктеу-күздеулік жайылымды Дөнгелек жаз, Аққұдық жайылымдарынан пайдаланды. Малдың қыстық азығы үшін жоңышқа себу орын алған. Жоңышқа атыздары Беріктас және Қараарша арықтары бойынан салынды. Сондай-ақ мал жайылы үшін Бұғымүйіз өзенінің жоғарғы ағысы бойынан Сергеевский селосы қоныстанушыларынан жалға жер алып, жылына 350 сом салық төлеген<sup>132</sup>.

Жалайырлардың Андас руынан тараған келесі бір қауымы №10 әкімшілік ауылды құрады. **Мұстахмет Сыпатай** ақсақалдың ауылы Бұғымүйіз қыстауында - 9 шаңырақ, 80 адамды; **Оразқожа Түменбай** ауылы Бесмойнақ қыстауында – 18 шаңырақ, 117 адамды; **Шалабай Аманбай** ауылы да Бесмойнақ қыстауында – 8 шаңырақ, 49 адамды; **Мәке Жантақшай** ауылы Крестьяналды қыстауында қыстауында 28 шаңырақ, 168 адамды құрап отырған<sup>133</sup>.

Бұл қауымдағы жалайырлар Қопал уезіне қарасты Көксу елді мекеніндегі Қарашеку сайынан XIX ғасырдың 1-ші жартысында қоныс аударған. Қауым жерлері батысында №4-ші, шығысында 5-ші, 9-шы әкімшілік ауылдарымен, сондай-ақ Жаныс болысының жайылымдық жерлерімен шектесті. Қыс уақытында қауымның жасы жас мүшелері ұсақ малдарды тауға қарай айдап жайса, жасы ұлғайған мүшелері ірі мал бастарын қыстау маңында жайған. Қауымның таулы аймағы Пішкек уезімен жалғасып жатты. Көрші уездермен жайылымдық шекара қатаң сақталды. Қауымның отырықшылықты кәсіп еткен «жатақ» мүшелері жыл бойына қыстауда отырды. Көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткендері малдарын көктеу-күздеулік жайылымға Қопа-Құрөзекке айдаса, жазды қыстау атымен аттас Бесмойнақ пен Бұғымүйіз сайларында өткізген. Мал жайылымына бұлар да Сергеевск селосынан жалға алып, ірі мал басынан 20 тиыннан, майда мал басынан 5 тиыннан салық төлеп отырды. Құрөзек шатқалынан шабындықтар иеленді<sup>134</sup>.

---

<sup>132</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Верненский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 151-152 бб.

<sup>133</sup> Сонда. Поаульные таблицы. – 108 б.

<sup>134</sup> Бұл да сонда. – 152-155 бб.

Жалайырлардың Сиыршы руынан тараған бір қауымы **Ботпай болысының** №12-ші әкімшілік ауылына бірігіп, бұл жерде де олар жалайырлармен аралас отырды. Олар бұрын Қопал уезі аймағына қарасты Іле өзені бойында көшіп жүрген. 1896 жылы осы өңірде арық қазып, жағалауын егістік ретінде пайдаланды. Қауым мүшелері Қалшыңғыл құдығы қазылған аймақты қысқы жайылым ретінде пайдаланды. Қыстауларын Самса өзені бойындағы Қаратопырақ, Ақкесек шатқалдарынан салды. Қыстау маңынан егістік жерлер қоса иеленді. Егістіктерін Тоспатоған, Қаратопырақтоған арығы суларымен суарған. Қаратопырақ, Ақкесек шабындықтары қауым мүшелерінің малдарының азығын камтамассыз етті<sup>135</sup>. **Омар Қалқаман** ауылы (11 шаңырақ, 60 адам) Жиiek қыстауында, Шине Шыңғыс ауылы (16 шаңырақ, 91 адам) Басжол қыстауында, **Көбекпай Күдері** ауылы (5 шаңырақ, 30 адам) Киізоба қыстауында, **Отарбай Кебекпай** ауылы (10 шаңырақ, 67 адам) Ортажол қыстауында, Боласпай Түгелші (санақ кезінде 1 шаңырақ қана тіркелген) ауылы Қылалықұдық қыстауында, **Әбділда Тобалды** ауылы (11 шаңырақ, 70 адам) Аяқжол қыстауында, **Шонғай Серпек, Өмірқұл Өмірбек** (20 шаңырақ, 138 адам) ауылдары Қайнартоған қыстауында қыстаған<sup>136</sup>.

Жалайырлар тайпасының бір қауымы Жаңа-Іле болысының №5-ші әкімшілік ауылын құрады. Олар бұл жерге Қопал уезінің батысынан Қараталға XIX ғасырдың орта кезінен қоныс аударған. Қауым жайылымдары шығысында Қауыскөл өзеніне дейін созылып жатты. Статист зерттеушілердің жазба мәліметтерінің дерегі бойынша XX ғасырдың бас кезінде жалайырлардың көбі қыс кезінде де киіз үйде отырды. Қыстаулары Қауыскөл және Мартық елді мекендерін алып жатты. Қауым жалайырлары қыста қойларын Балхаш жеріндегі қамыс қалың өскен Қарашайлы сайына қарай айдаған. Бұл жердегі жалайырлар көктемде Топар және Іле аралығындағы құмды алқаптарға көшіп, жаз кезінде қыстауларына қайтып оралған. Қыстау маңынан егістік жерлер иемденіп, Қауыскөлден тартылған арықтардан суарған. Сондай-ақ Көктал өзенінен де арық тартып, екі жақ жағалауындағы шабындықтарды

---

<sup>135</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования въ Семиреченской области. Верненский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 120-123 бб.

<sup>136</sup> Сонда. Поаульные таблицы. – 122 б.



пайдаланды<sup>137</sup>. Ауыл бойынша атап айтар болсақ, **Бадақ Бектеміс** (19 шаңырақ, 125 адам), **Сапар Бектас** (22 шаңырақ, 123 адам), **Доспай Қопал** (45 ашңырақ, 307 адам) ақсақалдардың ауылдары Жақсы-Көктал арығы бойын бойлай отырды<sup>138</sup>.

#### § 4. Лепсі уезіндегі жалайырлар

Лепсі уезі Жетісу облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, солтүстігінде Семей облысымен, батысында Қапал уезімен, оңтүстік және оңтүстік шығысында Қытаймен шекараласты. Уезд орталығы Лепсі қаласы Лепсі өзені бойынан Жоңғар Алатауы етегінен бой көтерген. 1855 жылы Жоғарғы Лепсі бекінісі салынып, 1880 жылы Лепсі уездік қала болды. Бұл кезде Лепсі қаласында 3435 адам болған<sup>139</sup>.

1897 жылғы Бүкіл Ресейлік санақ бойынша уезде 156 101 казак өмір сүрген.

Лепсі казактарының басым бөлігі отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етті. Лепсі уезінде жалайырдың андас және мырза руынан тараған әулеттің бір бөлігі қоныстанып, олар найманның қаракерей, садыр, матай руларымен аралас отырды.

Лепсі уезінің Ақшаулы болысының №3-ші әкімшілік ауылының 15-42 шаруашылық ауылдарын мырза руынан тараған бір қауым құраған. Олар Қаракүнгеі тауының Шоқпартас, Ақшеку, Көкшеку шатқалдарында қыстаған. Әрбір шаруашылықта орта есеппен 4-5 шаңырақ болды<sup>140</sup>. Қыстаудан шамамен 50 шақырымдай жер қашықтықта Ай өзені бойындағы Үштөбе, Сарытерек, Жаубайбейіт сайларынан егістік алқаптар иеленген. Өздерінің статист мамандарға берген мәліметі бойынша, олар аталған қыстауларды 1780 жылдары иеленген<sup>141</sup>.

Жалайырлардың андас руынан тараған тағы бір қауымы Лепсі уезінің Тауқұм-Балқаш болысының № 4-ші әкімшілік ауылына бірікті.

---


<sup>137</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования въ Семиреченской области. Верненский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 222-223 бб.

<sup>138</sup> Сонда. Поаульные таблицы. – 158 б.

<sup>139</sup> Крафт, И.Н. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – 238 б.

<sup>140</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования въ Семиреченской области. Лепсинский уезд. Том 1. - СПб., 1911. Поаульные таблицы. – 6 -10 бб.

<sup>141</sup> Сонда. Заметки об отдельных общинах. - 180 б.



Уезд орталығы - Лепсі қаласы

**Болыстар:** 1.Аягөз, 2.Көктерек, 3.Лепсі, 4.Мақаншы, 5.Сарқан, 6.Үржар, 7.Үшарал, 8.Үштент, 9.Черкасс

**Байжігіт Қорғымбай** (49 шаңырақ, 199 адам), **Шалғадбай Олжабай** (15 шаңырақ, 78 адам) және **Әтелхан Бегалы** ақсақалдың ауылдары (20 шаңырақ, 91 адам) Тауқұм шатқалдарында; **Жақып Жұма** ауылы (10 шаңырақ, 50 адам) Тұранкүләзек шатқалында; **Алтыбай Сабалат** ауылы (18 шаңырақ, 89 адам) Шұбар шатқалында; **Кенбай Мұсабек** ауылы (28 шаңырақ, 136 адам) Тесіпаққан шатқалында; **Күнқожа Артық** ауылы (9 шаңырақ, 44 адам) Шанабай шатқалында; **Күнтай Сәрсен** ауылы (12 шаңырақ, 56 адам) Егінсу шатқалында қыстады.<sup>142</sup>

Жалайырлардың бұл өңірдегі Байжігіт, Шалғадбай, Әтелхан ақсақалдар басқарған Тауқұм шатқалындағы үш ауылының қоныстары Аякөз өзенінің екі жақ бетін жағалай, Бидайық, Байғасы Күркелді, Аққұм-бірме, Боқыш елді мекендерін алып жатты. Көктеулік және күздеулік жайылымдарды Байғасы, Шоқпартас, Еркетас шатқалдары қамтамасыз етті. Бұл ауылдағы жалайырлар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданып, Мақыбай-соқыр, Таз, Тесіп-аққан сайларында, Егінсу өзені және одан тартылған Тасарық арығы бойынан егін атыздарын иемденді. Жазда Салқынбел, Төлкөл жайлауларында көшіп-қонған. Көш жолында вертикальды бағытпен 150 және онан көп шақырым жер жүрген. Шабындықтарды Аякөз өзені бойынан ауыл бойынша бөліп пайдаланды<sup>143</sup>.

Арық суларын пайдалануды мұраптар немесе тоғанбасылар қадағалап отырған. Егістікті жаз кезінде 2-3 реттен суарған. Бір күнде 3 – 10 ауылға дейін өз егістіктерін суарған. Лепсілік

<sup>142</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Лепсинский уезд. Том 1. -СПб. 1911. Поаульные таблицы. – 94 б.

<sup>143</sup> Сонда. Заметки об отдельных общинах. – 205 б.

жалайырлар 1870 жылдардан бастап, шөп шабумен, ал егін салумен 1840 жылдардан бастап айналыса бастаған.

Жақып және Алтыбай ақсақалдардың ауылдарына келер болсақ, олар қоныстанған Тұранкүләзек пен Шұбар қыстауларын кезінде олардың аталары Шона мен Тұманшы ақсақалдар иемденген. Бұл ауылдар көшпелі мал шаруашылығын кәсіп етіп, жылдың төрт мезгілінде де көшкен. Өз арасында «тек біздер ғана аталарымыз сияқты көшеміз» деген. Көктем мен күз кезінде бұл ауылдар Тансық және Кенжебай шатқалдарындағы жайылымға көксе, жазда Олжамұрат жайлауына көшкен. Дәстүрлі қалыптасқан көш жолы бойынша көшкен. Айбой сайында азын-аулақ қана егін салған. Малдың қыстық жем-шөбін қамтамасыз ету мақсатында шөп шабуды қосалқы кәсіп етті<sup>144</sup>.

Ал, Кенбай және Күнқожа ақсақалдардың ауылдарына келер болсақ бұлар қоныстанған Тесіпаққан және Шанабай шатқалдарындағы қыстауларды жалайырлар бес атадан бері қоныстанып келе жатқан. Статист мамандардың берген дерегі бойынша, ертеректе олардың аталары Балхаш бойын жағалай қоныстанған. Жұт әсерінен ата қыстауларын тастап, жоғарыда көрсетілген жерден қыстау иемденген. Көктеу және күздеулік жайылымға қыстаудан алыс емес 5- 10 шақырым жердегі Таз және Бұғыбай-Сәмек сайларына, ал жазда Салқынбел және Төлкөл жайлауларында көшіп-қонған. Егістік алқаптарын жылына 3-4 рет қана мұраптардың су бөлген уақытында суарған. Шөп шабуды 1860 жылдардан бастап қосалқы кәсіп қылған<sup>145</sup>.

Күнтай Сәрсен ауылындағы жалайырлардың аталары да бұрын Балхаш бойында Қарақұм елді мекенінде көшіп-қонған еді. Бұл ауыл қыстаулары Тасарық арығы бойындағы Егінсу сайларын алып жатты. Көктеу мен күздеуді қыстау маңындағы жайылымдарда өткізген, ал, жазда қыстаудан 60-70 шақырым жер ұзап, жоғарыда атап кеткен өз ағайындарымен бірге Салқынбел, Төлкөл жайлауларында көшіп-қонған. Егістіктер мен шабындық жерлерді әр шаңырақ бойынша бөліп пайдаланған<sup>146</sup>.

---

<sup>144</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожилческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Лепсинский уезд. Заметки об отдельных общинах. – 200 б.

<sup>145</sup> Сонда – 216 б.

<sup>146</sup> Бұл да сонда. – 218 б.

## § 5. Сарыарқа және Шу өзені аңғарларындағы жалайырлар

### а) Қарқара уезіндегі жалайырлар

Қарқара уезі Семей облысының құрамынан құрылып, уезд облыстың батыс бөлігінде орналасты. Қарқара уезі Шыңғыс тауларының бөктерін, Мойынты өзені мен Ақадыр өзендері аңғарларын, оңтүстігінде Балхаш көліне дейін, солтүстігінде Баянауыл тауларына дейінгі жерлерді алып жатты.

Қарқара уезіндегі тайпалардың басым бөлігі арғын тайпасының рулары болғанымен Ұлы жүзден ішінара сіргелі және жалайырлар қоныстанған. Жалайырлардың бір бөлігі Қарқара жеріне «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде Бетпақдала шөлі арқылы ығысып барған. Қарқарадағы жалайырлардың қонысы мен санын нақтылау мақсатында 1898 жылы Қарқара уезінде жүргізілген ауыл шаруашылығы парақтарының мәліметтерін негізге алдық. Қарқара уезінде жалайырлар Шу болысының құрамына бірігіп, бірнеше ауылды құрап Шу өзенінен бастау алатын тоған бойларында отырды. Егіншілікті кәсіп, етіп отырықшы тайпаны құрады. №8-ші әкімшілікте жалайырлар жалпы шағын 46 ауылды құрады.

Ауылдар бойынша бөліп қарастырар болсақ, Алайғыр тоғаны бойында қоныстанған жалайырлар 5 ауылды құрап, оларды мұрап **Бүтінбай Сатый** басқарған. Ауылда 18 шаңырақ, 102 адам болған. Итжол тоғаны бойында қоныстанған жалайырлар, 16 ауылды құрап, оларға мұрап **Еспен Байсымақ** басшылық еткен. 1898 жылы олардың саны 40 шаңырақ, 262 адам болған. Қызылжыңғыл тоғаны бойындағы жалайырлардың **Кешубай Арыстан** басқарған 8 ауылында 87 шаңырақ, 175 адам; Қалыбай тоғаны бойындағы **Жанту Төлеген** басқарған 9 ауылында 147 шаңырақ, 271 адам; Тоқболат тоғаны бойындағы **Байқоныс Қарадөн** басқарған 8 ауылында 58 шаңырақ, 104 адам; Өтелбай тоғаны бойындағы **Бает Аралбай** басқарған 10 ауылында 78 шаңырақ, 150 адам; Майтөбе және Байарыстан тоғандары бойын қоныстанған **Наурызбай Бәйімбет** басқарған 5 ауылында 52 шаңырақ, 104 адам; Жандыбай тоғаны бойында қоныстанған **Құлжан Жолбарыс** басқарған

16 ауылында 177 шаңырақ, 332 адам; Ақтөбе тоғаны бойында қоныстанған **Жидебай Майкөт** басқарған 20 ауылында 166 шаңырақ, 292 адам; Қоңыртөбе тоғаны бойын қоныстанған **Таней Сарғалдақ** басқарған 8 ауылында 76 шаңырақ, 135 адам; Қалпе тоғаны бойында қоныстанған **Әліппай Өтеулі** басқарған 3 ауылында 49 шаңырақ, 90 адам болған.

Аты аталған жалайырлар мұрап қызметін атқарып, өздері қоныстанған аймақта сумен қамтамасыз ету ісіне бақылау жасап отырған. Қарқара уезіндегі жалайырлар отырықшы ауылды құраған<sup>147</sup>.

Қарқарадағы жалайырлар қайшылы руынан тараған. Соның ішінде Таней Сарғалдақ ақсақалдың шығы тегі келесі-дегідей: Жалайыр-Қайшылы – Себелек-Мәмбетәлі-Жолқұтты-Бекбаулы-Есім-Тоқабай-Сейтқазы-Сарғалдақ - Таней (1898 жылы 67 жаста)<sup>148</sup>.

Қарқара уезінің Шу болысы 1905 жылдан бастап Әулиеата болысына қараған. Шу болысын Қарқара уезінен бөлудің екі маңызды себебі болды. Біріншіден Қарқараға қараған бұл жалайырлар Шу өзені бойын қоныстанған жалайырлармен аталас ағайын болды, екіншіден Қарқара уезіне қараған бұл аймақ уездік қала Қарқарадан алшақ жатты, төте жолдың өзінің қашықтығы 550 шақырымға жетті. 1905 жылы Әулиеата және Қарқара уездерінің біріккен әкімшілік комиссиясы Шу өзенінің оң жақ жағасында жалайырлардың 598 шаңырағын есепке алған<sup>149</sup>.

### ә) Ақмола уезіндегі жалайырлар

Қарқара уезі арқылы жалайырлардың бір бөлігі Арқадағы Нұра өзені бойына барып, қалып қойған. Бұл мәліметті де ауыл шаруашылығы санақ парақтары нақтылайды. 1898 жылдары Ақмола уезінде жүрген санақ кезінде жалайырлар ауылынан 13

---

<sup>147</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Том. VI. СПб. 1905. Таблица статистических сведений о киргизах земледельцах по реки Чу. Таблица А. – 822 – 823 бб.

<sup>148</sup> Сонда. Родовые схемы киргиз Каркаралинского уезда. - 121 б.

<sup>149</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. –Ташкент, 1915. Гл. II. Общий очерк киргизского хозяйства. Население. – 18 б.

шаңырақтан 63 адам тіркеуге алынған. Олар Нұра болысының №6 әкімшілік ауылының 14-ші шаруашылығын құраған. **Ақмағанбет Ес** ақсақалға қараған жалайырлардың бұл ауылы Нұра өзені бойындағы Сасырлы қыстауында қыстап<sup>150</sup>, ерте көктемнен Сабынды жайылымына көшкен<sup>151</sup>. Шабындықтары мен егістік алқаптары қыстау маңында болды.

Жалайырлар Нұра өзені бойына Шу өзені бойынан бөлініп барған. Ертеректе Талас және Шу өзендерінің аңғарларын Ертіс бойымен жалғастыратын керуен жолы болған. В.В. Бартольд өзінің зерттеуінде «ертеде ислам даласын солтүстік-шығыспен жалғастырып жататын екі жол болды, бірі Сырдарияның төменгі ағысы бойынан, бірі Талас өңірінен бастау алады», - дейді<sup>152</sup>. Шу және Талас өңірін Ертіс, Батыс Сібір өңірімен жалғастыратын жол шығыстағы көне жолдардың бірі болып саналады<sup>153</sup>. ХҮІІІ ғасырдың орта кезінен бұл жол «Абылай жолы», «Хан жолы» деп аталып кеткен<sup>154</sup>. Хан жолының тарихи дәуірлерде Шу бойымен

Орталық Қазақстанды байланыстыратын, бұл жерлерде өмір сүрген<sup>155</sup> тайпалар арасында мәдени-сауда қарым-қатынастарын орнатуда маңызы зор болған.

Бұл жол Қарқара, Ақмола уездерінің үстінен өтетінін ескерсек<sup>156</sup>, жалайырлардың Нұра өзені бойына Хан жолы арқылы барғандығы анық.

## **б) Әулиеата және Черняев уездеріндегі жалайырлар**

Әулиеата уезі батысында Шымкент, оңтүстігінде Ташкент және Наманган уездерімен, шығысында Жетісу облысының Піштек және Верный уездерімен шектесті.

---

<sup>150</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинский уезд. – СПб, 1907. Поаульные таблицы. – 118 б.

<sup>151</sup> Сонда. Таблицы статистических сведений об использовании пастбищ общего пользования по отдельным стоянкам и площадям. – 458 б.

<sup>152</sup> Бартольд В.В. Киргизы. Исторический очерк. – Фрунзе, 1927. – 20 б.

<sup>153</sup> Катанаев Г. Еще об Ермаке. // Записки-Сибирского отделения Географического Общества. Кн. ХҮ. Вып. 2. 34-35 бб.

<sup>154</sup> Четмар А. Оседлые киргизы - земледельцы на р. Чу. // Записки Западно-Сибирского отд. Кн. ХХҮІІ. 1900. – 2,5 бб.

<sup>155</sup> Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак дала. // Вестник Академии Наук Казахской ССР. №1. -Алматы, 1949.

<sup>156</sup> Россия полное географическое описание нашего отечества. Т. ХҮІІІ. Приложения. Карта Киргизского края. Сост. А.н.Седельников. – СПб. 1903.

Әулиеата уезінің жері Ұлы жүз қазақтарының атақонысы саналды. Мұны осы негізінен Ұлы жүз тайпаларының қоныстануы айғақтайды. Әулиеаталық Ұлы жүз тайпалары Шу өзенінің сол жақ және оң жақ жағаларын, Талас өзенінің төменгі ағысы бойын қоныстанды. 1907-1909 жылдар аралығында жүргізілген статистикалық есеп бойынша Әулиеата уезінде жалайырлар – 734, ал, дулаттар - 2457, уақтар - 1835, ошақтылар - 1663, шапыраштылар – 368, сарығүйсіндер – 328, тілік, ойсыл, сіргелілер – 114 шаңырақты құраған<sup>157</sup>.

Әулиеата жеріндегі тайпалардың басым бөлігі Үш жүздің өкілдері тұрған. 1913 жылы Әулиеата уезінде Ұлы жүзден 7385 шаңырақ, Черняев уезінде 114 шаңырақ; Орта жүзден Әулиеата уезінде 626 шаңырақ, Черняев уезінде 201 шаңырақ; Кіші жүзден Черняев уезінде 1293 шаңырақ; төре-төлеңгіттер 45 шаңырақ болған екен<sup>158</sup>. М.Тынышпаев дерегі бойынша 1917 жылы Әулиеата уезінде 10 000 адам жалайыр болған<sup>159</sup>.

Әулиеата уезінің Асы болысының №3-ші әкімшілік ауылын жалайырлардың қайшы-лы руынан тараған қауым құраған. **Қали Қартабай** ақсақал басқарған қайшылылар ауылы Бөктөбе шатқалында қыстаған. көшкен. 1907 жылы мәлімет бойынша ауылда 21 шаңырақ, 133 адам тіркелген<sup>160</sup>.

Әулиеатадағы жалайырлардың келесі қауымы Қаратегін болысындағы № 4-ші әкімшілік құрамына бірікті. **Қожағұл Жандос** басқарған сиыршы-жалайырлар ауылы Қурағаты өзені бойындағы Шетқайыңды, Қурағаты қыстауларында қыстаған. 1907 жылы ауылдағы 19 шаңырақта 154 адам болған.<sup>161</sup>

---


<sup>157</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Гл. II. Общий очерк киргизского хозяйства. Население. – 14 б.

<sup>158</sup> Сонда. – 13 б.

<sup>159</sup> Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Приложение 1. Количество киргиз-казаков на 1917 год.

<sup>160</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Поаульные таблицы. 14-15 бб.

<sup>161</sup> Сонда. - 188-189 бб.



Әулиеата уезіндегі жалайырлар қоныстары

Жалайырлардың күшік руынан тарайтын сары-бөкенбай тармағының бір қауымы Әулиеата уезінің **Тастөбе** болысының №3-ші әкімшілігіне қарасты Машақай қыстауында отырған. **Құсымбай Қойқожа** басқарған бұл ауылда 1907 жылы 5 шаңырақ, 38 адам тіркелген<sup>162</sup>.

**Бестас** болысының 10 әкімшілік ауылында жалайырлардың жәнібек атасынан тараған екі шаруашылық ауыл болып, олар Айыртас арығы бойындағы Айыртас қыстауында қоныстанды. Олардың таралуы келесідегідей: Жалайыр-қарақармыс-ербөлек-байқазы-

бердіқұл-қожамжар-жаныбек. 1907 жылы **Тоқтасын Шерқазы** ақсақал басқарған бір ауылда 39 шаңырақ, 184 адам болып, оның 12 шаңырағы көшпелі болған. Айыртас қыстауындағы жалайырлардың екінші ауылы **Бегалы Шамен** ақсақалға қарап, онда 29 шаңырақ, 169 адам болып, ондағы 20 шаңырақ жалайыр көшпелі болған<sup>163</sup>.

**Билікөл** болысының №9 әкімшілігінің екі шаруашылық ауылын жалайырлардан тараған алдияр аталығы құрады. Олар Асу өзені бойында қоныстанған. **Аламан Жандыс** ақсақалға қараған бір ауыл Қарақұм қыстауында қыстаған. 19 шаңырақта 108 тұрғын болып, 3 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын кәсіп етсе, қалғандары жартылай көшпелі болды. **Бекбосын Тайжан**

<sup>162</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдарьинской области. Поаульные таблицы. - 226-227 бб.

<sup>163</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Аулиеатинский уезд. Поаульные таблицы. - 74-75 бб.



аксақалға қараған екінші бір ауыл Жаңаөткел қыстауында көшпелі 8 шаңырақ қыстаған.<sup>164</sup>

**Қарабура** болысының №1-ші әкімшілігінің құрамында 2 ауыл жалайырдың күшік руынан тараған қауым отырды. 1907 жылғы санақта Барын арығы бойындағы Қарабура қыстауында **Бүде Мұрсалы** аксақалға қараған күшік-жалайырлардың 5 шаңырағы тіркелген. Күшік-жалайырлардың келесі бір **Дәулетәлі Сатыбалды** ауылы Төрткүл-бұлағы басындағы Шымкент қыстауында қыстап, бұл жерден де 5 шаңырақ есепке алынды.<sup>165</sup>

Күшік – жалайырлардың келесі бір бөлігі **Құмарық** болысының №6-шы әкімшілігінің екі шаруашылығын құрап, олар Талды өзені бойын қоныстанды. **Танабай Досай** аксақалға қараған күшік-жалайырлар Аралтөбе қыстауында қыстап, 1907 жылы бұл жерден 30 шаңырақ, 189 адам тіркелген. **Талдыбай Назарқұл** аксақалға қараған екінші ауылдан 20 шаңырақ, 125 адам тіркелген. Танабай ауылының басым бөлігі отырықшы болса, Талдыбай аксақал ауылындағы жалайырлар негізінен көшпелі болған.<sup>166</sup>

Жоғарыда аталған жалайырлар ауылдары жазда Қаратау тауларының тармақтарындағы, Талас және Асы өзендерінің аралығындағы аңғарларға, Талас өзенінің төменгі сағасы бойларындағы жайылымдарға Сусамыр, Қаракөл, Шотқала, Ұзынахмет жайлауларына көшкен.

Әулиеата уезінің **Шу болысын** толығымен дерлік жалайырлар қоныстанды. Шу болысындағы жалайырлар Шу өзенінің оң жақ бетін жағалай қоныстанған. Шу болысында жалайырлар 1-6 әкімшілік ауылдарға бірікті.

1907 жылы жүргізілген статистикалық зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, атап айтар болсақ, №1-ші әкімшілік ауылдағы жалайырлар 5 шаруашылықты құраған. **Қалымбек Тоқболат** аксақалдың ауылы Қалмақтөбе, Қостөбе қыстауларында қыстаған. 25 шаңырақтың 13 көшпелі мал шаруашылығын, 12-сі отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етті.

---

<sup>164</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдарьинской области. . Поаульные таблицы. – 98 – 99 бб.

<sup>165</sup> Сонда. Поаульные таблицы. – 134- 135 бб.

<sup>166</sup> Бұл да сонда. Поаульные таблицы. – 206- 207 бб.


**Асаубек Байдәулет** ақсақалдың ауылы көшпелі 12 шаңырақтан тұрған, олар Жылкелді қыстауында қыстаған.

**Онғай Оралбай** ақсақалдың ауылындағы 58 шаңырақ жалайырдың 48-і көшпелі, 10-ы отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етті. Олар Қарамола, Ақкөл, Сымтас қыстауларында қыстаған.

**Қасымбек Өтелбай** ауылындағы 28 шаңырақтың, 23-і көшпелі, 5-і отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етіп, Кендік өзек қыстауында қыстаған.

**Байдәулет Қылышбай** ақсақалдың ауылы Қозыбақ, Шолақитжан қыстауларында қыстап, ауылдағы 27 шаңырақтың 24-і көшпелі, 3-і отырықшы болған.

№1 әкімшілік ауыл жалайырларының шығу тегі<sup>167</sup>




<sup>167</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.

Барлығы №1-ші әкімшілікте 1907 жылы 150 жалайырлар шаңырағы тіркеліп, оның 120-ы көшпелі, 30-ы отырықшы шаруашылықты құраған.

№2-ші әкімшілік ауыл өз ішінде екі шаруашылыққа бөлінген. **Нәдірбай Дулатбай** басқарған ауыл Қарашолақ, Сарыбел қыстауларында қыстаған. 58 шаңырақтың 16-ы көшпелі, ал 42-і отырықшы мал шаруашылығын кәсіп еткен. **Қозыбағар Жолдыбай** ақсақал басқарған жалайырлардың келесі ауылында 47 шаңырақ болып, оның 11-і көшпелі, 36-ы отырықшы мал шаруашылығын кәсіп еткен.

№2 әкімшілік ауыл жалайырларының шығу тегі<sup>168</sup>




Бұл әкімшілікте барлығы 1907 ж. 105 шаңырақтың 27-і көшпелі, 78-і отырықшы мал шаруашылығымен айналысты.

№3-ші әкімшілікке біріккен жалайырларда екі ауылды құрады. **Тоғайбай Билібай** ақсақал басқарған ауыл Қостөбе, Қарасу қыстауларында қыстап, ондағы 83 шаңырақтың 47-і көшпелі, 36-ы отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етті. Бұл қауымдағы жалайырлардың келесі ауылын **Биімбет Бикелді** ақсақал басқарып, олар Қарой, Торайғыр қыстауларында отырған.

<sup>168</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.

Ауылда 28 көшпелі, 4 отырықшы барлығы 32 шаңырақ болған. 1907 жылы барлығы 115 жалайыр шаңырағының 75-і көшпелі, 40-ы отырықшы болды.

№3 әкімшілік ауыл жалайырларының шығу тегі<sup>169</sup>



<sup>169</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.



### Әулиеата уезі қазақтары

№4-ші әкімшілік жалайырлардың 4 ауылына бөлінді. Асан Бікше ақсақалға қараған бір ауыл Жайпак, Қызмола қыстауларын иемденген. Ауылдағы 52 шаңырақтың 21-і көшпелі, 31-і отырықшы болған.


**Жайымбет Жылкелді** ақсақал басқарған ауыл Қызылмола қыстауында қыстап, ондағы 24 шаңырақтың 23-і көшпелі, 1-і отырықшы болған.

**Ержігіт Жиравай** ақсақалдың ауылындағы жалайырлар Қостөбе, Күршу қыстауларын қыстап, ондағы 46 шаңырақтың 25-і көшпелі, 21-і отырықшы болған.

**Жұмабай Дүйкебас** ақсақалдың ауылындағы жалайырлар Елібай, Молалы қыстауларында қыстаған. Ауылда 20 көшпелі, 5 отырықшы шаңырақ тұрған.

Барлығы 4-ші әкімшілік құрамында 1907 жылы 147 жалайыр шаңырағы болып, оның 89-ы көшпелі, 58-і отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етті.


№4 әкімшілік ауыл жалайырларының шығу тегі<sup>170</sup>



№5-ші әкімшілікте екі ауылды құрады. **Оразымбет Өтеулі** ауылындағы жалайырлар Қалпеарық қыстауында қыстап, құрамында 9 көшпелі, 2 отырықшы барлығы 11 шаңырақ болған Қауымдағы жалайырлардың келесі ауылын **Жұмабек Ошан** ақсақал басқарып, олар Ақкөл, Айқынбай, Қайыралал қыстауларында қыстаған.

<sup>170</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.

№5 әкімшілік ауыл жалайырларының шығу тегі<sup>171</sup>



Ауылда 37 көшпелі, 60 отырықшы шаңырақ, барлығы 108 шаңырақ болған.<sup>172</sup>

№6-шы әкімшілікті құраған жалайырлардың бір ауылын **Сегізбай Айжарық** ақсақал басқарып, олар Шу бойындағы Қарабай, Көбболсынтал, Шодыртал, Босарал, Бекейшыр қыстауларында қыстаған.


№6 әкімшілік ауыл жалайырларының шығу тегі<sup>173</sup>



<sup>171</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.

<sup>172</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Поаульные таблицы. – 38-39 бб.

<sup>173</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. – Ташкент, 1915. Приложение.



Ауыл құрамында 24 көшпелі, 26 отырықшы барлығы 50 шаңырақ болған.

**Рысмамбет Сиқымбай** ақсақал басқарған келесі бір ауыл Алайғыр, Тұлпартіке, Құмбел қыстауларында қыстап, ауылға 19 көшпелі, 40 отырықшы мал шаруашылығымен айналысатын 59 шаңырақ біріккен.<sup>174</sup>

1913 жылы статистар жүргізген экспедициялық шолу кезінде №-ші ауыл молдасы жалайыр **Құлжан Жолбарыс**, №-3-ші әкімшілік ауылдың старшыны **Тоғайбай Билібай** Шу өзені бойындағы жалайырлардың шығу тегі жайында келесідей мәлімет берген.

Жалайырлар қоныстанған Шу болысының алғашқы алты әкімшілік қауымында барлығы 1907 жылы 734 жалайыр шаңырағы болған. Әрбір шаңырақта орта есеппен 6-7 адамнан болды десек, 1907 жылы Шу өзені бойында 4500 – дей жалайыр болған.

Әулиеата және Черняев уезі қазақтарының басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болған. 1913 жылғы зерттеуде бұл өңірдегі 9664 шаңырақтан 34205 бас жылқы, 21417 бас ірі қара, 43011 түйе, 540517 қой, 135055 ешкі бары көрсетілген, мұны әрине әдеттегіден әлдеқайда төмен есеп деп қарау керек. Әулиеата көшпелілері

<sup>174</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.



көш жолына ерте көктемде көтерілген. Қыстауға жақын маңдағы көктеулік жайылымға тоқтап, онда жаз түскенше отырған. Шу болысында қоныстанған жалайырлардың кейбірі жаз кезінде аздаған уақытқа Ферғана облысының Наманган уезі жеріндегі жайлауға барса, кейбірі Семей облысының Қарқара уезі жеріндегі жайлауларға барған. Шу болысындағы қалған жалайырлар Ақмола облысы Атбасар уезіндегі Жетіқоңыр жайлауына көшті. Отырықшы деген шаруашылықтың өзі қыстау маңындағы жерлерлерге көшіп, киіз тігіп отырған. Көшке шыққан қазақтар жол бойында, құдық, мазар, белгілерді бағытқа алып отырды.

Атбасар уезіндегі Жетіқоңыр жайлауының шөбі шүйгін құнарлылығына байланысты болуы керек, бұл жайлауға Шу болысындағы жалайырлармен қатар, Черняев уезінің Күрші болысындағы тамалар, Жанау, Жилибұлақ, Сарыөзек, Қаратау болыстарындағы және Перовск уезі кейбір болысындағы тайпалардың бір бөлігі келіп қоныстанды. Жетіқоңырдың жергілікті халқы Бағаналылардың Шу бойы көшпелілерінің жаз уақытында келуіне қарсы болып, бұл мәселе екі облыстың да съездерінде қаралды. Шу және Сарысу съездері 1883, 1891, 1895, 1897 жылдары өткен. Шу бойындағы жалайырлардың Жетіқоңыр жайлауына қоныстануы жайлы маңызды мәлімет Атбасар уезінде 1898 жылдары жүргізілген санақ парақтарында кездеседі. Онда: «XIX ғасырға дейін Атбасар уезінің аймағы Шу өзенінің оң жақ жағасындағы қазақтардың жайлауы болған» делінген<sup>175</sup>.

Шу жалайырлары Жетіқоңыр жайлауына жету үшін Бетпақ-дала шөлін кесіп өткен. Шу бойынан бастау алған көш жол бойындағы құдық бастарына тоқтап, үдере жүру бағыты арқылы жылжып отырған. Бетпақ даланың шөлді аймағы ыстық болғандықтан таң ата ерте жолға шығып, шаңқай түсте суатқа тоқтап дем алып, кеш түсе қайта жолға шыққан. Бетпақ даладағы Текеқосқұдық, Дабұсынтүзкөл құдықтарының аралығындағы жер халық арасында «Онбес құлаш» атанып кеткен. Онбес құлаш бастарындағы

---

<sup>175</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Атбасарский уезд Акмолинской области. – Воронеж, 1902. - 1-7 бб.

суатқа тоқтап дем алғаннан кейін Қабақ елді мекенінен өткен. Онбес құлаштан Қабаққа дейінгі жолда 28 құдық болған Текеөткел өткелінен өтіп, осылайша Бетпақдала арқылы Сарысу өзені бойындағы Жетіқоңыр жайлауына барып тоқтаған. Бұл жайлаудың Жетіқоңыр атануы жеті елді мекеннен тұратын жеті жайлаудың жалғасып жатуы себепті. Олар Дабұсын, Кент, Қотан, Талды, Барша, Жиделі, Табылғылы. Жетіқоңыр аймағында Сәменқұм, Қатынқұм, Қанқарабас сияқты құмды алқаптар да бар. Солтүстігіндегі Ұлытаудан соққан самал жел де Жетіқоңыр табиғатының жаздық жайылымға қолайлы етті.

Шу бойынан Жетіқоңыр жайлауына жету бағыты келесідегідей: Шу өзені – Құрманның құмы – Хан жолы – Шағанақ көлі – Бұралқанынтүз көлі – Қазанған таулары – Шекпен қалған құдығы – Тесбұлаққұдығы – Тоқымтыққанқұдығы – Уанасқұдығы – Қосқұдыққұдығы – Біртескенқұдығы – Сорбұлаққұдығы – Дабұсынтүзқұдығы – Жаман қорған – Мойынқұм құмы – Сәменқұм құмы – Жетіқоңыр құмы – Тасөткел өткелі – Сары су өзені – Жетіқоңыр жайлауы<sup>176</sup>.

Шу бойындағы жалайырлардың малы көп шаруашылықтарының кейбірі қыс кезінде малдарын Қызылқұмға айдаса, кейбірі Бетпақ даланың оңтүстік аңғарына қарай және Үшкөкшекұм құмына қарай айдаған.

Шу өзені бойындағы жалайырлардың қонысын В.В. Радлов жазбалары да негіздей түседі<sup>177</sup>.

Сырдария облысының Черняев уезінде Әулиеата уезінің Шу болысындағы жалайырлардың бәйдібек, қопсық, жалымбет аталықтарының бір бөлігі қоныстанды.

Олардың шығу тегі келесідегідей тарқатылады. Жалайыр-қарақармыс- тынсейт-ербөлек- байқазы- байдалы-қопалы-қарамола-бәйдібек; Жалайыр қарақармыс-тынсейт-ербөлек-байқазы-жамақ-қопсық;

---

<sup>176</sup> Россия полное географическое описание нашего отечества. Т. ХУІІІ. По Ред. В.П.Семенова. – Спб., 1903. Приложения. Карта Киргизского края.

<sup>177</sup> Радлов В.В. Средняя Зеравшанская долина. // Записки Императорскаго Русскаго Географическаго общества по отделению этнографии. Т. 6. – Спб., 1880. – 66 б.

Жалайыр қарақармыс - тынсейт - ербөлек - байқазы - бердіқұл-қожамжар - мырзакелді - асым - **жалымбет**<sup>178</sup>.

Черняев уезінде олар Шу өзенінің шығыс жақ бетіндегі жерде қоныстанды.

## §6. Оңтүстік өңірдегі жалайырлар

### а) Шымкент уезіндегі жалайырлар

Сырдария облысының Шымкент уезі солтүстігінде Ақмола облысымен, оңтүстік-батысында Самарқан уезімен, солтүстік батысында Перовск уезімен шектесті. Шымкент уезінде Ұлы жүздің дулат, ысты, ойық, ошақты руларымен қатар жалайырлар да кездесті.

1884 жылы Шымкент уездік басқармасының Н.Гродековқа берген мәліметі бойынша Бестамғалы болысында 134 шаңырақ, Күнгеі-Сіргелі болысында 162 шаңырақ жалайыр болған<sup>179</sup>.

Шымкент уезінде жалайырлар Бөген болысының №2 және №9 әкімшілік ауылдарына біріккен. Жалайырлар ауылдары Сасық және Бөген өзендерінің бойын алып жатты.

№2 әкімшілік бойынша, **Әбдірахман Көбен** ақсақал басқарған ауыл Сасық қыстауында отырып, 16 шаңырақ, 90 адамды құрады; **Ахмет Бұланбай** ақсақал ауылы Бөген қыстауында 17 шаңырақ, 102 адамды құраған; **Әмірқұл Қожамжар** ақсақал ауылы Наурызбай қыстауында 26 шаңырақ, 154 адамды; **Шұрым Торыбай** ақсақал ауылы Сасық қыстауында 15 шаңырақ, 65 адамды; **Жақсылық Елбенді** ақсақал ауылы Кемер қыстауында 129 адамды; **Нармағанбет Күлет** ақсақал ауылы Сасық қыстауында 6 шаңырақ, 28 адамды; Тұрлыбек Өтеміс ақсақал ауылы Қондыбай қыстауында 28 шаңырақ, 152 адамды; **Батырбас Баямбай** ауылы 20 шаңырақ, 103 адамды; **Айдар Темірбай** ауылы Жантақ-сай қыстауында 23 шаңырақ, 126 адамды; **Құрмағанбет Малдыбай**

---

<sup>178</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложения. Родословная киргиз-казаков.

<sup>179</sup> Киргизы и карагиргизы Сыр-дарьинской области. Том 1. Юридический быт. - Ташкент. 1889. - 18-196б

ауылы Бөген қыстауында 3 шаңырақ, 18 адамды құрап отырған. Бұл әкімшілікте барлығы 180 шаңырақ, 967 адам болған<sup>180</sup>.

**Бөген** болыстығының № 9 әкімшілік ауылында жалайыр **Смайыл Таубасар** ақсақал 15 шаруашылығы мен 89 адамымен Тас Кешу қыстауында тұрса, **Жусабай Ақбас** ақсақал Қызыл Сеңгір деп аталатын қыстауында 25 шаруашылығы мен 129 адамы бар. **Жайлаубай Киікбай** ақсақалдың Ін Арық қыстауында 18 шаруашылығы мен 120 адам болған. **Бейсембай Низақ** ақсақалдың Мешіт қыстауында 20 шаруашылығы мен 92 адамы болды. Барлығы 78 шаруашылық пен 430 адам<sup>181</sup>. Бұл қауымдағы Жалайырлар Сасық өзені мен оның сағасы Темір арығы бойында орналасты.

Шымкент уезінде қоныстанған тайпалар арасында отырықшы мал шаруашылығы басым болды. Бұл өңірде Сырдариядан бастау алатын өзен сулардың молдығы егіншілік пен бау-бақша шаруашылығын дамытуға қолайлы болды. Алайда малы көп шаруашылықтар ерте көктемнен жайлауға қарай бет алған.

Шымкент уезінде жалайырлар қоныстары Сасық пен Бөген өзендері аңғарларын алып жатты.

### ә) Қазалы уезіндегі жалайырлар

Қазалы уезі Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасып, батысында Арал теңізімен, солтүстік батысында Ырғыз уезімен, шығысында Перовск уезімен шекараласты. Бұл жерде Кіші жүз Әлім руы тайпалары арасында жалайырлардың алдияр аталығынан тараған аз ғана бөлігі ішінара қоныстанды. Олар Шу өзені бойынан жоңғар шапқыншылығы дәуірінде бөлініп келіп кірме болып қалып қойған.

1911 жылы Қазалы уезінде жүрген санақ кезінде жалайырлардың бір ауылы Қорғаншы болысы құрамында болғаны белгілі болды. Қарақозы Күзер ақсақалдың билігіне қараған бұл ауыл Боқышбай Шаршағыл қыстауында қыстап, жазда ауылдың басым бөлігі

---

<sup>180</sup> Матеріалы по киргизскому землепользованию. Сырь-Дарьинская область. Чимкентский уездъ. –Т. 2. Выпуск. 2. -Ташкент. 1910. – 68- 75 бб.

<sup>181</sup> Матеріалы по киргизскому землепользованию. Сырь-Дарьинская область. Чимкентский уездъ. –Т. 2. Выпуск. 2. -Ташкент. 1910. -86 б.

жергілікті тайпалармен қатар Ырғыз уезі жеріне қарай көшкен. 1907 жылы олардың 30 шаңырағында 302 адам болған<sup>182</sup>.

Қазалы уезінде жалайырлар жергілік әлім руынан тараған тайпалармен тығыз араласып, олармен бірге көшіп-қонды. Негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығына негізделіп, Ырғыз уезі арқылы Қостанай уезіндегі жайлауларға дейін барған. Көшудің «меридиональды» бағытын ұстанды.

### **б) Әмудария бөліміндегі жалайырлар**

Сырдария облысының Әмудария бөлімі 5 шаруашылық өңірге, яғни Дәуқара, Шымбай, Талдық, Шурахан, Қызылқұм аудандарына бөлінген.

Қазақ тайпаларының Әмудария бөлімі жеріне қоныстануы қазақ жерінде болған шапқыншылықтар мен отаршылдыққа да тікелей байланысты. ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. қазақ жеріне қалмақ-жоңғар шапқыншылығы кезеңінде кейбір қазақ тайпалары көршілес жатқан шет мемлекеттерге қарай ығысты. ХҮІІІ ғ. қытайлар қысымы, қазақ жүздерінің Ресей қол астына кіруі, қоныстанушылар легінің толастамауы, Ұлы жүздің Қытай қысымынан Қоқан хандығы қысымына түсуі, ХІХ ғ. ортасында орыс әкімшілігі құзырына өтуі қазақтардың көптеген қауымын атамекенінен бас сауғалап ауа көшуіне мәжбүр еткен. Әмудария бөлімінде қазақтардың басым бөлігі Кіші жүз қазақтары болғанымен, Ұлы жүздің жалайыр, қаңлы, сіргелі сияқты тайпалары ішінара кезікті.

Әмудария қазақтары арасында егіншілік баса дамыды. Егіншілік Әмудария бөлімінде ХҮІІІ ғ. бастап кеңінен етек ала бастаған<sup>183</sup>.

Әмудария жері шабындықтарға да мол болған. Егіншіліктің баса дамуына қарамастан өздерінің атакәсібіне сәйкес Әмудариялық

---

<sup>182</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Казалинский уезд. Ташкент. - 122 – 123 бб

<sup>183</sup> Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Амударинском отделе Сырдаринской области. Земледелие. Гл. У. Ташкент, 1915. Вып.2. – 190 б.

қазақтар мал шаруашылығымен қоса айналысып, жылқы малы мен ірі қара өсіруге көп көңіл бөлді. Дәуқара мен Қызылқұм аудандарында көшпелі шаруашылық басым болды. Малды қысқы суықтан қорғау жақсы ұйымдастырылып, қора соғу ісі де дамыған<sup>184</sup>.

А.Хорошхин “Кызыл-кум (историки-этнографический очерк)” атты мақаласында Қызылқұм құмдарында Бұқан, Тохта, Тамды тауларының етегінде көшіп жүрген жалайыр тайпасының бар екендігін жазған. Бұл өңірде жалайырлар қоңырат, арғын, қаңлы, тама, табын, жағалбайлы, кердері руларымен аралас көшіп жүрген. А.Хорошхин Қызылқұмға көшпелі тайпалардың ығысуын, 1867 жылғы Әкімшілік Ережемен байланысты екендігін айта отырып, Қызылқұм тайпаларының көшпелі болуына байланысты олардың нақты санын анықтау екендігін ескертіп, “шамамен олардың саны 3000 шаңырақ, 15 000 адам”, - деп көрсеткен<sup>185</sup>.

Қоңырат болыстығының № 11 ауылында **Мәмбет Садық** ақсақалдың Жалайыр Қышлақ деп аталатын қыстағында 52 шаңырағы мен 269 адамы болған<sup>186</sup>.

Шымбай уезі Қоңырат болысының №2-ші ауылына қарасты Жалайыр-қышлақ ауылына қатысты осындай дерек 1920 жылғы санақ кітабында да тіркелген<sup>187</sup>.

Жалайырлар қоныстанған Қоңырат болысының қазақтары егіншілікпен қатар мал шаруашылығына да ерекше көңіл бөлген. Мал отарын жалдамалы малшының қарауына беріп, жайлауға жіберіп, өздері егістікті қарап қалып отырған.

---

<sup>184</sup> Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Амударинском отделе Сырдаринской области. Земледелие. Гл. V. Ташкент, 1915. Вып.2. – 285 бб.

<sup>185</sup> Хорошхин А. Кызыл-кум (историки-этнографический очерк) // ТВ. 1873. №18. - 70-71 бб.

<sup>186</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Аму-Дарьинский отдел. Сырь-Дарьинская область. – Вып., 2. –Ташкент, 1915. -122-124 бб.

<sup>187</sup> Материалы Всероссийских переписей 1920 года. Перепись населения в Туркестанской Республике. Ч1. Поселенные итоги. Вып. II. Поселенные итоги Аму-дарьинской области. – Ташкент, 1923. - 17 б

## в) Құрама уезіндегі және Қызылқұмдағы жалайырлар

Қазақты құраған тайпалардың бір бөлігінің жаугершілік заманда өзбек халқының құрамына енгендігін дәлелдеп отыр. А.Левшин “ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезеңінде Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының бір-бөлігі Ходжентке, Орта жүз қазақтарының бір бөлігі Самарқантқа, ал Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Хиуа мен Бұқар хандықтарына қарай бас сауғалады, - деген<sup>188</sup>. Өзбек халқына “кірме” болған түркі тілдес тайпалар “құрама” тайпасын құрап, “құрама” термині 15 ғасырдан бастап белгілі болып, 18 ғ-дағы “ақтабан шұбырынды” жылдарынан кейін кеңінен қолданылған. Жалпы құрамалар қауымының қалыптасуы ХҮІІІ ғасырдың 1-ші жартысына саяды. В.Радлов “құрамаларды Түркістан өлкесіндегі түрік тайпасы”, - дей отырып, қазақтың “құрама” “әр түрлі қиындылардан құрау” сөзімен байланыстырады<sup>189</sup>. “Құрама” сөзі ХІХ ғ. тек этнографиялық, этникалық мағынада ғана емес, географиялық және әкімшілік мағынада да қолданылды, бұл этноним атымен олар қоныстанған “Құрама уезі” деп аталды. Құрама уезі кейін Ташкент уезі болып өзгерді. Құрамалар Ташкент пен Ходжент аралығындағы қышпақтарды мекендеген. Негізгі тұрғындарын қазақтар мен сарттар құраған. В.В. Радлов қазақ құрамалардың негізгі бөлігі жалайыр, тама, жағалбайлы, тарақты руларынан тұрады, - дейді<sup>190</sup>.

Ташкент уезі Сырдария өзенінің оң жақ сағалары Ангрен, Шыршық, Келес аңғарындағы 24096 кв. верст жерді алып жатты. Ангрен бассейнінде Аблық, Телеу, Хордан, Каріз, Бөкен, Пскент, Аққорған, Кенжеғалы, Османата болыстары; Шыршық бассейнінде Ниязбек, Зеңгіата, Қытайтөбе, Ғайбата,

---

<sup>188</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. -СПб., 1832. -69-72 бб.

<sup>189</sup> Радлов В. Опыт словаря тюркских наречений. Т.ІІ. СПб., 1899

<sup>190</sup> Радлов В.В. Средняя Зеравшанская долина // Записки Императорскаго общества по отделению этнографии. Том.6. СПб., 1880. – 65 б.

Шыназ, Майдантал, Қосқорған, Жетікент, Жалалтөбе, Тойтөбе болыстары; Келес бассейнінде Жетісу, Үштамғалы, Шарапхана, Ақжар, Болат, Үштөбе, Алтын, Жаусүгім болыстары орналасқан<sup>191</sup>. Келес бассейніндегі Жаусүгім болысын толығымен қазақтар қоныстанса, Үштөбе болысының 98 %-ын, қалған болыстарының 52 –ден 66 %-ын; Шыршық бассейніндегі Жалалтөбе, Қытайтөбе, Майдантал болыстарының 77-ден 91,5%-ын, Ғайбата, Қосқорған, Тойтөбе болыстарының 51-ден 62 %-ын, қалған болыстарының 6-дан – 39 %-ын; Ангрэн бассейніндегі Пскент болысының 26,5%-ын, Аққорған, Бөкен, Кенжеғалы болыстарының 3-тен 11 %-ын қазақтар құраған<sup>192</sup>.

Ташкент уезіндегі құрамалардың негізгі бөлігін түркі тайпалары құраған. Құрама құрамына кірген қазақ тайпалары қоныстанған жерлер сол тайпаның атымен аталып кетіп жатты. Арғын, Қаңлы, Сіргелі, Жағалбайлы, Керейт, Алтын, Рамадан, Телеу, Жалайыр, Жаныс деген ауыл аттары осының айғағы. Жалайыр деп аталып кеткен ауылдың негізгі тұрғындары жалайыр екендігі даусыз.

1920 жылғы санақ мәліметі бойынша Ташкент уезінің Аққорған болысының Жібек шаруашылық қауымындағы Жалайыр ауылында 77 шаңырақ, 289 адам тұрған<sup>193</sup>.

Ғайбата болысына қарасты Қазан Ата шаруашылық қауымындағы Жалайыр ауылында 1920 жылы 61 шаңырақ, 229 адам болған<sup>194</sup>.

Зеңгіата болысына қарасты Ноғай Қорған шаруашылық қауымындағы Жалайыр ауылында 83 шаңырақ 287 адам болды<sup>195</sup>.

Ниязбек болысына қарасты Қадыр шаруашылық қауымындағы Жалайыр ауылында 1920 жылы 112 шаңырақ 435 адам тұрды<sup>196</sup>.

---

<sup>191</sup>Материалы всероссийских переписей 1920 года. Поселенные итоги. Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ч. 1. -Вып. 3. –Ташкент, 1923. - 8 б.

<sup>192</sup> Сонда. – 50-51 бб.

<sup>193</sup>Материалы всероссийских переписей 1920 года. Поселенные итоги. Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ч. 1. -Вып. 3. –Ташкент, 1923. -35 б.

<sup>194</sup> Материалы всероссийских переписей 1920 года. Поселенные итоги. Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ч. 1. -Вып. 3. - 43 б.

<sup>195</sup> Сонда, - 48 б.

<sup>196</sup> Бұл да сонда, -55 б.



Осы болысқа қарасты Ниязбек шаруашылық қауымындағы Жалайыр ауылында 29 шаңырақ 163 адам болды<sup>197</sup>.

Кенжеғалы болысына қарасты Ханабад шаруашылық қауымындағы Балғалы ауылында 1917 жылғы мәлімет негізінде 17 шаңырақ, 82 адам болған.<sup>198</sup>

Майдатал болысында жалайырлар шанышқылы, найман, рамадан, тама, қожа руларымен аралас қоныстанса, Ғайыпата болысында ошақты, қаңлы руларымен және қарақалпақтармен аралас қоныстанды.<sup>199</sup>

1913 жылы жазылған Әулиеата уезіндегі жалайырлар шежіресін негізге алар болсақ, Құрама уезіндегі жалайырлар Шу және Сыр өзендері бойынан қоныс аударған<sup>200</sup>.

М.А.Терентьев бойынша 1870 жылы Құрама уезінде 20 710 қазақ шаңырағы, онда 150 000 қазақ-құрама болса,<sup>201</sup> соның ішінде Тойтөбе аймағында – 6150, Ангрэн аймағында - 291, Шыршықта – 14269 қазақ-құрама шаңырағы болған<sup>202</sup>. Жалайырлар қоныстанған Ғайб ата болысында 748 қазақ шаңырағы, 355 басқа құрамалар шаңырағы; Майдатал болысында 380 қазақ шаңырағы, 872 құрамалар шаңырағы болған<sup>203</sup>.

Ал, Түркістан Статистикалық Комитеті 1870 жылы Құрама уезінде 26731 шаңырақ болғандығын айтады<sup>204</sup>. 1877 жылы Құрама уезіндегі тек көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын шаңырақтың саны 11700 болған<sup>205</sup>.

---

<sup>197</sup> Материалы всероссийских переписей 1920 года. Поселенные итоги. Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ч. 1. -Вып. 3. -56 б.

<sup>198</sup> Сонда, - 79 б.

<sup>199</sup> Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 17 қор, 1 тізбе, 2909 іс, 53-54 пп

<sup>200</sup> Родословная киргиз-казак. // В кн. Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложение.

<sup>201</sup> Терентьев М.А. Статистические очерки Средне-Азиатской России. – Спб., 1874. - 80 бб

<sup>202</sup> Сонда, - 79 б.

<sup>203</sup> Бұл да сонда, - 73-76 бб

<sup>204</sup> Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып.1. Спб. - 1872. – 6б.

<sup>205</sup> Статистическое сведения Кураминского Уезда в 1877 года // Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. И-17 қор, 1 тізбе, 3040 іс, 381 п.

1917 жылы құрамалардың саны 52335 адам болса, 1920 жылы 49697 адам болған<sup>206</sup>.

В.В.Радловтың көрсетуінше: «Ташкент пен Ходжент аралы-ғында тұратын құрамалар бес тайпаны құрайды. Олар: жалайыр, телеу, тама, жағалбайлы, тарақты»<sup>207</sup>. Сондай-ақ ол жалайырлардың Ташкент маңын қоныстанғандығында айтып өтеді<sup>208</sup>.

Б.Х. Кармышева өзбектер арасындағы жалайырлар жайында төмендегідей дерек келтірген: «Өзбектер құрамына енген жалайырлардың бір тобы Шығыс Бұқара өңірінде найман, сарай, қаушын, кенегес, маңғыт, қытай тайпаларымен аралас қоныстанса,<sup>209</sup> тағы бір бөлігі Сурхан өзенінің оң жақ бетінде Шуршадан оңтүс-тікке қарайға жердегі Жалайыр қышлағында қоныстанған»<sup>210</sup>.

Жалайырлардың Әмудария мен Сырдарияның аралығына келіп, орнығуы ХІҮ ғасырға саяды. В.В.Бартольд ХІҮ ғасырда түркі-монғолдар Маверенахрдың мәдени оазистеріне орналасты, - деген<sup>211</sup>. Жалайырлар Сырдария бассейніне орнығып, Ходжент орталық қаласы болған<sup>212</sup>.

---

<sup>206</sup> Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. // Труды комиссий по изучению племенного состава население Росий и сопредельных стран. Вып.9. – Л. 1925. – 12-13 бб.

<sup>207</sup> Радлов В.В. Из Сибири. Гл III. Население Южной Сибири и Дзунгарии. –М., .... – 102 б.

<sup>208</sup> Сонда, – 111 б.

<sup>209</sup> Кармышева Б.Х. Очерки этнической истории Южных районов Таджикистана и Узбекистана (По этнографическим данным) - М. 1976. - 108 б .

<sup>210</sup> Сонда. – 109 б.

<sup>211</sup> Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана // Соч. Т.II. Ч. I. – М., 1963. – 236-264 б.

<sup>212</sup> Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана // Соч. Т.II. Ч. I. – М., 1963. – 264 б. ; Кармышева Б.Х. Очерки этнической истории Южных районов Таджикистана и Узбекистана (По этнографическим данным) - М. 1976. – 24 б .



### Жизақ уезі және Қызылқұмдағы қазақтар қоныстары

Самарқан облысының **Жизақ** уезінде жалайырлардың тоқболат аталығынан тараған қауымның бір бөлігі қоныстанды. Олар жалайырдың қарақармыс руынан тараған: Жалайыр - қарақармыс – тоқболат<sup>213</sup>.

Жизақ уезінде жалайырлар Жалайыр қышлағында тұрған. Жалайыр қышлағында 1870 жылы майор Котуренконың Түркістан Статистикалық Комитетіне берген мәліметі бойынша 40 шаңырақта, 123 адам болса,<sup>214</sup> жалпы Жизақ уезінде 1870 жылы 2224 шаңырақ болған<sup>215</sup>. Жизақ уезіндегі Балғалы қышлағының да атауының жалайырдың балғалы руына байланысты екендігі даусыз. Себебі өзбектер құрамындағы жалайырлар балғалы және

<sup>213</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулиеатинского уездов Сырдаринской области. Ташкент. 1915. Приложения. Родословная киргиз-казаков.

<sup>214</sup> О населенных местах Джизакского уезда. // Ежегодник Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. 1. – Спб. 1872. – 71 б.

<sup>215</sup> Сонда, - 6 б.

қайшылы руларынан тараған. Балғалы қышлағында 1870 жылы 20 шаңырақта, 60 адам өмір сүрген<sup>216</sup>.

Жизак уезіндегі жалайырлардың қоныстануын тайға таңба басқандай етіп, нақты көрсеткен В.Пельцтің «Очерки Южных Кызылкумов» атты еңбегінің маңыздылығы зор<sup>217</sup>. Жизак уезінің Қызылқұм болысының 4-ші ауылында ішінара қоныстанып, Наурызбай құдығы суын пайдаланған. Қызылқұм болысының 5-ші ауылын толығымен жалайырлар қоныстанды десе болады. Олар Өтеп, Егенберді, Дәулет, Османкөл, Назарбай, Әбужаппар, Асан, Шады, Жолдасбек, Есмамбет, Кенесары, Абдірайым, Тәңірікүл, Мамагүл, Рысбек, Молдакүл, Балатауын, Байтүрек, Отолшан, Асамбет, Қожабай, Молалы, Қытай, Жейсенбі, Қарағай, Мәмбет, Бүркіт, Жандос, Осман, Жүсіп, Ақмәмбет, Бекмұрат, Сапақ, Қожабай, Абұйыр, Тоймас, Мұрат, Ақбала, Егенберді құдықтарының басында қоныстанды.

Жаусықұм болысында жалайырлардың күшік руынан тарағандар ішінара қоныстанып, Тұрымбет құдығы елді мекенін алып жатты. Қызылқұм өңірі шөлді аймақ болғандықтан жергілікті халық өздері қаздырған құдық суларын пайдаланған<sup>218</sup>.

Хиуа хандығы мұрағытында сақталған құжаттарға сүйенетін болсақ, Хиуадан шығысқа қарайға 40 шақырым жерде орналасқан Янга-арық бойындағы Жалайыр елді мекені болғандығын көрсеткен<sup>219</sup>. Осы мұрағатта сақталған тағы бір құжат 1847-1857 жылдары Жалайыр Вейс-ата мешіті 228, ал Жалайыр Садық-ата мешіті 320 дан жер көлемін, алып жатқандығын, Вейс-ата мешіті маңында 32 шаңырақ тұрғын болғандығын көрсетеді<sup>220</sup>.

Қоқан хандығының тарихына қатысты құжаттар каталогындағы мәліметтер де өзбектер арасындағы жалайырлар өздері қоныс-

---

<sup>216</sup> О населенных местах Джизакского уезда. // Ежегодник Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. 1. Спб. 1872. – 72 б.; Гребенкин А.Д. Узбеки // Русский Туркестан. Сборник, изданный по поводу Политехнической выставки. Вып. II. – М. - 108 б.

<sup>217</sup> Пельц В. Очерк южных Кызыл-Кумов. – Самарканд, 1912.

<sup>218</sup> Пельц В. Очерк южных Кызыл-Кумов. – 48-59 бб.

<sup>219</sup> Иванов П.П. Архив Хивинских ханов XIX в. Исследование и описание документов с историческим введением. А. 1940. – 40 б.

<sup>220</sup> Сонда. – 51-52 бб .

танған жерді өз тайпаларының атымен атағандығын тағы да негіздей түседі. Қоқан хандығы иелігінде Жалайыр калан, Жалайыр қышлақ деген жерлер болған<sup>221</sup>.

А.Д.Гребенкин **Қаттақорған** өңіріндегі жалайырлар бұл өңірдің солтүстік-батыс бөлігін, сондай-ақ Ақдарияның екі жақ бетін, Қарадарияның оң жақ бетіне дейінгі жерді қоныстанған. Бұл жердегі жалайырлар балғалы және қайшылы руларынан тараған. Негізгі кәсіптері егіншілік. Өзбектер құрамындағы жалайырлар 34 қышлақта түркмен, қытай, бағрин, маңғыт т.б. тайпалармен аралас қоныстанған, барлық саны 3500 адам<sup>222</sup>.

Зерафшан аңғарын мекен еткен тайпалар үшін мал шаруашылығының да, егін шаруашылығының да маңыздылығы жоғары болған<sup>223</sup>.

Осылайша, Жалайыр тайпасы руларының қоныстану ауқымы кең екендігіне көз жеткіздік.

---

<sup>221</sup> Тройцкая А.П. Каталог архива Кокандских ханов XIX века. М. 1968. – 77, 98-99 бб.

<sup>222</sup> Гребенкин А.Д. Узбеки // Русский Туркестан. Сборник, изданный по поводу Политехнической выставки. Вып. II. – М. - 108 б.

<sup>223</sup> Арандаренко Г. Скотоводство в Зерафшанской долине // В кн. Досуги в Туркестане. Спб. 1889. – 81-82 бб.

## ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

### ЖАЛАЙЫРЛАР ШЕЖІРЕСІ

#### §1. Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты материалдарға сипаттама

Жалайыр тайпасы – қазақ халқын құраған қазақ этносының ұйтқысы, өзегі болған ірі тайпалардың бірі. XV-XVI ғасырларға дейін жалайырлар басқа да түркі тілдес тайпалар секілді Еуразияның этносаяси тарихында өзіндік роль атқарып, маңызды орын алған. XIII-XV ғасырлар аралығындағы этникалық және саяси дамулар барысында көптеген ірі тайпалар қазіргі түркі тілдес халықтардың этногенезіне қатынасып бөлшектенеді. Жалайыр тайпасы да осындай процесті басынан өткеріп, оның рулық бөлімдері ноғай, башқұрт, қарақалпақ, өзбек, қырым, қазан, сібір татарлары құрамына енеді. Сондай-ақ бұл тайпа Дешті Қыпшақтың басты тайпаларының бірі ретінде қазақ халқының негізін құрайды да, Ұлы Жүз тайпаларының «ноқта ағасы» болып есептеледі<sup>224</sup>.

Жалайырлар шежіресі туралы әңгімелегенде, біз, қазақ халқының құрамына еніп, өздерін қазақ халқының өкіліміз деп санайтын Жалайыр тайпасының бөлімдері мен рулары, ру тармақтары мен аталары жөнінде айтамыз. Ал басқа халықтардың құрамына енген жалайырлар жөнінде осы еңбектің әр тарауы мен тараушаларында жеке баяндалады.

Жалайыр тайпасының шежіресіне бірден кіріспес бұрын алдыменен біз, осы тайпаның шежіресіне қатысты материалдарды талдай, саралай келе, шартты түрде төмендегіше жіктедік.

1. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс деректеріндегі мәліметтер.

Бұл топтағы материалдарға 1748 жылдың 24 қыркүйегінде М.Тевкелев құрастырған Орта және Ұлы жүз қазақтарының ру-тайпалық құрамы жөніндегі сипаттамасының мәліметтері<sup>225</sup>, 1803

---

<sup>224</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. -Т. 1. Юридический бытъ. -Ташкент, 1889. – 7 б.

<sup>225</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). -Алматы, 1961. -407-408 бб.

жылы Орынбор әскери губернаторы князь Г.С. Волконскийдың тапсырмасымен старшина Көбек Шүкірәлиұлы мен қазан татары Ғали Шахмұтаров құрастырған Ұлы, Орта және Кіші Жүз руларының саны, көші-қоны және сауда-саттығы туралы жазбасының мәліметтері<sup>226</sup>, 1825 жылдың қазанында жазылған «Ұлы Жүз руларының сипаттамасы»<sup>227</sup>, 1872 жылы Н.А. Маевтың редакциясымен Санкт-Петербургте жарық көрген «Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края» атты жинақтың деректері<sup>228</sup> жатады. М.Тевкелевтің сипаттамасында «Ұлы Жүзде он тайпа бар. Олардың барлығы Үйсін деп аталады», - деп баяндалады да, одан әрі он тайпаның атауы жазылады<sup>229</sup>. Он тайпаның бірі ретінде Жалайыр тайпасының атауы беріледі. М. Тевкелев мәліметінің құндылығы мен ерекшелігін мынадан көруге болады: бұған дейінгі дерек мәліметтерінде Жалайыр тайпасының атауы белгілі бір оқиғаға немесе белгілі бір тұлғаның шыққан тайпасы ретінде кездесе, бұл жерде Ұлы Жүздің ру-тайпалық жүйесінде алғаш рет айтылып тұр. Сондай-ақ, бұл мәліметте айтылған он тайпаның тоғызы – Ботбай үйсін, Жаныс үйсін, Албансуан үйсін, Қаңлы үйсін деп көрсетілсе, Жалайыр тайпасының атауы ешбір қосымшасыз беріледі<sup>230</sup>. Жалайыр тайпасы атауының бұлайша берілуін оның Ұлы Жүз тайпалары арасында ерекшелігін көрсетсе керек.

Ал Г.С. Волконскийдің мәліметіне қарап Жалайырлардың ХІХ ғасыр басында екі бөлікке бөлінгендігін және жалпы саны ХІХ ғасыр басында 7000-дай отбасыдан тұрғандығын білуге болады<sup>231</sup>. Орыс дерегінде айтылатын екі бөлікке – Шуманақ және Сырманак атты тайпалық бөлімдер жатса керек.

---

<sup>226</sup> Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т. 4. – М. - Л., 1940. Приложение № 4. -512 б.

<sup>227</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. № 129 құжат. -223-224 бб.

<sup>228</sup> Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Под редакцией Н.А. Маева. Вып. 1. –СПб., 1872. -158-161 бб.

<sup>229</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата, 1961. - 407 б.

<sup>230</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата, 1961. -407 б.

<sup>231</sup> Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т. 4. – М.-Л., 1949. – 512 б.

«Ұлы Жүз руларының сипаттамасы» атты мәліметте Жалайыр тайпасы Ұлы Жүздің ру-тайпалық құрамында кездесіп, оның рулары алғаш рет беріледі. Осы мәліметте Жалайыр тайпасының құрамында он екі рудың болғандығы айтылады<sup>232</sup>. Н.А. Маевтың редакциясымен 1872 жылы жарық көрген «Ежегодник» Жетісу облысы Қопал уезіндегі он үш болыстықтың құрамындағы ру-тайпалар атаулары, ауылдар мен шаңырақтар сандары кесте түрінде беріледі<sup>233</sup>.

Уездің 7 болыстығында Жалайыр тайпасының Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, Қалпе, Сыпатай, Арықтыным, Байшегір, Сиыршы, Балғалы, Қайшылы және Күшік атты он үш руы орналасады<sup>234</sup>. Бұл мәліметтің Жалайыр тайпасының шежіресін жазуда тигізер көмегінің көп екендігіне ерекше көңіл аударамыз.

2. Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты мәліметтерді ХІХ-ХХ ғасыр басында жарық көрген орыс зерттеушілерінің еңбектерінен кездестіруге болады. Сол себепті де біз, бұл екінші топты ХХ ғасыр басына дейін жарық көрген орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі мәліметтер деп атаймыз. Бұл топқа жататын қажетті материалдарды жазба деректерден, статистикалық мәліметтерден, сондай-ақ, халық арасынан жинақтауы жатады. Орыс зерттеушілері қазақ халқының тарихын, этнографиясын, шаруашылығын, қазақ жерінің географиясын зерттеп қана қоймай, халықтың ру-тайпалық құрамы мен құрылымына ерекше назар аударады. Осы бағыттағы зерттеулерде қазақ халқының шығу тегі, белгілі бір тайпаның бөлімдері, оған енетін рулар, рулардың тармақтары жөнінде құнды мәліметтер ұшырасып жатады. Қарастырып отырған Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты жалпылама және нақты мәліметтер А.И. Левшин, Н.А.Абрамов, Н.И. Гродеков, Н.А. Аристов,

---

<sup>232</sup>Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. № 129 құжат. -224 б.

<sup>233</sup> Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Под редакцией Н.А. Маева. Вып. 1. –СПб., 1872. -158-160 бб.

<sup>234</sup> Сонда. 158-160 бб.



Г. Потанин секілді белгілі зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі<sup>235</sup>.

А.И. Левшин өзінің қазақ халқы жөнінде 1832 жылы жазған белгілі еңбегінің «Этнографиялық зерттеулер» атты бөлімінде қазақ халқының әр жүзіндегі тұрғындар санын, әр жүздің ру-тайпалық құрылымын баяндай келе, Жалайыр тайпасын Ұлы Жүздің құрамында көрсетеді<sup>236</sup>. Одан әрі зерттеуші қазақ тайпалары өз ішінде бөліктерге, олар бөлімдерге, ал олар бөлімшелерге жіктелетінін ескертіп, мысал ретінде Кіші Жүздің Масқар тайпасының тарқатылуын дәлел етіп жазады<sup>237</sup>. Сондай-ақ А.И. Левшин Ұлы Жүз тайпалары Шу, Талас, Іле, Көксу, Қаратал, Шыршық, Сыр, Сарысу өзендері бойында, Құлжа, Қашғар, Қокан, Ташкент, Түркістан қалалары төңірегінде, Жетісуда және Қытай шекарасына жақын жерлерде мекендейтінін жазып өтеді<sup>238</sup>. Бұл мәліметтер Жалайыр тайпасы үшін жалпылама сипатта болса, одан кейінгі материалдар Жалайырлардың қоныстанған өңірлерін нақтылап көрсетеді.

Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты қажетті материалдарды Ш.Уәлихановтың зерттеулерінен кездестіреміз. Оның 1855 жылы жазылған «Ұлы Жүздегі аңыздар мен әңгімелер» атты мақаласында ел аузынан жиналған мәліметтерге негізделіп, Ұлы Жүз тайпаларының шежіресі баяндалады. Оның шежірелік мәліметтері Діқанбай батырдың шежіресімен сәйкес. Тікелей Жалайыр тайпасын айтар болсақ, Шоқан онда Жалайырдың Шуманақ және Сырманақ атты екі ұлы болған деп жазады<sup>239</sup>.

---

<sup>235</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, 1996. –287-294 бб.; Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. –270-273 бб.; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т. 1. Юридический бытъ. –Ташкент, 1889. – 299 б.; Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. – 114 -120, 391-407 бб.; Потанин Г. Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. // Живая старина. –Петроград, 1917. –54-64 бб.

<sup>236</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. –Алматы, 1996. –290 б.

<sup>237</sup> Сонда. –291 б.

<sup>238</sup> Сонда. –294 б.

<sup>239</sup> Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. –Алма-Ата, 1984. –274 б.

XIX ғасырдың 60-шы жылдары Ресей Жетісу жерін жаулауды аяқтағаннан кейін, аймақты және оның халқын зерттеуге кіріседі. Зерттеушілердің бірі Н.А. Абрамов өзінің Қаратал өзені және оның төңірегіндегі тұрғындар туралы мақаласында Жалайыр тайпасы, оның құрамындағы рулар жөнінде нақты мәліметтер береді<sup>240</sup>. Зерттеуші мәліметтерінің нақтылығы сондай, оны одан кейінгі тарихшылардың барлығы дерлік пайдаланады. Біз де Жалайыр тайпасының шежіресін жазу барысында Н.А. Абрамовтың деректерін басты деректер қатарына қоямыз.

Н.И. Гродеков 1889 жылы Ташкентте шыққан еңбегінің қосымшалар бөлігінде үш жүз тайпаларының ұрандары мен таңбалары жөнінде деректер береді. Оның көрсетуінше жалайырлардың ұраны – «Бактияр» деп аталады, ал таңбасын - **т л** түрінде көрсетеді<sup>241</sup>. Бұл мәліметтердің қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын, ұрандары мен таңбаларын зерттеуде тигізер көмегі көп екендігін айрықша айтып өтеміз.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы орыс зерттеушілері арасында қазақ халқының тарихын, оның ішінде қазақ халқын құраған ру-тайпалардың шығу-тегін зерттеуде Н.А. Аристов көп еңбек сіңіреді. Оның зерттеуінде қолданылған көптеген мәліметтер әлі күнге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Қазақ халқының құраған барлық тайпаларының шежіресіне қатысты материалдар автордың еңбегінде көптеп кездеседі. Ал енді тікелей Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты мәліметтерге келсек, онда автордың 1897 жылы Ресей астанасында жарыққа шыққан еңбегінде Ботбай руының биі Диканбай батыр құрастырған шежіренің қолына түскендігін айтып, ол бойынша Жалайырдың Сыр-манақ және Шу-манақ атты екі ұлы болғандығын жазып келтіреді. Шу-манақтан Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, Қалпе және Сыпатай атты жеті ру, Сыр-манақтан – Арықтыным, Байшегір, Сиыршы, Балғалы және Қайшылы

---

<sup>240</sup>Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270 б.

<sup>241</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т. 1. Юридический бытъ. Приложение № 1. -2-6 бб.

атты бес ру тарайтыны, кейіннен он үшінші болып Күшік атты рудың пайда болғандығы баяндалады<sup>242</sup>. Автор одан әрі Жалайыр тайпасының ішкі құрылымына тереңдей түсіп, әр ру ішіндегі кейбір ру тармақтарын атап өтеді. Андас руында – Қырғыздар, Қошқар және Танат; Сыпатай руында – Ақмарқа, Қарамарқа; Күшік руында – Сүйіндік; Балғалыда - Өгіз, Шағыр, Құлын; Сиыршыда – Байымбет, Жақсымбет, Елтүзер (деректе-Ильтазарь), Төлеңгіт атты ру тармақтарының атаулары аталады<sup>243</sup>.

Сондай-ақ, Н.А. Аристов Жалайыр тайпасының орналасқан өңірі мен жалпы санын да көрсетіп өтеді. Оның мәліметтері бойынша жалайырлар Қопал уезіндегі Қаратал мен Іле өзендерінің аралығындағы жерлерде өмір сүріп, 1889 жылы олардың саны 16098 шаңырақты құраған<sup>244</sup>. Бұдан басқа, жалайырлар Әулиеата, Шымкент және Ташкент уездерінде кездеседі деп жазады автор<sup>245</sup>. Сөйтіп, Ұлы Жүз тайпаларының жалпы санын келтіреді де, Жалайыр тайпасы 17 000 шаңырақтан тұрған деп мәлімет береді<sup>246</sup>. Ұлы Жүз тайпаларының 1889 жылғы саны жөнінде айтар болсақ, дулаттар – 40 000, жалайырлар - 17 000, албандар – 15 000, қаңлы мен шанышқылылар 10 000 шаңырақ болған. Ұлы Жүздің қалған тайпалары 1500 – 7 000 шаңырақ арасында болған деп көрсетіледі Н.А. Аристовта<sup>247</sup>.

Қазақ ру-тайпаларының шежіресіне қатысты материалдар оның ішінде, ел аузынан жиналған материалдар белгілі этнограф Г.Н. Потаниннің еңбектерінде жиі кездеседі. Оның қазақ халқы мен алтай халықтарының тарихи аңыз-әңгімелері жөніндегі жинағында «Қазақтардың шығу себебі», «Қазақ ру-тайпалары» атты ел аузынан жинаған материалдары беріледі<sup>248</sup>. Бұл материалдарда Жалайыр

---

<sup>242</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. -397 б.

<sup>243</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. -397 б.

<sup>244</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. -398 б.

<sup>245</sup> Сонда. -398 б.

<sup>246</sup> Сонда. -400 б.

<sup>247</sup> Сонда. -400 б.

<sup>248</sup> Потанин Г.Н. Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки // Живая старина. –Петроград, 1917. - 54-64 бб.

тайпасы Ұлы Жүздің басқа да тайпаларымен бірге жалпы Үйсіндер деп беріледі<sup>249</sup>. Г.Н. Потанин материалдарының қазақ халқының шығу-тегін, жүздердің пайда болуын, ру-тайпалар шежіресін зерттеуде маңызы зор деп санаймыз.

3. Жалайыр шежіресін жазуда материалдардың үшінші тобын ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасыр басында қазақ елінің әр уезі бойынша құрастырылған «Материалы по киргизскому землепользованию...» атты статистикалық жинақтардағы мәліметтер жатады. Жинақтарды құрастырушылар әр уездің құрамында нақты болыстықтар мен әкімшілік ауылдарда тұратын қазақ халқы туралы әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәліметтермен қатар, ру-тайпалық шежіреге тікелей қатысы бар материалдарды да береді. Кейбір жинақтарда әр ауылдағы ақсақалдың руы немесе ру тармағы көрсетіліп, олардың қауымына сипаттама беріледі. Тіпті кейбіреулерінде әр тайпаның қысқаша шежірелік кестесі де беріліп жатады.

Жалайыр тайпасының көп шоғырланған өңірі – Қапал уезі бойынша құрастырылған жинақта тайпаның әрбір рулары, әр рудың тармақтары мен аталары жөнінде өте қызықты мәліметтер бар<sup>250</sup>. Бұған байланысты бір ғана мысал келтірсек жетеді ғой деп ойлаймыз. № 152 қауымға сипаттамада қауымға жатқызылғандар Жалайырдың Мырза руындағы Есперлі, Қалимамбет, Сәтбен, Үсен, Қатбек деген ру тармақтары мен аталарының кездесуі, № 155 қауымда Мырзаның Есперлі, Қожаназар атты ру аталықтарының айтылуы шежіре жазуда көп көмегін тигізеді<sup>251</sup>. Сондай-ақ, Лепсі, Шымкент, Верный уездері бойынша құрастырылған статистикалық жинақтардың

---

<sup>249</sup> Потанин Г.Н. Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки // Живая старина. – Петроград, 1917. -57 б.

<sup>250</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уездъ. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-107; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -3-309 бб.

<sup>251</sup> Сонда. -57 б.

мәліметтері де Жалайыр тайпасының шежіресін жазуда өте құнды болып саналады<sup>252</sup>.

4. Жалайырлар шежіресін жазуда қажетті материалдардың келесі бір тобын қазақ халқының өз ішінен шыққан ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбектеріндегі мәліметтер құрайды. Бұл топтағы мәліметтердің өзіндік бір ерекшелігіне авторлардың өз халқының тарихын, ру-тайпалық құрылымын, рулар шежіресін өте жақсы білуі жатады. Сол себепті де қазіргі күндері жарыққа шығып жатқан әрбір ру-тайпа шежірелері ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының еңбектеріндегі деректерді колдануға тырысады. Шәкәрім Құдайбердіұлының<sup>253</sup>, Мұхаметжан Тынышбайұлының<sup>254</sup>, Халел Досмұхамедұлының<sup>255</sup>, Әлихан Бөкейхановтың<sup>256</sup> еңбектеріндегі мәліметтердің жалайырлар шежіресін жазуда көп көмегі тигенін біз де баса айтамыз.

5. Келесі мәліметтер тобына кешегі кеңес дәуіріндегі ғылыми зерттеулердегі шежірелік сипаттағы материалдар құрайды. Бұл топқа жататын материалдар өте көп емес, дегенменде, баршылық. Шежірелік материалдардың аз болуының себебін, біз, тарихшыларымыздың осы кезеңде ру-тайпалар тарихынан,

---

<sup>252</sup>Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 1. Лепсинский уезд. Вып. 1. Киргизское хозяйство. –СПб.,1911. -218. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве Лепсинского уезда, Семиреченской области. -94 б.; Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные чинами Сыр-Дарьинского переселенческого района. Сыр-Дарьинская область. Чимкентский уезд. Т. 2. Вып. 2. –Таблицы. –Ташкент, 1910. -68, 74, 86 бб.; Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 4. Верненский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб.,1913. Заметки об отдельных общинах. -120, 152, 222 бб.; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. 108, 122, 158 бб.

<sup>253</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ ьәм хандар шежіресі. –Алматы, 1991. -33 б.

<sup>254</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. –Алматы, 1993. -67-74, 104-108 бб.

<sup>255</sup> Досмұхамедұлы Х. Аламан. (Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар – Ғарифолла Әнесов, Аманкос Мектепов, Шәмшәдин Керімов). –Алматы, 1991. -105-106 бб.

<sup>256</sup> Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каркалинский уезд. Том VI-й. Спб., 1905.

шежіре мәселесінен қаламдарын алшақ ұстауынан деп түсінеміз. Ру-тайпалар тарихы, шежіреге қатысты мәселелер бұл жылдары арнайы түрде зерттелмей, тек жалпы мәселелердің шеңберінде қарастырылады. Шежірелер тек этнографиялық тұрғыда ғана азмаз қарастырылады. Бір өкініштісі, этнографтардың зерттеулері жарық көргенімен де, олардың ел аузынан жинаған шежірелік мол материалдары жеке жинақ ретінде де, кітаптарының қосымшаларына да енгізілмейді.

Кеңес дәуіріндегі шежіреге қатысты материалдары бар ғылыми зерттеулерге С.Аманжоловтың, Т.И. Сұлтановтың, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востровтардың еңбектерін жатқызамыз<sup>257</sup>. XX ғасырдың 50-60 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы тарих, археология және этнология институтындағы этнография бөлімінің ғылыми қызметкерлері Қазақстанның әртүрлі аймақтары мен өңірлерінде жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында қазақ халқының шежіресіне, рулары мен рулық құрамына ұрандары мен таңбаларына, орналасуына қатысты көптеген қызықты материалдар жинайды. Экспедицияның қорытындысында В.В. Востров пен М.С. Мұқанов XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақтардың рулық құрамы мен орналасуына байланысты зерттеу жұмысын жариялайды<sup>258</sup>. Авторлар біз қарастырып отырған Жалайыр тайпасы жөнінде қызықты мәліметтерімен қатар, ғылыми тұрғыда тың тұжырымдар ұсынады. Авторлардың пікірлері мен ел аузынан жинаған шежірелік материалдарының біз үшін ғылыми құндылығы өте жоғары болды дейміз. Әсіресе, Х.Арғынбаев, В.Востров және М.Мұқановтың кеңес дәуірінде жазылып, егемендігіміздің алғашқы жылдары «Қазақ шежіресі хақында» деген атаумен жарық көрген еңбегінің, қазақ ру-тайпаларының шежіресі және өзіміз арнайы сөз етіп отырған

---

<sup>257</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. 1. – Алма-Ата, 1959. -8-17 бб.; Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). –М., 1982. -135 б.; Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). –Алма-Ата, 1968. -40-45 бб.; Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. (Құрастырған Ә.Пірманов). –Алматы, 2000. -464 б.

<sup>258</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). –Алма-Ата, 1968. – 257 бет.

Жалайыр тайпасының шежіресі үшін маңызы ерекше. Шежірелік мәліметтерінің ғылыми құндылығы жоғары болып саналады.

1970 жылдардан бастап жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясының томдарында «Жалайыр»<sup>259</sup>, және оның он үш руына қысқаша түрде ғылыми сипаттамалар беріледі<sup>260</sup>. Бұл томдағы материалдардың Жалайыр шежіресін жазуда көп көмегі тигенін ерекше айтып өтеміз.

6. Ру-тайпалар шежіресін ғылыми тұрғыда жазу үшін қажетті материалдардың келесі бір тобын өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басынан бастап, қазіргі күнге дейін баспалардан жеке кітап түрінде шығып жатқан қазақ шежірешілерінің еңбектеріндегі деректер мен мәліметтер құрайды. Бұл топтағы материалдарға кеңірек сипаттама беріп өтсек дейміз. Неге десеніздер, шежірешілердің көпшілігі кәсіби тарихшы болмағандықтан, базалық тарихи білімді меңгермегендіктен тарихи болмыс фактілері мен тарихи деректер, тарихтың ортақ және жеке заңдылықтары, қарапайым ғана ғылыми түсініктер мен ұғымдар жөнінде шатасып жатады. Олар деректерге ғылыми талдау жасамай, оларды сараптамай өздерінің тұжырымдарын қалыптастырады. Шикілеу деректердің, жалған фактілердің, өтірік мәліметтердің, жартылай шындыққа, жартылай аңызға негізделген материалдардың ғылыми тұжырым жасауға жеткіліксіз екендігі баршаға аян. Оларға сүйеніп жасалған тұжырымдардың сіріңкенің бос қорабынан салған ғимараттай, уақыт сынына төтеп бере алмайтындығы тағы да белгілі. Мұндай тұжырымдар қалың оқырманды шатастырып қана қоймай, оларды тарих жөнінде теріс жолдарға итермелейді. Сол себепті де ол өте қауіпті болып саналады.

Дей тұрсақ та, шежірешілердің материалдарында көптеген құнды мәліметтер кездесіп жатады. Шежірешілер өздерінің тайпасы, руы, ру тармағы, аталары мен әулеттері жөнінде көптен бері ізденген, сұрастырған, жиған мәліметтерін қазіргі күнгі ұрпақтарға дейін тарқатып жазады. Белгілі бір рудан шыққан

---

<sup>259</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 4. –Алма-Ата, 1974. -230-231 бб.

<sup>260</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 1. –Алма-Ата, 1972. -204 б., 374 б., 498 б.; Т. 6. –Алма-Ата, 1975. -179 б., 408-409 бб., 434 б., 513 б.; Т. 8. - Алма-Ата, 1976. – 243 б., 527 б.; Т. 10. –Алма-Ата, 1977. -181 б., 490 б.

тарихи тұлға туралы сол рудың өкілінен артық ешкім біле бермейді. Тарихи тұлғамен сол ру адамдары мақтанады, мақтан етеді, тіпті кейде өздерінің ұранына айналдырады. Сол тарихи тұлғаға қатысты әртүрлі оқиғалар, әңгімелер атадан балаға, одан келесі ұрпақтарға беріліп отырады. Шежірешілердің көпшілігі ел ішінде, халық арасында тұратындықтан белгілі бір тарихи тұлғаға қатысты мұндай мәліметтер шежірешілер еңбектерінде көп кездеседі. Сондықтан да шежіре жазуда осындай сипаттағы деректердің құндылығын жоғары деп санаймыз.

Қазақ халқы – шежіресі өте бай халық. Кеңес дәуірінде осы бай мұра тарихи дерек ретінде мойындалмай, жетім баланың күйін кешсе де, ел ішіндегі шежірешілер, әуесқой тарихшылар, тарихқа қызығушылықпен қарайтындар кеңес дәуірінің тосқауылына қарамай өз рулары мен тайпаларының, халқының шежіресін жазып, қолжазба күйінде сақтайды. Шежіреге қатысты материалдар іздестіріп жинақтайды. Кеңес өкіметінің құрдымға кетуімен бөгетті бұзған тасқын судай, жоғарыға кенеттен шапшып атылған фонтан суындай, шежірешілер де халықтың сұранымына орай шежіре – кітаптарын көп шығарады. Соңғы 15 жыл ішінде жарыққа шыққан шежіре-кітаптарының санын білу өте қиын. Біздің ойымызша, олардың саны 100-ден асып жығылатын сияқты.

Ал тікелей Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты еңбектерге Ж.Бейсенбайұлының<sup>261</sup>, С.Толыбековтың<sup>262</sup>, З.Сәдібековтың<sup>263</sup>, Р.Толқымбекұлының<sup>264</sup>, А.Оспановтың<sup>265</sup> және Ж.Қ. Тазабекатаның<sup>266</sup> шежіре-кітаптарын жатқызамыз. Алдыңғы

---

<sup>261</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы, 1994. -160 б.

<sup>262</sup> Толыбеков С. Қазақ шежіресі. –Алма-Аты, 1992. -144 б.

<sup>263</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -144 б.

<sup>264</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -736 б.

<sup>265</sup> Жалайырлар I-кітап. Мырза. Ата тек шежіресі. Құрастырған А.Оспанов. – Талдықорған, 2005. -800 бет.; Жалайырлар. Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. II-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Аманкелді Избасарұлы Оспанов. – Талдықорған, 2003. -392 бет.; Жалайырлар III-кітап. Күшік (Қосай). Ата тек шежіресі. Құрастырған А.Оспанов. – Талдықорған, 2005. -505 бет.

<sup>266</sup> Жалайырдың қарақалпағының шежіресі. Жинап, құрастырушы Ж.Қ. Тазабеката. – Алматы, 2003. – 58 бет.



үш автордың кітаптарында қазақ халқын құраған барлық ру-тайпалардың шежіресіне қатысты мәселелер қарастырылса, соңғы үш шежірешінің еңбектері тікелей Жалайыр тайпасы мен оны құраған нақты рулар шежіресіне арналады. Сол себепті де біз, соңғы авторлардың шежірелік мәліметтерін Жалайырдың шежіресін ғылыми тұрғыда жазуда негізгі дерек көздері деп есептейміз.

7. Қазақ ру-тайпаларының шежіресін құрастыруда аса қажетті деректер мен мәліметтердің тағы бір тобын елаузындағы шежірелік сипаттағы тарихи аңыз-әңгімелер, өлең түрінде айтылатын шежіре-дастандар, сондай-ақ ақын-жыраулардың өлеңдері мен жырлары, айтыстары құрайды. Бұл топтағы материалдар ру-тайпалардың шежіресін жазуда қосымша жәрдем береді. Өйткені бұл материалдар тікелей шежіреге арналмағандықтан, онда тек белгілі бір рудағы тұлғалар, рудың тармақтары, аталары ғана жырланады. Олар біз үшін қажетті жерінде белгілі бір рудың тармақтарын нақтылау, толықтыру, пысықтау, дәлелдеу үшін өте қажет.

Қазақ халқының шығу тегі жөнінде XIX-XX ғасыр басында ел аузында екі түрлі айтылып жүрді. Олардың біріншісі бойынша қазақ халқы басқа да түркі тілдес мұсылман қауымы секілді Ансарыдан таратылады. Бұған XIX ғасырдың екінші жартысында қажылыққа барған бір топ қазақтардың Меккеден алып келген шежіресі негіз болады. Бұл туралы Шонбай Жұбанұлы (1889-1960) өзінің «Шежіре-дастанында» былайша жырлайды:

«... Құнанбай, Мырқы, Шабден, Досжан Хазірет,  
Меккеден шежірені келген алып.  
Сарапқа салыстырып қарағанда,  
Осыны өзгесінен көрдім анық.  
Бастадым Ансарыдан бермен қарай,  
Аңдатып ата жолын ескі тарих»<sup>267</sup>.

Ал екінші бағыт бойынша қазақтардың шығуы Үйсін батырдан (Ұлы Жүз), Болат-қожадан (Орта Жүз) және Алшын-мырзадан

---

<sup>267</sup> Шонбай Жұбанов. Шежіре – дастан. -1-2 бб. Х.М.Ғабжалиловтың жеке мұрағаты.

(Кіші Жүз)<sup>268</sup>; немесе Байшора, Жаншора, Қарашорадан<sup>269</sup> және тағы бір нұсқа – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстан<sup>270</sup> бастау алады.

Халықтың шығу тегі туралы жоғарыда айтылған екі бағыт та өз кезеңінде тарихи білім ретінде қоғамның сұранысына сай келгенімен, тарих ғылымының талаптарына жауап бере алмайды. Сол себепті де, біз, мұндай шежірелік материалдарды ғылыми негіздегі шежіреге дерек ретінде қолданбаймыз. Дегенмен де, кейбір нұсқаларда шежіре басы жоғарыдағыдай жолмен басталады да, одан әрі әр ру-тайпаға келгенде олардың бөлімдері, рулары мен тармақтары жақсы өрбітіледі. Бұған мысал ретінде Шоңбай ақынның<sup>271</sup>, Қуаныш Баймағанбетовтың<sup>272</sup>, Әлиакбар Жұматаевтың<sup>273</sup> және тағы басқа ақын-жыраулардың шежіре-дастандарын айтуға болады. Ал Жалайырдың ішіндегі Күшік руының тармақтары туралы Ш.Қоғалбаевтың «Бабалар туралы» жырында тәуір мәліметтер кездеседі<sup>274</sup>. «Ел іші – алтын қазына» дегендей талай-талай шежірелік мәліметтері мол өлең-жырлар ауыл іші мен ауыл арасындағы ақындарда айтылып жүр. Оларды жинақтап, баспадан шығару болашақта маңызды шаралардың бірі болады деп сенеміз.

8. Қазақ ру-тайпаларының шежіресін құрастыруда, оның ішінде өзіміз қарастырып отырған Жалайыр тайпасының шежіресін жазуда қажетті материалдардың келесі бір тобын мерзімді басылымдарда, қазақ тіліндегі газеттер мен журналдарда жарияланған мақалалардағы деректер құрайды. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басынан бастап тарихымызға деген сұраныстың

---

<sup>268</sup> Потанин Г.Н. Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. // Живая старина. – Петроград, 1917. -54-56 бб.

<sup>269</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. -394-395 бб.

<sup>270</sup> Әбубәкір Кердері. Қазағым. Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар. Алғы сөз, түсініктемелерін жазып, баспаға әзірлеген филология ғылымының кандидаты Қабіболла Сыдықов. –Алматы, 1993. -255-256 бб.

<sup>271</sup> Шоңбай Жұбанов. Шежіре-дастан. -28 б. Х.М. Ғабжалиловтың жеке мұрағаты.

<sup>272</sup> Қуаныш Баймағанбетов. Шежіре. – 6 б. Х.М. Ғабжалиловтың жеке мұрағаты.

<sup>273</sup> Әлиакбар Жұматаев. Шежіре. -11 б. Х.М. Ғабжалиловтың жеке мұрағаты.

<sup>274</sup> Қоғалбаев Ш. Бабалар туралы. Мына кітапта: Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. –Талдықорған, 2005. -338 б.

күрт өсуіне байланысты Алматыда шығатын Республикалық газет-журналдардан бастап, облыстық, аудандық газеттерде ру-тайпа шежіресіне, белгілі бір тарихи тұлғаның өміріне, мерейтойына байланысты орасан көп материалдар жарық көрді. Біз сол материалдар ішінен осы жерде жалайыр шежіресіне қатысты бірнешеуін ғана айтып өтсек дейміз. Оларға: Б.Тоғысбаевтың «Ескелді би», Т.Қауынбаевтың «Қабан жырау», С.Дәуітұлының «Сүйінбайдың ұстазы», Ж.Қожамқұлдың «Ұлы бабалар ұлағаты», «Атамекен» журналындағы «Ұлы Жүздің шежіресі» және тағы басқаларын жатқызамыз<sup>275</sup>.

9. Шежіре жазуда қажетті материалдардың тағы бір тобына жекелеген адамдардың өз әулетінің, аталығының, руының таралуы туралы жазып жіберген қолжазбалары кұрайды. Бұл топтағы материалдардың артықшылығына қолжазба авторларының өз шежіресін 8-10 атаға дейін көрсете білуі жатады. Жалайыр тайпасының шежіресін жазуда біз төмендегі адамдардың шежірелік қолжазбаларын пайдаланғанымызды айтып өтуді жөн санап отырмыз. Олар мыналар:

**1. Қыдырбек Сәмижанұлы**, 74 жаста. Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Қарашоқы ауылының тұрғыны. Бұл ақсақал жалайырдың Ақбұйым руынан. Оның қолжазбасында Ақбұйым руының тармақтары мен аталарының шежіресі қамтылған.

**2. Сейдәлім Рахметоллаұлы Шыңғысбаев**, 1942 жылы туылған. Ол Алматы қаласы Түрксіб ауданында тұрады. Ол жалайырдың Мырза руының Аман ру бөлімшесіндегі Артық тармағына жатады. Біз одан Артық тармағының таралуына қатысты қолжазба материалдары мен ауызша ақыл-кеңестерін алдық.

**3. Мұстафин Өмірбек**, 60 жаста. Алматы қаласының тұрғыны. Ол Байшегірдің Шолпанқұлына жатады. Оның бізге берген шежіресінде жалайырдың Байшегір руының Тынымбет бөліміндегі Қайназар аталығының Сансыз әулетінің ұрпақтары таратылады.

---

<sup>275</sup> Тоғысбаев Б. Ескелді би // Парасат. 2002. № 5. -18-19 бб.; Қауынбаев Т. Қабан жырау. // Қазақ әдебиеті. 1993. 19 наурыз. 12 б.; Дәуітұлы С. Сүйінбайдың ұстазы. // Азия. 1994, мамыр. -13-14 б.; Қожамқұл Ж. Ұлы бабалар ұлағаты. // Жетісу. 2002 ж. 20 шілде.; Ұлы Жүздің шежіресі. // Атамекен. 2002 ж. 10 қазан.

**4. Ораз Исмаилов**, 24.VI.1940 жылы туылған. Жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Жалайырдың Орақты руынан. Бұл кісі бізге қазақ ру-тайпалары мен Жалайыр тайпасы шежіресінің төрт қолжазбасын тапсырды. Олар мыналар:

а) «**Ескі қазақ шежіресінің негізі**» деп аталатын шежіре». Оның бірінші бетінде мынадай ескерту бар: «шежіре негізі Керімкүлдікі. Одан 1926 жылы Солтының баласы Сәлімгерей көшіріп жазған. Одан 1936 жылы мен Қабдолла Балықбайұлы көшіріп жазып алдым». Көлемі 4 бет.

ә) «**Шежіре № 1**». **Жинастырған Қарақұл Айманұлы** (Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылы). Қазақ – Ақарыс (Ұлы жүз) – Жалайыр – Қайшылы – Молдияр. Көлемі 6 бет.

б) «**Шежірелер**». **Жинаған, жазған Қабатай**. 10.01.1977 ж. Көлемі 12 бет.

в) «**Ұлы Жүз Жалайыр ішіндегі – «ноқта ағасы» Орақты руының шежіресі**». (Жинап, зерттеп, реттік жүйеге келтірген Ораз Исмайылұлы). Көлемі 44 бет.

Жалайыр шежіресінің жазылуы барысында қолжазбалық материалдармен көмектескен Ораз Исмаилов ағамызға зор рахмет айтамыз.

**5. Амангелді Избасарұлы Оспанов** – 1943 жылы қазіргі Алматы облысы, Қаратал ауданы Қаражиде ауылында дүниеге келген. Ақын, шежіреші. Ол бірнеше жылдан бері Жалайыр тайпасының құрамындағы әр рудың шежіресін жеке кітап түрінде шығаруда. Қазіргі күнде «Мырза», «Арықтыным (Қосымбет)», «Күшік (Қосай)» атты шежіре кітаптары жарық көрген. Ол бізге Жалайыр тайпасының руларына қатысты өзі жинақтаған материалдардың қысқаша түрдегі қолжазбасын тапсырды. Автордың өзі Жалайырдың Мырза руының тумасы.

**6. Қойгелдиев Жашаралы** – 1944 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы Төле би ауылында туылған. Ол бізге Жалайырдың Қайшылы руындағы Қазы тармағынан тарайтын әулеттер шежіресінің қолжазбасын тапсырды.

10. Шежіре құрастыруда материалдардың келесі тобын ауызша түрде алынған мәліметтер құрайды. Ғылымда ауызша түрде мәлімет,

дерек берген адамды – информатор деп атайды. Жалайырлар шежіресін жазу барысында мынадай информаторлардың ауызша мәліметтерін, деректерін, сондай-ақ кеңестерін пайдаландық. Олар:

**1. Ораз Исмаилов**, 24.VI. 1940 жылы туылған. Жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Жалайырдың Орақты руынан.

**2. Қопабаев Өмірәлі Қажыбайұлы**, 1942 жылы қазіргі Алматы облысы, Ескелді ауданы, Жалғызбағаш ауылында туылған. Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары Мектеп Академиясының академигі, Д.А.Қонаев атындағы университеттің ректоры. Қадырғали Қосымұлы Жалайыри халықаралық қорының президенті. Жалайырдың Мырза руынан. Ө.Қ.Қопабаев бізге Мырза руының Бәйбіше тармағының тарқатылуы жөнінде және Қадырғали Жалайырға қатысты көптеген материалдар берді.

**3. Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы** – 1946 жылы туылған. Ол бізге жалпы Отан тарихы, шежіре мәселесі жөнінде кеңестер берді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор.

**4. Шенгелбаев Бақыт Байғазыұлы**, 1950 жылы Алматы облысы, Көксу ауданы, Октябрь ауылында дүниеге келген. Көксу аудандық әкімшілігінің қызметкері. Ол Андас руының Байғазы ру тармақшасынан.

**5. Райымбеков Жанат Шалбайұлы**, 1953 жылы Талдықорғанда туылған. Ол Андас руының Жетінар ру тармақшасынан.

**6. Нұрланов Дүйсенбек**, 1954 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы Орақ-Балға ауылында туған. Жалайыр ішіндегі Арықтыным руының Өтес тармағынан. Ол бізге Арықтыным руы тармақтарының тарқатылуы жөнінде көптеген кеңестер берді.

**7. Нұрғали Нүсіпжан**, 1937 жылы туылған, ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Ол бізге Жалайыр құрамындағы Қарақалпақ руына қатысты көптеген ауызша мәліметтер берді.

**8. Орынбасар Халықбайұлы Тазабек** 1960 жылы туылған, Жалайырдың Қарақалпақ руының тумасы. Ақын, әртіс және кәсіпкер. Ол бізге Қарақалпақ руының шығу тарихы, таралуы жөнінде ауызша кеңестер берді.

Осылайша, Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты материалдарға жалпылама түрде сипаттама бере келе, біз төменде мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, кез-келген ру-тайпаның шежіресін жазардың алдында сол тайпаның тарихына, рулық құрылымына, шежіресіне, сол тайпадан шыққан тарихи тұлғаларға, олардың өміріне қатысты деректер мен мәліметтерді мол жинастырып, оларды ғылыми тұрғыда талдау, салыстыру қажет деп санаймыз.

Екіншіден, Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты материалдарды деректанулық тұрғыдан талдап, оларды шартты түрде он топқа бөлдік те, әр топқа қысқаша тоқталдық. Сол арқылы өзімізге қажетті мәліметтердің негізгілері мен қосымшаларын, нақтылары мен жалпыларын анықтадық.

Үшіншіден, дерек мәліметтеріне шолу жасау барысында оларда аз да болса бірнеше ауытқушылықтардың, қайшылықтардың бар екендігіне көзімізді жеткіздік. Олардың көбі негізінен тайпаның ішіндегі рулардың атауына, тармақтарының саны мен аталуына, шежірелік жүйеде орналасуына байланысты боп келеді.

Төртіншіден, басқа ру-тайпалардың шежіресіне, шежірелік материалдарымен салыстырғанда жалайырлар шежіресінің мәліметтері ел аузында жақсы сақталған, кейбір руларының шежіресі жеке кітап болып шыққан. Басқаша айтқанда, ғылыми тұрғыда шежіре жазуға мәліметтер мен деректер жеткілікті деп есептейміз. Олай болса, Жалайыр тайпасының шежіресіне кіріселік.

## **§2. Жалайыр шежіресіне жалпы сипаттама**

Ұлы жүз тайпаларының ноқта ағасы болып есептелетін Жалайыр тайпасының, оның жекелеген руларының шежіресі салыстырмалы түрде біршама тәуір қарастырылған. Деректер мен зерттеулерге, шежірелік сипаттағы әдебиеттерге талдау жасай келе, біз, Жалайыр тайпасының шежіресіне қатысты мынадай шешімін таппаған мәселелердің бар екеніне көзімізді жеткіздік. Бірінші мәселеге – Жалайыр тайпасының қанша бөлімге бөлінетіндігі және қанша рудан тұратындығы жөніндегі сұрақтар жатады. Біз бұл мәселені, тіпті Жалайырлар шежіресіндегі басты мәселеге

жатқызамыз. Екіншіге, әр рудың құрамындағы ру тармақтары мен аталықтардың әдебиеттерде орындарының ауыстырылып немесе жүйеленбей бәрі бірге топтастырылып берілуі, сөйтіп, келгенде руды құрайтын элементтердің әбден шатастырылып көрсетілуі жатады. Бұл мәселе тек Жалайыр тайпасының шежіресінде ғана емес, барлық қазақ ру-тайпаларының шежіресінде кездеседі. Соған байланысты біз қолымызда жиналған материалдарға, осы мәселелердің жетік білгірі – шежірешілердің кеңестеріне сүйене отыра осы мәселелерді мүмкіндігімізше шешуге тырысамыз.

Ал Жалайыр тайпасының ұраны мен таңбасы жөнінде ешқандай даулы сұрақтар жоқ. Деректер мен зерттеулердің бәрі бұл жөнінде ортақ пікірді қолдайды. Жалайырлардың ортақ ұраны – «Бақтияр» да, таңбасы **тл** - түріндегі тарақ таңба.

М.Тынышбаев Жалайыр тайпасында «Бақтиярмен» қатар «Қабылан» деген ұранның бар екендігін көрсетеді<sup>276</sup>. Сонымен бірге бұл екі ұран – бүкіл Ұлы Жүздің ортақ ұрандары ретінде М.Тынышбаев кестесінде беріледі<sup>277</sup>. Ал Ұлы Жүздің сан жағынан ең көп тайпасы – Дулаттың да ортақ ұраны «Бақтияр» деп аталатындығы белгілі.

1876 жылы өмірден өткен Дулаттың Ботбайының биі – Диқанбай батырдың шежіресінде Майқы бидің ұлы Бақтиярдан бүкіл Ұлы Жүз тайпалары таратылады<sup>278</sup>. «Бақтияр» ұранының не себепті бүкіл Ұлы Жүзге қатысты, ортақ екенін осыдан-ақ білуге болады. Ал «Қабылан» ұранын Ұлы Жүздің ортақ және тек Жалайыр тайпасының ғана ұраны етіп көрсетілуі жайдан-жай емес сияқты. Осыдан 50 жылдай бұрын Жетісу өңірінде жүргізілген экспедиция мүшелерінің сұрауларында мәлімет берушілер Жалайыр тайпасының ұраны – «Қабылан» деп жауап берген<sup>279</sup>. Ұлы Жүздің басқа ешбір тайпасында бұл ұран кездеспейді. Соған қарағанда «Қабылан» ұранын тек жалайырлар ғана қолданған.

---

<sup>276</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. –Алма-Ата, 1993. -106 б.

<sup>277</sup> Сонда. -106 б.

<sup>278</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. -394-397 бб.

<sup>279</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). –Алма-Ата, 1968. – 45 б.

Ал ұрандардың пайда болу, шығу заңдылығына зер салсақ, есімі ұранға айналған тұлғалар, қол бастаған батыр, ел бастаған көсем, сөз бастаған би, діні берік, айтқандары бұлжытпай орындалатын көріпкел, аруақты әулие болғандығына көзімізді жеткіземіз. Осы қасиеттердің бәрі немесе көбі жеке бір тұлғаның бойына қонса, кейінгі ұрпақтар ол тұлғаның есімін ұранға айналдырып, өздерін рухтандыру, жігерлендіру, қайраттандыру үшін қолданады. Бір қызығы, кейінгі ұрпақтар арасынан жоғарыда айтылған қасиеттері бар жаңа тұлғалар шықса, олардың есімдері жаңа ұранға айналып, бұрынғы ұрандар бірте-бірте ұмытыла бастайды. Бұған дәлел ретінде қазақ ру-тайпаларының ұрандарына айналған есімдерді айтуға болады. Ұлы Жүздегі – Рысбек, Төле, Сәмен, Қойгелді, Қарасай, Райымбек; Орта Жүздегі – Жаубасар, Қаптағай, Қабанбай, Бөрібай; Кіші Жүздегі – Бекет, Баймұрат, Бақай, Дәуқара, Жиёмбай, Ақбан, Жанқожа, Бақтыбай және тағы басқа тарихи тұлғалар – ең ары дегенде, XVII ғасырда, бергілері XIX ғасырда өмір сүрген тарихи тұлғалар. Бұл ұрандарға дейін қазақ тайпаларында ұран болған жоқ деп ешкім де айта алмайды. Тек қана жаңағы есімдері аталған тұлғалар ұранға айналар қасиеттерге сай болып, ұрпақтары бұрынғы тайпа ұрандарын жаңа ұрандармен ауыстырған. Ал кейбір ұрандар қаншама уақыт өтіп, ұрпақтар ауысса да өзгермей қала береді. Мысалы, Тама тайпасының ұраны – «Қарабура», Дулаттағы – «Бақтияр», қожалардағы – «Қожахмет», Телеулердегі – «Тұлпар», «Арғымақ» және тағы басқалары. «Қабылан» ұраны да Жалайырлардың қаншама уақыт өтіп, қаншама ұрпақтар ауысса да өзгермей келе жатқан ұраны секілді. Біздің ойымызша, Қабылан-белгілі бір тұлғаның лақаб есімі. Өкінішке орай, ешбір жазба деректе ол жөнінде мәліметтер кездеспейді. Шежіреші ақсақал Рахметолла Толқымбекұлы: «Үйсіннен Абақ (Ақсақал) және Тарақ, одан Қабылан (жанама аты Жалайыр) туады», - деп айтса<sup>280</sup>, С.Мұқанов «Жалайырдың есімі Жансақал, өзі батыр адам болған деп жазады»<sup>281</sup>. Бұл мәлімет те біріншіден, «Қабылан» ұранының жалайырлар үшін ескіден келе жатқан ұран екенін

---

<sup>280</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -11 б.

<sup>281</sup> Мұқанов С. Халық мұрасы (Тарихтық-этнографиялық шолу). – Алматы, 1974. -23 б.



көрсетсе, екіншіден, оның тарихи тұлға болғандығын дәлелдейді. «Қабылан» ұранының қаншама ұрпақтар ауысса да өзгермегеніне қарағанда, есімін ұранға айналдырған тұлғаның әрі батыр, әрі би, әрі көсем, әрі әулие болғандығына ешбір шүбә келтірмейміз.

Дегенменде «Бақтияр», «Қабылан» ұрандары бүкіл Ұлы Жүзге, Жалайыр тайпасына ортақ болса да, Ұлы Жүздің басқа тайпалары уақыт өте келе жаңа ұрандарға ие болған сияқты, Жалайыр тайпасындағы жекелеген рулар да XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлғалардың есімдерін өздерінің жаңа ұраны етіп алады. Мысалы, Сиыршы руында – Ескелді бидің, Андас руында – Балпық бидің, Ақбұйым, Сыпатай рулары – Бекбаудың, Мырза мен Арықтыным рулары - Әлкенің есімдерін ұранға айналдырған<sup>282</sup>.

Осылайша, Жалайыр тайпасының ұраны мен таңбасы туралы ойларымызды түйіндей келе, «Бақтияр» мен «Қабылан» ұрандарының Жалайырлар үшін ортақ ұран болған және де бұл ұрандар ежелден бері еш өзгеріссіз келе жатқан деп есептейміз. Сол сияқты ұрандардың пайда болу заңдылығына сәйкес Жалайыр тайпасының құрамындағы жекелеген рулар XVII-XIX ғасырларда өмір сүрген өз тұлғаларын ұранға айналдырып алады. Ал **П** – тарақ таңба жөнінде ешқандай қарсы пікірлер жоқ.

Енді Жалайыр тайпасының қанша бөлімге бөлінетіндігі жөніндегі мәселені қозғап көрелік.

Қазақ ру-тайпаларының шежірелері секілді жалайырлар шежіресі де XIX ғасырға дейін ауызша түрде айтылып, ұрпақтарға жеткізіліп отырылса, XIX ғасырдан бастап қағаз бетіне түсіріле бастайды. Оған Діқанбай батырдың шежіресін дәлел етеміз. Ал XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің Ұлы Жүз территориясын жаулап алуынан кейін жергілікті қазақ халқын ғылыми тұрғыда зерттеу басталады. Ұлы Жүз тайпалары, оның ішінде Жалайыр тайпасы, оның рулық құрылымы, орналасуы, шаңырақтар саны туралы Н.А. Абрамов XIX ғасырдың 60-шы жылдары мол мәліметтер жинап, баспаға жариялайды<sup>283</sup>. Жалайыр

---

<sup>282</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). –Алма-Ата, 1968. – 45 б.

<sup>283</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270-273 бб.

тайпасы жөніндегі XIX ғасырдың соңғы жылдарындағы үлкен зерттеуге Н.А. Аристов еңбегі жатады<sup>284</sup>. Осылардың бәрінде де Жалайырдың екі бөлімі – Шуманақ пен Сырманақ қана кездеседі. Диканбай батырдың шежіресін басқа да билердің ауызша айтқан мәліметтерімен толықтыра келе, Н.А. Аристов: «...Жансақалдың ұлы Жалайырда Сырманақ және Шуманақ атты екі ұл болады», - деп көрсетеді<sup>285</sup>.

Н.Абрамов та Жалайыр тайпасының Шуманақ және Сырманақ болып екіге бөлінетінін айтып өтеді<sup>286</sup>. Көріп отырғанымыздай, XX ғасырдың басына дейінгі мәліметтер мен зерттеулерде Жалайырдың екі бөлімге бөлінгенін анық көреміз. Ш. Құдайбердіұлы 1911 жылы жазған еңбегінде Ұлы жүз тайпаларына сипаттама бере келе, Жалайыр тайпасындағы он үш руды атап өтеді<sup>287</sup>. Ал М. Тынышпаев болса Жалайырлар туралы көлемі бір беттен асатын тараушада олардың қысқаша тарихына шолу жасап, сырманақтар мен шуманақтарға қатысты ойларын білдіреді<sup>288</sup>.

1955-1965 жылдар аралығында Жетісу өңірінде жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында кейбір жекелеген информаторлар Жалайыр тайпасында Шуманақ пен Сырманақтан бөлек, Бірманақ атты топтың бар екендігін хабарлайды<sup>289</sup>. Сөйтіп, Бірманақ, оған енетін рулар жөнінде әртүрлі аңыз-әңгімелерді айтып береді. Аңыздың біріншісі былайша баяндалады: «Жалайырда тағы бір Бірманақ тобы болған, алайда ол сыртқы жаулаушының қолына түсіп, сонда қалып кетеді. Ол жергілікті қызға үйленіп, одан Қосай және Қосымбет қалады. Балалары жас кезінде Бірманақ дүние салып, өлер алдында: «Тарақ таңбалы елдерінді табыңдар» деп өсиет айтады. Жалайырдың руының белгісі - **П** (тарақ таңба). Әкесінің аманатын орындап, балалары қандастарына қайтып

---

<sup>284</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. -391-397 бб.

<sup>285</sup> Сонда. -397 б.

<sup>286</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. -270 б.

<sup>287</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ ыәм хандар шежіресі. –Алма-Аты, 1991. -33 б.

<sup>288</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. –Алма-Ата, 1993. -72 б.

<sup>289</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. (Құрастырған: Ә. Пірманов.). –Алматы, 2000. -80 б.

оралады. Аңызда айтылғандай, жасөспірім Қосайды Шуманақтың ұлы Андас, ал Қосымбетті Сырманақтың ұлы Байшегір паналатады. Сөйтіп, олар Жалайыр руының құрамына Күшік (Қосай) пен Арықтыным (Қосымбет) болып енеді»<sup>290</sup>.

Келесі бір аңызда Қосай мен Қосымбет туралы айтылып, оның мәліметтері Бірманақ тобына қатысты келеді. Ол аңыздың мазмұны мынадай: Шуманақ Ахметқожаның екі ұлы болыпты: Маңғытай мен Барақ. Маңғытайдан – Андас, ал Барақтан – Наркелді, одан – Қосай мен Қосымбет шығады. Наркелді ерте өліп, оның жетімектері – Қосайды Андас, ал Қосымбетті Байшегір бауырына басады. Қосайды Андас «Күшік», Қосымбетті Байшегір «Арық» деп еркелетеді. Қосымбет кішкентай, әлжуаз, бір жағынан қартайған Байшегірге қамқор болғандықтан, ол әрқашан «Арығым» деп еркелетеді. Қосымбеттің қызы Арғынға күйеуге шығып, ол төркініне Әлмамбет деген баласын жетелей, екіқабат болып оралады. Көп ұзамай ұл бала дүниеге келіп, оны Тыным деп атайды. Есі кірген Әлмамбет әкесіне кетіп, Тыным нағашыларына сіңіп, Байшегірдің бір атасы болып кетеді. Кейіннен Арық (Қосымбет) пен Тынымның ұрпақтары қосылып, өз алдына жеке Жалайырдың Арықтыным атасын құрайды<sup>291</sup>.

Бұл аңыздағы мәліметтерді жеке-жеке талдап көрейік.

1. Жалайыр тайпасында Сырманақ, Шуманақ және Бірманақ атты үш топ болған;

2. Қосай мен Қосымбет – Бірманаққа жатады (бірінші аңыз бойынша);

3. Қосай мен Қосымбет – жетім қалып, туыстары Андас пен Байшегірдің қолында тәрбиеленген (екінші аңыз бойынша);

4. Қосымбет (Арық) пен оның жиені Тыным ұрпақтары Арықтыным атты руды құраған.

Біз, Арықтыным мен Күшік руларын жеке қарастырғанда бұл аңыздың мәліметтерін тереңірек қарастырып, талдаулар жасаймыз.

Ал енді, Жалайырдың қанша бөлімге бөлінетіндігі, оның ішіндегі Бірманаққа қатысы бар жазба деректердің мәліметтеріне

<sup>290</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. (Құрастырған: Ә. Пірманов.). – Алматы, 2000. -80-81 бб.

<sup>291</sup> Сонда. -82-83 бб.

назар аударып көрсек. Алғашқы дерекке 1748 жылғы қазан айында жазылған татар тілмәші Ю. Гуляевтің Орынбор әкімшілігіне жазған хаты жатады. Хаттың негізгі мақсаты Кіші жүз ханы Әбілхайырдың өліміне себепші болған жағдайларды түсіндіру болса да, оның мазмұнында Жалайыр тайпасына қатысты құнды деректер баяндалады. Біз, Жалайыр құрамындағы Қарақалпақ руы туралы жеке қарастырғанда бұл дерекке де терең тоқтайтын болғандықтан, бұл жерде бұл деректің қысқаша мазмұнын ғана айтып өтеміз. Онда Ұлы жүздегі Жалайыр тайпасының жиырма адамы қарақалпақтар ортасына барып, ондағы Жалайырдан бөлініп қалған руластарын кейін шақырғандығы туралы айтылады. Қарақалпақтар арасындағы Жалайырлардың жалпы саны 1500-дей шаңырақ болған екен. Әбілхайыр ханның қайтыс болатын жылы (1748 ж.) осы Қарақалпақ жеріндегі 1500 Жалайыр отбасы Кіші жүздегі Ұлқаяқ өзенінің бойына көшіп келеді. Өкінішке орай, бұл топты Әбілхайыр ханның саяси қарсыластары – Күшік хан мен Барақ сұлтандардың едәуір қырғынға ұшыратып, талауға түсіргендігі осы хатта айтылады<sup>292</sup>. Бұл құжаттың мәліметтері Жалайыр тайпасындағы Қарақалпақ руы үшін өте маңызды болғандықтан, біз, осы кітаптың қосымшалар бөлімінде Ю. Гуляев хатының Жалайырға қатысты тұстарын толығыменен береміз.

Енді екінші бір жазба дерек материалдарына назар аударып көрсек. 1913 жылы Санкт-Петербургда жарық көрген Жетісу облысының Қапал уезіндегі жергілікті халықтың шаруашылығы мен жер пайдалануы жөніндегі материалдар жинағында осы уездің Алтынемел болыстығындағы Жалайыр тайпасына жататын Қарақалпақ, Түрікпен, Маңғыт рулары мен ру тармақтары жөнінде мынандай сипаттама беріледі: «Осыдан 200 жыл бұрын осы қырғыздар (қазақтар-авт.) және оған жақын қауымдар Жетісу облысына Бұхарадан көшіп келген. Алғашында олар Жаркент уезінде болып, осыдан 50 жыл бұрын Қапал уезіне келген. Алғашқы кезде олар топтасып өмір сүрген. Олардың құрамында Түрікпен

---

<sup>292</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961. № 166. – 425-426 бб.

және Қарақалпақ руларының қазақтары болады. Соңғы 30-35 жылда олар бір-бірінен алшақтап, жерлерін өзара бөліп алады»<sup>293</sup>.

Осы жазба дерек мәліметтеріне талдау жасау арқылы төмендегідей тұжырымдарға келеміз.

Біріншіден, осыған дейін айтып өткен Бірманак тобына қатысты ел аузындағы әртүрлі тарихи аңыз-әңгімелердегі оқиғалар мен жоғарыда қолданған жазба дерек мәліметінің оқиғалары бірін-бірі қайталап, бір тарихи кезеңдегі нақты бір оқиға жөнінде айтылып тұрған сияқты. Тарихи аңыз-әңгімедегі «Жалайырда тағы бір Бірманак тобы болған, алайда ол сыртқы жаулаушының қолына түсіп, сонда қалып кетеді, ол жергілікті қызға үйленіп, одан Қосай мен Қосымбет қалады. Одан әрі әкесі қайтыс болғаннан кейін жас жігіттер өздерінің қандастарына қайтып оралады» деген мәлімет – 1748 жылғы 1500 Жалайыр отбасының қазақ жеріне Қарақалпақ елінен қайта оралуының ел аузында сақталған бір көрінісі болып табылады.

Екіншіден, XX ғасыр басындағы статистикалық жинақ материалындағы дерек те XVIII ғасыр басындағы тарихи жағдайдан хабар береді. Шынында да, XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-жоңғар қатынасының шиеленісіп кетуі, жоңғарлар тарапынан басқыншылық сипаттағы жорықтардың жиілеуі нәтижесінде қазақ халқы, әсіресе, шығыстағы қазақ ру тайпалары өздерінің ата қонысын тастап, басқа жұртқа қоныс аударуға мәжбүр болғандығы баршаға мәлім. Қарақалпақ еліндегі 1500 Жалайыр отбасы да осындай қиын-қыстау заманда ата қонысынан айырылып, көшіп келеді. Кейіннен, әсіресе, «Аңырақайдағы» жеңістен кейін көптеген қазақ ру-тайпалары бұрынғы жерлеріне қайтып орала бастайды. Ю.Гуляевтің хатындағы 1500 Жалайыр отбасы XVIII ғасырдың ортасында ғана Кіші жүзге қайтып оралған. Олар осы кезде «Қарақалпақ» атауына ие болған секілді.

Үшіншіден, кейіннен осы «Қарақалпақ Жалайырлары» Күшік хан мен Барақ сұлтандардың қыспағынан кейін, бірте-бірте

---

<sup>293</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Томъ II. Копальский уездъ. Киргизское хозяйство. – СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. – 70 б

Жетісуға қоныс аударады. Ал Жетісудағы Жалайырлар болса, оларды өздерінің ру-тайпалық жүйесіне енгізеді.

Төртіншіден, осы жаңадан қосылған Жалайырдың ру тармақтары сан жағынан өсе келе, жеке бір рудың санындай мөлшерге жетеді. Сөйтіп, олар бірте-бірте Бірманақ деп атала бастайды. ХҮІІІ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі орыс деректерінде Сырманақ пен Шуманақ атауының кездесіп, Бірманақ атауының кездеспеуін біз, ол кезде әлі де болса Бірманақ тобының қалыптасып болмағандығынан деп түсінеміз.

Бесіншіден, біздің ойымызша, Бірманақ атауы ел арасында кейіннен ғана қалыптасқандықтан, жазба деректерге ілінбей, тек шежірелерде ғана айтылатын болған.

Ж. Бейсенбайұлы құрастырған шежіреде Бірманақ жеке бөлім ретінде беріледі де, оған Орақты руы жатқызылады<sup>294</sup>. Р. Толқымбекұлы шежіресінде Бірманаққа Сиыршы (Байкөбен) руы ғана жатқызылса, А.Оспановтың «Мырза», «Күшік (Қосай)» атты шежірелерінде Бірманақ тобына Сиыршы (Байкөбен) мен Қарақалпақ рулары руы енгізіледі<sup>295</sup>. Соңғы екі шежірешіге негіз болған М. Тынышпаев еңбегіндегі Жалайыр тайпасының шежірелік кестесі секілді<sup>296</sup>. М. Тынышпаев бұл кестеде Жалайыр тайпасының рулары мен аталарын Шуманақ пен Сырманақ бөліміне топтастырады да, Сиыршы руының өзін жеке бөліп көрсетеді. Сол себепті де екі шежіреші бөлек көрсетілген Сиыршы руын Бірманаққа жатқызған. Ал Ж.Бейсенбайұлы шежіресінде Бірманаққа Орақты руының жатқызылуын – дерек беруші адамдардың жіберген қатесі деп санаймыз.

Енді Шуманақ, Сырманақ және Бірманақ топтарына Жалайырдың қандай руларының енетіндігіне назар аударсақ. Өйткені бұл жерде де сәл-пәл қарама-қайшылықтардың бар екендігі көзге көрініп тұр. Бұл мәселеге назар аудармас бұрын жалпы Жалайыр тайпасында қанша ру бар екенін анықтап алалық.

---

<sup>294</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. -114 б.

<sup>295</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -14 б.; Жалайырлар. Мырза. I-кітап. Ата тек шежіресі – Талдықорған, 2005. – 26 б.; Жалайырлар. III-кітап. Күшік (Қосай). Ата тек шежіресі. –Талдықорған, 2005. -20 б.

<sup>296</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. Ташкент, 1925. -68 б.

Жалайыр руларының алғаш рет орыс деректерінде айтылуы 1825 жылға сай келеді. Онда айтылатын он екі ру атауы аз-маз бұрмаланып, былайша беріледі: 1. Андаш, 2. Морза, 3. Кучук, 4. Сырке, 5. Кальпе, 6. Балехлы, 7. Карачапан, 8. Сапатай, 9. Байчигыр, 10. Кайчилы, 11. Ларактынауғ, 12. Кыгсылдар<sup>297</sup>. Бұл жерде Балехлы атауының – Балғалы, Ларактынауғ атауының – Арықтыным, ал Кыгсылдардың – Қырғыздар екендігіне ешкім күмән келтіре қоймас. Он екінші ру ретінде айтылып отырған Қырғыздар – Андас руының Қалқа тармағындағы жеті атаның біреуі. Мәлімет берушілер санының көптігіне байланысты бұл атаны ру қатарына қосып жіберген сияқты немесе мәліметті жинаушылар да өздері осылай жасаған болуы керек. Қалай болса да, Жалайыр тайпасында Қырғыздар атты ру атауы жоқ. Сондай-ақ, 1825 жылғы Жалайыр руларының тізімінде Орақты және Ақбұйым рулары кездеспейді. Бізге бұл рулардың неге тізімге енбей қалғаны түсініксіз.

1867 жылғы Н.Абрамовтың мәліметтерінде Жалайыр тайпасы он екі руға бөлінеді де, соңынан қосылған руға Күшік жатқызылады<sup>298</sup>. Н.Абрамов дерегінде Қырғыздар атауы аталмайды. Орақты мен Ақбұйым рулары он екі рудың қатарында айтылады.

1872 жылғы Н.А. Маевтың редакциясымен жарық көрген «Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края» атты жинақта Қапал уезінің он үш болыстығында өмір сүрген рулар атаулары беріліп, Жалайыр тайпасының он үш руының жеті болыстықта тұратындығы хабарланады<sup>299</sup>. Н.А.Аристов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышпаев, В.Востров пен М.Мұқановтар Жалайыр тайпасында он үш рудың болғандығын дәлелдеп береді<sup>300</sup>.

<sup>297</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата, 1964. -224 б.

<sup>298</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270-273 бб.

<sup>299</sup> Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Под ред. Н.А. Маева. –СПб., 1872. Волости Копальского уезда (Из сведений организационной комиссии). -158-161 бб.

<sup>300</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. -397 б.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ ыәм хандар шежіресі. –Алма-Аты, 1991. -33 б.; Тынышпаев М. История казахского народа. Ташкент, 1925. -68 б.; Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). –Алма-Ата, 1968. – 44-45 б.

Н.Аристов Күшік руы – он үшінші ру ретінде кейіннен қосылған деп түсіндіреді<sup>301</sup>. Қосай (Күшік) туралы аңыз-әңгіме мәліметі осы пікірдің дұрыстығын тағы да дәлелдей түседі.

Ал Жалайырда он екі ру болған деген пікірді жақтайтындардың пікірлеріне құлақ түріп көрсек. «Жалайыр: Он екі ата. Шежірені» жазған шежіреші Р.Толқымбекұлы өзі құрастырған кестесінде Шуманаққа Орақты, Сыпатай, Қарашапан, Күшік, Мырза және Андас руларын жатқызып, Ақбұйым мен Кәлпе атауларын атайды да, оларды ру қатарына қоспайды<sup>302</sup>. Сырманак бөліміне Байшегір, Балғалы, Арықтыным, Қайшылы руларымен бірге Шегелек атты жаңа руды қосып жазады. Ол жөнінде мынадай түсіндірме бере кетеді: «Шегелек – Сыр бойынан Жалайырлар Жетісуға көшкенде олар көшпей қалған»<sup>303</sup>. Сиыршы руын Бірманакқа жатқызады да, Жалайырдың он екі руын үш топқа бөліп көрсетеді.

Жалайырдың Күшік, Мырза, Арықтыным руларының шежіресін қалың кітап етіп шығарған А.Оспанов Жалайырда он төрт ру болған деп, олардың әрқайсысын жеке-жеке атап көрсетеді де, он төртінші руға – Қарақалпақ руын жатқызады<sup>304</sup>.

2003 жылы Алматы қаласында жарық көрген Ж.Қ.Тазабекатаның “Жалайырдың қарақалпағының шежіресі” атты кітапта автор қарақалпақ руының тарқатылуын көрсете отыра, осы тармақтың Жалайыр құрамында болғандығын атап өтеді<sup>305</sup>. Өкінішке орай автор қарақалпақ руының Жалайырдың қай тобына жататындығын көрсетпеген.

Қарақалпақ руы немесе ру тармағы ХХ ғасырдың басындағы Жетісу облысының Қапал уезінде жүргізілген статистикалық

---

<sup>301</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. -397 б.

<sup>302</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. –Алматы, 2000. -13 б.

<sup>303</sup> Сонда. -14 б.

<sup>304</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) Ата тек шежіресі. 3-кітап. –Талдықорған, 2005. -17 б.; Жалайырлар. I кітап. Мырза. Ата-тек шежіресі. –Талдықорған, 2005. -26 б.

<sup>305</sup> Жалайырдың қарақалпағының шежіресі. Жинап, құрастырушы: Тазабеката Ж.Қ. –Алматы, 2003. 58 бет.



жинақ материалдарында Жалайыр тайпасының құрамындағы басқа да рулар және ру бөлімшелерімен қатар айтылады<sup>306</sup>.

Осылайша, Жалайыр тайпасындағы рулар саны жөніндегі ойларымызды түйіндей келе, бұл тайпада алғашқы кезде немесе XIX ғасырдың соңына дейін он үш ру болған. Сөйтіп орыс зерттеушілерінің еңбектері мен кейбір жазба деректер мәліметтеріне осы он үш ру енген. Ал кейінгі кездерде қарақалпақ тармағының сан жағынан көбеюіне байланысты олар жеке рулық деңгейге дейін көтеріліп, Жалайыр құрамындағы он төртінші руды қалыптастырған деген қорытындыға келеміз.

Енді осы он төрт рудың қайсылары Шуманақ бөліміне, қайсы біреулері Сырманақ және Бірманақ бөлімдеріне енетіндігіне көңіл аударсақ. Бұл жөнінде де әр шежіреде әртүрлі айтылып жүргендіктен, қайсысының дұрыс-бұрыс екендігіне көзімізді жеткізіп алсақ дейміз.

Біз осы мәселені анықтау үшін Н.А.Абрамов, Н.Аристов, Х.Арғынбаев, В.Востров, М.Мұқанов, М.Тынышбаев, З.Сәдібеков, Р.Толқымбекұлы, А.Оспанов еңбектеріндегі мәліметтерді талдай, саралай келе, мынадай мәселелердің бар екендігіне көзімізді жеткіздік. Олар: біріншіден, Күшік руының қай бөлімге жататыны жөнінде; екіншіден, Сиыршы руының тайпалық жүйеде орналасуына байланысты; үшіншіден қарақалпақ руына байланысты туындап отыр. Ал қалған рулардың Шуманақ пен Сырманақ бөлімдерінің қайсысына жататындығы жөнінде қайшы пікірлер жоқ.

Олай болса, даулы пікірлерді шешіп көрелік. Күшік руының Шуманаққа енетіндігін М.Тынышбаев, Х.Арғынбаев, Р.Толқымбекұлы ғана жазады<sup>307</sup>. Алғашқы екі автордың пікірлері ұқсас. Олар бойынша Шуманаққа сегіз ру кіреді. М.Тынышбаев оған Маңғытай деген руды жатқызса, Х.Арғынбаев Маңғытайдың

---

<sup>306</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Томъ II. Копальский уездъ. Киргизское хозяйство. – СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -70 б.; Поаульная таблица статистических сведений о киргизскомъ хозяйстве. -232-248 бб.

<sup>307</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.; Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -85 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -14 б.

немересі Андасты оның орнына жазады. Екі автордың Күшік руын Шуманакқа енгізуіне «Жетім қалған Қосайды (Күшікті) Андас тәрбиеледі» деген аңыз мәліметі негіз болса керек. Соңғы шежіреші де осындай ойда болған сияқты. Ал қалған авторлар Күшікті Сырманакқа жатқызады. Біз бұл жерде Күшік руы кейінірек қалыптасып Балғалыға қосылды деген пікірді қолдаймыз. Сондай-ақ, «Күшік (Қосай). Ата-тек шежіресін» жазған автор А.Оспанов бұл руды жақсы біледі деген ойдамыз. Сөйтіп, біз, келесі тараушаларда Күшік руын Сырманак тайпалық бөлімінің құрамында қарастырамыз.

Екінші мәселе – Сиыршы руы төңірегінде болмақ.

Сиыршы руының Шуманак бөліміне де, Сырманак бөліміне енгізілмей, жеке ру ретінде көрсетілуі М.Тынышбаев құрастырған кестеден басталады. Ал М.Тынышбаевқа дейінгі авторлар Сиыршыны Сырманак бөліміне жатқызып келген болатын.

М.Тынышбаевтың не себепті Сиыршы руын жеке көрсеткеніне біз түсіне алмай отырмыз. Ол Н.Абрамовтың, Н.А.Аристовтың зерттеулерін жақсы пайдалана отырып, оларға сілтемелер жасайды, мәліметтерін қолданады. Ал бұл авторларда Сиыршы руы Сырманак бөлімінің құрамында көрсетілген. Діқанбай батыр шежіресінде, 1955-1965 жылдары ру-тайпалар шежіресіне қатысты мол материалдар жинастырып, зерттеу жүргізген Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров еңбектерінде Сиыршы руы Сырманак бөлімінің құрамында айтылады<sup>308</sup>. Бұл авторлардың деректерінің біріне – алды 1890 жылы, арты 1916 жылы туылған 20-ға жуық Жалайыр тайпасы ақсақалдарының ауызша мәліметтері жатады.

Р.Толқымбекұлы мен А.Оспанов бұл руды М.Тынышбаевқа сүйеніп, Бірманак бөлімінің руы деп көрсетеді. Сонымен бірге қарақалпақ руы А.Оспанов шежіресінде Бірманак тобына жатқызылған.

Жалайыр тайпасының қалған он екі руының қай бөлімге жататындығы туралы ешқандай дау-дамай жоқ. Діқанбай батырдың шежіресінен бастап (Дулат тайпасындағы Ботбай руының биі,

---

<sup>308</sup> Қараңыз: Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. -397 б.; Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -84 б.; Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). -Алма-Ата, 1968. -45 б.

1875 жылы қайтыс болған - автор) 2005 жылы Күшік руының шежіресін жеке кітап ретінде шығарған А.Оспановқа дейінгі авторлардың шежірелері мен шежірелік сипаттағы мәліметтерінде Шуманақ пен Сырманақ бөліміне енетін рулар бірдей беріледі. Олай болса, жоғарыда айтылған ойларымыз бен жасаған тұжырымдарымызды, деректер мен зерттеулердегі материалдарды негізге ала отырып, біз Жалайыр тайпасындағы Шуманақ, Сырманақ және Бірманақ бөлімдеріне мынадай рулар енеді деп есептейміз.


Шуманақ тайпалық бөліміне – Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, Қалпе және Сыпатай рулары; Сырманақ тайпалық бөліміне – Арықтыным, Байшегір, Балғалы, Қайшылы және Күшік рулары; ал Бірманақ тайпалық бөліміне – Сиыршы мен Қарақалпақ рулары жатады.

Кесте түрінде беретін болсақ, ол мынадай түрде көрінеді:



Қолымыздағы шежірелік материалдарға сүйене отырып, біз Жалайыр тайпасындағы осы он төрт рудың қалай тарқатылатынына назар аударалық. Әртүрлі шежірелерде Шуманақ, Сырманақ және Бірманақтан тарайтын аталардың, олардан тарайтын ұрпақтардың көрсетілуі бір-біріне қайшы беріліп жүр. Қолымыздағы материалдарды салыстыра келе біз, Амангелді Избасарұлы Оспановтың нұсқасы біршама дұрыстау және толық екендігіне көз жеткіздік. Сол себепті де төменде А.І.Оспанов құрастырған нұсқаны оқырмандар назарына ұсынамыз.

Келесі тараушада, біз, әр бөлімдегі руларға жеке-жеке тоқтап, олардың рулық тармақтарын, аталықтары мен аталарын көрсетуге тырысамыз.



## БІРМАНАҚ



Сыыршы (Байкөбен)

Майкөбен

Қарақалпақ

### § 3. Жалайырдың Шуманақ бөліміндегі рулар

#### а) Андас руы

Андас руы – Жалайыр тайпасының Шуманақ бөліміндегі жеті рудың бірі және сан жағынан ең көбі болып есептеледі. Санына байланысты бұл руда ру тармақтары да, ру бөлімшелері де, аталар да өте көп. Сондықтанда олардың атаулары рулық жүйенің тәртібі мен заңдылығына бағынбай, түрлі әдебиеттер мен шежірелерде ретке келтірілмей, әртүрлі жазылып жүр. Сол себепті де рудың тармағы мен бөлімшелерін, аталары мен аталықтарын бір-бірінен ажыратып, қайсысынан қайсыларын тарқату өте қиынға соғады. Соған қарамастан, қолымыздағы деректер мен мәліметтерге, зерттеулерге сүйеніп, біз, осы рудағы шиеленіскен жіптің шимайын шешіп, шешімін табуға тырысып көрейік.

Осы мәселелерді шешіп, Андас руының өз ішіндегі тармақтары мен аталарын анықтап көрсету үшін біз, негізгі дерек көздері етіп, Н.А.Абрамовтың, Н.А. Аристовтың, М. Тынышбаевтың, Х. Арғынбаевтың зерттеулеріндегі мәліметтер мен Р. Толқымбекұлының, А. Оспановтың шежірелеріндегі деректерді негізгі материал ретінде қолданғанымызды айтып өтуді жөн көрдік.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарында Андас руы Қалқа және Тұлымбек атты екі ру бөлімшесіне бөлініп, біріншісі – Дүйсенбі, Андабай – Таңат, Қанай – Қонай, Қырғыздар, Жомарт, Әйтiмбет және Қарақұс атты жеті тармақтан, екіншісі, Тұлымбек – Меңдiбай, Кенжеке, Шүрек және Қошқар атты төрт тармақтан тұрған<sup>309</sup>.

---

<sup>309</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270-273 бб.

Қалқа бөлімшесінде шамамен 1200, Тұлымбек бөлімшесінде 350-ден астам шаңырақ болған екен<sup>310</sup>. Орта есеппен санағанда, Андас руында XIX ғасырдың орта тұсында шамамен, 1100-12 500-дей адам болған. Н.А.Абрамовтың бұл мәліметін біз, өте дұрыс деп есептеп, негізге алдық. Өйткені, зерттеуші өзінің деректерін осы Андас руының биі мен ақсақалдарынан жинастырған. Біздің ойымызша, Н.А. Абрамовқа негізгі мәлімет беруші сол жылдардағы Андас руының басқарушысы, атақты Балпық бидің ұлы – Тіленші Балпық ұлы болған. Мұндай адамдар өзі басқарып отырған рудың барлық жағдайын, оның ішінде, ру тармақтары мен аталардың қалайша бөлінетіндігін басқалардан артық білген.

Н.А. Абрамовтан кейін 100 жыл өткен соң Жалайыр тайпасының құрамындағы руларды зерттеген Х. Арғынбаев Андас руы он атаға бөлінеді деп, Қырғыз, Қалқа, Ақтолымбет, Қаратолымбет, Құттық, Байқара, Жұман, Мендібай, Алқұлы және Кенже атауларын келтіреді<sup>311</sup>. Бірақ та Х. Арғынбаев Андас руының екі бөлімшеге бөлінетіндігі жөнінде ешқандай мәлімет бермейді.

Соңғы жылдары жарық көрген кейбір шежірелерде Андастың екі топқа бөлінетіндігі және әр топтың қалайша тармақталатындығы айтылса, ал кейбір шежірелерде Андас құрамындағы ру тармақтары мен ру аталықтары бірге топтасып жазылады. Біз, Андас руының тарқатылуын жазарда негізінен Н.А.Абрамов материалдары секілді осы руды екі топқа бөліп, әр топтың тармақталуын көрсеткен шежірелерді басты деректер ретінде пайдаландық.

1913 жылы П.П. Румянцевтің жетекшілігімен Санкт-Петербург қаласында жарық көрген Жетісу облысы Қапал уезіндегі тұрғындардың жер пайдалануына байланысты статистикалық жинағында Қапал уезіндегі Жалайырлар жөнінде тәуір мәліметтер бар<sup>312</sup>. Осы жинақтың әр қауымға берген сипаттамасында

---

<sup>310</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270-273 бб.

<sup>311</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына ктіпта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. – 85 б.

<sup>312</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разрабатанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-107 бб.

Андас руының бөлімшелері мен аталарына қатысты жекелеген материалдар, М. Тынышбаев құрастырған Жалайыр шежіресінің кестесіндегі мәліметтер және Р. Толқымбекұлының, А. Оспановтың, Ж.Бейсенбайұлының шежірелеріндегі материалдар, бізге, Андас руындағы Қалқа мен Тұлымбек бөлімшелері, оларға енетін тармақтарды анықтауға мүмкіндік берді. Кейбір түсінбеушіліктер мынадай себептерден туындап отыр екен. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы шежірелер мен материалдарда тайпа, ру құрамындағы бөлімдер, тармақтар, аталар ғана жазылса, кейінгі жылдардағы шежірелерде әрбір ақсақалдан тарайтын ұрпақтардың бәрі аталып, кісі есімдері мен ру, тармақ атаулары бір-бірімен араласып жатады. Сол себепті де кімнің қайдан шыққанын білу қиындық туғызады.

Біз, жоғарыдағы шежірелік материалдарды талдай келе, Андас руы өз ішінде Қалқа және Тұлымбек атты екі үлкен топқа бөлінетіндігіне көзімізді жеткіздік. Сондай-ақ, шежірелік материалдардың бәрін бір-бірімен салыстыра келе, Андас руындағы Қалқа мен Тұлымбек бөлімшелеріне жататын тармақтарды анықтадық.

Аңыз бойынша Андас өзі өте бай және қайырымды кісі болған екен. Алты әйел алып, олардан көп ұрпақ таралған. Сонымен бірге ел ішіндегі жетім-жесірлерді қолына алып, өз баласындай өсірген. Олар да кейіннен Андастың ұлдарымен бірге өздерін Андаспыз деп атап кеткен екен<sup>313</sup>.

Енді Андастан таралатын тармақтардың санына тоқталсақ.

Н.А. Абрамов материалдарында жоғарыда көрсеткеніміздей, Андас екі топқа бөлініп, он бір ру тармақтарынан тұрған. Х.Арғынбаевта Андастан тарайтын он бір ру аталығы көрсетілсе, Р. Толқымбекұлы он бір атаны атап көрсетеді. Кейінгі кездегі шежірешілерде Андастан тарайтын аталардың саны жиырмадан асады. Мысалы, А. Оспанов материалында Андас жиырма атаға бөлінсе, Ж. Бейсенбайұлының шежіресінде Андастан жиырма үш атаның тарайтындығы айтылады.

Біздің ойымызша, соңғы кездегі шежірешілер рудан тарайтын ру бөлімдері мен бөлімшелерін, ру тармақтары мен ру аталықтарын,

---

<sup>313</sup> Арғынбаев Ұлы жүзің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. - 133 б.

олардан тарайтын ру аталары мен әулеттерін бірге немесе сан жағынан көп өскен ру тармақтары мен ру аталықтарын ру бөлімдері мен ру бөлімшелері деңгейінде көрсеткен. Соның нәтижесінде Андас құрамындағы ру бөлімдері бірден көбейтіліп жіберілген. Дегенменде біз, жоғарыда айтып өткеніміздей, Андас руының қанша топқа бөлінетіндігі жөніндегі мәселеде информаторы Тіленші Балпықұлы және оның айналасындағы ақсақалдары болған Н.А. Абрамовтың материалдарын дұрыс деп санаймыз.

Енді шежіре бойынша Андастың әр тобына негіз болған ұлдарына тоқталсақ.

Р. Толқымбекұлы Андастың алты әйелінен туған ұлдарды былай деп көрсетеді: «Толымбек атты бәйбішеден Қошқар, Шүрек, Төлеке; Тасбике атты әйелінен – Меңлібай мен Кенжеке; Ақбұрым анадан – Қалқа; қырғыз қызы Қарашаш анадан өрбіген ұрпақтар – Қырғыздар; Ақбілек анадан – Байқара мен Жұман; Жетімеке анадан – Шөкі мен Шәкі»<sup>314</sup>. А. Оспанов материалында Андастың жеті әйелінен он алты ұл туады деп жазылады да, өкінішке орай олардың қандай топтарға бөлінетіндігі айтылмайды<sup>315</sup>. Андастың әйелдерінен тараған ұлдардың есімдері мен сандары Х.Арғынбаев, Р. Толқымбекұлы және А. Оспанов материалдарында бірдей емес, сәйкес келмейтін тұстары бар. Мысалы, Х. Арғынбаев Қалқа мен Қырғызды Андастың екінші әйелінен туған десе, Р. Толқымбекұлы мен А. Оспанов олардың анасын бөлек-бөлек көрсетеді. Сондай-ақ Х. Арғынбаев Байқара мен Жұманды әр анадан туылған десе, шежіреші қарт ол екеуін бір анадан туылған деп жазады. Ал, А. Оспановтың шежіресінде Андастан тарайтын Байқара мен Жұман жөнінде ештеңе айтылмайды. XX ғасыр басындағы статистикалық жинақтың материалдары мен кейбір шежірелерде Андас құрамында Байқара – Жұман аталығының кездесетіндігіне қарап, шынында да, бұл екеуі бір анадан туылды дегенге сенбеске лажың қалмайды.

Р. Толқымбекұлы: «Толымбек ананың өңі қара болғандықтан оны Қаратолымбек деп, одан туылған ұрпақтарды Қаратолымбек деген, екінші әйелі Тасбикенің өңі аққұба болғандықтан, оны Ақтолымбек, одан туған ұрпақтарды Ақтолымбек деп атаған», -

---

<sup>314</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -Алматы, 2000. - 191 б.

<sup>315</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. – 3 б.



дейді<sup>316</sup>. Ақ және Қаратолымбектер жалпы атаумен Толымбек деп аталып кетеді. Н.А. Абрамовтың Тұлымбек деп жазып отырғаны – осы Толымбек бөлімшесінің атауы.

Енді Қалқа мен Толымбек бөлімшелеріндегі ру бөлімдеріне талдау жасап көрелік. Шежірелік материалдар бойынша Қалқа - Андастың Ақбұрым атты әйелінен туған ұлы. Қалқаның құрамындағы жеті ру бөлімінің бәрі де Қалқаның тікелей өзінен тумаған. Бұлардың ішінде Андабай-Таңат, Жомарт және Әйтiмбет атты бөлімдер Андас секілді Шуманақтан тарайтын Маңғытайдың немере-шөберелері болып келеді. Біздің ойымызша, Маңғытайдың бұл немере-шөберелерінің ұрпақтары санының аз болуына байланысты жеке ру бола алмай, Андас руындағы Қалқа ру бөліміне біріктірілген. Ал Қалқаның тікелей өзінен тарайтын ру бөлімдері мыналар: Дүйсенбі, Қанай-Қонай, Қырғыздар (Қырғыз-Андас), Қаракүс.

Қалқа тобындағы бірінші тармақ – **Дүйсенбі**. Шежіре бойынша ол – Қалқаның жалғыз ұлы, өздерін Қалқамыз деп санайтындардың бәрі Дүйсенбінің ұрпақтары. Олай болса, екі автордың көрсетіп отырғандары бір тармақ та, аталуы екі түрлі. Н.А. Абрамовтың көрсетіп отырғаны тармақ атауы да, Р. Толқымбекұлының шежіредегі Андастың ұлы Қалқа ақсақалдың есімі. Біз бұл жерде рулардың тармақтарға, аталарға жіктелуін көрсетуді мақсат еткендіктен Дүйсенбі атауын қолданамыз.

Қалқа бөлімшесіндегі екінші тармақ – **Андабай-Таңат**. М. Тынышбаев пен Р. Толқымбекұлы шежірелерінде Андастың атасы Маңғытайдың алты-жеті ұлы болған делінеді де, Тордақ (Торлақ) атты ұлынан Андас туса, Иірқұл атты ұлдан Андабай мен Таңат өрбиді<sup>317</sup>. Шежіре бойынша Андабай – Таңаттардың Қалқа түгілі Андасқа енбейтіндігі көрініп тұр. Бірақта кім білсін, бұл ата өте аз болуы себепті Андас құрамына енуі мүмкін. Не болмаса, әменгерлік жолмен олар Андас қолында тәрбиеленген шығар. Бұл жөнінде Р. Толқымбекұлы мынадай дерек-әңгіме ұсынады: «Андабай мен Таңаттың әкесі Иірқұл Андас әкесі Тордақпен бірге туысқан кісі. Бұлардың ұрпақтары: «Біз аға баласымыз, үлкендік жол бізге тиісті,

---

<sup>316</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -191 б.

<sup>317</sup> Сонда. -191 б.

біз Андас атасына жатпаймыз», - деседі. Алайда Андас атамыз – аса бай, ақылды, ел басқарған адам екен. Сондықтан арғы аталарымыз Андас бабамызды құрмет тұтып, өздерін Андас еліміз (атасымыз) деп атап кеткен екен дейді»<sup>318</sup>.

Қалқа құрамындағы үшінші тармақ – **Қанай-Қонай**. Р.Толқымбекұлының шежіресі бойынша бұл ру тармағына негіз болған Қалқаның бесінші ұлы – Шүйіншіәлі. Одан Қанай, Қонай және Баян атты үш ұл туылған<sup>319</sup>. Бұлардан тараған ұрпақтар өздерін Қанай-Қонаймыз деп атаған немесе көрші рулар мен аталар оларды Қанай-Қонайлар деп атап кеткен. Мұндай қос атаудан тұратын тармақ, аталық атаулары Жалайырлар тайпасында жиі кездеседі. Тіпті біз мұны Жалайырларға тән ерекшелік пе деп ойлаймыз.

А. Оспановтың бізге берген шежіре қолжазбасында Қанай-Қонайлардың шығу-тегі өзгешелеу. Ол бойынша Андастың Ақбұрым атты әйелінен туылған ұлдардың бірі - Қалқа болса, екінші бірі – Түшімбет. Түшімбеттен – Шүйіншіәлі, ал одан Қанай, Қонай, Баян атты ұлдар туады. Р.Толқымбекұлы Түшімбеттің (Р.Толқымбекұлы бұл ру бөлімін Тұштымбет деп жазады) лақап есімін Қарақұс деп жазады<sup>320</sup>. Олай болса, Қарақұс (Түшімбет) және Қанай-Қонай ру тобы бір атадан тараған болып шығады. Н.А. Абрамовтың көрсеткен материалында Қанай-Қонай және Қарақұстар жеке ру топтары. Олардың бір әкеден тарап, бірден ру тобына айналуы мүмкін емес. Сондықтанда біз Р.Толқымбекұлының Қанай-Қонайдың шығуы жөніндегі нұсқасын қате деп есептейміз. Сол себепті де бұл мәселе жөнінде А. Оспановтың қолжазбасындағы деректерді ақиқатқа жақындау деп ойлаймыз.

Қалқаға жататын келесі, төртінші тармақ – **Қырғыздар** деп аталады. Р.Толқымбекұлы да, А. Оспанов та бұл атаға Андастың Қарашаш деген қырғыз әйелінен тараған ұрпақтарды жатқызады<sup>321</sup>. Х. Арғынбаев та осындай пікірде<sup>322</sup>. ХХ ғасыр

---

<sup>318</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -341 б.

<sup>319</sup> Сонда. -269, 307 бб.

<sup>320</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. – 3 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -298 б.

<sup>321</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -191 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -2 б.

<sup>322</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -133 б.

басындағы статистикалық жинақтың мәліметінде Маңғытайдың ұрпағы Баубектің қырғыз әйелінен тараған ұрпақ делінсе<sup>323</sup>, М.Тынышбаев оны Маңғытай, одан Шерғұл (Шиырқұл), одан Баубек деп нақтылайды<sup>324</sup>.

Қалқаның құрамына енетін бесінші тармаққа - **Жомарт** жатады. Шежіре бойынша Жомарт – Андастың туысы Алдаберліден тарайтын ұрпақтардың бірі. Шуманактың бір баласы Маңғытай, одан Тордақ, ал одан Андас туса, Маңғытайдың Игерқұл атты баласынан Аман, одан Жомарт тарайды. Санының көп болуына байланысты жеке ру тармағына жеткен секілді.

Қалқаға жататын алтыншы тармақ - **Әйтiмбет** деп аталады. Р.Толқымбекұлы шежіресінде бұл тармақ – Андастың інісі Алдаберлінің ұлы Әйтiмбеттен бастау алады деп көрсетiледi<sup>325</sup>. Ал А. Оспановта Әйтiмбеттің шығу тегі сәл өзгешелеу. Онда Маңғытайдан – Мұнай, одан Қозыбек, ал одан Әйтiмбет шығады. Бұл ру тармағы да жоғарыдағы Жомарт тармағы секiлдi санының көп болуына байланысты Андас руының ішінде жеке ру тармағын құраған.

Қалқаға енетін жетінші тармақ – **Қаракұс. Р.** Толқымбекұлы шежіресі бойынша Қалқаның Төлес атты ұлынан Назар, одан Құттық, Саттар және Құдайберді деген ұлдар таратылады<sup>326</sup>. Ал, Х. Арғынбаев Құттықты Андастан туылған деп жазып, Құттықтан Қаракұс пен Саттарды тармақтайды<sup>327</sup>. Ал А. Оспановтың материалдарында Қаракұс ру тармағының шығуы мүлде бөлек. Ол бойынша Қалқаның Дүйсенбіден басқа екінші бір ұлы болған. Оның аты – Түгел. Түгелден – Андағұл, Құмысы және Сүйіндік атты үш ұл таралады. Осы үш ата Қаракұс деп аталған<sup>328</sup>.

---

<sup>323</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -31 б.

<sup>324</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>325</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -311 б.

<sup>326</sup> Сонда. -301 б.

<sup>327</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -133 б.

<sup>328</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 4 б.

Міне, біз осылайша, Қалқа рулық бөлімшесіне жататын жеті ру тармағының бастауларын анықтадық. Келесі беттерде әр ру тармағының аталары мен аталықтарын жіктеп көрсетеміз.

Енді Тұлымбек ру бөліміндегі ру тармағына тоқталсақ.

Бұл топқа Меңдібай, Кенжеке, Шүрек және Қошқар атты төрт ру тармақтары енетінін және олардың не себепті Ақтұлымбек, Қаратұлымбек деп аталатындығын алдыңғы беттерде айтып өттік. Н.А. Абрамовтың айтқандарын Р. Толқымбекұлы мен А. Оспановтың шежіресіндегі мәліметтер нақтылай түседі. Андастың **Меңлібай** мен **Кенжеке** атты ұлдарының ұрпақтары **Ақтұлымбек; Қошқар, Шүрек** және **Төлеке** атты ұлдарынан өсіп-өнген ұрпақтары **Қаратұлымбек** деп аталады да, барлығы топтастырылып, Тұлымбек деген атауға ие болады. Тек қана Н.А. Абрамов Төлеке атауын айтпай кетеді. Біз, оның себебін оның ұрпақтарының аз болуына байланысты жеке ру тармағын қалыптастырмаған деп ойлаймыз. Ал олардың саны аз болса да шежіреде айтылуы зандылыққа жатады.

Осылайша біз, Андас руындағы Қалқа және Тұлымбек ру бөлімшелеріне енетін ру тармақтарының шығу тегін анықтадық. Оқырмандарға түсінікті болу үшін біз, осы екі ру бөлімін құраған ру топтарының шығу-тегін кесте арқылы төменде беріп отырмыз:

Енді төменде әр ру бөлімшесіндегі ру тармақтарының тарқатылуына назар салып көрелік.

### **1. Дүйсенбі.**


Дүйсенбі – Андас руының Қалқа бөлімшесіндегі бірінші ру тармағы. Шежіре бойынша Дүйсенбіден Қайдауыл, Қанқожа және Таймөңке атты үш ұл туып, олар үш аталыққа негіз қалайды. Х. Арғынбаев Таймөңкені Толымбек бөлімшесіндегі Шүрек тармағына жатқызады<sup>329</sup>. Ал біздің қолымыздағы деректер: Қапал уезі бойынша ХХ ғасыр басында жинақталған статистикалық жинақ мәліметтері<sup>330</sup>, М. Тынышбаевтың шежірелік кестесі<sup>331</sup>,

<sup>329</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -85, 133 б.

<sup>330</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева.Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -2 б.

<sup>331</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.

АНДАС РУЫНЫҢ ҚАЛҚА ЖӘНЕ ТҰЛЫМБЕК РУ БӨЛІМДЕРІНДЕГІ РУ  
ТОПТАРЫНЫҢ ШЫҒУ-ТЕГІНІҢ КЕСТЕ-ШЕЖІРЕСІ



Р. Толқымбекұлының шежіресіндегі мәліметтер<sup>332</sup>, А. Оспановтың материалдары<sup>333</sup> Таймөккені Дүйсенбіден таратады. Сондықтан да біз, осы нұсқаны дұрыс деп санаймыз.

Дүйсенбінің үш ұлының бірі – Қанқожадан Дербісәлі мен Лепес деген екі ұл туады. Дербісәліден – Білдебай, Мендібай, Балпық би, Салпық және Кешубай атты бес ұл, Лепестен – Қопабай, Жапабай және Шағалақ атты үш ұл туылып, олардың әрқайсысы ру ішіндегі

<sup>332</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Оң екі ата. Шежіре. - 269 б.

<sup>333</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. – 4 б.

жаңа әулеттерге негіз қалайды<sup>334</sup>. А.Оспанов Дербісәліден тарайтын алтыншы ұлға – Шінетті жатқызады<sup>335</sup>. Біз бұл әулеттердің одан арғы тармақталуын осымен аяқтап, тек шежірелік кестеде олардан қанша бұтақ өсіп-шығатынын жақша ішіндегі санмен көрсетеміз. Дербісәлінің әйелінде көріпкелдік, әулиелік қасиет болып, бес ұлының болашағын былайша айтқан екен. «Білдебайым – мал иесі, Мендібайым – үй иесі, Балпығым – ел иесі, Салпығым – ауыл иесі, Кешубайым – көш иесі болады депті. Әулие ананың айтқаны дәл келіпті»<sup>336</sup>. Балпық би (1694-1784) – бүкіл қазақ еліне танымал болып, аты шыққан әрі би, әрі батыр, әрі әулие атанған тұлға. Ол – Төле би, Ескелді би, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Наурызбай, Олжабай батырлармен бірге Абылай ханның туы астында қазақ жерін жоңғарлардан азат ету үшін болған ұрыстарда қол бастаған қолбасшы болған. Ол туралы О. Исмаилов «Балпық әулие» атты кітап жазған.

Андас руы Балпық бидің есімін ру ұранына айналдырады. Балпық бидің Тіленші, Әлдеке атты ұлдары болып, Тіленшісі әкесі секілді атақты бидің бірі болады. 1860 жылы Н.А. Абрамов Қапалдан Верныйға келе жатқан сапарында Қаратал өңіріне сипаттама бере келе, ондағы жергілікті тұрғындардың ру-тайпалық құрамы туралы да жазады. Оның ішінде Жалайыр тайпасының он үш руға бөлінетіндігін, оның бірінші руы – Андас екендігін, Андастың – Қалқа және Тұлымбек атты екі бөлімшеге бөлінетіндігін айтады да, олардың басқарушысы, би Тіленші Балпықов деп көрсетеді. Н.А. Абрамов материалдарының не себепті өте дәл екендігін осы жерден байқауға болады. Өйткені, Жалайыр руындағы әрбір басқарушы, әрбір би өз руының шежірелік құрылымы жөнінде авторға нақты мәліметтер берген.

Дүйсенбінің келесі бір ұлы – **Қайдауыл**. Шежіре бойынша Қайдауылдан – Түрке, Саурық, Ордағұл, Оспан және Сайбақ атты ұлдар болып, олар жеке аталықтарға негіз болады. Шежірелік кестеде біз олардан тарайтын әулеттер санын жақша ішінде береміз.

---

<sup>334</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. - 294-297 бб.

<sup>335</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -4 б.

<sup>336</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. - 296 б.

Дүйсенбінің үшінші ұлы – **Таймөңке**. Одан шежіре бойынша Құдайберді, Тоқтауыл, Тоқтамыс, Қалыш, Майса (әйел аты), Байыс атты тармақтар шығады. Ал Х. Арғынбаев Таймөңкеден он төрт ұлды таратады<sup>337</sup>. Ал А. Оспанов болса, Таймөңкеден жалғыз Кенбаба атты ұл туылған деп жазады<sup>338</sup>. Біздің ойымызша, Х. Арғынбаевтың көрсетіп отырғаны Таймөңкеден таралатын ұл-немерелердің жалпы саны. Бұл жерде Р.Толқымбекұлының мәліметтерін дұрыс деп санаймыз.

## **2. Андабай – Таңат.**

Бұл тармақ – Андас руындағы Қалқа бөлімшесіне жататын жеті ру тармағының бірі. Шежіре бойынша Андабай мен Таңат Маңғытайдың Иірқұл атты ұлынан туылады. Бұлардың ұрпақтарын біріктіріп, Андабай – Таңат деген атаумен атап кеткен. Таңат туралы ел аузында мынадай тарихи аңыз-әңгіме сақталып қалған: «Таңат бабамыз көрнекті батыр адам болыпты. Қытайлармен болған бір соғыста Қытайдың Ақбұрым деген қызын Таңат, Ақтұлым есімді қызын Найман елінің батыры Қаптағай екеуі олжалапты да, елдеріне алып қайтады. Таңат батыр Ақбұрымды Андасқа некелендіреді. Одан Қалқа атты бала туады, мұның ұрпақтары өскен ата, Андас ішінде Қалқа атасы аталады. Осы атадан әйгілі би, әулие, батыр Балпық бабамыз және оның ұрпақтары тарайды»<sup>339</sup>.

Андабайдың өзінен – Арысбай, Қабыл, Әти, Жапақ атты төрт; Таңаттан бір-ақ ата өсіп шығады. А. Оспанов шежіресінде Арысбайдың орнына Қареке атты ата жазылған. Біз, бұл жерде екі шежірешінің қайсысының деректері дұрыс екендігін дөп басып айта алмаймыз. Мүмкін, Арысбайдың лақап есімі Қареке шығар.

Ал Таңаттан Сайлаубай, одан Есенқұл, ал одан Майлыбай туылады. Оның ұрпағы өте аз болғандықтан, туысы Андабайлықтармен бірігіп, бір ру тармағын құрайды. Ру тармағы – Андабай-Таңат аталып кетеді.

XX ғасыр басындағы мәліметтерде Андабай – Таңатпен қатар Сырлыбай, Қарғабай атты ру аталарының атаулары кездесіп

---

<sup>337</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 85, 133 бб.

<sup>338</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 4 б.

<sup>339</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. - 341 б.

қалады<sup>340</sup>. Шежіре бойынша бұл аталардың шығуы былайша көрсетіледі: Таңаттың шөбересі Майлыбайдан Қаратай және Тоқсан атты екі ұл өсіп, біріншісінен жеті, екіншісінен төрт бұтақ өсіп шығады. Қаратайдың жеті ұлының бірі – Қарғабай да, екінші бірі – Сеңкібай. Ал Тоқсанның үлкен ұлы – Сандыбай. Біздің ойымызша, орыс дерегіндегі Сырлыбай дегеніміз – шежіредегі Сеңкібай мен Сандыбай есімдерінің бұрмаланып жазылған түрі сияқты.

Дүйсенбі ру тармағымен салыстырғанда Андабай – Таңат тармағы сан жағынан аз екені байқалады.

### **3. Қанай – Қонай ру тармағы.**

Бұл тармақ – Андас ішіндегі Қалқа бөлімшесінің жеке бір тармағына жатады. Біз, алдыңғы беттердің бірінде осы ру тармағының шығуын қарастырып өткенбіз. Р. Толқымбекұлы мен А. Оспанов бұл ру тармағының шығу-тегін әртүрлі көрсетсе де, ал олардың тарқатылуын бірдей баяндайды. Шежіреге сүйенсек, Андастың Ақбұрым атты әйелінен туылған Түшімбет атты баладан Шүйіншәлі, ал одан Қанай, Қонай және Баян атты ұлдар тарайды. Қанайдан – Тыштақ, Шегірбай, Бәйірбек, Момынбек; Қонайдан – Айтқұл, Байсақал, Қарымсақ, Аранша; Баяннан – Қалабай, Шұқан атты ұрпақтар өсіп-өніп, одан әрі тармақталып жалғаса береді. Баян ұрпақтары аз болуына байланысты, ең жақын туыстарымен топтасып, Қанай-Қонай атты ру тармағына біріккен деп санауға болады.

### **4. Қырғыздар.**

Бұл ру тармағы да Андас руындағы Қалқа бөлімшесіне жататын тармақтың бірі. Атаудың шығу себебін біз, алдыңғы беттерде атап өткендіктен, қазір оған тоқталып жатпаймыз. Статистикалық жинақтың мәліметі бойынша бұл рулық топтың басында Маңғытай ұрпағы Баубек болған делінеді<sup>341</sup>. М. Тынышбаев

---

<sup>340</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -88 б.

<sup>341</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. Заметки об отдельных общинах. -52 б.



Баубек Шерғұлдан (Шиыркұл), ал ол Маңғытайдан туылған деп көрсетеді<sup>342</sup>. Р.Толқымбекұлының шежіресі бойынша Қырғыз ру тармағы Аққауабыз (Аңқауабыз) және Лаулауабыз (Лаулықабыз) болып екі аталыққа бөлінеді<sup>343</sup>. Одан шежіреші Қырғыздың екі атасынан тарайтын шежіренің екі нұсқасын ұсынады. Екі нұсқада бірі-біріне сәйкес келмейтін тұстар болғандықтан, біз оларды оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрмедік.

А. Оспановтың шежіресі бойынша Аңқауабыздан (Аққауабыз) – Амандық, ал одан – Қайырлыөкім және Мәтек атты аталар тарайды. Ал Лаулауабыздан – Есенкұл, Есенгелді атты екі ата шығып, Есенкұл – Мәмбет болып, ал Есенгелді – Қыдыр, Көшей болып одан әрі жалғаса береді<sup>344</sup>.

### **5. Жомарт.**

Жомарт ру тармағы – Жалайырдың ру-тайпалық жүйесінде Андас ішіндегі Қалқа бөлімшесінің бір тармағына жатады. Х. Арғынбаев Жомартты Жұманнан тараған десе<sup>345</sup>, Р.Толқымбекұлы Андастың інісі Алдаберліден өрбітеді<sup>346</sup>. А. Оспановтың шежіресінде Маңғытайдан – Игеркұл, одан Алдаберлі, одан Аман, ал одан Жомарт шығады<sup>347</sup>. Жалпы алғанда, Р.Толқымбекұлы мен А. Оспановтың шежірелеріндегі Жомарттың шығуы жөніндегі материалдар ұқсас. Тек қана айырмашылығына Алдаберлінің әкесінің кім екендігі ғана жатады. Бір шежіреші – Маңғытайдың ұлы Игеркұлды көрсетсе, екінші шежіреші – Маңғытайдың ұлы Тордақты көрсетеді. Біз бұл жерде Бұл екі мәліметтің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін дөп басып айта алмаймыз. Мұхаммед Хайдар Дулатша айтсақ: «Оның анығы бір Аллаға ғана аян».

Шежіре бойынша Алдаберліден – Жамембет, одан Аман, ал одан Жомарт шығады. Жомарттың тарқатылуы жөніндегі шежірелік материалдарды салыстыра келе, біз, А. Оспановтың

---

<sup>342</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>343</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -235 б.

<sup>344</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -5 б.

<sup>345</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -85, 133 бб.

<sup>346</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. –Алматы, 2000. -311 б.

<sup>347</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -1 б.

материалдарының дұрыстығына көз жеткіздік. Ол бойынша, Жомарттан - Өтебай, Өтеген, Бексейіт, Бұқар, Бабақ және Жолай атты алты ру аталығы өсіп шығады. Өтебайдан – Шал, Қыдыр, Медет, Қуат, Әлет атты; Өтегеннен – Қуат, Қожамжар, Қожакелді, Қарашолақ батыр, Байболат атты; Бексейіттен – Есқұлы атты; Бұқардан – Игенбай, Іңкәрбай атты; Бабақтан – Шотқара, Маман, Алтыбай, Жетібай, Сегізбай, Тоғызбай атты; Жолайдан – Бармақ, Бабабай, Өсімқұл, Мұсақұл, Рысқұл атты ру аталары одан әрі жалғасын табады. Бұл ата көп өсіп-өнгендіктен, Қалқа ішіндегі жеке ру тармағына айналған.

### **6. Әйтiмбет.**

Бұл тармақ та Андастың Қалқа бөлімшесіндегі жеті тармақтың бірі. Шежірелерде Әйтiмбеттің шығуы жөнінде бірнеше нұсқа бар. Бірінші нұсқа бойынша Маңғытайдан – Тордақ, одан Алдаберлі, одан Әйтiмбет туылады. Ал екінші нұсқа бойынша, Маңғытайдан – Мұнай, одан Қозыбек, одан Әйтiмбет шығады. Қай нұсқаның растығы бір Аллаға аян!

Р. Толқымбекұлы мен А. Оспановтың материалдарында Әйтiмбеттің тарқатылуы бірдей. Бұл ру тармағы өз ішінде Жанкелді, Олжабай, Жауғаш, Сатыпалды (Шегір), Жаңатуған және Кедейсары атты ру аталықтарына бөлінсе, әрбір аталық өз кезегінде бірнеше аталарға тарамдалады. Жанкелдіден – Дүйсебай, Нұрлыбай, Теңіз, Нұрақ атты; Олжабайдан – Байтерек, Басшығұл, Қосшығұл, Қожабай, Тілеуміс атты; Жауғаштан – Шымбай, Тасыбай, Қаратоқа атты; Сатыпалдыдан – Байшымбай, Батырбай, Құл, Серкебай. Жаңатуғаннан – Мамай, Ахметбек, Манасбай, Жайлаубай, Ескожа атты аталар өсіп-өнеді<sup>348</sup>.

### **7. Қаракұс.**

Қаракұстармағы да Андас ішіндегі Қалқаның ру тармақтарының бірі. Біз алдыңғы бетте бұл ру тармағының шығу-тегіне тоқталып өткенбіз. Енді оның тарқатылуына назар аударып көрелік. Шежіре дерегіне назар салсақ, Андастың Ақбұрым атты әйелінен Төлес атты ұлы болған. Төлестен – Назар, ал одан – Саттар, Құттық, Құдайберлі атты үш ата тараған<sup>349</sup>. Кейбір зерттеулерде Андас

---

<sup>348</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 2 б.

<sup>349</sup> Сонда. - 4 б.

руы ішіндегі ру аталарының бірі ретінде Құттық – Қарақұс деген тармақ атауы кездеседі<sup>350</sup>. Соған қарағанда, Төлестің Назар деген ұлынан тарайтын Құттық, Саттар және Құдайберлі ұрпақтары мен Қалқаның Түгел деген баласынан туылған Андағұл, Құмысы және Сүйіндік (жиынтық атауы – Қарақұс) атты ұлдардың ұрпақтары біріктіріліп, кей деректерге Құттық-Қарақұс атауымен, ал кейбір деректерге бір ғана атаумен не Қарақұс, не Құттық деп енген деп санаймыз. Екеуінің де арғы аталарының бірі Андастың баласы болса, екіншісінің арғы атасы Қалқаның баласы болғандықтан, олардың топтастырылып, Қалқа бөлімшесіне енуін заңдылық деп білеміз.

Өз кезегінде олардан да төрт-бес аталар бұтақталып шығады. Біз олардың әрқайсысының санын шежірелік кестеде көрсетеміз.

Осы ру тармағының бірі – Құттық болса, оның шығу тегі шежіреде былайша көрсетілген. Андастан – Төлес, Төлестен – Назар, одан Құттық, Саттар және Құдайберді; Құттықтан – Бөкембай, Жаңқа, Қарабек; Саттардан Ұлан, Жантілес, Ақжол атты тармақтар тарқатылады. Құдайбердіден шығатын бұтақтар көрсетілмейді<sup>351</sup>.

Осылайша, біз, Андас руының Қалқа бөлімшесіндегі жеті ру тармағына жеке-жеке тоқталып, олардың өз ішінде шежіре бойынша жіктелуді көрсеттік. Сөйтіп, бұл ру бөлімшесіне байланысты мынадай тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, Қалқа бөлімшесіндегі жеті ру тармағының екеуі – Дүйсенбі және Қарақұс Андастың ұлдарының бірі – Қалқадан тікелей тараған ұрпақтарға жатады. Бұл ру тармақтары Қалқа атты ру бөлімшесіне топтасып, тайпалық жүйеде күшті рөлге ие болғандықтан және ру бөлімшесіндегі жетекшілердің жеке қасиеттеріне байланысты, Андастың Қырғыздар, Андабай-Танат, Жомарт, Әйтiмбет секiлдi ру топтары Қалқа тобына енген деп ойлаймыз.

Екіншіден, XVIII-XIX ғасырларда, әсіресе, жоңғар шапқыншылығы жылдары жақын, туыс рулар мен ру топтары амалсыздан бірігуге мәжбүр болады. Саны аз аталар өзара бірігіп,

---

<sup>350</sup> Қазақ-Совет Энциклопедиясы. Т. 1. –Алма-Аты, 1972. -374 б.

<sup>351</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -301-306 бб.

қос атаудан тұратын ру топтарын құрған. Оған Андабай-Танат, Қарақұс-Құттық, Қанай-Қонай және тағы басқа атаулар дәлел болады.

Үшіншіден, Қалқа бөлімшесіндегі ру аталарын талдау барысында Таймөңке-Байыс, Түрке-Саурық атты ру топтарының рулық жүйедегі орнын анықтадық. Олар санының көп болуына байланысты жеке ру тобы ретінде аталғанымен, шежірелік құрылым бойынша: Таймөңке – Дүйсенбіден, Байыс - Таймөңкеден таралады. Түрке мен Саурық Дүйсенбінің Қайдауылынан тарайтын ру аталығына жатады.

Мұндай ру топтарын шежіре бойынша анықтағанда ғана, біз, тек Андас руы ішінде емес, бүкіл Жалайыр тайпасы ішіндегі толып жатқан ру атауларының шығу тегін, алатын орнын оқырмандарға дұрыс көрсете аламыз.

Енді Толымбек бөлімшесіндегі ру тармақтарына тоқталып өтелік.

Н.А. Абрамов Толымбекке Меңлібай, Кенжеке, Шүрек және Қошқар ру тармақтарын жатқыза<sup>352</sup>, ал шежіреші ақсақал Рахметолла Толқымбекұлы Тұлымбек бөлімшесін Ақтұлымбек және Қаратұлымбек деп екіге бөледі де, Меңлібай мен Кенжекені Ақтұлымбекке, Қошқар, Шүрек және тағы бір тармақ – Төлекені Қаратұлымбекке жатқызады<sup>353</sup>.

Шежіре мен дерек мәліметтеріне сүйеніп, аталған ру тармақтарының таралуына назар салайық.

## **1. Қошқар.**

Бұл тармақ – Андастың Тұлымбек бөлімшесіндегі ру тармақтарының біріне жатады. Біз қарастырған деректердің бәрінде бұл ру тармағы өз атауымен жеке кездеседі. Шежірелік мәліметтерде Қошқар, Шүрек және Төлеке – Андастың Тұлымбек атты әйелінен туған ұлдары. Әйелінің өңі кара болғандықтан бұл үш ұлдың ұрпақтары Қаратұлымбек деп аталып кеткен<sup>354</sup>. Үш ұлдың үлкені Қошқар болып саналады. Қошқардан Алдасүгір

---

<sup>352</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271-273 бб.

<sup>353</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. – 191 б.

<sup>354</sup> Сонда. -191 б.

атты ұл, ал одан шежіре бойынша Төлебай, Құлболды және Ырыс (Орыс) атты үш ұл туылады<sup>355</sup>.

М. Тынышбаев пен Х. Арғынбаев Қошқардан Құлбай мен Төлебай атты аталарды шығарса<sup>356</sup>, Р. Толқымбекұлы Алдасүгірдің Құлбол, Төлебай, Орыс, Рысбай атты төрт ұлын атап көрсетіп, басқа сегіз ұлы Жиделі Байсын еліне көшіп кеткен, тұқымдары белгісіз деп жазады<sup>357</sup>. Біздің ойымызша, Орыс пен Ырыс бір адамның есімі секілді. Кейбір шежіре айтушылар немесе ескі қолжазбаны көшірушілер бір адамды екі түрлі түрде жазған. Сол себепті де біз, А. Оспанов материалындағы Қошқардың Алдасүгірінен үш ата тараған деп есептейміз.

Құлбол аталығынан Қойкелді, Күркірет, Киікбай атты аталар таралады. Шежіреде Төлебай, Рысбай (Орыс) ұрпақтары таратылмаған. XX ғасыр басында Қапал уезінде жүргізілген зерттеу мәліметтерінде Қошқардың екі ұлынан тараған Құлболды, Төлебай ру тобына сипаттама беріледі<sup>358</sup>.

## **2. Шүрек ру тармағы.**

Бұл тармақ та Қошқар тармағы секілді Андас ішіндегі Тұлымбек бөліміне жатады. Х. Арғынбаев, М. Тынышбаев, Р. Толқымбекұлы, А.Оспанов және тағы басқа шежірлік материалдарда Шүректің Есімбек және Сәмбет (Сәмен) атты екі топқа бөлінетіндігі бір ауыздан мақұлданады. Есімбек Тілеп және Тәттібай атты екі аталыққа жіктеліп, Тілептен – Жаубасар, Рысбай, Бақ, Жауғаш, Бейсен және Дүйсен; Тәттібайдан - Түйте, Қаңтарбай, Қарымбай атты аталар тармақталады<sup>359</sup>. Түйте сегіз, Қаңтарбай мен Қарымбай әрқайсысы алты әулетке өз іштерінде бөлшектенеді<sup>360</sup>. М.Тынышбаев Тәттібайды батыр болған, Абылай ханның замандасы деп ескертпе беріп өтеді<sup>361</sup>.

<sup>355</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 3 б.

<sup>356</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.; Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -85, 133 бб.

<sup>357</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -192 б.

<sup>358</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева.Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -27 б.

<sup>359</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -193-195 бб.

<sup>360</sup> Сонда. -195, 198, 201 бб.

<sup>361</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. -68 б.

Шүректің екінші ұлы Сәмбет (Сәмен), ол – Тастемір және Олжабай атты екі аталыққа бөлінеді. А. Оспанов Тастемірдің Балапан, Торғай, Сарыбай атты үш баласы болған деп жазса, Р. Толқымбекұлы Тастемірден Бүркіт, Торғай, Балапан, Сарыбай, Жігіт және Мөңкебай атты алты әулет өсіп-өнеді деп көрсетеді<sup>362</sup>.

### **3. Төлеке.**

Бұл тармақ та Андас ішіндегі Тұлымбек бөлімшесіне жатады. Шежіре бойынша Төлеке Андастың Қаратұлымбек аты әйелінен туады. Оның жалғыз ұлы – Қосшыетер, ал одан Ескелді. Ескелдіден - Қойайдар және Қаржау атты аталар өсіп-өнеді. XX ғасыр басындағы материалдарда жоғарыда аталған аталардан өсіп-өнген ұрпақтар өздерін Қосшыетерміз деп атаған<sup>363</sup>. Бұл ру тармағының Қошқар мен Шүрек секілді не себепті Н.А. Абрамов дерегінде жеке ру тармағы ретінде айтылмағандығының сырын біле алмай отырмыз. Мүмкін, XIX ғасырдың ортасында бұл тармақ өте аз болып, жеке ру тобын қалыптастыра алмаған шығар деп ойлаймыз.

### **4. Меңлібай ру тармағы.**

Меңлібай – Андас ішіндегі Тұлымбек бөлімшесіне жататын ру тармақтарының бірі. Шежіре материалдары бойынша Меңлібай Андастың Тасбике атты әйелінен туылған. Тасбикенің өңі аққұба болғандықтан одан өнген ұрпақтарды Ақтұлымбектер деп атап кеткен<sup>364</sup>.

Х. Арғынбаев Меңлібайды-Меңдібай дей отыра, одан Көтен және Бөрте атты екі атаны таратады<sup>365</sup>. М.Тынышбаевта Меңдібайдың тарқатылуы көрсетілмесе, Р.Толқымбекұлының шежіресінде Меңдібай тармағынан Рысқұл және Қараменде аталықтары шығарылады<sup>366</sup>. Ал, А. Оспанов болса, Меңдібайдан

---

<sup>362</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 3 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -206, 210 бб.

<sup>363</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -55 б.

<sup>364</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -191 б.

<sup>365</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -85 б.

<sup>366</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -213 б.

таралатын Рысқұл, Шектібай және Қараменде атты үш атаны бөліп көрсетеді<sup>367</sup>. Одан әрі Рысқұлдан Дәулетбай, Жамбай, Тіней, Тынбай атты аталардың таралатындығын шежірешілер бірауыздан мойындайды. Меңдібайдың екінші баласы Шектібайдан Байбөрі атты жалғыз ұл туады. Ал Байбөріден – Арғынбай, Аманжол, Итеке атты үш әулет таралады. Меңдібайдың үшінші ұлы Қарамендеден Жарылғап және Шобан атты екі ата өсіп-өніп, олар өз кезегінде одан әрі рулық әулеттерге тарамдалады.

### **5. Кенжеке.**

Бұл тармақтың бастауы болып есептелетін Кенжеке – Меңдібаймен бір анадан туған Андастың ұлдары. Сол себепті де оның ұрпақтары Андас руының Тұлымбек бөлімшесіне жатады. М.Тынышбаев кестесінде Кенжеке Маңғытайдың ұлдарының бірі ретінде көрсетілсе<sup>368</sup>, қалған дерек мәліметтерінің бәрі Кенжекені Андастан таратады. XX ғасыр басындағы материалдарда Кенжеке ру тобы ретінде жеке сипатталады<sup>369</sup>.

А. Оспановтың шежірелік материалында Кенжекеден Арқар және Құлжа атты екі аталық таралады. Арқардан Құлымбай, ал Құлжадан Қаркетер, Әден (Қасқа), Қосеке атты әулеттер одан әрі жалғасын табады<sup>370</sup>.

Сонымен біз, XIX ғасырдың ортасындағы Н.А. Абрамовтың материалындағы деректі негізге ала отырып, Андас руы ішіндегі Қалқа мен Тұлымбек бөлімдеріне жататын ру тармақтары мен аталарын атап өттік. Бірақта біз, осы екі ру бөлімдеріне енетін он екі тармақтан басқа кейбір материалдарда Байқара-Жұман, Шөкі-Шәкі атты тармақтардың бар екенін байқап отырмыз. Төменде сол тармақтар жөнінде айтып өтелік.

### **Байқара – Жұман**

Бұл ру тармақтарының атауы XIX ғасырдың ортасындағы Н.А.Абрамов материалдарында кездеспесе де, XX ғасыр басындағы

---

<sup>367</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 5 б.

<sup>368</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>369</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева.Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -3, 30 бб.

<sup>370</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 5 б.

статистикалық жинақтың дерегінде айтылады<sup>371</sup>. Онда ру тобының атауы ағайынды Байқара мен Жұманның есімдеріне байланысты пайда болған делінеді.

Х. Арғынбаев Байқара мен Жұманды Андас ішіндегі жеке ата деп көрсетсе<sup>372</sup>, Қазақ Совет энциклопедиясының мәліметінде бұл тармақ Байқара – Жұман деп жазылады<sup>373</sup>. Жалайыр тайпасының шежірешісі Р.Толқымбекұлының бұл тармақ туралы мәліметтер кеңірек берілген. Ол бойынша Байқара мен Жұман Андастың Ақбілек атты әйелінен дүниеге келген деп көрсетіледі<sup>374</sup>. Сол себепті де ағалы-інілі қос атаның ұрпақтарын есіммен біріктіріп атап кеткен.

Р. Толқымбекұлы бойынша Байқарадан Бөгембай, Тезекбай, Қарабай, Тойқара және Жонқара атты бес ұл туылып, олардың әрқайсысы ру аталығына айналады. Байқараның алты аталығынан шежіре бойынша он бес ата өсіп-өнеді де, ары қарай әулеттерге тарамдалып кетеді.

Жұман тармағы туралы шежіреші былай деп түсіндірме береді: «Бұл атаның үрім бұтақтары Қытайда тұрады. Сондықтанда оны жіктеп таратуға бізде құжаттар болмады»<sup>375</sup>. А. Оспановтың материалдарында Байқара және Жұман атаулары кездеспесе де олардан тарайтын ұрпақтардың шығуы басқаша көрсетіледі. Ол бойынша Андастың Қаламқас атты әйелінен Саң деген баласы болған. Саңнан Құттыбай мен Боқай, ал Құттыбайдан Отыншы, Бөгенбай, Тезекбай атты аталар таратылады. Біз, бұл жерде Р. Толқымбекұлы мен А. Оспановтың осыған қатысты деректерін басқа шежірелік материалдармен салыстыра келе, бірінші шежірешінің деректерінің дұрыстығына көз жеткізіп отырмыз. Өйткені, Р. Толқымбекұлының материалында айтылатын Байқара-Жұман аталығы туралы ХХ ғасыр басындағы статистикалық жинақ

---

<sup>371</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. Заметки об отдельных общинах. –87 б.

<sup>372</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -85 б.

<sup>373</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 1. –Алма-Аты, 1972. -374 б.

<sup>374</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -191 б.

<sup>375</sup> Сонда. -234 б.



материалында және кейбір зерттеу деректерінде кездеседі. Ал А. Оспановта Байқара-Жұман аталығы туралы ешқандай мәліметтер жоқ.

### **Шәкі-Шөкі.**

Бұл тармақ атауы Н.А. Абрамовта да, М. Тынышбаевта да кездеспейді. XX ғасыр басындағы статистикалық жинақ материалдарында осы тармаққа жататын Алакөз, Қазақ-совет энциклопедиясында Алакөз – Жетінар аталарының атаулары беріледі<sup>376</sup>. Біз осы деректер мен шежіреге сүйеніп, Шәкі-Шөкі тармағын таратып көрелік.

Р. Толқымбекұлы мен А. Оспановтың шежірелері бойынша Андастың Жетімек (Алтынқыз) деген әйелінен Шәкі және Шөкі деген екі ұл туады<sup>377</sup>. Бұл тармақтан тарайтын аталар кейде өздерін Жетімек деп, кейде Шәкі-Шөкі деп айтса, ал кейбір деректерде тармақ ішіндегі жеке ата атауымен жазылып жатады.

Р. Толқымбекұлы Шәкіден Тілес атты жалғыз ұл туған, одан Өтеп, Оразымбет, Ожы атты аталықтар тарайды деп жазады<sup>378</sup>. Ал Шөкінің (Шөке) Бозкөз және Қараш атты екі аталыққа бөлінетіндігін айтады. Бозкөзден Мырзақұл (жанама аты Алакөз) және Дәулет (жанама аты Жетінар) атты аталар өсіп шығады. Бұл екі ата алты әулетке тарамдалады<sup>379</sup>. Мырзақұл мен Дәулет аталары Алакөз – Жетінар деген атаумен аталып кетеді де, шежіреге осы атаумен енеді.

Қараш аталығы Көтен, Бөрте және Қатпа атты үш атаға жіктеледі. Олар өз кезегінде он бір әулетке тарамдалады<sup>380</sup>. Көріп отырғанымыздай, бұл тармақ атауы да Андастың басқа тармақтары секілді Шәкі-Шөкі атауымен аталып кетеді.

---

<sup>376</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -76 б.; Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 1. –Алма-Аты, 1972. -374 б.

<sup>377</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -263 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. - 3 б.

<sup>378</sup> Сонда. -243 б.

<sup>379</sup> Сонда. -253, 255 бб.

<sup>380</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -253, 263-267 бб.

Осылайша, Андас руы және оның тармақтары мен аталары жөніндегі ойларымызды түйіндей келе, мынадай қорытындыға келеміз.

Біріншіден, Андас руында он төрт ру тармағының бар екендігі анықталды. Олардың ішіндегі: Дүйсенбі, Андабай-Танат, Қанай-Қонай, Қырғыздар, Жомарт, Әйтiмбет және Қаракұс тармақтары Қалқа бөлімшесіне жатқызылады. Ал Қошқар, Шүрек, Төлеке (Қосшыетер), Меңлібай (Меңдібай) және Кенжеке тармақтары Тұлымбек бөлімшесіне енеді екен.

Андастың Байқара, Жұман, Шәкі, Шөкі атты ұлдарынна тараған ұрпақтар Байқара-Жұман, Шәкі-Шөкі атты ру тармақтары құрайды.

Екіншіден, Андас руының ішіндегі жекелеген аталар мен аталықтардың ел аузында, кейбір әдебиеттерде ру тармақтарымен бір деңгейде аталатындығына көз жеткіздік. Мысалы, Алакөз-Жетінар аталығы Шөкіден тараса, Таймөңке-Байыс, Түрке-Саурық аталықтары Дүйсенбіден тарайтын аталықтарға жатады. Олар санының көп болуына байланысты деректерге ертерек ілінуі мүмкін, дегенменде ру-тайпалық жүйеде олардың қайдан шыққандығын білген абзал.

Үшіншіден, Андас ішінде қос атаудан тұратын ру тармағы мен аталықтарының көп екендігі анықталды. Олар негізінен бір атаның ағалы-інілі ұлдарынан тарайтын ұрпақтарға жатады. XVII-XIX ғасырлардағы сыртқы жауға қарсы күрестерде, өз ішіндегі жер дауы, жесір дауы, мал дауы секілді талас-тартыстарда әлсіздер мен саны аздар амалсыздан бірігуге мәжбүр болған. Андас ішіндегі қос атаудан тұратын ру тармақтарының пайда болу себебін біз, осыдан деп есептейміз.

Төртіншіден, біз арнайы түрде Жалайыр тайпасының құрамындағы әр ру мен ру тармағының уездің болыстарында орналасуын жеке тарау көлемінде қарастыратындықтан, Андас руындағы ру тармақтары мен аталықтардың қоныстарын көрсетпедік. XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы әкімшілік реформаға сай Андас ішіндегі ру тармақтары мен аталықтар Жетісу облысы Қапал уезінің Мырза, Сыпатай, Таулы Жалайыр, Ши, Төменгі Қаратал, Андас, Балғалы болыстарындағы әкімшілік ауылдарда өмір сүрген.

Андас руынан шығып, берісі Жалайырға, арысы бүкіл қазақ еліне танымал болған тарихи тұлғалар мыналар:

1. Андас батыр – Аңыз бойынша ол би, жырау және өте бай болған адам. Оның шығу тегі былайша таратылады. Жалайыр – Шуманақ – Маңғытай – Тордақ – Андас. Андастан тараған ұрпақтар жалайыр тайпасы ішінде жеке бір руды құрайды.

2. Балпық би (1694-1784) - әрі батыр, әрі би, әрі әулие болған тұлға. Жоңғарларға қарсы күресте қол бастаған қолбасшы. Оның есімі Андас руының ұранына айналған. Шығу тегі былайша тарқатылады: Андас – Қалқа – Дүйсенбі – Қанқожа – Дербісәлі – Балпық би.

3. Тіленші би – XVIII ғасырдағы жалайырдың атақты биі. Ол Балпық бидің ұлы.


4. Тәттібай батыр (XVIII ғ.) – жоңғарларға қарсы күресте көзге түскен және қол бастаған қазақ батырларының бірі. Шығу тегі мынадай: Андас – Қаратолымбек – Шүрек – Тәттібай батыр.


5. Назар би - әрі би, әрі әулие болған кісі. Тәттібай батырдың Қарымбай атты ұлынан туған немересі.


6. Керімқұл шешен (1860-1929) – шешендігімен және білімділігімен танымал болған тұлға. Тәттібай батырдың ұрпағы. Шығу тегі былайша тарқатылады: Андас – Қаратұлымбек – Шүрек – Тәттібай батыр – Қарымбай – Назар – Керімқұл.


7. Нұрмолда Алдабергенов (1906-1967) – екі мәрте Социалистік Еңбек ері, Қазақстанда ауылшаруашылық ісінің аса ірі маманы және ұйымдастырушысы болған. Андас – Қалқа әулетінен.

8. Қанабек Байсейітов – Қазақстанның халық әртісі, қазақ театрының алғашқы актерларының бірі. Шығу тегі былайша: Андас – Қалқа – Дүйсенбі – Қайдауыл – Түрке әулетінен.









### ә) Мырза руы

Мырза руы – Жалайыр тайпасының Шуманак бөліміндегі жеті рудың бірі. Ру атауы алғаш рет Жалайыр тайпасының құрамында 1825 жылға қазан айында қағаз бетіне түсірілген «Ұлы Жүз тайпаларының сипаттамасы» атты деректе кездеседі<sup>381</sup>. Деректе бұл тайпа Морза деген атаумен аталған. Мырза руы туралы келесі деректі ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарында жазылған Н.А.Абрамовтың зерттеуінен ұшыратамыз<sup>382</sup>. Автор Мырзаның үш бөлікке бөлінетіндігін, Әліке тармағы – 500 үйден, Бәйбіше тармағы – 150 үйден және Аман тармағы – 650 үйден тұратындығын хабарлайды<sup>383</sup>. Н.А. Аристов, М.Тынышбаев зерттеулеріндегі материалдарда Мырза руының атауы аталады, бірақ жіктелмейді<sup>384</sup>. Х.Арғынбаевтың еңбегіндегі, Р.Толқымбекұлының және А.Оспановтың шежірелеріндегі материалдардың Мырза руының шежіресін құрастыруда көп көмегі тигенін баса айтамыз<sup>385</sup>.

<sup>381</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы) (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата, 1964. -224 б.

<sup>382</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. //Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271 б.

<sup>383</sup> Сонда. Т. 1. -271 б.

<sup>384</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. -397 б.; Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>385</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -86, 135 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. –Алматы, 2000. -384-470 бб.

Сондай-ақ Ж.Бейсенбайұлы, З.Сәдібековтердің шежірелеріндегі Жалайыр тайпасы мен Мырза руына қатысты мәліметтер Жалайыр тайпасы мен Мырза руына қатысты мәліметтер назардан тыс қалдырылмады<sup>386</sup>.

Барлық материалдар мен зерттеулер Мырза руының Бәйбіше, Әліке және Аман атты үш бөлікке бөлінетіндігін бір ауыздан мақұлдайды. Шежіреші-ақсақал Рахметолла Толқымбекұлының кітабында Мырзаның үш атасына қатысты қосымша деректер беріледі. Онда Бәйбіше атауы мен Аманның шығу тегі жөнінде төмендегідей тарихи әңгіме баяндалады: «Мырза атамиздың үш баласының үлкені Бәйдік екен. Оның бәйбіше әйелінің аты Бәтиха. Бұл анамыз аса ақылды, сөз шебері, өте сабырлы болыпты, аз сөйлеп, көп тыңдап, турасын кесіп айтатын, еліне, ауылына қадірлі ана болыпты. Сондықтан Бәйдік ауылы ол кісіні Бәйбіше деп, одан тараған ұрпақтарды Бәйбіше атасы деп ел жадында қалдырған. Мырзаның екінші бір баласының аты Жапаберлі. Одан Аман есімді ұл болады. Оның ұрпақтары өсе келе көбейеді, сондықтан Жапаберлі аты айтылмай, оның баласы – Аман Мырза елінің бір атасы болып айтылады»<sup>387</sup>.

XX ғасыр басында Қапал уезіндегі жерді пайдалануға қатысты зерттеудің материалдарында уездің әр болыстығы мен әкімшілік ауылдарындағы тұрғындардың руы, ру тармақтары арнайы көрсетіледі. Біз осы статистикалық жинақты Мырза руындағы Бәйбіше, Әліке тармақтарынан басқа Артық, Есперлі, Қалмамбет, Сәтбен, Үсен, Шұңғыр, Шүйінішәлі, Артық секілді ру аталықтары мен аталарының атауларын, олар жөніндегі қысқаша мәліметтерді кездестіреміз<sup>388</sup>.

Жоғарыда аталған дерек мәліметтеріне арқа сүйей отыра, Мырза руының тармақтары мен аталықтарына тоқталалық.

---

<sup>386</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған.). – Алматы, 1994. -14 б.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. –Ташкент, 1994. -90 б.

<sup>387</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі аға. Шежіре. -384 б.

<sup>388</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -59-60, 82-83, 85-92; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -54-56, 78-82, 83-88, 90, 92-96, 102, 108, 176, 178 бб.



Алдыңғы бетте айтып өткеніміздей, Мырза руы өз ішінде Бәйбіше, Әліке және Аман атты үш ру тармағына бөлінеді.

### **1. Бәйбіше ру тармағы.**

Бұл тармақтан үш буынға дейін жалқы аталар өседі де, тармақ тарамдалмайды. Бәйбішеден (Бәйдек) Тоңқы, одан Тағайбек, одан Бегім атасы жалғыз өседі<sup>389</sup>. Бегімнен Асар және Жәнібек атты екі ұл туылып, олар екі аталыққа негіз қалайды. Асардан Керік, Төлебай (Р.Толқымбекұлында Дедебай) және Қалыбай атты үш ата өрбиді де, олардан жалпы саны тоғыз әулет тармақталып шығады<sup>390</sup>.

Бегімнің Жәнібек аталығынан Сойырғас, Жарылғас, Жайылмас, Борсық және Маматайыр атты аталар тарайды. Бұл аталардан да жалпы саны он төрт әулет бұтақталып өсіп шығады<sup>391</sup>. XIX ғасыр ортасында Бәйбіше тармағында 150 үй болып, орта есеппен алғанда олар 1000-1200 адам болған.

### **2. Әліке тармағы.**

Мырза руындағы бұл тармақ алты аталыққа бөлінген. Олар: Сүйінішәлі, Қадам, Қожамқұл, Сарыбай, Жиенәлі және Шұңғыр.

Сүйінішәлі Сары және Амандық болып екіге бөлінеді деп Х.Арғынбаев көрсетсе<sup>392</sup>, Р.Толқымбекұлы Шүйінішәліден жалғыз ұл – Самалды таратып, одан төрт атаны өрбітеді<sup>393</sup>. Ал А.Оспановтың дерегінде Шүйінішәліден Амангелді, Әбілғазы, Жақсыгелді және Жамангелді атты төрт ата таратылады<sup>394</sup>. Бұл жерде Р.Толқымбекұлы мен А.Оспановтың деректеріндегі Шүйінішәліден таралатын төрт ата сәйкес келіп тұр.

Әлікенің Қадамынан Қалманбет, Қошқар және Мұрат атты үш тармақ шығады деп А.Оспанов жазса, Р.Толқымбекұлы Қадамнан Мұрат туылып, оның Байғара, Барлыбай және Бөрібай атты үш атаға жіктелетіндігін айтады. Одан әрі Байғарадан үш, Барлыбайдан төрт, Бөрібайдан бес әулет жеке-жеке тарауланып жалғасады<sup>395</sup>.

---

<sup>389</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 86 б.

<sup>390</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Онекіата. Шежіре. – Алматы, 2000. – 385-404 бб.

<sup>391</sup> Сонда. – 405-428 бб.

<sup>392</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – 86 б.

<sup>393</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. – 415-416 бб.

<sup>394</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. – 7 б.

<sup>395</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. – 427 б.

Әлікеден тарайтын келесі бір тармақ, ол – Қожамқұл. Шежіре бойынша Қожамқұл Мәмбет және Шуманақ атты екі атаға бөлінеді. Мәмбеттен – Қойкелтір, Тайкелтір аталары өрбісе, Шуманақ – Айтқожа, Үмбет және Қоныс атты үш атаға жіктеледі. Одан әрі шежіреге сүйенсек, Айтқожа – жеті, Үмбет – төрт, Қоныс – алты әулетке тарамдалады<sup>396</sup>.

Р. Толқымбекұлы Сарыбай тармағын Аю, Базар, Сүйірген және Жылкелді атты аталықтарға бөлінеді десе, А.Оспанов дерегінде Жылгелді аталығы айтылмайды<sup>397</sup>. Одан әрі шежіреде Аю – үш, Базар - үш, Жылкелді - екі атаға бөлініп жалғасады<sup>398</sup>.

Х. Арғынбаев Жиенәліні (Р.Толқымбекұлында - Жиен) Үшқара, Сарғалдақ және Байгелді атты аталарға бөлінеді десе<sup>399</sup>, Р. Толқымбекұлы мен А. Оспанов одан Боранша (Бораншал) атты жалғыз ұлды туғызады<sup>400</sup>. Р.Толқымбекұлының шежіресінде Бораншалдан Байғабыл туған деп, одан Қыбырай мен Қисық аталары тараған деп жазады<sup>401</sup>.

Әлікеден тарайтын келесі ата – Шұңғыр. Шұңғырдан Сатыпалды, Қараша атты екі аталық шығып, Сатыпалды Өмірзақ және Тауасар деген аталарға бөлінеді. Бұл екі ата үш-үштен алты әулетке тарамдалады<sup>402</sup>. Қараша аталығын Таңабай, Есенжар, Есмұрат, Есембай және Сарғалдақ атты бес атаға жіктеледі деп шежіреде айтылса<sup>403</sup>, Х. Арғынбаев Қарашадан – Маясар, Тақабай, Дуан атты аталар тарайды деп жазады<sup>404</sup>. Бұл жерде Тақабай мен Таңабайдың бір адамның есімі екенін аңғару қиынға соқпайды.

XX ғасырдың 40-60 жылдары жазылған шежірелерде жазған адамның қолы түсініксіздеу болса, оны кейіннен оқығанда талай

---

<sup>396</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -428-432 бб.

<sup>397</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -412 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -7 б.

<sup>398</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -412 б.

<sup>399</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -Алматы, 2000. -86 б.

<sup>400</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. –Алматы, 2000. -328 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -7 б.

<sup>401</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -328 б.

<sup>402</sup> Сонда, -417 б.

<sup>403</sup> Бұл да сонда, -418 б.

<sup>404</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -86 б.

адамдардың аттарында сәл қателіктер кетіп жатады. Таңабай мен Тақабай есімдері осындай жолмен өзгеріске ұшырған секілді.

Шежіреде Маясар – Қарашаның екінші ұлы Есенжардың немересі ретінде беріледі және Маясардан оның қазіргі кездегі ұрпақтарына дейін 10 буын болып келеді. Соған қарап Р.Толқымбекұлының шежіресіндегі мәліметтер ақиқатқа жақындау деп санап, осы нұсқаны негізге аламыз.

Таңабайдан – үш, Есенжардан да, Сарғалдақтан да үш әулеттер шығып, одан ары жалғасып кете береді<sup>405</sup>. Қарашаның басқа екі атасының шежіресі берілмегендіктен, олардан тарайтын әулеттер санын анықтауға мүмкін болмады.

XIX ғасырдың ортасындағы мәліметтерге қарағанда Әліке тармағында 500 үй болған, адам саны орта есеппен алғанда 4000-ға жуықтаған.

Мырза руындағы үшінші тармаққа – **Аман** тармағы жатады. Шежірелік деректер бойынша Аман Мырзаның немересі болып келеді. Мырзаның ұлы Жапарберліден Аман жалғыз ұл болып өседі. Оның ұрпақтары көбейе келе өздерінің ру тармағын Жапарберді емес, Аман деп атап кетеді. Аман тармағы Мырза ішіндегі ең көп тараған тармаққа жатады. XIX ғасырдың ортасындағы есеп бойынша Бәйбіше мен Әлікеден тараған ұрпақтардың санын қосса да олар Аманға жетпейді.

Аманнан - Қожаназар, Есберлі және Артық атты үш аталық таралады<sup>406</sup>. Х.Арғынбаевтың материалдарында Қожаназардан он ата таралады<sup>407</sup>. Р.Толқымбекұлында жеті ата көрсетілсе, А.Оспанов материалында тоғыз ата айтылады<sup>408</sup>.

Қожаназардан тарайтын аталар мыналар: Қалманбет, Дәулетбай, Сәбден, Қалибек, Апақ, Есқара, Бесқара және Досқара.

Қалманбеттен бес әулет тарайды. Бірі – Үсен. Осы Үсен әулеті көп тарағандықтан болуы керек, Х.Арғынбаев оны тікелей Қожаназардан таратады.

---

<sup>405</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -418-423 бб.

<sup>406</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -433 б.

<sup>407</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -86 б.

<sup>408</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -433 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -6 б.

Қожаназардан тарайтын келесі атаға – Дәулетбай атасы жатады. Одан Асан және Атамбай әулеттері тарқалады. Х.Арғынбаев бұл Асанды да Үсен секілді Қожаназарға жатқызады.

Асаннан алты әулет тарайды. Олар: Аю, Еркебай, Серкебай, Текебай, Көсемай және Қаблица. Қаблицаның лақап есімі – Қабан. Ол жыраулығымен аты шығып, кейінгі ұрпаққа Қабан жырау деген атпен қалған. Қабан жыраудан оның қазіргі ұрпақтарына дейін жеті буын болады.

Қожаназардан тарайтын Сәбден (Сәдбек) атасы да осы аталықтағы ең көп тараған аталардың бірі. Р.Толқымбекұлы одан жеті әулет өсіп-өнеді десе, А.Оспанов сегіз әулет таралады деп жазады. Қожаназардың Қалыбек атасынан Өмірзақ және Жанұзақ атты екі әулет, Апақтан Қожагелді, Қонысбай, Тәттібай және Қолаң (Барлыбай) атты төрт әулет тармақталады. Есқара мен Досқара әулеттері Алтай елінде қалған делінеді шежіреде<sup>409</sup>.

Аман ру тармағындағы келесі аталыққа – Есберлі жатады. Шежірелік материалдар бойынша бұл аталық Байқошқар (Байназар), Бабаназар, Ерназар (Мәмбет) және Есназар (Қайып) атты аталарға бөлінеді<sup>410</sup>. Өз кезегінде Байқошқар (Байназар) - үш, Бабаназар - бес, Ерназар (Мәмбет) - үш әулетке тарамдалады<sup>411</sup>.

Аман құрамындағы үшінші аталық – Артық. Шежіреде одан таралатын Ораз, Жанақ, Еспембет, Доспамбет, Әлменбет, Бекет және Қосым атты жеті ата беріледі. Ораздан – Теңізбай және Сегізбай; Жанақтан – Ақбан және Үсен; Әлмәмбет – Арыстанбай, Берсүгір, Күйік, Сары, Диханбай және Айтбай; Бекеттен – Сеңкібай, Қатпа, Масақ және Сасық; Қасымнан – Дәндібай; Еспенбеттен – Бесей, Баймырза және Назарымбет; Доспанбеттен – Құдайберген және Тілеуімбет атты әулеттер өсіп-өнеді<sup>412</sup>.

Мырза руы да Жалайыр тайпасы ішінде көп санды рулар қатарына жатқызылады. XIX ғасырдың ортасындағы есеп бойынша, Мырза руындағы адамдар шамамен 10-10,5 мың болған.


---

<sup>409</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -435-441 бб.

<sup>410</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -6 б.

<sup>411</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -467-469 бб.

<sup>412</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -7 б.



Қорыта келе айтарымыз, Мырза руының тарқатылуында, әсіресе, оның ру тармақтары мен аталықтарға жіктелуінде ешқандай қарсы пікірлер, түсінбестіктер мен шешімін таппаған күрделі түйіндер жоқ. Ал кейбір аталар мен әулеттердің орындарының ауыстырылып кетуі – барлық ру-тайпалар шежіресіне тән құбылыс.

Мырза руынан шығып, бүкіл елге танымал болған тарихи тұлғаларды атап өтсек. Олар мыналар:

1. Қабан жырау (1686-1776) - өзінің азан шақырып қойған аты Қаблиса болған. Ол ақын, әулие және атақты жырау ретінде белгілі. Халық ақыны Кенен Әзірбаев Қабан жырауды атақты Сүйінбайдың ұстазы деп есептеген. Оның шығу тегі былайша өрбітіледі: Мырза – Жапарберлі – Аман – Қожаназар – Дәулетбай – Асан – Қабан жырау (Қаблиса).

2. Қоғыл әулие – XVIII ғасырда өмір сүрген. Болашақты болжағыштығымен және көріпкелдігімен аты шыққан. Оның шығу тегі былайша: Мырза - Әліке – Шұңғыр – Қараш – Сарғалдақ – Қоғыл әулие.

3. Тұрлымбет шешен – XVIII ғасырда өмір сүрген. Шығу тегі былай: Мырза – Жапарберлі – Аман – Қожаназар – Сәдбен – Бекен – Тұрлымбет.

4. Есенгелді ақын (1872-1954). Шығу тегі: Мырза – Бәйбіше – Тоңқы – Тағайбек – Бегім – Асыр – Керік – Сақау – Ебекен – Бектас – Боқық – Ілімді – Есенгелді.

5. Солтонбай батыр - әрі батыр, әрі әулие болған кісі. Шыққан тегі: Мырза - Әліке тармағынан.

## **б) Қарашапан руы**

Қарашапан руы – Жалайыр тайпасының Шуманақ бөліміндегі жеті рудың біріне жатады. Қарашапан атауының қайдан, қалай шыққандығын білдіретін мәліметтер біздің қолымызға кезікпеді. Дегенменде біз, бұл атауды осы руға өз есімін берген тұлғаның лақабы деп болжам айтамыз.

Жалайырдың басқа да рулары секілді Қарашапан туралы жазба деректер 1825 жылғы «Ұлы Жүз руларының сипаттамасында»,

1867 жылғы Н.А.Абрамовтың, 1897 жылғы Н.А. Аристовтың, 1925 жылғы М.Тынышбаевтың, Х. Арғынбаевтың зерттеулерінде, Р. Толқымбекұлының, А.Оспановтың шежірелерінде және тағы басқа шежіре-кітаптардың материалдарында кездеседі<sup>413</sup>.

Н.А. Абрамов Қарашапан руын үш тармақтан тұрады деп, оларға Тәңірберген, Баташы және Қалжамбетті жатқызса<sup>414</sup>, Х.Арғынбаев Тәңірберген, Боташы, Қалмамбет, Айтқұл, Кентай, Қуат, Еспен, Дәулет атты сегіз тармақты атап көрсетеді<sup>415</sup>.

Ал шежіреші-ақсақал Р. Тоқымбекұлы Қарашапан руында жеті ата болған деп, оған Тәңірберген, Баташы, Келменбет, Еспендәулет, Айтқұл, Бақтияр және Наурызбайды жатқызады<sup>416</sup>. Ал А. Оспанов Тәңірберлі, Еспендәулет, Келменбет, Айтқұл және Боташы атты бес атаны көрсетіп, олардан тарайтын әулеттерді жіктеп береді<sup>417</sup>.

Энциклопедиялық анықтамада Тәңірберген, Баташы, Келменбет, Әлпендәулет, Айтқұл аталары Қарашапан руынан бөлінеді деп түсіндіріледі<sup>418</sup>. Көріп отырғанымыздай, барлық материалдарда Қарашапан руының тармақтары бірдей емес. Сол себепті де біз, төменде Қарашапан руының тармақтарын анықтауға күш салып, көрелік.

Қарашапан руындағы алғашқы үш тармақ – барлық авторларда қайталанатын. Бір авторларда екінші тармақ атауы – Баташы делінсе, екінші бір авторларда Боташы деп айтылады. Біз дұрысы деп Баташыны қабылдаймыз, өйткені Боташы деген сөздің мәні түсініксіздеу көрінеді. Үшінші тармақ атауы – Қалжамбет, Қалмамбет, Келменбет түрінде жазылады. Түпкі атау

---

<sup>413</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата, 1964. -224 б.; Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. //Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271-273 бб.; Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. -68 б.; Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -86, 136 бб.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. –Алматы, 2000. -471-473 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -8 б.

<sup>414</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. //Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271-273 бб.

<sup>415</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -86 б.

<sup>416</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -471 б.

<sup>417</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -8 б.

<sup>418</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 6. –Алма-Аты, 1975. -513 б.

Қалимағанбет болуы керек, бірақ қазақ тілінің заңдылығына сай, ол Қалмамбет немесе Келменбет болып өзгерген. Біз бұл атауды Р.Толқымбекұлының шежіресінде жазылғандай, Келменбет деп қабылдаймыз. Н.А.Абрамов мәліметінде осы үш тармақ атауы ғана айтылады.

Х.Арғынбаевтың материалында Қарашапанға жататын Еспен, Дәулет атты тармақтар аталса<sup>419</sup>, Энциклопедияда, А. Оспановта бұл бір тармақтың атауы - Әлпендәулет немесе Еспендәулет деп көрсетіледі<sup>420</sup>. Мұндай біріккен атаудан тұратын ру, тармақ, аталықтардың Жалайыр тайпасында жиі кездесетінін ескере келе, біз, Қарашапанның Еспен және Дәулет атты екі ұлының ұрпақтары Еспендәулет деп аталған дейміз. Бұдан ары шежіреде осы түрінде қолданамыз. Н.А. Абрамовтан басқа барлық авторлар Қарашапанда Айтқұл атты тармақтың болғандығын хабарлайды. Сонымен бірге Х.Арғынбаевта тағы да Кентай, Қуат атты тармақтар аталса, Р.Толқымбекұлы Бақтияр және Наурызбай атты тармақтардың атын атап, соңғысының тарқатылуын жазып өтеді<sup>421</sup>.

Біз бұл жерде қай автордың пікірі дұрыс, қайсысынікі бұрыс екендігін дәл басып айта алмаймыз. Соңғы төрт тармақ деп отырғанымыз – тармақ ішіндегі аталық не ата болуы да мүмкін. Дегенменде біз, оларды рудың тармағы деп есептеп, Қарашапан руында тоғыз тармақ болған деп санаймыз. Оларға: Тәңірберген, Баташы, Келменбет, Еспендәулет, Айтқұл, Кентай, Қуат, Бақтияр және Наурызбай тармақтары жатады. Бұлардың ішінде Кентай, Қуат тармақтарының тарамдалуы шежірелерде берілмейді. Ал шежіресі тарқатылған тармақтардың толық емес екендігін аңғару қиын емес. Мысалы, Еспендәулеттен оның қазіргі ұрпақтарына дейін тоғыз буын болса, Баташыдан оның қазіргі ұрпақтарына дейін бес буын, Наурызбайдан – алты, Келменбеттен – жеті, Тәңірбергеннен – сегіз буын көрсетіліп тұр<sup>422</sup>.

---

<sup>419</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -86 б.


<sup>420</sup> Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 6. -513 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -8 б.

<sup>421</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -471 б.

<sup>422</sup> Сонда. -471-473 бб.



## Қарашан



Соған қарамастан қолда бар материалдарға сүйеніп, Қарашапан руының тарқатылуан көрсетелік.

Тәңірбергеннен (Тәңірберліден) – Иманберлі, Ақшал, Түмен және Бекбер; Еспендәулеттен – Жалпақ, Айтуған және Байбол; Келменбеттен – Тоқтағұл, Бөген, Маман, Алтынкөз, Қаржау және Шаң; Айтқұлдан – Құдайқұл, Сырлыбай және Меңліқожа; Баташыдан – Шонбас, Қаңтарбай, Шегенбай және Тегенбай; Наурызбайдан – Бұлқынбай, Толқынбек және Кеншінбек атты әулеттер шығады<sup>423</sup>.

XIX ғасыр басындағы статистикалық мәліметтер бойынша тек қана Қапал уезіндегі Қарашапандар 400-дей үй, 2500-ге жуық жан болған екен<sup>424</sup>.

Осы тұста Жалайырдың басқа да рулары мен тармақтары, аталары секілді Қарашапан руына жататын отбасылар да Жетісу облысы, Қопал уезінің Ши, Шолақ болыстықтарындағы ауылдарда өмір сүрген<sup>425</sup>.

Жалпы алғанда, біз, Қарашапан руы жөнінде сөзімізді аяқтай келе, бұл рудың шежіресі толық жазылмаған, материалдары жеткіліксіз және қолда бар мәліметтердің өзінде қайшылықты тұстары бар деп ой түйеміз.

## **в) Орақты руы**

Орақты руы - Жалайыр тайпасының Шуманақ бөліміндегі жеті рудың бірі. Бұл руға қатысты дерек мәліметтерін Андас, Мырза, Қарашапан руларының деректері секілді 1825 жылғы «Ұлы Жүз тайпаларының сипаттамасынан», Н.А.Абрамов, Н.А.Аристов,

---

<sup>423</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -8 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -471 б.

<sup>424</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -130-136, 262 бб.

<sup>425</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. – СПб., 1913. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -130-136, 262 бб.

М.Тынышбаев, Х.Арғынбаев зерттеулеріндегі материалдардан, Р.Толқымбекұлының, А.Оспановтың шежірелерінен, энциклопедиялық анықтамадан, сондай-ақ ХХ ғасыр басында Қапал уезінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының материалдарынан кездестіреміз.

Н.А.Абрамов Орақтыны Жайықбай және Көкшекөз атты тармаққа бөлінеді деп жазса<sup>426</sup>, Х.Арғынбаев: «Орақтыдан бес тармақ кетеді: Әжіке, Тоқа, Кенже, Көкшекөз, Жайықбай», - деп нақтылап көрсетеді<sup>427</sup>. Қазақ Совет Энциклопедиясындағы материалда осы бес тармаққа Көшей тармағы қосылып, алты тармақ беріледі<sup>428</sup>. Осы алты тармақты Ж.Бейсенбайұлы, З.Сәдібеков және А.Оспанов та қолдайды<sup>429</sup>.

Ал Жалайыр тайпасының шежіресін қалың кітап етіп жазған шежіреші-ақсақал Рахметолла Толқымбекұлы Орақты руының таралуын басқаша көрсетеді. Ол бойынша Орақтыдан Жәнібек атты ұл туылып, Жәнібектен Айбас және Алтынбас атты екі тармақ шығады. Айбастың жетінші ұрпағы Тоқтауылдан Төке, Нарымбай, Құлшағабыз, Сатыпалды (Көкшекөз), Саттар (Жайықбай) және Көшей деген алты ата таратылады<sup>430</sup>. Жоғарыда келтірілген Орақтының алты тармағын осы тармақтармен салыстырсақ, онда Төке, Көкшекөз, Жайықбай, Көшей атаулары қайталанады да, Әжіке мен Кенже тармағы айтылмайды. Р.Толқымбекұлы Әжікені Төкенің ішіндегі бір аталық ретінде көрсетеді<sup>431</sup>. Ал Кенже тармағын шежіреші қарт еш жерде атап өтпеген. Кенже тармағының Орақты руының құрамында болғандығын М.Тынышбаев өзі құрастырған Жалайыр тайпасының шежірелік кестесінде атап өткен<sup>432</sup>. Сондай-ақ ХХ ғасыр басындағы Қапал

---

<sup>426</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271-273 бб.

<sup>427</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -86 б.

<sup>428</sup> Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т. 8. –Алма-Аты, 1976. -527 б.

<sup>429</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. -114 б.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -90 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -9 б.

<sup>430</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -15 б.

<sup>431</sup> Сонда. -16 б.

<sup>432</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. -68 б.

уезінде жүргізілген зерттеу материалдарында да Кенже тармағы кездеседі<sup>433</sup>.

Жоғарыда айтылған мәліметтерді бір-бірімен салыстыра келе, біз Орақты руында мынадай ру тармақтары болған деп қорытындыға келеміз. Олар: Жайықбай, Көкшекөз, Төке немесе Тоқа, Әжіке, Көшей, Нарымбай, Құлшағабыз және Кенже тармақтары.

Енді осы әрбір тармақты жеке-жеке қарастыралық.

### **1. Жайықбай ру тармағы.**

Х. Арғынбаев Жайықбай ру тармағын Қарабай, Алшынбай және Ақша атты үш аталыққа бөлсе<sup>434</sup>, Р. Толқымбекұлы оны Қошқарбай, Бәйімбет, Сәуір, Бөдес, Елтоқ және Бейімбет атты алты аталыққа бөледі<sup>435</sup>. Ал А.Оспанов болса бұл тармақты Қарабай, Алшынбай, Ақша, Қошқарбай, Сәуір, Бөдес және Елтоқ атты жеті аталыққа бөліп қарастырады. Біз осы нұсқаны дұрыс деп негізге аламыз.

Сөйтіп, Қарабайдан - Құлты, Жауғаш, Биғаш, Үсен және Бұхар атты әулеттер таралады. Алшынбайдан - Әлкелді, Малкелді; Ақшадан – Боран, Жанбай, Шынбай, Байасыл, Нұрасыл, Шынасыл; Бөдестен – Есенберлі, Қабасан атты әулеттерге бөлінеді.

Сәуірден төртінші буынға дейін ұрпақ таралмай, төртінші буын – Мейрамбайдан екі әулет өседі<sup>436</sup>.

Елтоқаталығыда екінші буынға дейін көбеймей, үшінші буында ғана Әжібек және Шыныбек атты екі әулетке тармақталады<sup>437</sup>.

### **2. Көкшекөз ру тармағы.**

Шежіре бойынша Көкшекөздің нағыз есімі – Сатыбалды болған екен. Оның не себепті былайша аталғандығын оқырманның өзі де біліп отырған шығар.

Көкшекөз тармағы Өстемір және Шынтемір атты екі аталыққа бөлінеді. Өстемірден - Өтеулі, ал одан Итік, Бұлан, Қабан,

<sup>433</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уездъ. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -79-80 бб.

<sup>434</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -86 б.

<sup>435</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -48 б.

<sup>436</sup> Сонда. - 58 б.

<sup>437</sup> Бұл да сонда. -59 б.

Қарақоныс атты аталар өсіп шығып, олардан он алты әулет одан ары тармақталады. Ал Шынтемір (Дәнбатыр) аталығы өз ішінде Қалақан, Құрман, Өтеғұл, Есбай, Есіркеп, Тінәлі, Жұмабай атты аталарға бөлініп, олар он төрт әулетке жіктеледі<sup>438</sup>.

### **3. Төке немесе Тоқа ру тармағы.**

Бұл тармақ атауы ХХ ғасыр басындағы статистикалық жинақ мәліметінде алғаш рет ұшырасады<sup>439</sup>. Шежіре бойынша Төке (Тоқа) Орақтының тікелей оныншы ұрпағы болғанымен, оған дейін ешқандай тармақ, аталар таралмайды. Сол себепті де Төкенің (Тоқа) әкесі Тоқтауылдан тарайтын алты атаны Орақты руының тармақтары деп есептеуге болады. Солардың бірі – Төке (Тоқа).

Шежіре материалдары бойынша Төкеден (Тоқа) Құлшымақ (Құлыншак), Шақа, Құлболды және Сәмбет атты төрт аталық таралады. Құлшымақ (Құлыншак) аталығынан Жақсыбай, Кенеш, Солтанбек, Толымбек, Әлімбек, Мамытбек, Көбдік атты жеті ата бөлініп, олардан жалпы саны жиырма тоғыз ру әулеті тарамдалып кетеді<sup>440</sup>. Шақа аталығы Баубек және Өтеген атты аталарға бөлініп, олардан алты әулет тарқаса, Құлболды аталығы Жарылқап, Жанжігіт, Жанқұлы атты үш атаға тармақталады. Сәмбет аталығынан да жалпы саны бес әулет өрбиді<sup>441</sup>. Біз әулет деп кейде 4-5, кейде 5-6 буынға дейінгі бір атадан тараған ұрпақтарды айтсақ, онда Төке (Тоқа) тармағында ХІХ ғасырдың ортасында қырық әулет болған екен!

### **4. Әжіке ру тармағы.**

Бұл ру тармағы Солпы, Шағай, Шағатай, Бақтияр, Бақай, Үшкемпір, Шолаң, Ақша және Жамансарт атты тоғыз ру аталығына бөлінеді. Солпыдан – Тайлақ, Жайнақ, Дәулетбақ, Жүнісбай, Жүндібай және Үмбеталы; Шағайдан – Жақып, Кәрішал және Бокбасар; Шағатайдан – Смағұл және Бөлтірік; Бақтиярдан – Асан, Қыдыр, Үсен, Байжан, Ақбас және Теке; Бақайдан - Айтен және

---

<sup>438</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -31-48 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -9 б.

<sup>439</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. 76 б.

<sup>440</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -16-20 бб.

<sup>441</sup> Сонда. -30 б.

Жұман; Үшкемпірден – Кенбай, Құлжан және Мұқаш; Шоланнан – Отарбай, Қойшығұл, Бейсеке және Меңдебай; Ақшадан – Кішімбай, Қожахмет, Өскенбай және Өсербай; Жамансарттан – Өкіре, барлығы – 31 ру әулеті өсіп шығады<sup>442</sup>.

#### **4. Көшей ру тармағы.**

Бұл тармақтан Сатан, Тоқан және Төлеген атты үш аталық тарайды. Сатан мен Тоқаннан төртінші буынға дейін бір баладан болып, тармақ көбеймейді. Керісінше Төлеген аталығынан Айтақ, Сырым, Тәпек, Төсет, Құлбай, Құлеке, Құлбек, Жолыбай және Әбділда атты тоғыз ата өседі. Олардан он алты ата әулет өсіп шығып, олар одан ары жалғасады<sup>443</sup>.

#### **5. Құлшағабыз ру тармағы.**

Бұл тармаққа қатысты деректер мардымсыз. Р. Толқымбекұлы Құлшағабызды – Қайдауыл, Халық, Есбол және Тынышыбай деп төртке бөледі. Бірақ «бұлар сырт аймақтарда тұрады, тұқымдары белгісіз»,- деп жазады<sup>444</sup>.

**6. Нарымбай мен Кенже** тармақтарын деректердің жоқтығынан тарата алмаймыз.

XIX ғасырдың орасында Орақты руында 300 шаңырақ болған, ал XX ғасыр басындағы мәліметтерге қарағанда Қапал уезіндегі Орақтылардың саны 2035 адамға жеткен<sup>445</sup>.

Жалпы алғанда, Орақты руы Жалайыр тайпасы ішіндегі аз санды рулар қатарына жатады. Шежіресін толық қамтып жаздық деп айта алмаймыз. Соған қарамастан ру тармақтарын дұрыс анықтап, қолымыздағы мәліметтеріміз жеткенше, аталары мен аталықтарын көрсетуге күш салдық.

Енді төменде осы рудан шыққан батырлар, билер, әулиелерге қысқаша тоқталсақ.

---


<sup>442</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -9 б

<sup>443</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -60-63 бб.

<sup>444</sup> Сонда. -30 б.

<sup>445</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство.–СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-107; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -186-190, 252 бб.

## Орақты



1. Төке батыр – XVIII ғасырда өмір сүрген. Тегі былайша тарқатылады: Орақты – Жәнібек – Айбас – Ақтау – Смайыл–Қырғызәлі – Қансейіт – Әлсейіт – Бейімбет – Токтауыл – Төке батыр.

### г) Ақбұйым руы

Ақбұйым руы – Жалайырдың Шуманақ бөліміндегі жеті рудың біріне жатады. Шежіре бойынша ол - Шуманақтың Сүпіқожа, ал кейбір деректер бойынша Шуманақтың Қарақожа атты ұлынан таралған делінеді. Тағы бір шежірелерде Ақбұйымды Қарақожаның ұлы Тоғатайдан туылған делінсе, екінші бір мәліметтерде Ақбұйым - Тоғатай есімді адамның лақаб аты екен. Тоғатай келбетті, көрікті аққұбаша адам болыпты деп баяндалады<sup>446</sup>.

Бұл руға да қатысты дерек мәліметтерін бұған дейінгі рулар жөнінде айтылған материалдардан кездестіреміз. 1825 жылғы деректе бұл ру атауы аталмайды. Ал 1867 жылғы материалда Ақбұйымдардың саны 230 шаңырақ деп көрсетіледі, бірақ жіктелмейді<sup>447</sup>. Н.А. Аристов зерттеуінде Ақбұйым руының атауы Жалайыр тайпасындағы он үш рудың бірі ретінде айтылса, М.Тынышбаевтың шежіре-кестесінде Ақбұйымнан Сары, Құяс атты екі тармақтаратылып жазылады<sup>448</sup>. XX ғасыр басындағы Қапал уезі бойынша жүргізілген статистикалық зерттеу материалдары бойынша Ақбұйым руы кездеспесе де, оның тармақтары – Сары мен Құястың орналасуы, саны жөнінде мәліметтер баяндалады. Ол мәліметтер бойынша Қапал уезіндегі Құястар – 1367 жан, Сарылар – 966 адам болған<sup>449</sup>.

---

<sup>446</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -13 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -1 б.

<sup>447</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -272 б.

<sup>448</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. – 114 -120, 397 б.; Тынышпаев М. История казахского народа. –Ташкент, 1925. –68 б.

<sup>449</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-107; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -260-262 бб.



Х. Арғынбаев, З. Сәдібеков, Ж. Бейсенбайұлы материалдарында Ақбұйымнан Құяс пен Сары тарайды делініп, одан ары оның аталары таратылмайды<sup>450</sup>.

Ал Р. Толқымбекұлы шежіресінде Сары атауы аталмайды да, тек Құяс тармағы аталарының шежіресі айтылады<sup>451</sup>. Ал А. Оспановтың шежірелік материалдарында Сары мен Құяс ру тармақтары біршама жақсы тармақталып көрсетіледі<sup>452</sup>.

Алматы облысы Кербұлақ ауданы Қарашоқы ауылының тұрғыны, 70-тің үстіндегі ақсақал Қыдырбек Сәмижанұлының бізге жіберген қолжазбасында Ақбұйымның Құяс тармағына жататын аталар тарқатылып беріледі<sup>453</sup>.

Қолда бар материалдарға сүйеніп Ақбұйым руының шежіресіне мүмкіндігімізше сипаттама беріп көрелік.

Сонымен Ақбұйым руы өз ішінде Сары және Құяс атты екі ру тармағына бөлінеді. Сары ру тармағы – Көлбай, Маман, Тұрлыбай, Дәуей, Есет және Саман атты алты ру аталығына тармақталады<sup>454</sup>. Өкінішке орай, Р.Толқымбекұлының шежіресінде Сарыдан тарайтын ру аталықтары Құяспен қатар Ақбұйымнан таралады деп көрсетілген.

Біз, бұл жерде Құястан басқаларын Ақбұйым руы ішіндегі аталықтар мен аталар ма екен деп ой түйеміз. Өйткені, біріншіден, Құястан басқа Р.Толқымбекұлы айтып отырған алты тармақ бұған дейінгі ешбір материалдарда кездеспейді және айтылмайды. Екіншіден, Көлбай, Дәуей, Есет, Саман секілді тармақтар таратылмайды. Үшіншіден, шежіреде Маман тармағының қазіргі ұрпақтарына дейін 4-5 буын, Тұрлыбай тармағының кейбір ұрпақтарына дейін 6-7 буынды құрайды. Ал Жалайырдың басқа руларында мысалы, Андас руының Қошқар ру тармағынан оның қазіргі ұрпақтарына дейін он екі, Шүрек тармағынан – он бір, Мырза руының Бәйдік (Бәйбіше) тармағынан – он екі-он үш, буын

<sup>450</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. (Құрастырған Ә.Пірманов). –Алматы, 2000. -86 б.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -144 б.; Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. -114 б.

<sup>451</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -140, 155 бб.

<sup>452</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -11б.

<sup>453</sup> Қыдырбек Сәмижанұлының қолжазбасы.

<sup>454</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -11б.

кұрайтынына көзімізді жеткізгенбіз. Ал шежіресін тарқатқан Тұрлыбай мен Маман тармақтарын тікелей Ақбұйымнан таралады дегенге сенгің келмейді.

Ақбұйымның Сары тармағының қалай жіктелетіндігін А. Оспанов қалай тарқатқан, соған назар аударып көрсек. Ол бойынша Сарыдан тарайтын Көлбай аталығы - Оқпай, Тоқпай және Жәнібек; Маман аталығы – Ораз, Темір; Тұрлыбай аталығы - Айдос, Тайсары, Есентүгел және Қопабай; Дәуей аталығы - Кенжебай, Боранбай, Байболат; Есет аталығы – Бәкір атты ру аталарына жіктеледі<sup>455</sup>. Шежіреге тереңдеп барсақ, Айдостан – Шыныбай, Байзақ, Шыңғысбай, Байтілен; Тайсарыдан – Нәдір, Сәдір, Шалабай, Қыстаубай, Дүйсенбай, Құнанбай, Дөненбай, Қаржаубай; Есентүгелден – Жабағы, Бөрібай; Қопабайдан – Ақбалық атты ру әулеттері таралады<sup>456</sup>.

Ақбұйым руының екінші тармағына – Құяс жатады. Шежірелік материалдар бойынша Құяс тармағы – Кейқуат, Бектемір, Жарас, Тайбосын атты төрт аталыққа бөлініп, олардың әрқайсысы өз іштерінде одан ары тармақтала береді<sup>457</sup>.

Кейқуат аталығынан – Шерубай, Арғынбай аталары шығарылып, Шерубайдан – Шоқалақ, Қасқарау, Шотқара, Артықбай әулеттері; Арғынбайдан Жәді, Үркімбай, Балабай әулеттері өсіп-өнеді. Қасқараудан - Әжбембет, ал одан Байдәулет, Бердәулет, Смағұл және Еркеман әулеттері таралады<sup>458</sup>. ХХ ғасыр басындағы Қапал уезі бойынша жасалған статистикалық материалдарда уездің Шолақ болыстығындағы Айыркезең және Ыршалы сай деген жерлерде Әжбембетұлы Байдәулет, сондай-ақ Әжбембетұлы Еркеман ақсақалдың қыстаулары болғандығы айтылады<sup>459</sup>. Біз

---

<sup>455</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -116.


<sup>456</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – 140-154 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -116.

<sup>457</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -116.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – 155-156 бб.; Қыдырбек Сәмижанұлының қолжазбасы. -1 б.

<sup>458</sup> Қыдырбек Сәмижанұлының қолжазбасы. -9-10 бб.

<sup>459</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -260 б.

# Ақбұйым (Тоғатай)



осы жерде қолжазба түріндегі шежірелік материалдар мен орыс тіліндегі ресми материалдардың бір-бірімен сәйкес келетіндігіне тағы да көзімізді жеткізіп отырмыз.

Бектемір аталығынан – Байболат, одан Қошқар атасы тараса, Жарас аталығынан Құттықадам, Жылкелді аталарының үрім-бұтақтары тарайды<sup>460</sup>.

Құяс тармағының Тайбосын аталығынан – Баубек, одан Байбосын әулеті жалғыз өседі<sup>461</sup>.

Жалпы Ақбұйым руының шежіресі туралы ойымызды қорыта келе, бұл ру шежіресі әлі күнге дейін толық жазылмаған, ру тармақтары мен аталықтарының, аталары мен әулеттерінің шежірелік материалдары аз жинақталған деген қорытындыға келеміз.

Ақбұйым руынан төмендегідей тарихи тұлғалар шыққан:

1. Құлжабай әулие (1784-1863) – батырлығымен, әулиелігімен, емшілігімен, ақындылығымен белгілі болған. Ол Тезек төренің замандасы. Шығу тегі былайша көрсетіледі: Ақбұйым – Тұрлыбай – Тайсары – Сәдір – Құлжабай әулие.

#### д) Кәлпе руы

Кәлпе руы – Жалайырдың Шуманак бөліміндегі алтыншы ру.

Кейбір шежірелік материалдар бойынша Кәлпе – Шуманак Қарақожаның баласы – Түгелтайдың ұлы. Ал екінші бір материалдар бойынша, Шуманактың Сүпіқожа атты ұлынан Түгелтай деген ұл туылады. Түгелтайдың лақап есімі – Кәлпе болған. Шежірелер Кәлпені оқымысты, діндар болған деп көрсетеді<sup>462</sup>.

Кәлпе руының атауы 1825 жылғы «Ұлы жүз руларының сипаттамасы» атты деректе алғаш рет орыс дерегінде айтылады да, одан кейінгі кезеңдердегі дерек мәліметтерінде Жалайыр тайпасындағы он үш тайпаның бірі ретінде қайталанып отырады<sup>463</sup>. Н.А. Абрамов мәліметінде Кәлпе руында XIX ғасыр

<sup>460</sup> Қыдырбек Сәмижанұлының қолжазбасы. -3 б.

<sup>461</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -155 б.

<sup>462</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -158 б.

<sup>463</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. -224 б.

ортасында 200 шаңырақ болғандығы айтылса, Н.А. Аристов, М.Тынышбаевтар бұл руды Жалайырдың Шуманақ бөлігіндегі руға жатқызады<sup>464</sup>. XX ғасыр басындағы статистикалық жинақтың мәліметтерінде Қапал уезіндегі Кәлпе руына жататын қауымның шаруашылығына сипаттама беріліп, жалпы санының 2462 адам екендігі айтылады<sup>465</sup>.

Х. Арғынбаев Жалайыр тайпасының құрамындағы рулардың шежіре бойынша таралымын жақсы тарқата келе, «Кәлпе руының этникалық құрылымы бойынша әдеби деректерден де, біздің зерттеуде де ешнәрсе табылмады», - деп өкініш білдіреді<sup>466</sup>. XX ғасырдың 90-шы жылдарынан кейін жарық көрген қазақ шежірешілерінің еңбектерінде, әсіресе Жалайыр тайпасының шежіресіне арнайы арналған Р. Тоқымбекұлы мен А.Оспановтың материалдарында Кәлпе руының шежіресіне қатысты мол материалдар кездеседі<sup>467</sup>. Олай болса, қолымыздағы бар деректерге сүйене отыра, төменде Кәлпе руының шежіресін тарқатып көрелік.

Қазіргі шежірешілер Кәлпе руының үш ру тармағына бөлінетіндігін бір ауыздан мақұлдайды. Бірақ та сол үш тармақ атауы шежіренің әр нұсқасында әр түрлі айтылады.

1975 жылы жарық көрген энциклопедияда Кәлпеге Әлмембет, Андағұл, Дүйсембет аталары енеді делінсе<sup>468</sup>, З. Сәдібеков Кәлпеге жататын үш тармаққа Андағұл, Әлімбет және Дүйсенбайды атайды<sup>469</sup>. Ал Ж.Бейсенбайұлы кітабында Әлменбет, Андағұл, Дүйсенбай тармақтарының атаулары

---

<sup>464</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271-273 бб.; Тынышпаев М. История казахского народа. Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>465</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-107; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -108-116 бб.

<sup>466</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -87 б.

<sup>467</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -158-190 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -11б.

<sup>468</sup> Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т. 7. –Алма-Аты, 1975. -434 б.

<sup>469</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -90 б.

беріледі<sup>470</sup>. Р. Толқымбекұлы да Кәлпе руында Дүйсенбет, Әлменбет және Келменбет атты үш тармақтың болғандығын жазып, Келменбеттің жанама аты – Андағұл болған деп айтады<sup>471</sup>. А. Оспанов болса, Кәлпенің Дүйсенбет, Әлменбет және Келменбет атты үш тармаққа бөлінетіндігі айта келе, Андағұлды Келменбеттің бір баласы деп көрсетеді<sup>472</sup>.

Сонымен, жоғарыда айтылған шежірелік мәліметтерді талдай, саралай келе, Қалпе руы өз ішінде Әлменбет, Дүйсебет және Келменбет атты үш ру тармағына бөлінген дейміз.

Енді осы үш тармақтағы аталықтар мен аталарды көрсетіп көрелік. Алдыменен Әлменбет тармағынан бастасақ.

**Әлменбет тармағы** – Дәуетай, Бекболат, Қасаболат және Айбас атты төрт аталыққа бөлінеді. Дәуетай болса өз ішінде – Дулат, Дүйсембі, Иман, Жапақ атты аталарға жіктеледі. Дулаттың Ұлан атты жалғыз ұлынан Ақмарқа, Атанай және Жәнібек атты үш әулет тарап, олардан қазіргі үрім-бұтақтарына дейін алты буынды құрайды<sup>473</sup>. Дүйсембі атасы Ырысбай, Қалыбай атты әулеттерге, Иман – Дүйсенбі, Бейбіті, Бейбіт атты әулеттерге, ал Жапақ – он әулетке тарамдалады<sup>474</sup>.

А. Оспанов Бекболат аталығын – Жаңабай, Қалымбек, Өтен, Төлек атты төрт атаға бөлсе, Р. Толқымбекұлы осы төрт атаға Бестөре, Бұтабай, Балта, Адам, Шөкебай және Әбдіқай атты аталарды қосып, бұл аталықты жалпы саны он атаға бөліп қарастырады<sup>475</sup>.

Қасаболат аталығынан – Кенжебай, Әділбек, Сәрсембай, Дәді, Аятбек және Төлеміс аталары тарайды<sup>476</sup>.

Айбас аталығы болса – Танабай, Толыбай және Сарыкемпір (Сарыбай) атты үш атаға бөлініп, бірінші атадан – алты әулет,

---

<sup>470</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). -114 б.

<sup>471</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -188 б.

<sup>472</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -11б.

<sup>473</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -173-176 бб.

<sup>474</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -177-180 бб.

<sup>475</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -11б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -186 бб.

<sup>476</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -187 б.

екіншісінен екі әулет, үшінші ата – Сарыкемпірден (Сарыбай) бес әулет тарамдалады<sup>477</sup>.

**Дүйсембет тармағына** келсек, шежіреде одан – Қазы және Мәске атты екі аталық шығарылады. Қазы – Сопы, Тұма атты екі атаға бөлініп, Сопыдан үш әулеттің, Тұмадан үш әулеттің үрім-бұтақтары өсіп-өнеді<sup>478</sup>.

Мәске аталығы – Жаубасар, Бәйдек, Кедей және Бекарыстан атты төрт атаға тармақталады да, бірінші ата Жаубасар екі әулетке, екінші ата – он екі әулетке, үшінші ата – екі әулетке, Бекарыстан атасы – алты әулетке таралады. Жаубасардан тарайтын екі әулеттің бірі – Айту.

Айту би – тарихта із қалдырған тұлға. Ол әрі би, әрі батыр болған екен. Балпық бидің ізінен ерген шәкірті бола білген. Ел аузында «Айтудан айтар сөз артылмаған» деген сөзге қарағанда, ол әрі шешендігімен, кемеңгерлігімен де аты шыққан сияқты. Кәлпе руы кейін Айту би есімін өздерінің рулық ұранына айналдырып жібереді<sup>479</sup>.

Кәлпе руындағы үшінші тармаққа – Келменбет жатады. Келменбеттен Құнан және Андағұл атты екі аталық тарап, Құнаннан – Есіркеп атты, ал Андағұлдан – Базар атты ата шығады<sup>480</sup>. Есіркеп – Кеншінбай, Кененбай және Сары атты әулеттерге бөлінеді. Кеншінбай – төрт, Кененбай – бір, Сары – сегіз әулетке бөлініп, ұрпақтары одан әрі жалғасады<sup>481</sup>.

Кәлперуы жөнінде айта келе, бұлрудың шежіресі салыстырмалы түрде айтқанда біршама жақсы сақталған, сол себепті де бізге онша қиындықтар түсірмеді дейміз.

Осы рудың бір тармағынан шығып бүкіл елге белгілі болған тарихи тұлғалар мыналар:

1. Айту би (1746-1790) – Балпық биге шәкірт ретінде саналады. Оны Балпық бидің өзі құрметтеген. Турашыл би, өз дәуірінің белгілі шешені болған. Шығу тегі былайша беріледі: Кәлпе – Дүйсенбет – Мәске – Жаубасар – Айту би.

---

<sup>477</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -182-185 бб.


<sup>478</sup> Сонда. -158-165 бб.

<sup>479</sup> Бұл да сонда. -166-172 бб.

<sup>480</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -11б.

<sup>481</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр. Он екі ата. Шежіре. -188-190 бб.

Кәлше





## е) Сыпатай руы

Сыпатай руы – Жалайырдың Шуманак бөліміндегі жеті рудың бірі. Бұл ру туралы алғашқы мәлімет Жалайыр тайпасының басқа да руларының деректері секілді «Ұлы Жүз тайпаларының сипаттамасы» атты 1825 жылғы орыс дерегінде, Н.А. Абрамовтың мақаласындағы материалдарда, Н.А.Аристов, М.Тынышбаев еңбектерінде, XX ғасыр басындағы статистикалық жинақта, Х.Арғынбаев зерттеуі мен З.Сәдібеков, Ж.Бейсенбайұлы, Р.Толқымбекұлы және А. Оспановтың шежірелерінде кездеседі<sup>482</sup>.

Аталған дерек мәліметтерінде Сыпатай руындағы ру тармақтары жөнінде бірнеше пікірлер айтылады. Н.А. Абрамов Сыпатай руында 830 шаңырақ бар дей келе, ру Ақмарка, Қарамарка, Сауық, Шылымбет, Есеней және Күшік атты тармақтарға бөлінеді деп жазса<sup>483</sup>, Н.А. Аристовта Ақмарка, Қарамарка тармақтарының атаулары аталады<sup>484</sup>. Ал М.Тынышбаев болса өзі құрастырған Жалайырдың шежірелік кестесінде Сыпатайдан Өктемір, Марқа және Сауық атты үш тармақты таратады<sup>485</sup>. Х. Арғынбаев та үш ру тармағын көрсете отыра, оларға Саулық, Шілімбет, Марқаны

---

<sup>482</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. № 129 құжат. -224 б.; Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -271-273 бб.; Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. -397 б.; Тынышпаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. -68 б.; Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-107; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -84, 86, 88, 90, 92, 210, 212, 232 бб.; Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -86-87 бб.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш.Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -90 б.; Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. -114 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -64- 155 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -10 б.

<sup>483</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -272 б.

<sup>484</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. -397 б.

<sup>485</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. -68 б.

жатқызады. Одан әрі автор әр тармақтың аталарын баяндайды<sup>486</sup>. Ж.Бейсенбаевтың шежіресінде Сыпатайға Ақмарқа, Қарамарқа, Сауық, Шәлімбет, Есенеі және Күшек атты алты ата жатқызылса, З. Сәдібеков одан да асып сегіз атаның атауларын береді<sup>487</sup>. Ол Ж. Бейсенбайұлы атаған алты атаға Өстеіір мен Көнеоғыз деген аталарды қосып жазады. Ал Жалайыр шежіресін жазған және де өзі Сыпатай руына жататын шежіреші-ақсақал Р. Толқымбекұлы Сыпатай руынан Марқа, Сауық (Сәуік) және Шәлімбет атты үш тармақты таратып, олардың үрім-бұтақтарын қазіргі кезге дейін көрсетіп береді<sup>488</sup>. Кейбір аталарға, олардың атауларына қосымша түсініктемелер беріп, шежіресінің сапасы мен құндылығын арттырады.

Жоғарыдағы шежірелік материалдарды бір-бірімен салыстыра, талдай келе, біз, Сыпатай руындағы тармақтар жөнінде төмендегідей тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, авторлардың бәрі дерлік Сауық пен Шілімбет тармақтарын жиі қайталап отырғандықтан, бұларды Сыпатай руының құрамындағы негізгі тармақтар деп санаймыз.

Екіншіден, Ақмарқа, Қарамарқа және Марқа тармақтары кейбір авторлар мен материалдарда қатар айтылса да, алғашқы екеуінің соңғысынан тарайтындығын ескеріп, Сыпатай руында Марқа атты ру тармағы болған да, Ақ Марқа мен Қара Марқа осыдан таралады деп есептейміз.

Үшіншіден, Өстеіір тармағын М. Тынышбаевта көрсетілгендей Сыпатайдың бір тармағы болған дейміз. Бірақ оның шежірелік таралуы еш жерде кездеспейді.

Төртіншіден, Есенеі, Күшік (Көшек) аталары шежіре бойынша Сыпатайдың бір бөлігі емес, Сыпатайдан тарайтын Марқа тармағының бір бөлігі болғандықтан, біз, Сыпатай руының шежіресінде оларды Марқаның құрамында қарастырамыз. Ал Көнеоғызды З. Сәдібековтен басқа ешбір автор Сыпатай құрамында айтпайды. Сондай-ақ біз де бұл атауды Жалайыр

---

<sup>486</sup> Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. -86-87 бб.

<sup>487</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). – Ташкент, 1994. -90 б.

<sup>488</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -65 б.

шежіресінен кездестірмедік. Балғалы руындағы Қаракөз, Өгіз атты аталарды, мүмкін, автор қателесіп Сыпатайдың құрамына енгізіп жіберген шығар деген де ой келеді.

Бесіншіден, осы айтылғандарды түйіндей келе, біз Сыпатай руында Сауық, Шілімбет, Марқа және Өстемір атты төрт ру тармағы болған деп есептейміз.

Енді осы әрбір ру тармағына жеке-жеке тоқтала кетсек.

### **1. Сауық тармағы.**

Шежіре бойынша Сауық (Сәуік) ру тармағы Құлеке, Дәулетбай және Қыстаубай атты үш аталыққа бөлінеді. А. Оспанов шежіресінде Сәуік – Құлеке, Өтебай және Қыстаубай аталықтарына бөлініп, Өтебайдан – Дәулетбай туылған делінеді<sup>489</sup>. Осы аталықтың үрім-бұтақтары Дәулетбайдан тарағандықтан, ру тармағы ретінде Өтебай емес, Дәулетбай атауы қолданылып кеткен деп есептейміз.

Сауықтың Құлеке аталығы – Құлынбай (Құлманбай), Түкебай атты екі атаға бөлініп, олар жалпы саны жеті ру әулетіне тарамдалып кетеді. Шежіре бойынша Сауықтың екінші тармағы - Өтебай, одан Дәулетбай туылады да, Дәулетбай өз ішінде – Қошымбек, Қонысбай, Қаңғайбай және Жуасбай атты төрт атаға жіктеледі. Қыстаубай аталығы болса, ол да өз ішінде – Сандыбай, Сарман және Ыбырайым атты үш атаға тармақталады<sup>490</sup>.

**2. Шілімбет (Шәлімбет) ру тармағы** Есенәлі, Бекбай, Бердікүл (Бердіқожа) және Кенже атты төрт тармаққа бөлініп, Бекбайдың бірінші әйелінен – Шымырбай, Жолдыбай және Пұсырман; екінші әйелінен – Қозыайдар, Жылқайдар; үшінші әйелінен – Бименбет және Майлыбай атты ұлдар туылып, аталықтарға негіз қалайды<sup>491</sup>. Шымырбайдан – Сүгір, Итбалық, Байтума, Барак; Жолдыбайдан – Сатыпалды, Қабылан, Таңат; Пұсырманнан – Қаратал, Байтоқа, Қаратоқа, Байқасқа; Қозайдардан – Қара, Сары, Түгел, Байкүшік әулеттері өсіп-өнеді<sup>492</sup>.

---

<sup>489</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -10 б.

<sup>490</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -132-139 бб.

<sup>491</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -10 б.

<sup>492</sup> Сонда. -10 б.

Шәлімбеттің Есеналы атты ұлынан – Байсейіт туады. Ал одан Айдаке, Қырғыз (Байқары), Едіге, Әлменбет аталары өсіп-өнеді<sup>493</sup>.

Ал Бердіқожа (Бердіғұл) аталығы Қосалы, Байзақ және Қантөре атты аталарға жіктеледі де, олардан жалпы саны алты әулеттің үрім-бұтағы одан әрі өсіп-өнеді<sup>494</sup>.

Шілімбет ру тармағындағы соңғы ру аталығы – Кенже. Бұл аталық – Сыпатай руы ішіндегі көп тараған аталыққа жатады. Кенже аталығынан Жалмырза, Саспақ, Избасар және Байдәулет аталары таралады. Біз дерек ретінде материалдарын жиі пайдаланып отырған «Жалайыр. Он екі ата шежіре» кітабының авторы Рахметолла Толқымбекұлы осы Жалмырза атасынан тарайды. Жалмырзадан Балға, одан Жангелді, одан Толқымбек, Толқымбектен Рахметолла туылған<sup>495</sup>.

Жалпы Жалмырза атасынан Балға, Әбді, Аю, Наурызбай және Балта атты бес әулет өсіп-өнеді. Осы әулеттердің біріне жататын Абылай деген 8 жасар баладан Сауық ру тармағына дейін он буынды құрайды<sup>496</sup>.

Кенженің Саспақ атасынан – Жиенәлі, Сүйінбай, Сүйкімбай, Естемес, Токсейіт, Боқан, Мәлік, Елемес, Төлемір атты тоғыз әулет; Избасар атасынан – Ақбота, Байтемір, Шынтемір, Сәлмен; Байдәулет атасынан - Өтетілеу, Байтелі, Тұрсынбай, Баймұрат, Жауыр, Сеңірбай, Малдыбай, Орынбай атты сегіз әулет одан әрі тармақталып, жалғасады<sup>497</sup>.

### **3. Марқа ру тармағы.**

Марқа тармағы – Сыпатай руындағы кең танымал болған тармақ. ХІХ ғасырдағы орыс деректерінде Марқа тармағының Ақ марқа, Қара марқа деп екіге бөлінгендігі белгілі. Ал ХХ ғасыр басындағы статистикалық жинақ материалдарында тек Қарамарқа атауы кездесіп отырады. Шежіреші-ақсақал Р. Толқымбекұлы Қарамарқа атауының шығуын былайша түсіндіреді. Марқаның үлкен ұлы Өтептен сегіз ұл болған дейді де, сегізінші ұлдың есімі – Машақ, ол жиен болып саналады. Машақ жиендік жасап,

---

<sup>493</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -10 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -105 б.

<sup>494</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -106 б.

<sup>495</sup> Сонда. -65 б.

<sup>496</sup> Бұл да сонда. Шежіре. -65 б.

<sup>497</sup> Бұл да сонда. -68 б.

мал ұрлағандықтан Қарамарқа аталған деп жазады<sup>498</sup>. Марқаның Есеней мен Көшек аталықтары – Ақмарқа деп аталған<sup>499</sup>.

Енді Марқа тармағының таралуына қайта оралсақ. Бұл тармақ - Өтеп, Есеней және Көшек атты үш аталыққа бөлінеді. Өтеп аталығы өз ішінде Итқара, Көшер, Досан, Қойбақ, Базаркелді, Өтеген, Есенаман және Машақ (Жиен) атты сегіз атаға жіктеледі. Әр атадан қанша әулет өсіп шығатынын біз, шежірелік кестеде көрсеттік. Ал олардың жалпы саны – он алты әулет.

Есеней аталығы Қалматай, Түкенес және Саңырақ атты аталарға бөлінеді. Қалматайдан Сақау, Айтқұл, Ақсерке атты үш әулет бұтақталса, Түкенестен Көшпай, Өміржан, Қарсабай, Саңырақтан – Алшымбай, Боранбай атты әулеттер таралады.

Марқаның Көшек аталығы Ерناзар, Есназар, Қарақшы және Маматай атты төрт атаға тарамдалады да, Ерназардан – екі әулет өсіп-өнеді<sup>500</sup>. Есназар мен Қарақшы аталарының таралуы көрсетілмей, Маматай атасының тармақталуы кеңірек беріледі.

Р. Толқымбекұлының материалдары бойынша Маматайдың үш әйелі болып, Қарабас атты әйелінен Есенгелді деген ұл туылған. Осы Есенгелді атасынан Бекболат, Тасболат, Байболат, Болат және Сабан атты әулеттер тарқайды. Маматайдың Мәуке атты әйелінен Малтабар атты ата тарайды да, одан Түнқатар, Аламан, Алтыбай, Қаражан және Бапан атты әулеттер өсіп-өнеді. Бәйкеш атты әйелінен Құлымбай деген ата тарап, оның ұрпақтары таратылмайды<sup>501</sup>.

Қорыта келе Сыпатай руы жалайыр тайпасы ішіндегі көп санды және ру-шежіре тарихына қатысты материалдар біршама жақсы жинақталған рулар қатарына жатады деп есептейміз. Бұл рудан көптеген тарихи тұлғалар шыққан.

1. Сыпатай - әрі би, әрі батыр болған тарихи тұлға. Аңыз бойынша XV ғасырда өмір сүрген және оның ұрпақтары өсіп-өніп, Жалайыр тайпасындағы жеке бір руды құрайды. Шежіре бойынша оның шығу тегі былай болған: Жалайыр – Шуманақ – Сүпіқожа – Сыпатай.

---


<sup>498</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -111 б.

<sup>499</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -10 б.

<sup>500</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -125 б.

<sup>501</sup> Сонда. -125-131 бб.

## Сыпатай



2. Байтұрбай би (1810-1890) - өзінің турашылдығымен, әділдігімен, шешендігімен көзге түскен. Шығу тегі былайша тарқатылады: Сыпатай – Шәлімбет – Кенже – Байдәулет – Орынбай – Тобышақ – Бектұр – Байтұрбай.

3. Нартбай датқа (XIX ғ.) - әрі батыр, әрі би болып ел басқарған адам. Ата-баба шежіресі былайша тарқатылады: Сыпатай – Шәлімбет – Бекбау – Қозыайдар – Байкүшік – Нартбай.

4. Құлшық ақын (XVIII) - әрі шешен, әрі жырау, әрі ақын болған. Сыпатай руының бір тармағынан тарайды, нақтысы белгісіз.

5. Қалқа Жапсарбаев (1886-1975) – қазақтың халық ақыны. Шығу тегі былайша көрсетіледі: Сыпатай – Шәлімбет – Кенже – Саспақ – Боқан – Тынышбай – Жапсарбай – Қалқа.

#### **§4. Жалайырдың Сырманак бөліміндегі рулар**

##### **а) Арықтыным руы**

Арықтыным руы – Жалайырдың Сырманак бөліміндегі бес рудың біріне жатады. Бұл ру туралы алғашқы мәліметтер Шуманак бөліміндегі рулар секілді 1825 жылдың қазан айында жазылған «Ұлы Жүз руларының сипаттамасында» айтылады<sup>502</sup>. Мұнда Арықтыным руы Ларактынауғ руы деп жазылып, Жалайыр тайпасының құрамындағы он екі рудың бірі делінеді<sup>503</sup>. Бұл жерде оқырманның өзі де түсініп отырған шығар, тек қана Арықтыным руының атауы ғана емес, көптеген қазақ руларының атауларын орыс тілді авторлар қате естігендіктен, не болмаса дұрыс көшірмегендіктен бұрмалап береді. Бұл жөнінде Х.Арғынбаев, В. Востров пен М. Мұқанов өз еңбектерінде атап өтеді<sup>504</sup>. Сол себепті де біз оған тоқталып жатпаймыз.

XIX ғасырдың ортасында Қаратал өзені бойындағы Жалайырлар туралы жақсы материалдар қалдырған Н.А. Абрамов

---

<sup>502</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. -224 б.

<sup>503</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов).-224 б.

<sup>504</sup> Востров В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX- начало XX в.). – Алма-Ата, 1968. -44 б.; Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -81 б.

Арықтынымдардың 600 шаңырақ және Өтес, Сүтемген, Өміржан болып үшке бөлінетіндігі жөнінде жазады<sup>505</sup> Н.А. Аристов зерттеуінде Арықтыным руы Жалайыр тайпасының Сырманак бөліміндегі бір тармағы ретінде атап өтіледі<sup>506</sup>. Бірақ зерттеуші оның ішкі тармақтары жөнінде мәліметтер бермейді.

Ал ХХ ғасыр басындағы Қапал уезі бойынша жүргізілген статистикалық зерттеудің материалдарында Арықтыным руының Сүтемген, Әнет, Өміржан, Жылгелді, Едіге, Еділбай атты тармақтары мен аталары жөнінде айтылады<sup>507</sup>. М. Тынышбаев болса, өзінің шежірелік-кестесінде Арықтынымнан Сүтемгенді, одан Өміржан мен Тілес атты екі атаны таратады<sup>508</sup>.

Арықтыным руы атауының шығуы жөнінде Х. Арғынбаев ел аузынан жинастырған материалдарға сүйеніп, былай деп тұжырымдама жасайды: «Шуманак Ахметқожаның екі ұлы болыпты: Маңғытай мен Барақ. Маңғытайдан – Андас, ал Барақтан – Наркелді, одан – Қосай мен Қосымбет шығады. Наркелді ерте өліп, оның жетімектері – Қосайды Андас, ал Қосымбетті Байшегір бауырына басады. Қосайды Андас «Күшік», Қосымбетті Байшегір «Арық» деп еркелетеді. Қосымбет кішкентай, әлжуаз, бір жағынан қартайған Байшегірге қамқор болғандықтан, ол әрқашан «Арығым» деп еркелетеді. Осыған байланысты тағы бір аңызды айта кеткен жөн. Қосымбеттің қызы Арғынға күйеуге шығып, ол төркініне Әлмамбет деген баласын жетелей, екіқабат болып оралады. Көп ұзамай ұл бала дүниеге келіп, оны Тыным деп атайды. Есі кірген Әлмамбет әкесіне кетіп, Тыным нағашыларына сіңіп, Байшегірдің бір атасы болып кетеді. Кейіннен Арық (Қосымбет) пен Тынымның

---

<sup>505</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270 б.

<sup>506</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. –397 б.

<sup>507</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -19-26, 104-105 бб; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -170-176, 184, 300 бб.

<sup>508</sup> Тынышпаев М. История казахского народа., 1925. -68 б.



ұрпақтары қосылып, өз алдына жеке Жалайырдың Арықтыным атасын құрайды»<sup>509</sup>.

Осындай сипаттағы материалды З. Сәдібеков, Ж. Бейсенбайұлы да береді<sup>510</sup>. Олар Тынымды Сырманактың Байшегірінен туған деп көрсетеді. Жалайыр шежіресінің жетік білгірі – Р. Толқымбекұлы өзінің шежіре-кітабындағы «Арықтыным тарауында» «Қосымбет (жанама аты - Арықтыным)», - дей келе, одан әрі оның тармақтарын жіктейді де, «Байшегір тарауында» Байшегірдің төрт ұлының бірі ретінде Тынымды атайды<sup>511</sup>. Сөйтіп, шежіреші-ақсақал Арықтыным руын қалыптастырған Арық (Қосымбет) пен Тынымды бөлек-бөлек қарастырады.

Біздің қолымыздағы «Арықтыным (Қосымбет) руының ата тегінің шежіресі» атты кітаптың материалдарында, Арықтыным руының тумасы Өмірбек Мұстафиннің шежірелік қолжазбасында, Арықтыным руының келесі бір тумасы Дүйсенбек Нұрлановтың ауызша кеңестерінде Қосымбеттің лақап есімі Арықтыным делініп, ол жеке ру болған, ал Тыным – Байшегірдің ұлдарының бірі делінеді<sup>512</sup>.

Біз жоғарыда келтірген деректерімізді саралай келе, Арықтыным руы Қосымбеттен басталады деп есептейміз, ал Тынымды Байшегір руының құрамындағы бір тармақ ретінде келесі беттерде қарастырамыз.

Енді Арықтыным руының (Қосымбет) шежіресінің таралуына тоқталып өтсек. Қолымыздағы барлық материалдарға талдау жасай келе, біз, бұл рудың өз ішінде Әнет, Етемген, Майемген және Сүтемген атты төрт ру тармағына бөлінетіндігіне көзімізді жеткіздік.

---

<sup>509</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. -82-83 бб.

<sup>510</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). – Ташкент, 1994. -91 б.; Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы, 1994. -114 б.

<sup>511</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -474, 536 б.

<sup>512</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – Талдықорған, 2003. – 6 б.; Мұстафин Ө. Ата тарату. Қолжазба; Д. Нұрлановтың ауызша кеңестері.

Арықтыным руындағы бірінші тармаққа - Өнет жатады. Өнетке жататын шаңырақтар мен XX ғасыр басындағы материалдарда жиі айтылады<sup>513</sup>.

Шежіре бойынша Өнеттен Өлімбай атты жалғыз ұл туады да одан Жаяу, Назарбай, Қалыбай (Қалмақ) және Тайбұға атты аталықтар тарайды. Жаяудан Тілеке жалғыз, ал одан Қаржау, Сағыр және Сарт атты аталар өсіп-өнеді. Бұл аталардан қанша әулеттердің өсіп-өнетіндігін біз, шежірелік кестеде әрбір атаның жанына әулет санын жақша ішінде береміз.

Назарбай аталығынан Өтетілеу, Естемес, Мыңғал (Есенқотан), Бабеке және Сәрке аталары өсіп шығып, олардың әрқайсысы одан әрі бірнеше әулеттерге тарамдалады. Қалыбай (Қалмақ) аталығы Китібас, Қарамерген және Кенжебай атты аталарға бөлініп, олардан жалпы саны он бір ру әулеті өсіп-өнеді.

Өнет тармағының соңғы аталығы Тайбұға өз ішінде Сары (Көтен батыр), Сады, Торғай атты аталарға бөлініп, олардан да он екі ру әулеті тарамдалады.

Арықтыным руындағы екінші ру тармағы – Етемген. Етемген тармағы өз ішінде Алтын және Қарабазар атты екі аталыққа бөлініп, Алтыннан Тілеміс, одан Ерен, Опай (Орай) және Майлыбай аталары өсіп-өнеді<sup>514</sup>. Бұлардан қандай әулеттер шығатынын біз, кестеде әр атаның жанына жақша ішінде көрсеттік. Қарабазар аталығынан Бибек және Қасенғали аталары өсіп шығады<sup>515</sup>.

Арықтыным руындағы келесі бір ру тармағына – Майемген тармағы жатады. Шежіре бойынша бұл тармақтан – Елібай, одан – Рысқұл, Рыспамбет, Әлі және Айдар атты аталықтар шығады да, олардың әрқайсысынан бірнеше аталар өсіп-өнеді. Рысқұлдан – Мырза, Кешу, Разақ; Рыспамбеттен Дүзген мен Барақ; Әліден – Баймен мен Төлей аталары шығады. Ал олар өз іштерінде

---

<sup>513</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -23 б.; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -300 б.

<sup>514</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -568 б.

<sup>515</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. –Талдықорған, 2003. – 37 б.

бірнеше әулеттерге бөлінеді<sup>516</sup>. Майемгеннің жанама атын Р.Толқымбекұлы Қортық болған десе<sup>517</sup>, А. Оспанов Майемгеннен жалғыз Елібайды таратып, оның лақап аты Қортық болған деп жазады<sup>718</sup>. ХХ ғасыр басындағы орыс деректерінде Сүтемгеннің құрамында Қортық аталығы кездеседі<sup>519</sup>.

Сүтемген тармағы – Арықтыным руындағы төртінші тармақ. Ол өз ішінде Өлтізер, Өтес, Жиенқұл, Дәулет, Есен, Ырысымбет, Шотай және Түгел атты сегіз аталыққа жіктеледі. Бірінші аталық - Өлтізер өз ішінде Өмірбек, Өміржан, Темірбек атты үш атаға бөлініп, соңғы екі аталықтан сегіз ру әулеттері өсіп-өнеді<sup>520</sup>. Өміржан атасының атауы М. Тынышбаевта Өміржа деп сәл қателеу айтылады. Ал ХХ ғасыр басындағы материалдарда Өміржан атасына жататын шаңырақтар Арықтынымға енгізіліп, Байшегір руымен бір қауым болып тұрып жатқандығы баяндалады<sup>521</sup>. Р.Толқымбекұлы мен А. Оспановтардың шежірелерінде Өміржаннан Ұлтау, Байбек, Сәйбек, Сомбақ, Собақ атты әулеттердің үрім-бұтақтары тарайтындығы айтылған<sup>522</sup>. Темірбектен Арық және Жәнеберген атты әулеттер таралады<sup>523</sup>.

Сүтемген тармағының екінші аталығы - Өтестен Құрмантай, Едігеденбай (Назар), Қауыс, Базар, және Жылгелді атты бес ата тарамдалады. Құрмантай атасынан – Темір, Алшынбай, Сатыбалды, Жанатай атты әулеттер өсіп-өнеді.

---

<sup>516</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – Талдықорған, 2003. – 41-48 бб.

<sup>517</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -564 б.

<sup>518</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – Талдықорған, 2003. – 41 б.

<sup>519</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -21 б.

<sup>520</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – Талдықорған, 2003. – 52 б.

<sup>521</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -19-26 бб.

<sup>522</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -560 б. Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. -52 б.

<sup>523</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – 52 б.

Едігеденбай атасының атауы екі есімнен құралған. Өтестің екінші ұлы Назар болып, одан Тәңірберген атты жалғыз ұл туады. Ал Тәңірбергеннен Едіге және Еденбай атты екі ұл өсіп-өнген. Осы екі ұлдың ұрпақтарын бөліп-жармай, кейде Назар, ал кейде Едіге-Еденбай немесе Едігеденбай деп атап кеткен. Осы жөнінде бізге кеңес берген Д. Нұрланов Арықтыным руы және Өтес тармағы ішінде бұларды Едігеденбай деп атайтындығы жөнінде әңгімелеп берді. Бұл аталықтан Байғабыл, Жанғабыл, Бөрібай және Шымыр атты ру әулеттері жалғасын табады<sup>524</sup>.

Қауыс атасы – Масай, Мырзабай (Шата), Оразбай (Жамантымак), Таңатак, Түнқатар, Баймырза, Саймырза атты ру әулеттеріне бөлінеді. Ал Базар атасынан Алыбай, Әйтей, Анда, Лапық атты әулеттер өсіп-өнеді.

Жылгелді атасы Меңлібай, Тойлыбай, Бөрлібай және Боқан атты төрт ру әулетіне тармақталады. Бізге Арықтыным руының Өтес аталығының тармақталуы жөнінде кеңес берген Д. Нұрланов осы Жылгелді атасынан шыққан. Оның Жылгелдіден өзіне дейінгі шығу тегі былайша көрсетіледі: Жылгелді – Меңлібай – Боранбай – Сабаз - Әлімбек – Тайшығұл – Нұрлан – Дүйсенбек<sup>525</sup>. Базар – төрт, Назар – бір әулетке тарамдалады<sup>526</sup>. XX ғасыр басындағы статистикалық зерттеу материалдарында Сүтемген тармағы мен оның аталары – Жылгелді, Едіге, Еділбай ұрпақтары жиі аталып өтіледі<sup>527</sup>.

Арықтынымның Сүтемген тармағындағы үшінші аталыққа – Жиенкүл жатады. Жиенкүл аталығынан Назарғұл, Түркебай, Аманкүл, Қытай (Қырым батыр) атты ру аталары өсіп-өнеді. Назарғұлдан – Айтқожа, Бекқожа, Тақсыққожа, Таусылқожа; Түркебайдан - Өтеген, Оразбай, Қуандық; Аманкүлдан – Жайнақ, Қарнақ, Қалмақ; Қытайдан

---

<sup>524</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – 77-79 бб.

<sup>525</sup> Сонда. – 125-130 бб.

<sup>526</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -536-559 бб.

<sup>527</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -19-26 бб.

(Қырым батыр) – Қоспанбет, Тұрлыбай, Арғынбай атты ру әулеттері өз жалғастарын табады<sup>528</sup>.

Дәулет аталығы – Сүтемген тармағындағы төртінші аталық. Ол Женет, Құттымбет, Жолтай және Досай атты төрт атаға бөлінеді. Бұл аталардан жалпы саны жеті ру әулеттері өсіп шығады<sup>529</sup>.

Сүтемген тармағындағы бесінші аталық – Есен аталығы. Ол – Қарабатыр және Қуандық атты екі атаға жіктеледі. Қарабатырдан – Үргенішбай, Байыр, Қыдырбай, Ақсопы; Қуандықтан – Тұрғынбай, Байшегір, Бөкебай атты ру әулеттері өсіп-өнеді<sup>530</sup>.

Ырысымбет – Сүтемген тармағындағы аз тараған аталық. Ырысымбеттен – Ерсары, одан Алыбай, одан Жаңабай таралады. Жаңабайдан кейін ғана бұл аталық көбейе бастайды<sup>531</sup>.

Шотай – бұл да Сүтемген тармағындағы аз тараған аталықтың бірі. Шотайдан – Нұран атты жалғыз ұл, одан Сегізек туады. Сегізектен кейін ғана бұл ата Құттыбай, Сарыбас, Мәмбет атты әулеттерге бөлініп кетеді<sup>532</sup>.

Сүтемген тармағындағы соңғы сегізінші аталық – Түгел аталығы. Бұл аталық – Мұсабай, Малқара атты екі атаға таралады. Мұсабайдан – Биман, Сәдуақас, ал Малқарадан – Ерубай, Шоң, Байдалы және Қосақ атты әулеттер өсіп-өнеді<sup>533</sup>.

Арықтыным руына қарасты тармақтар мен аталықтар, аталар мен әулеттер ХІХ-ХХ ғасыр басында Қапал уезінде өмір сүргендіктен, біз олардың болыстығы мен ауылдарын шежіреде көрсетпедік. Ол жөнінде арнайы жеке тарауда айтылады.

Арықтыным руынан шығып дүйім жұртқа белгілі болған тарихи тұлғалар мыналар:

1. Атақты Жәлменде би (1846-1901) – осы рудан алғаш рет билікке араласып, үздіксіз он екі жыл болыс, тоғыз жыл би болған тарихи тұлға. Абай Құнанбайұлының замандасы. Әділдігімен, турашылдығымен ел есінде қалған. Оның шығу тегі былайша көрсетіледі: Арықтыным – Сүтемген - Өлтізер – Қауыс – Мырзабай – Түменбай – Дәуітбай – Байшығаш – Жәлменде.

---

<sup>528</sup> Оспанов А. Жалайырлар: Арықтыным (Қосымбет) ата тегінің шежіресі. – 149-164 бб.

<sup>529</sup> Сонда. - 165-174 бб.


<sup>530</sup> Бұл да сонда. - 175-179 бб.

<sup>531</sup> Бұл да сонда. - 180 б.

<sup>532</sup> Бұл да сонда. - 83 б.

<sup>533</sup> Бұл да сонда. - 89 б.

Арықтыным



2. Ерболған батыр (XIX ғасырда өмір сүрген) – Жәлменде бидің замандасы және серігі болған. Арықтыным руының қай тармағынан тарайтындығы нақты анықталмаған.

### ә) Байшегір руы

Байшегір руы – Жалайырдың Сырманақ бөліміндегі рулардың біріне жатады. Бұл ру туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап кездесе бастайды<sup>533</sup>. Осы ғасырдың 60-шы жылдарындағы деректер бойынша Байшегір руы Тыныш және Жамбет атты екі атаға бөлініп, 700 шаңырақтан тұрған<sup>733</sup>.

Н.А. Аристов зерттеуінде Байшегір руы Жалайыр тайпасының Сырманақ бөліміне жататын ру деп қарастырылса<sup>734</sup>, М. Тынышбаев өзі құрастырған шежіре-кестесінде Байшегір руынан Жиенқұл, Жиёмбет, Бегімбет, Абс (Абыз - автор), Қобыз атты аталарды таратып көрсетеді<sup>735</sup>. XX ғасыр басындағы Қапал уезі бойынша жүргізілген статистикалық зерттеулер материалдарында Байшегір руы және одан таралатын Жиёмбет, Ақтеке, Ақша, Есенбол, Атайбоз, Алдаберлі, Нұрымбет, Тоқтар, Мыржық, Итай, Есқара, Абыз секілді тармақтар мен аталықтар туралы мәліметтер мол кездеседі<sup>736</sup>. Бұл материалдардың Байшегір руының шежіресіне ғылыми сипаттама беруде тигізер көмегінің өте көп болғандығын айта кетуіміз керек.

Х. Арғынбаев өзінің зерттеуінде Байшегір руындағы Жиёмбет, Бекпенбет, Нұрымбет, Тынымбет, Абыс, Қобыс, Мыржық, Итай, Есқара, Ақтеке, Атайбоз, Дәулендабыл, Ақша және Есімбол

---

<sup>534</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы.). (Сборник документов и материалов.). – Алма-Ата, 1964. № 129 құжат. -224 б.

<sup>535</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270 б.

<sup>536</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. –397 б.

<sup>537</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. -68 б.

<sup>538</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -19-26, 104-105 бб; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -176-184, 296-308 бб.

атты он төрт атаның атауын атап өтеді де, олардың рулық жүйеде қайсысы ру тармағына, қайсысы аталықтар мен аталарға жататынын деректердің жоқтығынан анықтай алмағандығына өкініш білдіреді<sup>539</sup>. Этнограф-ғалымның бұл ескертуін төменде біз, қолымызда жиналған барлық материалдарға сүйеніп, анықтауға тырысамыз.

Байшегір руының шежіресіне қатысты тәуір материалдар З.Сәдібековтың, Ж. Бейсенбайұлының шежіре кітаптарында ұшырасады<sup>540</sup>. Ал Р. Толқымбекұлы мен А. Оспановтың шежірелік материалдары Жалайырдың басқа да рулары секілді, Байшегір руының тармақтарын, аталықтарын, аталары мен әулеттерін дұрыс көрсетуге мүмкіндіктер береді<sup>541</sup>.

Осы жоғарыда атап өткен материалдарға сүйеніп, Байшегір руының шежіресіне кіріселік.

Алдыменен, бұл руда қанша ру тармағы болғанын анықтап алудың маңызы зор. Өйткені қалған аталықтар мен аталар сол ру тармақтарынан өсіп-өнеді. Ал егерде ру тармақтарын анықтай алмасақ, онда Х. Арғынбаев айтып өткендей, барлық аталарды шатастырып, жүйелей алмаймыз.

Қолымыздағы материалдардың көбі Байшегір руында Жиёмбет, Нұрымбет, Бекпенбет (Шегелен) және Тынымбет атты төрт ру тармағы болғандығын айтады. М. Тынышбаевта Тынымбет пен Нұрымбет тармақтары көрсетілмейді, бірақ Байшегірден Жиенқұл, Жиёмбет, Бегімбет, Абыз, Қобыз атты тармақтардың таралатындығы айтылады<sup>542</sup>. Р. Толқымбекұлы «Байшегірдің Жиёмбет, Нұрымбет және Бекпенбет атты ұлдары қобыз жасаушы және тартушы болған, сондықтан оларды Абыз-Қобыз аталары деп атап кеткен», - деп жазады<sup>543</sup>. Ал З. Сәдібеков Нұрымбет пен Жиенқұлды бір адам деп есептейді<sup>544</sup> Бірақ ол қандай дерекке

---

<sup>539</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. -84 б.

<sup>540</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). -90-91 бб.; Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы, 1994. -114 б.

<sup>541</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -474-504 бб.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. – 12 б.

<sup>542</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>543</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -504 б.

<sup>544</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). -90 б.



сүйенгендігін көрсетпейді. Дегенменде осы дұрыс секілді. Өйткені Нұрымбет атауы аталған жерде Жиенқұл атауы жазылмайды және керісінше де солай.

Тынымбет атауының М. Тынышбаевта жазылмауын біз, автор оны Арықтыным руының құрамында деп санаған секілді деп ойлаймыз. Осылайша, жоғарыда айтылған дәлелдерімізді түйіндей келе, Байшегір руында төрт: Жиёмбет, Нұрымбет, Бекпенбет және Тынымбет тармақтары болған деген қорытынды жасаймыз.

Бұл төрт ру тармағы ішінде ең көбі және белгілі болғаны – **Жиёмбет ру тармағы**. Бұл тармақ өз ішінде (Дәуленбран) Дәулендабыл, Рыскелді, Әлменбет, Есқара, Абайбоз және Есімбол атты ру аталықтарына бөлінеді<sup>545</sup>. Р.Толқымбекұлы бойынша Дәулендабылдан – Көзберген, Дулат; Рыскелдіден – жалғыз Итай (Әйтәй), одан – Байғонды мен Жаңатай әулеттері таралады. Жиёмбеттің Әлменбет аталығынан – Абыз, Қобыз, Мыржық, Сетен (Серен) аталары тараса, ал Абыздан – Ақтеке, Ақша, Атайбоз; Мыржықтан – Ерсары, Ердес, Қанқара, Төлеген, Тотай әулеттері өсіп-өнеді<sup>546</sup>;

Жиёмбеттің Есқарасынан – Қара (Бейсембет), Ірі Абыз, Кіші Абыз, Қозыбағар және Бесбай аталары таралады<sup>547</sup>. Ал Есімбол аталығынан – Жәмеңке, Абдыра, Бойтық (Ботық), Батырбай және Жайық атты аталар одан әрі жалғасын табады<sup>548</sup>.

Жиёмбеттің Абайбоз аталығынан Бозымбай мен Бозай атты екі ата өсіп-өнеді.

XX ғасыр басындағы статистикалық мәліметтер бойынша Байшегірдің аталықтары мен аталары Арықтыным руының аталарымен көршілесіп, қауымдасып, ауылдасып отырған<sup>549</sup>. Сондықтанда осы екі рудың аталары бір-біріне өте жақын.

---

<sup>545</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -503 б.

<sup>546</sup> Сонда. -503 б.

<sup>547</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -12 б.

<sup>548</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -503 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -12 б.

<sup>549</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уездъ. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -19-26 бб.

**Нұрымбет ру тармағының** таралуына келсек, одан Көкіл атты жалғыз ұл туып, Көкілден Китік және Боқат атты екі аталық шығады. Боқаттан Назар атасы таралса, Китік - Қалыбек, Құлыбек, Жангелді, Тыныбек және Қазыбек атты аталарға жіктеледі<sup>550</sup>. Ал **Бекпенбет тармағы** болса Батпан және Тұрсын атты екі аталыққа бөлініп, Батпаннан Алдаберлі, Маты, Тұрсыннан Бесшал аталары тарайды<sup>551</sup>.

Енді Байшегір руының бір тармағы - **Тынымбет бөлімшесіне** тоқталсақ.

А.Оспановтың шежірелік материалдары бойынша Тынымбет бөлімшесі Келменбет, Келімбет, Тағымбет және Қожамсүгір атты төрт ру тармағына бөлінеді. Ө.Мұстафиннің шежіре қолжазбасында Тынымбет - Бәйбіше және Тоқал атты екі бөлікке бөлінеді де, Бәйбішеден - Қайназар, Тоқалдан - Биназар шығарылады. Қайназардан - Шерубай, Ерубай, Сансыз, Дәулетбай, Көшек атты бес ата, Биназардан - Боранбай мен Теңізбай атты екі ата таралады. Ө.Мұстафин бұл соңғы екі атаның есімдерін қосып, ел арасында оларды Борантеңіз деп атайтындығын жазады<sup>552</sup>.

Қалған шежірелік материалдарда Тынымбет бөлімшесі – Келменбет және Тағымбет атты екі тармаққа бөлінетіндігін ескеріп, біз, олардың бірінің лақап есімі – Бәйбіше, ал екіншісінің лақап есімі – Тоқал болған деп санаймыз. Бұл атаулардың қайдан шығып отырғанын оқырманның өзі де аңғарып отырған шығар.

Р.Тоқымбекұлының материалдары мен А.Оспановтың деректері бір-біріне сәйкес келетін болғандықтан, біз олардың Тынымбеттің таралымы жөніндегі материалдарын негізге аламыз.

Шежіре бойынша Келменбеттен (Келменбеттен) - Байназар, Қайназар атты екі аталық тарап, біріншісінен - Боранбай, Теңізбай; екіншісінен – Шерубай, Ерубай, Көшек, Дәулетбай және Сақыз (Сансыз) атты аталар өсіп-өнеді. Олардан тарайтын әулеттер кестеде беріледі. Келімбет аталығынан Қайып, Байбөрі, Бөрібай аталары тарамдалып шығады<sup>553</sup>.

---

<sup>550</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -12 б.

<sup>551</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -502-503 бб.

<sup>552</sup> Мұстафин Ө. Ата тарату. Қолжазба.

<sup>553</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -474-493 бб.

Тағымбет тармағынан Токтар, Мырзағұл, Алдаберлі (Алламберген), Қоңыр, Жәнібек атты бес аталық таралады. Токтардан – тоғыз, Мырзағұлдандан – жеті, Қоңырдан – үш, Жәнібектен – үш ата тармақталып, одан әрі олар жалғасын табады<sup>554</sup>. XX ғасыр басындағы деректерде осы бес атадан тараған ұрпақтар туралы жақсы материалдар кездеседі<sup>555</sup>.

Қожамсүгір тармағы да Меңдіғұл және Меңліше атты екі аталыққа бөлініп, Меңдіғұлдандан – алты ата, Меңлішеден бір ата таралады.

Байшегір руының шежіресі жөнінде ойларымызды қорыта келе, бұл рудағы Жиёмбет пен Тынымбет тармақтарының ғана аталары өз шежірелерін сақтап, кейінгі ұрпақтарға жеткізе білген дейміз. Ал қалған тармақтың ұрпақтары жөнінде олай айта алмаймыз. Мүмкін, кейбір деректер әлі де болса еш жерде жарияланбай сандықтың түбінде тығулы жатқан шығар. Болашақта басқа да тармақтың шежіресіне қатысты материалдар табылып қалады деген үмітпен ойымызды түйіндейміз.

Байшегір руынан шыққан тарихи тұлғалар мыналар:

1. Байшегір баба – аңыз бойынша өте аруақты және қасиетті адам болған. Ұрпақтары көп өсіп-өніп, жалайыр тайпасындағы бір руды құрайды. Шежіре бойынша оның шығу тегі мынандай: Жалайыр – Сырманақ – Нұрқожа – Тоқтыбек – Байшегір.

2. Тілеуғұл батыр - әрі батыр, әрі әулие болған кісі. XVIII ғасырда өмір сүрген жоңғарларға қарсы күресте аты шыққан. Нақты Байшегірдің қай тармағынан, қай әулетінен тарайтындығы белгісіз.

3. Сүндетбай қажы – XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы аралығында өмір сүрген. Ел билеген болыс, Мекке-Мәдинаға барып, қажы атанған. Шыққан тегі Байшегірдің Жиёмбет тармағынан.


4. Бақтыораз Бейсекбаев (1921-1941) – Ресей батыры және

---

<sup>554</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -495-501 бб.

<sup>555</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -22, 26 бб; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -184, 306 бб.

## Байшегір



Қазақстанның халық қаһарманы. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының бесінші күні құрамында Бақтыораз бар бомбалаушы Кеңес ұшағының экипажы әскери тапсырманы орындау барысында, ұшақтың қатты зақымдануына байланысты, өз ұшақтарын жер бетіндегі жаудың шоғырланған тобына бағыттайды. Тарихта бұл экипаждың ерлігін капитан Гастеллоның экипажының ерлігімен байланыстырып келді. Ақырында әділдік үстем құрып, 1997 жылы ұзақ уақыт бойғы тексерулер мен зерттеулерден кейін, құрамында Бақтыораз Бейсекбаев бар капитан Масловтың экипажына Ресей батыры атағы берілді. Ал 1998 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Бақтыораз Бейсекбаевқа Қазақстанның халық қаһарманы атағы берілді. Бақтыораздың әкесі Шәмpek ауқатты адам болып, 1930 жылдардағы ұжымдастырудың құрбаны болған. Жетім қалған Бақтыоразды ағасы Бейсекбай Алматыдағы балалар үйіне өткізіп, өз есімін оның фамилиясы етеді. Сөйтіп ол тарихта Бақтыораз Бейсекбаев болып қалды.

Шежіре бойынша оның шығу тегі былайша беріледі: Байшегір – Тыным – Келменбет – Байназар – Боранбай – Мөңкебай – Түймебай – Шәмpek – Бақтыораз.

## **б) Балғалы руы**

Балғалы руы – Жалайыр тайпасының Сырманак бөліміндегі бес рудың біріне жатады. Балғалы атауы да Жалайырдың кейбір рулары сияқты лақап есім. Шежірелік материалдар бойынша ол – Қосар деген адамның жанама есімі.

Бұған дейінгі қарастырылған Жалайырдың әрбір руына қатысты дерек мәліметтерінде Балғалы руына да қатысты материалдар бар. Бұл рудың атауы алғаш рет 1825 жылғы «Ұлы Жүз руларының сипаттамасы» атты деректе Жалайыр тайпасының құрамындағы рулардың бірі ретінде кездеседі<sup>556</sup>. Мұнда ол ру «Балехлы» деп жазылғанымен де, оның Балғалы екендігіне ешкім күмән тудырмайды. XIX ғасырдың 60-шы жылдарында Жетісу өңіріндегі ру-тайпалардың тарихына

---

<sup>556</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы.). (Сборник документов и материалов.). – Алма-Ата, 1964. № 129 құжат. -224 б.

қатысты материалдар жинақтаған Н.А.Абрамов Балғалы руын 4 атаға бөліп қарайды. Ол бірінші атаға – Құлым (240 шаңырақ), екінші атаға – Шағыр (80 шаңырақ), үшіншіге - Өгіз (55 шаңырақ) және төртінші атаға – Ниязбарақты (55) жатқызады<sup>557</sup>. Н.А.Аристов болса Балғалы руын Жалайырдың Сырманак бөліміндегі рулардың бірі дей отыра, одан Өгіз, Шағыр және Құлым атты аталар бөлінеді деп жазады<sup>558</sup>. М. Тынышбаев өзінің шежірелік кестесінде Балғалы руынан Құлымбет пен Құлым атты екі тармақты таратады<sup>559</sup>.

XX ғасыр басында Қапал уезі бойынша жүргізілген статистикалық зерттеулердің материалдарында Балғалы руының шежіресіне қатысты материалдар өте көп. Мысалға, Балғалы болыстығындағы қауымдарға сипаттама деп аталатын бөлімде Құлымнан тарайтын жеті ата, Шағырдан тарайтын төрт ата қазіргі кездегі шежірелердің материалдарымен түп-тура сәйкес келеді<sup>560</sup>. Біз, осы рудың тармақтары мен аталарын шежіре бойынша жазғанымызда, осы статистикалық мәліметтерді негізгі дерек көзі етіп аламыз. XX ғасырдың 50-60-шы жылдары ғылыми-этнографиялық экспедиция барысында Х. Арғынбаев Жалайыр тайпасының руларына сипаттама бере келе, Балғалы руын екі атадан: Құлымбет және Құлымнан тұрады деп, Құлымбетен – алты атаны, Құлымнан – бес атаны таратады<sup>561</sup>.

Қазіргі кездегі қазақ шежірешілері З. Сәдібеков, Ж. Бейсенбайұлы, Р.Толқымбекұлы, А.Оспанов Балғалы руының Құлымбет және Құлым атты екі тармаққа бөлінетіндігін

---

<sup>557</sup>Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270-273 бб.

<sup>558</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. –397 б.

<sup>559</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>560</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -1-2, 4, 102-103 бб; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -268-294 бб.

<sup>561</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -85 б.

бірауыздан мақұлдайды<sup>562</sup>. Бірақ та З. Сәдібеков Құлымбеттен тарайтын тармақтарды көрсетуде аталықтар мен аталарды және әулеттерді шатастырады. Жалайыр тайпасының шежіресін қалың кітап етіп жазған Р.Толқымбекұлының материалдарын біз, ХХ ғасыр басында статистикалық зерттеу материалдарымен салыстырғанымызда, шежіреші ақсақалдың деректері ақиқаттың ауылынан алыс емес екендігіне көзімізді жеткіздік.

Енді осы қолымыздағы бар жиналған материалдарға сүйеніп, мәліметтерді бір-бірімен салыстыра, талдай келе, біз, Балғалы руындағы тармақтар мен аталарды жіктеп көрсетелік.

Балғалы руы өз ішінде екі үлкен бөлімшеге бөлінеді. Бірінші бөлімше – Құлымбет, екінші бөлімше – Құлым деп аталады.

Құлымбет ру бөлімшесі – Дәулетей, Шағыр, Өгіз(Жанай), Нәдір және Барлы атты тармақтарға бөлінеді. Дәулетей ру тармағы – Көзел және Бұлдық атты екі аталыққа тарамдалып, біріншісінен – Қойайдар, одан Андасбай, Үйсінбай, Кіштібай (3), Ілебай(4), Найманбай (1) атты аталар өсіп-өніп, олар одан әрі әулеттерге тарамдалады. Дәулетейдің екінші аталығы – Бұлдық онша көп өспей қалған. Бұлдықтан жалғыз ұл – Кәкім, одан жалғыз ұл - Әбдіхалық тарап отырады<sup>563</sup>.

ХХ ғасырдың басында Дәулетей тармағына жататын шаңырақтар Қапал уезі Балғалы болыстығының 5-6-шы әкімшілік ауылында мекендеген. Олардың сол кездегі жалпы саны 450-дей адам болған<sup>564</sup>.

Құлымбет бөлімшесіндегі екінші тармаққа – Шағыр тармағы жатады. Бұл тармақ шежіре бойынша – Бегім, Жангелді, Елшібек, Қоныс, Амангелді және Самат (қажы) атты аталықтарға

---

<sup>562</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). – Ташкент, 1994. -91 б.; Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. -114 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -505 б., Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -15 б.

<sup>563</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Онекі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -505-507 бб.

<sup>564</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уездъ. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -280 б.

бөлінеді<sup>565</sup>. Шежіре бойынша бұлай бөлінуді ХХ ғасыр басындағы статистикалық зерттеулердің материалдары да дәлелдейді. Ол бойынша Шағыр – Жангелді, Амангелді, Елшібек және Қоныс атты ру топтарына бөлінген<sup>566</sup>. Бегім аталығынан – Қалдыбай атасы; Жангелді аталығынан – Есенқұл, Жиеншора, Елемес, Базар аталары; Қоныстан – Нәдірбек, Қабылбек аталары; Амангелдіден – Сырлыбай, Бөрте; Саматтан – Білдебай атасы тармақталып, одан әрі жалғасады<sup>567</sup>.

Құлымбет бөлімшесіндегі Өгіз (Жанай) тармағы Лепес және Өтеғұл атты екі аталыққа бөлініп, Лепестен - Өтепберген, Сейітназар, Еламан, Наурызбай; Өтеғұлдан – Меңдіғұл, Оразкелді, Сәрбіз, Сәрез, Әліғұл, Бердіғұл және Ырыс деген аталардың үрім-бұтақтары таралады<sup>568</sup>.

Келесі тармаққа – Нәдір тармағы жатады. Бұл тармақ – Нияз, Барақ, Май, Күйік атты төрт аталыққа бөлінеді. Нияз бен Барақ аталықтарының саны аз болуына байланысты, олар бірігіп, өздерін Ниязбарақ деп атаған. Өкінішке орай, олардың қазіргі кездегі шежіресі қолымызға түспеді. Май аталығы – Дара, Қара, Тілеубай атты аталарға бөлінсе, Күйік аталығынан жалғыз Киізбай атасы таралады<sup>569</sup>. Балғалы руының Құлымбет бөлімшесіндегі соңғы ру тармағына – Барлы тармағы жатады. Барлы тармағы өз ішінде Таймөңке және Тініке атты екі аталыққа бөлінеді. А. Оспанов осы екі аталыққа үшінші аталық ретінде Ақпанбетті қосады. Барлы тармағының шаңырақтары өзінің ағайыны Дәулетайлармен қатар отырған. ХХ ғасыр басындағы мәліметтер бойынша олардың жалпы саны 608 адам болған<sup>570</sup>.

---

<sup>565</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -507 б.

<sup>566</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -2 б.

<sup>567</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. – 507-515 бб.

<sup>568</sup> Сонда. -515 б.

<sup>569</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -521 б.

<sup>570</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -278-280 бб.





Балғалы руының екінші бөлімшесі – Құлым. Р. Толқымбекұлы бұл бөлімшені өз ішінде бірнеше ру тармағына бөлінеді деп, оған - Бәйімбет, Ақжол, Жалманбет, Жарым, Шандыаяқ және Алдаберліні жатқызса, А.Оспанов оларға Таңатарды қосады<sup>571</sup>. XX ғасыр басындағы мәліметтер бойынша Бәйімбет, Алдаберлі, Шандыаяқ, Жарым және Жалманбет Құлымның бәйбішесінен туылған да, қалғандары кіші әйелінен туылған ұлдар<sup>572</sup>.

Құлым бөлімшесіндегі Бәйімбет тармағы – Айдос және Жандос атты аталықтарға бөлінеді. Айдостан – Еспембет, Көккөз, Ерназ аталары, Жандостан – Қосуақ, Атан (Қошқар).

Ақжол тармағы – Аққожа, Әбіш, Тоқсанбай атты аталықтарға бөлінсе, Аққожадан – Шаяхмет; Әбіштен - Әліш, Смағұл; Тоқсанбайдан - Әбілхан тарайды.

Жалманбет тармағы – Ораз, Бәйгел және Бәйтерек атты аталықтарға бөлініп, Ораздан – Нұрлыш, Нұрбай, Есентемір аталары өсіп-өнеді.

Жарым тармағы – Тоқымбет, Қосан және Пірімбай атты аталықтарға жіктеліп, олардан сегіз ата таралып шығады.

Алдаберлі тармағынан – Тәңірберген, Таубай, Өмірәлі, Бокбасар, Бүркітбай және Батырхан аталықтары өсіп-өнген.

Шандыаяқ тармағы – Бердібек, Жолдасбай, Топыраяқ атты аталықтарға тармақталады да, Бердібектен - Өмірәлі, Түстікбай, Түтінбай аталары, Топыраяқтан – Бөрібай атасы шығады<sup>573</sup>.

Қорыта келе, Балғалы руының шежірелік материалдары біршама жақсы сақталған және мәліметтері қайшылықты емес деп санаймыз.

---

<sup>571</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -522 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -15 б

<sup>572</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -102-103 бб.

<sup>573</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -15 б

## в) Қайшылы руы

Қайшылы руы – Жалайыр тайпасының Сырманақ бөліміндегі бес рудың бірі болып саналады. 1825 жылғы «Ұлы Жүз руларының сипаттамасында» Қайшылы руы Жалайыр тайпасының құрамында алғаш рет орыс дерегінде кездеседі<sup>574</sup>. Н.А. Абрамовтың XIX ғасырдың 60-шы жылдары Қаратал өзені маңайында жүргізген зерттеуі бойынша Қайшылылар 200 шаңырақты құраған<sup>575</sup>. Бірақ зерттеуші олардың қандай аталарға жіктелетінін айтпайды. Дәл сол сияқты Н.А. Маевтың редакциясымен 1872 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрген «Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края» атты жинақтың «Қапал уезінің болыстары» деген тараушасында Балғалы-Қайшылы, Оңтүстік Балқаш болыстарында Жалайырдың басқа да руларымен бірге Қайшылы руының болғандығы хабарланады да, оның тармақтары мен аталары жөнінде ештеме айтылмайды<sup>576</sup>. Н.А. Аристов Қайшылы руын Жалайырдың Сырманақ бөліміндегі рудың бірі ретінде айтып өтсе, М. Тынышпаев өзінің шежіре-кестесінде Қайшылы руын Сырманақ тобына жатқызады да, таралуын көрсетпейді<sup>577</sup>.

Қайшылы руын біз, Жалайырдың Балғалы руымен бірге Орта Азияда, Қатта Қорған бөлімінде кездестіреміз. XIX ғасырдың 70-ші жылдарының басында олар 34 елді мекенде тұрып, отырықшы шаруашылық түрлерімен айналысқан<sup>578</sup>. Бірақта олардың жіктелуі жөнінде деректерде айтылмайды.

Қайшылы руының тармақтар мен аталарға бөлінуі туралы аздаған деректер XX ғасыр басында Қарқаралы, Әулиеата уездерінде, Шу өзені мен Талас өзенінің төменгі ағысы бойындағы уездерде

---

<sup>574</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. -224 б.

<sup>575</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -272 б.

<sup>576</sup> Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Под ред. Н.А. Маева. Вып., 1. – СПб., 1872. Волости Копальского уезда. -158-160 бб.

<sup>577</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. –397 б.

<sup>578</sup> Русский Туркестан. Сборник изданное по поводу политехнической выставки. Вып., 2. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. Под ред. В.Н. Троицкого. – М., 1872. -108 б.

жүргізілген статистикалық зерттеулердің материалдарында кездесіп отырады<sup>579</sup>. Қапал уезіндегі материалдардан біз, Қайшылы руының тармақтары мен аталарына қатысты ешқандай деректер кездестірмедік.

1913 жылы Сырдария облысы, Әулиеата уезі, Шуболыстығының №2 ауылының молдасы, руы Жалайыр Құлжан Жолбарыстың айтуы бойынша құрастырылған Жалайыр тайпасының шежіресіндегі материалдардың Қайшылы руының тармақтары мен аталарына тікелей қатысы бар<sup>580</sup>.

Біз бұл шежірені Құлжан Жолбарыстың нұсқасы деп атап, Қайшылы руының шежіресінде осы нұсқаға сілтеме жасап отырамыз.

Х. Арғынбаев Жалайырдың Қайшылы руынан басқаларының бәрін аталар мен тармақтарға жіктеп, «өкінгенмен, қолымызда Қайшылы руы туралы әдеби де, зерттеу де деректері жоқ», - деп жазады<sup>581</sup>. Ғалым өзі құрастырған шежірелік кестеде Қайшылыдан жалғыз Бисамке атты атаны таратып көрсетеді<sup>582</sup>.

XX ғасырдың 90-шы жылдары жарық көрген қазақ шежірешілерінің еңбектерінде Қайшылы руының тармақтары мен аталарына қатысты біршама материалдар бар. Ж. Бейсенбайұлының шежіресінде Қайшылы руы Жалайырдың Сырманақ бөліміндегі Жанғазыдан шығарылады да, оған Бисамке, Ербөлек,

---

<sup>579</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1915. Поаульные таблицы. -38 б.; Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулеатинского и Черняевского уездов. - 2-8 бб.; Родословная киргиз-казаков. Таблица.; Материалы по киргизскому землепользованию соборные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каракаралинский уезд. Т. 6. – СПб., 1905. Родовые схемы киргиз Каркаралинского уезда. Схема XIV. -121 б.; Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдарьинская область. Аулеатинский уезд. – Ташкент, 1911. Поаульные таблицы. -14, 290-296 бб.

<sup>580</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Поаульные таблицы. -38 б.; Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулеатинского и Черняевского уездов. -2-8 бб.; Родословная киргиз-казаков. Таблица.

<sup>581</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -85 б.

<sup>582</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -132 б.

Байқұтты, Жолқұтты және Мәмбетәлі атты бес атаны жатқызады<sup>583</sup>. Автор өзіне мәлімет беруші 5-6 информатордың аты-жөнін келтірсе, З. Сәдібеков ешбір сілтеме көрсетпей, Қайшылыдан таралатын тармақтар мен аталарды былайша баяндайды: «Қайшылыдан – Ебелек, одан Бисембек, Еркөбек. Бисембектен – Мәмбетәлі, Алатау (Амандық). Мәмбетәліден – Жанқұтты, Байқұтты, Жолқұтты. Алатаудан – Майлыбай, Жанымбай, Айтбай. Майлыбайдан – Жәңке батыр. Еркөбектен – Қалмақ, Қарасирақ. Қайшылының ұраны – қайшы»<sup>584</sup>. Шежірешінің материалдарын басқа деректермен салыстыру барысында біз, оның материалдарының кейбір тұстары өте тың, ал кейбір жерлері басқа нұсқалармен сәйкес келетініне көзімізді жеткіздік. Егерде автор өзі қолданған дерек көздеріне, қолжазбаларға сілтеме берген болса, онда оның кітабының ғылыми жағы бағалы болар еді.

Р. Толқымбекұлының шежіресі біздің қолымыздағы шежірелік материалдар ішінде Қайшылы руына қатысты ең толық қамтылған нұсқасы<sup>585</sup>. Кейбір аталардың таратылуы ғана көрсетілмей қалғаны болмаса, бұл нұсқа Қайшылы руының шежіресін жазуда негізге алынды. Жақында ғана қолымызға тиген А. Оспановтың, Ж. Қойгелдиевтің шежірелік материалдарында Қайшылы руының Ербөлек, Бейсембектерге дейінгі тарқатылуы көрсетіледі. Біз, осы рудың шежіресін жазуда осы аталған шежірешілердің деректік материалдарын негізге алдық<sup>586</sup>.

Енді қолымыздағы бар материалдарға сүйеніп, Қайшылы руының қалай таралатындығына көңіл бөлсек. Алдыменен, осы рудың тармақтарына тоқталсақ.

А. Оспанов бойынша Қайшылыдан (Қозыбақ) - одан Жанқұлы, Байқұлы, Құлжан таралады. Жанқұлыдан – Тоқберген,

---

<sup>583</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы, 1994. -114 б.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш.Құрымбайұлы). -91 б.

<sup>584</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). -91 б.

<sup>585</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -578-600 бб.

<sup>586</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -16 б.; Қойгелдиев Ж. Шежіре. Қолжазба. – 2 бет.

Тоқсейіт, Жансейіт және Тыңсейіт тармақтары шығады. Тыңсейіт - Қармыс және Қара атты екі бөлікке бөлініп, Қармыстан – Ербөлек пен Бейсембек таралады. Ербөлектен – Қазы мен Қалыбай<sup>587</sup>.

Дерек материалдарын саралай келе, біз, Қайшылы руы Бисембек, Ербөлек, Дөбелдек атты тармаққа бөлінетіндігіне көзімізді жеткіздік. Оның ішінде Бисембек атауы - Бисамке, Басемен деп әртүрлі нұсқада әртүрлі жазылып жүр. Ербөлек атауы да бірде – Ербөлен, бірде – Еркөбек түрінде кездеседі. Себелек атауын 1898 жылы 67 жастағы Қарқаралы уезінің тұрғыны Тәней Сарғалдақұлы өзінің тоғызыншы атасы деп көрсеткен. Сонымен бірге ол, Себелек пен Ербөлекті Қайшылыдан тікелей таратады да, Себелектен Мәмбетәліні, одан Жолқұттыны шығарады<sup>588</sup>. Бұл нұсқа З.Сәдібековтың ұсынған нұсқасымен Мәмбетәлі атасына байланысты сай келеді. Сол себепті де біз, Себелек атауын Бисембек атауының айтылу, жазылу немесе көшірілу барысында өзгерген түрі деп есептейміз.

Дөбелдек атауы Құлжан Жолбарыстың нұсқасында алғаш рет кездеседі. Ол нұсқа бойынша: Жалайыр, одан Қарақармыс, одан Тыңсейіт, ал одан Дубалдак, Бейсенбек және Ербөлек таралады<sup>589</sup>. Дубалдақты – біз, Дөбелек деп алдық. Бірақ шежіреде ол таратылмайды. Ал Қарақармыс, Тыңсейіт аталуларын бірінші рет кездестіріп отырғандықтан, олар жөнінде мынадай пікір айтамыз: А. Оспанов шежіресінде айтылатын Тыңсейіт және одан тарайтын Қара және Қармыс тармақтары Ербөлек, Бисембек аталарының Қайшылыға дейінгі буындары.

Осылайша, Қайшылыдан таралатын ру тармақтарын анықтап алғаннан кейін, басқа руларды таратқанымыздай, Қайшылының әр тармағын жеке-жеке қарастыралық.

Алдыменен жиі айтылып, жиі кездесетін Ербөлек ру тармағының таралуына назар салып көрелік. Ербөлек ру тармағы Қазы

<sup>587</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. -16 б

<sup>588</sup> Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каракаралинский уезд. Т. 6. – СПб., 1905. Родовые схемы киргиз Каракаралинского уезда. Схема XIV. -121 б.

<sup>589</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Поаульные таблицы. -38 б.; Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулеатинского и Черняевского уездов. -2-8 бб.; Родословная киргиз-казаков. Таблица.

(Қазы) және Байғазы (Қазыбай) атты екі бөлімге бөлінеді. Қазидан Қалмақ аталығы тарайды. Шежіренің бір нұсқасында Қазидан Қалмақ пен Қарасирақ аталықтары таратылады да, Қалмақтан – Дуана атасы өрбітіледі<sup>590</sup>.

Ербөлектің екінші бөлімшесі бір шежіреде Байғазы<sup>591</sup>, ал басқа бір шежіреде Қазыбай деп жазылған<sup>592</sup>. Құлжан Жолбарыстың нұсқасы ең ескісі болғандықтан, біз, Байғазы атауын дұрыс деп тауып, сол атауды қолданамыз.

Байғазыдан Байдалы, Байбөрі, Жамақ (Жұмық) және Бердіғұл атты аталықтар өсіп-өнеді. Байдалыдан Қопалы, одан Қарамолда, одан Бәйдібек аталары таралса, Байбөріден Тінәлі атасы, Жамақтан Көпсөк атасы тармақталады<sup>593</sup>. Бердіғұл аталығы Қожамжар, Алдияр, Молдияр атты аталарға бөлінеді де, Қожамжар атасынан Мырзагелді, Жәнібек атты әулеттердің үрім-бұтақтары өсіп-өнеді<sup>594</sup>.

Қайшылы руының таратылуы онша көп кездеспейтіндіктен, біз, Мырзагелдіден тарайтын кішігірім әулеттерді осы жерде айта кетуді жөн көріп отырмыз.

Мырзагелдіден Құлымбет, Қасым тарайды. Құлымбеттен Нұр; Қасымнан – Дос, Есен, Алтыбай, Жетібай, Үйірбай, Жақаш, Үмбет әулеттері тармақталады. Достан Сиырбай, Есеннен – Сәмбет пен Жалмамбеттер шығады<sup>595</sup>.

Қайшылы руындағы келесі бір үлкен ру тармағына – Бисембек ру тармағы жатады. Бұл тармақты Құлжан Жолбарыс Есім және

---

<sup>590</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). -91 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -582 б.

<sup>591</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Поаульные таблицы. -38 б.; Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулеатинского и Черняевского уездов. -2-8 бб.; Родословная киргиз-казаков. Таблица.

<sup>592</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -578 б.

<sup>593</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Поаульные таблицы. -38 б.; Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулеатинского и Черняевского уездов. -2-8 бб.; Родословная киргиз-казаков. Таблица.

<sup>594</sup> Сонда. Родословная киргиз-казаков. Таблица.

<sup>595</sup> Сонда. Таблица.

Қаным атты екі аталыққа таратса<sup>596</sup>, З.Сәдібекұлы Мәмбетәлі мен Алатау атты, ал Р.Тоқымбекұлы бөлек Есім мен Қаным атты аталық пен атаны Басеменнен таралады деп көрсетеді<sup>597</sup>. Бұл жерде Басеменнің Бисембек екенін біз, осының алдында ескерткенбіз.

Біз де Бисембек тармағы Есім және Қаным атты аталықтарға бөлінеді дейміз де, одан әрі олардың таратылуына келгенде қиналыңқыраймыз. Дегенменде өз нұсқамызды айтып көрелік.

Р. Толқымбекұлы Қаным аталығынан Арубай, Әлі, Ділдаш ұрпақтары тарайды деп түсіндіреді<sup>598</sup>.

Бізше, Бисембек тармағының Есім аталығынан Мәмбетәлі мен Алатау аталары тараған. Ал Мәмбетәліден Жанқұтты, Байқұтты және Жолқұтты әулеттері өсіп шықса, Алатаудан Майлыбай, Жанымбай, Айтбай әулеттерінің үрім-бұтақтары өсіп-өнеді<sup>599</sup>.

Қайшылы руындағы келесі тармақ – Дөбелек тармағы. Мұндай тармақтың бар екендігін алғаш рет Құлжан Жолбарыс айтқан. Бірақта бұл тармақ өз ішінде таратылмаған.

Жалпы Қайшылы руының шежіресіне байланысты жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорыта келе, рудың тармақтары мен аталықтары, аталары мен әулеттері әлі күнге дейін толық анықталып, бір жүйеге келтірілмеген деп санаймыз. Болашақта шежірешілер, өлкетанушылар, этнографтар, ру-тайпалар тарихына қызығушылық білдіретін әуесқой тарихшылар осындай мәселеге көңіл аударар деген ойдамыз.

Қайшылы руынан шығып, бүкіл қазақ еліне танымал болған тұлғалар:

1. Жазылбек Қуанышбаев (1896-1986) – атақты шопан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған. Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығының шебері. Қой шаруашылығын дамытуда

---

<sup>596</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Поаульные таблицы. -38 б.; Родословная киргиз-казаков, живущих в районе р. Чу и низовьев р. Таласа Аулеатинского и Черняевского уездов. -2-8 бб.; Родословная киргиз-казаков. Таблица.

<sup>597</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -91 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. - 595 б.

<sup>598</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -595 б.

<sup>599</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). -91 б.





үлкен нәтижереге қол жеткізген, сол себепті де ол «Шопан ата» аталған. Шығу тегі: Қайшылы – Ербөлек – Байғазы – Бердіғұл – Алдияр – Жұмағұл – Қуанышбай - Жазылбек.

### г) Күшік руы

Күшік руы – Жалайырдың Сырманақ бөліміндегі бес рудың біріне жатады. Тарихи аңыз-әңгімелердің мәліметтері бойынша Шуманақ Ахметқожаның Маңғытай және Барақ атты екі ұлы болған екен. Маңғытайдан – Андас, Барақтан – Наркелді туылып, Наркелдіден Қосай мен Қосымбет атты екі ұл өседі. Наркелді ерте қайтыс болып, оның жас ұлдарын жақын ағайындары қолдарына алады. Қосай Андастың қолында тәрбиеленеді. Қосайды Андас «Күшік» деп еркелеткендіктен, кейін келе ол және оның ұрпақтары осы атаумен аталып кетеді<sup>600</sup>. Күшік руының рулық дәрежеге кейіннен жеткендігін ел аузындағы деректерге сүйеніп, алғаш рет Н. А. Абрамов, одан кейін Н.А. Аристов айтады<sup>601</sup>.

Күшік руының атауы алғаш рет 1825 жылғы «Ұлы Жүз руларының сипаттамасы» атты орыс тіліндегі деректе кездеседі<sup>602</sup>. Бұл деректе Күшік руы Жалайыр тайпасындағы он екі рудың бірі ретінде және Андас, Мырза руларынан кейін үшінші кезекте айтылады. Осы тізімдегі Жалайыр руларының реттік орналасуы рулардың тайпалық жүйедегі алатын орнын көрсетсе керек.

1867 жылы жарық көрген Н.А. Абрамов еңбегінің материалдарында Қапал уезіндегі Күшік руына қарасты шаңырақтардың саны – 700 екендігі және де рудың Таз, Жабысқақ, Қарасақал, Маржа атты төрт тармаққа бөлінетіндігі айтылған<sup>603</sup>.

Н.А. Аристов өз еңбегінде Сырманаққа жататын бес рудың

---

<sup>600</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. -82-83 бб.

<sup>601</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. – СПб., 1867. -272 б.; Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. –397 б.

<sup>602</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. -224 б.

<sup>603</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. -272 б.

атын атап келеді де, «...Күшік деп аталатын он үшінші ру бар, ол ең соңынан қалыптасып, Балғалыға қосылады», - деп баяндайды<sup>604</sup>. Одан әрі ескертпеде 1865 жылғы Алатау округтік басқармасының тізіміне негіздей келе, Күшік руында – Сүйіндік атты бөлім бар деп түсіндіріп өтеді<sup>605</sup>.

М.Тынышбаев өзінің кестесінде Күшік руын Жалайыр тайпасының Шуманақ бөліміндегі рулармен бірге атайды да, бірақ таралуын көрсетпейді<sup>606</sup>.

XX ғасыр басында Қапал уезінде жүргізілген статистикалық зерттеу материалдарында Күшік болыстығындағы рулық бөлімшелерге қысқаша сипаттама беріледі<sup>607</sup>. Осы сипаттамалардан Күшік руының тармақтары мен аталықтарын, аталары мен әулеттерін жіктеп көрсететін мол деректер табуға болады.

Күшік руының шежіресіне қатысты құнды деректерді Х. Арғынбаевтың зерттеулерінен<sup>608</sup>, Ж. Бейсенбайұлы, З.Сәдібековтердің шежірелерінен<sup>609</sup>, сондай-ақ Күшік руының тікелей таралуына арналған шежіре-кітаптан ала аламыз<sup>610</sup>.

Олай болса, Күшік руының ру тармақтарынан бастап, олардың жіктелуіне кіріселік.

Күшік (Қосай) жас кезінде жетім қалып, туысы Андастың қолында өседі де, кісі қатарына қосылғаннан кейін бөлек шығады. Ол бес әйел алған бай адам болыпты. Бәйбішесінің аты – Меңлі болған екен. Оның иегіндегі меңіне сақал шыққандықтан,

---

<sup>604</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –397 б.

<sup>605</sup> Сонда. -397 б.

<sup>606</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. -68 б.

<sup>607</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Заметки об отдельных общинах. -5-19 бб.; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -196-210, 216-232 бб.

<sup>608</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. -76-90 бб.

<sup>609</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. -114 б.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. -91 б.

<sup>610</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. – Талдықорған, 2005. -505 б.

ұрпақтарын жұрт «Қарасақал» атандырып жіберіпті. Екінші әйелінен – Жабысқақ, Сомбақ; үшінші әйелінен – Таз; төртінші әйелінен – Сары; ал ең кіші әйелінен – Бөкенбай атты ұлдары болған екен. Кейін келе Сары мен Бөкенбай еншілес болып, олардың ұрпақтары Сары – Бөкенбай атаныпты<sup>611</sup>. Ел аузында сақталып, бізге жетіп отырған бұл әңгімеден біз, Күшік руындағы ру тармақтарының рулық жүйедегі алатын орнын байқаймыз. Біз де осы жүйедегі тәртіпті сақтай отыра, алдыменен, Қарасақал ру тармағынан бастаймыз.

### **Қарасақал ру тармағы.**

Бұл тармақтың өз ішінде таралуын үш автор үш түрлі көрсетеді. Х.Арғынбаев: «Қарасақал бес атаға айырылады: Дәулет, Бекбау, Ырысымбет, Әділ, Жармұқан», - деп жазса<sup>612</sup>, Р. Толқымбекұлының шежіресінде Тойтан, Бекжан, Дүйсембі, Аманбай, Сыбанбай, Малайсары және Дәулен атты жеті ата көрсетіледі<sup>613</sup>. Ал Күшік руының тікелей өзіне арналған шежіре-кітапта Қарасақалдан – Қойлыбай, Қожамқұл, Жаманқара атты үш аталық тарқатылады<sup>614</sup>.

Біз осы үш автордың деректерін салыстыра, саралай келе, мынадай пікірлер білдіреміз.

Біріншіден, Р. Толқымбекұлының мәліметтері толық емес. Өйткені шежіреші ақсақал Жалайырдың басқа руларының таралуын көрсеткенде ру тармақтарынан қазіргі ұрпақтарға дейін бар болғаны 4-6 буынды құрап отыр. Сондықтанда біз, Қарасақал тармағынан жеті аталық таралады деген пікірді ақиқаттан алшақтау дейміз.

Екіншіден, Х. Арғынбаев көрсеткен аталықтар «Күшік» руының шежіресіндегі Қарасақал бөлімінде кездеседі. Онда Қарасақал ру тармағынан тарайтын аталықтар, аталықтардан өсіп шыққан аталар, әулеттер жақсы, кесте бойынша көрсетілген. Х.Арғынбаев

---

<sup>611</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. -134 б.

<sup>612</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. -86 б.

<sup>613</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -558 б.

<sup>614</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -222 б.

айтып отырған аталар мұнда Қарасақалдың немерелері болып келеді. Сонымен бірге онда қазіргі ұрпақтардан Қарасақалға дейін шежіре 11 буынды құрайды. Осыларды ескере келе, біз Қарасақал ру тармағы Қойлыбай, Қожамқұл және Жаманқара атты үш аталыққа таралады деп есептейміз.

Қойлыбай аталығынан Бекбау, Ырысымбет аталары шығып, Бекбау-Қанай және Жанай атты әулеттерге тарамдалып кетеді. Ал Ырысымбет атасынан Елібай, Қосыке, Байқоңыр әулеттерінің үрім-бұтақтары өсіп-өнеді<sup>615</sup>.

Қожамқұл аталығы да – Дәулен және Қони атты екі атаға жіктеліп, Дәулен атасынан: Бұланбай, Бұлдыбай, Құланбай, Дүйсенбай әулеттері; Қони атасынан: Тойтан, Бекжан, Дүйсенбі, Аманбай әулеттері тармақталады<sup>616</sup>.

Жаманқара аталығы болса – Күшен, Қойлыбай, Дауылбай, Жаулыбай, Шағырай аталарға бөленеді де, Күшеннен – Адамболыс, Қойлыбайдан – Балта және Балға; Жаулыбайдан – Келден және Шөңке; Шағырайдан - Доспе әулеттерінің үрім-бұтақтары өсіп-өніп, олардың ұрпақтары күні бүгінге дейін сан-салаға тармақталып отыр<sup>617</sup>.

### **Жабысқақ ру тармағы.**

Бұл тармақ та өз ішінде Елшібек және Үпік атты екі аталыққа бөлінеді. «Күшік руының шежіресінде» үшінші аталық ретінде Маржа атауы айтылады<sup>618</sup>. Бұл жөнінде статистикалық жинақ материалдарында былай делінеді: «Қырғыздар (қазақтар-авт.) арасында бұл қауым Елшібектің әйелінің есімі – Маржаның атымен аталады. Қазақтар Маржаны өте ақылды әйел болған дейді. Ол қоғамдық өмірде өте үлкен ықпалға ие болған, сондықтан да оның есімі халықтың жадында осылайша сақталып қалған»<sup>619</sup>.

---

<sup>615</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. – Талдықорған, 2005. -222, 231 бб.

<sup>616</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -236-237 бб.

<sup>617</sup> Сонда. -242-245 бб.

<sup>618</sup> Бұл да сонда. -250 б.

<sup>619</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Заметки об отдельных общинах. -13 б.

Осындай дерекке сүйеніп, біз Елшібек пен Маржаны бір аталық деп қарастырамыз.

Елшібек аталығынан – Шақаман, Асан, Үсен, Досай, Талас, Қитан және Бөкен атты аталары шығады. Шақаманнан – Жарқымбай, Бейсен, Ниетбай; Асаннан – Ырғызбай, Тұрсымбай, Төлеген; Үсеннен – Қошқарбай, Ботбай, Шымыр; Досайдан – Бекназар, ал одан Төңірекбай, Итбай, Айтбай, Оналбай, Матай, Жұмат, Жұмеке, Тәкетай, Тілеш, Мәлібек атты он әулет; Таластан – Тілеген, Тәйтi; Қитаннан – Балапан және Торғай әулеттері таралады. Бөкен атасынан – Байғазы, Ниетбай, Керімбай, Садық, Өлтай, Қали, Әлібек әулеттері өсіп-өнеді<sup>620</sup>.

Үпiк аталығы – Оразбай, Былас, Бұлдыбай, Жиғанбай, Жұртбай, Былшан және Бақтыбай атты аталарға таралады да, Оразбайдан – Мәмбет; Быластан – Ешмұханбет; Бұлдыбайдан – Баймыш; Жиғанбайдан – Керімбай, Керiмқұл; Жұртбайдан – Қабдуали; Былшаннан – Иманберлі, Сейiтқұл, Сыбанқұл, Мұса, Иманбай; Бақытбайдан – Үсен, Еселбай, Есалы, Кәрішал, Өскенбай және Мүсiреп әулеттерінің үрiм-бұтақтары жалғасын табады<sup>621</sup>.

#### **Сомбақ ру тармағы.**

Сомбақ тармағы – Сүйiндiк және Молдас атты екі үлкен аталыққа жіктеледі. Шежірелердің бәрі мұндай жіктелiстiң дұрыстығын бірауыздан мақұлдайды.

Сүйiндiк өз ішінде – Байсары, Байтоқ және Өтебай атты үш ру атасына бөлінеді. Бұл аталық өте көп тараған аталықтардың біріне жатады. Байсары атасынан – Бөрібай, Қабанбай, Тілеужан әулеттері; Байтоқ аталығынан – Жылқыайдар, Бегайдар және Қаратай әулеттері; Өтебайдың Бақтияр атты ұлынан – Орынбай, Жәнібек, Аманбай, Сарғабан, Байгел, Босал, Дәулетбай деген әулеттер өсіп-өнеді<sup>622</sup>.

Жылқыайдардың он ұлы болған, соның бірі – атақты Жолбарыс би. Ол - әрі батыр, әрі әулие болған екен. Оның кіндігінен он бес ұл туылып, олардың әрқайсысынан орта есеппен алғанда 3-4 кіші

---

<sup>620</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -250-263 бб.

<sup>621</sup> Сонда. -255-259 бб.

<sup>622</sup> Сонда. -22-102 бб.

әулеттер тарамдалып шығады. Жолбарыс бидің өзі 1671-1761 жылдары өмір сүрген болса, онда оның қазіргі ұрпақтарының қанша екенін тек математикалық әдістермен ғана есептеуге болатын сияқты!

Біз Сүйіндік аталығының тармақталуын ХХ ғасыр басындағы статистикалық зерттеулер материалдарымен салыстырып отырдық. Бір қызығы, аталар мен әулеттердің жіктелуі, біз пайдаланып отырған шежіре материалдарымен тура сәйкес келіп отыр.

Сомбақ тармағының екінші аталығы – Молдас. Одан Сырымбет, Жалаңтөс, Қараменде атты үш ата таралады. Бірінші ата – Сырымбеттен – Берлімбет, Бершімбет, Аю атты әулеттер тармақталып шығады. Жалаңтөс атасынан – Мұзбел, Қарабек, Егізбай, Еңсебай, Жамаубай, Рысқұл әулеттері; ал Қараменде атасынан – Киікбай мен Зорбай атты әулеттер өсіп-өнеді<sup>821</sup>.

Сомбақ ру тармағы – жалпы көп тараған және шежіресіне қажетті материалдары жақсы сақталған ру тармақтарының біріне жатады.

### **Таз ру тармағы.**

Бұл тармақ аты Күшік руы ішінде ең көп тараған тармақтардың бірі. Көптігінен болуы керек, тармақ атауымен Жалайырдың кейбір рулары секілді болыстық атауы аталады. Мысалы, Балғалы, Күшік, Андас, Мырза болыстықтарымен бірге ХХ ғасыр басында Қапал уезінде Таз болыстығы да болған.

Таз тармағы өз ішінде Байқара, Құлқара, Сирақ атты үш ру тармағына бөлінеді де, Байқарадан – Есентүгел, Құлқарадан – Еспенбет жалғыз тарайды. Шежіреде болмаса, басқа деректерде Байқара мен Құлқара көп айтылмайды да, Есентүгел мен Еспенбет атаулары бірден Таздан кейін айтылады. З.Сәдібековтың шежіресінде осылай беріледі<sup>822</sup>. Есентүгел мен Еспенбет өз аталықтарынан жалғыз тарап, өздері бірнеше аталарға жіктелетіндіктен, Таз тармағындағы осы екі аталықты Есентүгел және Еспенбет аталықтары деп атауға болады.

---

<sup>623</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -103-137 бб.

<sup>624</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). -91 б.

Еспенбет аталығынан Баба, Досай, Жаманқара, Бақы атты ру аталықтары тарап шығады. Бұл аталардың ХХ ғасыр басындағы орналасуы, шаруашылығы жөніндегі деректер статистикалық зерттеу материалында кездеседі<sup>625</sup>.

Бабадан – Көбеген, Маралбай, Бораншы, Отыншы, Байтеке, Смағұл әулеттері; Досайдан – Кенжеқара, Бәйіт (Бесшал), Рысбай әулеттері; Бақыдан – Табылды, Қозыбақ, Болат, Жақсылық әулеттері таралады<sup>626</sup>. Олардан таралатын кіші әулеттердің санын біз, жақша ішінде көрсеттік.

Шежірелерде Жаманқара атасы аталғанымен де, оның тарқатылуы айтылмайды. Соған қарап, біз, мүмкін ол Еспенбеттен тарайтын бір атаның жанама атауы ма екен деп ойлаймыз.

Есентүгел аталығы Шоңқара және Өтеп атты екі атаға бөлінеді де, Шоңқарадан – Есентөре, Жаншора, Сүтірәлі, Сатыпалды, Болтай, Тәңкі, Мәңкі, Тәуірбай және Ашықбай әулеттері таралып шығады. Ал Өтеп атасынан Маңғы, Марқа, Асан және Бекназар әулеттері таралады<sup>627</sup>.

Сирақ аталығы жөнінде бір-екі ауыз сөз айта кетсек. Р. Толқымбекұлы Сирақты Еспенбеттен таралатын бір ата ретінде қарастырса, А. Оспанов оны Таздан тарайтын және Еспенбет, Есентүгелмен бірдей деңгейдегі ру аталығы деп есептейді<sup>628</sup>.

Екі шежірешінің қайсысы дұрыс екендігін анықтау үшін деректерге жүгінуге тура келді. ХХ ғасыр басындағы Қапал уезінің Таз болыстығында орналасқан ру аталары мен аталықтарға қатысты статистикалық материалдарда Сирақ атауы Есентүгел, Еспенбет аталықтарымен қатар айтылатындығына, Сираққа

---

<sup>625</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Заметки об отдельных общинах. -7-8 бб.

<sup>626</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. – Талдықорған, 2005. -179-192 бб.

<sup>627</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -138-143 бб.

<sup>628</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -355 б.; Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -138 б.



жататын шаңырақтардың жеке қауым және жеке әкімшілік ауылда тұратындығына қарап, біз, А. Оспановтың материалдары дұрыс деген қорытындыға келеміз<sup>629</sup>.

Сөйтіп, Таз ру тармағының үшінші аталығы Сирақтан Тілеуғабыл, Андағұл, Тоқтағұл және Тілменбет аталары бөлінеді.

Тілеуғабыл атасынан – Қарагер, Солтан, Мырзаке әулеттері; Тоқтағұл атасынан – Тасек, Тайған, Жаманақ әулеттері; Андағұл атасынан – Тайланбай, Айтқұл, Сәдуақас, Сейітнұр, Әкімжан әулеттері; Тілменбет атасынан – Асанбай әулеті бұтақталып өседі<sup>630</sup>.

Сары тармағы өз ішінде Алыбай, Қалыбай, Алықұл және Бөкенбай атты төрт аталыққа бөлінеді. XX ғасыр басындағы деректерде Қапал уезінің Таз болыстығындағы ру тармақтары мен аталары ішінде Еспенбет, Есентүгел, Сирақ аталықтарымен көршілес қоныстаған Сары тармағы да айтылады<sup>631</sup>.

Егерде деректе Сары-Бөкенбай деп жазылған болса, онда біз, алдыңғы беттердің бірінде айтылған тарихи аңыздың мәліметін шындық деп есептеген болар едік. Деректе Сары деп жеке айтылуына қарағанда Бөкенбай Сарымен еншілес інісі емес, ұлдарының бірі болған деп санаймыз.

Алыбай аталығынан – Атан, Қозыбақ, Сегізбай, Байкүшік аталары; Қалыбай аталығынан - Әли, Жәкем, Ауғанбай, Текебай, Биғон аталары; Алықұл аталығынан – Манабай, Байғабыл, Қыдыр, Жаңабай; Бөкенбайдан – Көшбай, Құттыаяқ аталары өсіп-өнеді<sup>632</sup>.

---

<sup>629</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Заметки об отдельных общинах. -7-8 бб.; Поаульная таблица. -228 б.

<sup>630</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. – Талдықорған, 2005. -215-221 бб.

<sup>631</sup> Материалы по киргизскому землепользованию района реки Чу и низовьев реки Таласа Черняевского и Аулеатинского уездов Сыр-Дарьинской области. –Ташкент, 1915. Заметки об отдельных общинах. -6-7 бб.; Поаульная таблица. -224-228 бб.

<sup>632</sup> Жалайырлар. Күшік (Қосай) ата тек шежіресі. 3-кітап. Жинақты баспаға әзірлеп, Күшік (Қосай) ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Амангелді Избасарұлы Оспанов. -268-289 бб.

«Күшік руының шежіресінде» бұл айтылған аталардың ұрпақтары күні бүгінге дейін тарқатылып, берліген. Біздің мақсатымыз тек рудың тармақтарын, аталықтары мен аталарын ғана көрсету болғандықтан, қазіргі ұрпақтарға дейінгі шежіренің тарқатылуына қалам тартпаймыз.

Жалпы осылайша, Күшік руының шежіресінде жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, рудың тармақтары мен аталықтары, аталары мен әулеттері өздерінің тегі жөнінде материалдарды жақсы сақтай білген. Сондай-ақ, бір уезде бір рудың атауымен және сол рудың ішіндегі бір тармақ атауымен екі болыстық қалыптастыра алған Күшік руын жас болса да, беделі жағынан да Жалайыр тайпасындағы мықты рулардың бірі болған деп ой түйеміз.


Бұл рудан да шыққан тарихи тұлғалар бүкіл қазақ еліне танымал болған. Олар мыналар:

1. Жолбарыс би (1671-1761) - әрі батыр және әулие болған. Төле би, Ескелді, Балпық билердің замандасы. Олармен жақсы қарым-қатынаста болған. Қара қылды, қақ жарған турашылдығымен, әділдігімен ел құрметіне бөленген. Сонымен бірге жоңғар басқыншыларынан қазақ жерлерін азат ету ісіне басшылық жасаған. Шығу тегі былайша тарқатылады: Күшік – Сомбақ – Сүйіндік – Байтоқ – Жылқайдар – Жолбарыс.


2. Мәулімбай ақын, әрі айтыскер (1871-1919) – оның өлеңдерінде жағымпаз, пасық, паракор, зорлықшыл және т.б. осындай жағымсыз қасиеттерге ие болған кейбір би-болыстар қатты сыналады. Оның осындай ащы өлеңдері елге ұнап, кең тараған. Оның шығу тегі мынандай: Күшік – Таз – Құлқара – Еспенбет – Баба – Отыншы – Боқбасар – Манабай – Саяқбай – Мәулімбай.


3. Мұсабек Сеңгірбаев (1917-1941) – Ұлы Отан соғысының батыры. 1941 жылы Алматыда жасақталған 316-шы атқыштар дивизиясының құрамында Мәскеу қаласын қорғаған. Атақты 28 панфиловшылардың бірі. Шығу тегі: Күшік – Таз – Құлқара – Еспенбет әулетінен.

# Күшік



# Күшік





## § 5. Жалайырдың Бірманак тобындағы рулар

### а) Сиыршы руы

Сиыршы руы – Жалайырдың Бірманак бөліміндегі екі рудың біріне жатады. Сиыршы атауы – лақап есім. Шежіре материалдары бойынша оның шын есімі – Байкөбен болған. Барлық деректерде сондай-ақ, ел аузындағы шежірелерде рудың аты Сиыршы деп айтылатындықтан, біз де осы атауды қолданамыз.

Сиыршы руының атауы алғаш рет 1825 жылы «Ұлы жүз руларының сипаттамасы» атты деректе кездеседі<sup>633</sup>. Бұл деректе ру атауы Жалайырдың басқа да руларымен бірге айтылады, бірақ онда Сыирке деп жазылған. Біз бұның Сиыршы атауы екендігіне күмән келтірмейміз. XIX ғасырдың 60- жылдары Қаратал өзенінің бойында жүргізілген Н.А. Абрамовтың зерттеуінде Сиыршы руында 800 шаңырақтың болғандығы және ол Сырымбет пен Бәйімбет деген екі атаға бөлінетіндігі баяндалады<sup>634</sup>. Н.А.Аристов болса Сиыршы руын Сырманактың құрамындағы рулардың

<sup>633</sup> Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы.). (Сборник документов и материалов.). – Алма-Ата, 1964. № 129 құжат. -224 б.

<sup>634</sup> Абрамов Н.А. Река Каратал с ее окрестностями. // Записки Императорского Русского Географического общества. Т. 1. –СПб., 1867. -270 б.

бірі деп оған Бәйімбет, Жақсымбет, Елтүзер және Төленгіт атты төрт атаны жатқызады<sup>635</sup>. Бұл жерде Төленгіт дегеніміз Сиыршы руындағы аталармен көршілес отырған этникалық топ болса да, зерттеуші оларды Сиыршы руының бір атасы ретінде қателесіп жазған. М. Тынышбаевтың шежірелік картасында Сиыршыдан Сүгір, Тоғымбет, Бәйімбет және Сырымбет атты аталардың таралатындығы көрсетіледі<sup>636</sup>.

XX ғасырдың басында Қапал уезінде жүргізілген статистикалық зерттеулердің материалдарында Сиыршы руы, оның аталары – Сүгір, Сырымбет, Жылгелді, Ескелді жөнінде деректер аз болса да кездеседі<sup>637</sup>. Этнограф-зерттеуші Х. Арғынбаев Сиыршы руы Сырымбет, Шәлімбет, Жақсымбет, Тоқымбет, Жолымбет, Бәйімбет атты алты атаға бөлінеді деп жазады<sup>638</sup>. Соңғы жылдардағы жарыққа шыққан қазақ шежірелерінің материалдарына назар салсақ, шежіреші З. Сәдібеков М. Тынышбаевтың пікірін толығымен қолдаса<sup>639</sup>, Ж. Бейсенбайұлы, Р. Толқымбекұлы және А.Оспановтың материалдары бір-біріне ұқсас<sup>640</sup>.

Біз осы жоғарыда айтылған материалдардың бәрін талдай және саралай келе, Сиыршы руында Жақсымбет, Тоқымбет, Сырымбет, Жолымбет және Шәлімбет атты бес ру тармағы болған деген қорытындыға келеміз. Енді төменде осы бес тармақтың әрқайсысының өз ішінде қалай таралатындығына назар аударсақ.

### **1. Жақсымбет ру тармағы.**

Шежіре бойынша Жақсымбеттен бір ұл туып, оның аты

---

<sup>635</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –СПб., 1897. –397 б.

<sup>636</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – Ташкент, 1925. –68 б.

<sup>637</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. –59-61, 78, 90-93 бб; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. –50-48, 72-74 бб.

<sup>638</sup> Арғынбаев Х. Ұлы Жүздің шежіресі. Мына кітапта: Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. –84-85 бб.

<sup>639</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. (Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы). –Ташкент, 1994. –91 б.

<sup>640</sup> Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы, 1994. –114 б.; Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. –601 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы. – 17 б.

– Қоянаяқ сопы деп аталған. Одан Бектемір және Игіс атты екі аталық тарайды. Бектемірден – Кәумен (Топай), одан Құрман, одан Ырыскелді, Ырысымбет, Сәйбек және Айтқұл атты аталар мен әулеттер өсіп-өнеді<sup>641</sup>.

Игіс аталығынан – Үргенішқұл, Құлет және Жиеншора атты үш ата тарайды да, Үргенішқұлдың өзінен 12 әулет, Құлеттен 4 әулет, Жиеншорадан 2 әулет тарамдалады<sup>642</sup>.

Сиыршы руының **Тоқымбет тармағы** Сүгір, Елтүзер, Бәйімбет, Дос және Кенже атты аталықтарға бөлінеді. Сүгір аталығы Өтеш (4), Мәтей (2), Азына (2), Алдажан (5) және Құлбай (9) атты аталарға тармақталып, олардың жалпы саны 22 әулеттің үрім-бұтақтары одан әрі тарала береді<sup>643</sup>. XX ғасырдың басында Сүгір аталығынан таралған шаңырақтардың көп болуына байланысты, статистикалық материалдарда бұл атау Сиыршы руының атауымен қатар айтылады<sup>644</sup>. Н.А. Аристовтың мәліметінде Елтүзер аталығы Сиыршының бір тармағы ретінде айтылғандығы белгілі. Бірақ та біз, Елтүзер аталығының таралуы жөнінде қолымызға ешқандай деректер түсіре алмадық.

Тоқымбет тармағындағы келесі аталықтың бірі – **Бәйімбет аталығы**. Бұл аталық Тілеу, Тілеуғабыл (1), Жанғабыл (2), Жұмағұл (5), Қонысбай, Байбатыр және Тілеуберді атты аталарға бөлінеді. Бұл аталардың ішінде бүкіл Жалайырға аты шығып, танымал болғаны – Жұмағұл атасы. Бұл атадан Жылкелді және Шора атты екі әулет тарайды. **Жылкелдіден** атақты **Ескелді би** туылған<sup>645</sup>.

Тоқымбет тармағындағы Дос (Дөсім) аталығынан Сырбай атты бір ата тарайды. Ал Сырбай атасы мен Кенже аталығының одан әрі қалай тарқалатындығы жөнінде материалдар қолымызға түспеді.

**Сырымбет тармағы** – Жиенәлі (Женей), Тілеу және Құттыке атты үш аталықтан тұрады. Жиенәлі (Женей) аталығы Елебес (2),

---

<sup>641</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. -601 б.

<sup>642</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -608-626 бб.

<sup>643</sup> Сонда. -627-634 бб.

<sup>644</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. 2. Копальский уезд. Киргизское хозяйство. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. -60 б; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. -72 б.

<sup>645</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -635-647 бб.

Кетей (4), Жапар, Өтей, Қапар (2) және Өтеш (1) атты аталарға бөлінеді де, олардан тарайтын әулеттердің үрім-бұтақтары одан әрі жалғаса береді.

Тілеу аталығын – Р. Толқымбекұлы Сарыәтімбет және Байғазы атты екі атаға бөлінеді деп жазса<sup>646</sup>, А. Оспанов бұл аталықты Өтес, Сары деп екіге бөледі<sup>647</sup>. Біздің ойымызша, Тілеу аталығы екі атаға бөлінген, бірақ екі шежірешіде олардың атаулары бөлек беріліп отырған сияқты. Сары және Өтес дегеніміз – Р. Толқымбекұлы материалындағы Сарыәтімбет болар деп ойлаймыз. Ал екінші аталыққа – Байғазы жатса керек. Байғазыдан бес әулет өсіп-өнеді. Құттыке аталығы Өтенай және Майтық атты екі атаға тармақталады<sup>648</sup>.

Сиыршы руындағы төртінші ру тармағына – **Жолымбет** жатады. А.Оспанов Жолымбет тармағынан жалғыз Малай аталығын шығарып, одан Зорсары, Қонақбай, Қойлантұяқ атты үш атаны тараттса, Р. Толқымбекұлы бұл тармақты бірден – Құдыкен, Жанак, Зорсары, Малай, Қойлыбай, Қонақбай (Сиқымбай) атты аталықтарға бөледі<sup>649</sup>. Біздің ойымызша, Р.Толқымбекұлының материалдарында Жолымбет ру тармағындағы аталықтар мен аталардың бәрі бірге берілген секілді. Ал А. Оспанов олардың қайсысы аталық, қайсысы ру атасы екендігін ажыратып көрсетеді. Сол себепті де біз, осы жерде А. Оспановтың нұсқасын дұрыс деп қабылдаймыз және осы нұсқаны негізге аламыз. Олай болса, Жолымбет ру тармағынан – Малай аталығы шығады. Малайдан Зорсары, Қонақбай, Қойлантұяқ атты үш ата тарайды да, олардан Құдыкен, Жанак және Қолыбай атты ру әулеттері одан әрі жалғасады. Бірақ та біз, осы соңғы үш ру әулетінің қай ру аталықтарынан таралатынын дәл айта алмаймыз. Өкінішке орай, Сиыршы руының бесінші тармағы – Шәлімбет тармағының таратылуы жөніндегі мәліметтер біздің қолымызға түспеді. Ал А. Оспанов бұл тармақ жөнінде «Сұпатайға сіңіп кеткендіктен, сол атадан таратып жүр», - деп түсініктеме береді<sup>650</sup>.

---

<sup>646</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -653-654 бб.

<sup>647</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қожазбасы. – 17 б.


<sup>648</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -653-654 бб.

<sup>649</sup> Толқымбекұлы Р. Жалайыр: Он екі ата. Шежіре. -655 б.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қожазбасы. – 17 б.

<sup>650</sup> Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қожазбасы. – 17 б.



Жалайыр  
Бірманак  
Сияршы



Жалпы Сиыршы руының шежіресі жөнінде жоғарыда айтылған ойларымыз бен пікірлерімізді қорытындылай келе, салыстырмалы түрде бұл рудың шежіресіне қатысты материалдар ру шежіресін баяндауға жеткілікті деп есептейміз.

Бұл рудан көптеген тарихи тұлғалар шығып, тек жалайыр тайпасы мен Ұлы жүзге ғана емес, бүкіл қазақ халқына белгілі болады. Олар мыналар:

1. Жылкелді би (XVII-XVIII ғғ.) - әрі батыр, шешен, би болған кісі. Төле бидің қызына үйленген. Оның бес ұлының бірі атақты Ескелді би. Оның шежіресі былайша беріледі: Сиыршы – Тоқымбет – Бәйімбет – Жанғабыл – Жылкелді би.

2. Ескелді би (1692-1780) - әрі батыр, әрі би, әрі әулие және қолбасшы ретінде жоңғарларға қарсы азаттық күресінде аты шыққан тарихи тұлға. Жылкелді бидің ұлдарының бірі.

3. Асансиық әулие – шыққан тегі: Сиыршы – Жақсымбет – Қоянаяқсопы – Игіс – Үргенішқұл – Асансиық әулие.

4. Шора құсбегі, әрі батыр (XVII-XVIII ғғ.) – Жылкелді бидің інісі. Шығу тегі: Сиыршы – Бәйімбет – Жанғабыл – Шора.

5. Бақтыбай Жолбарысұлы (1840-1916) – ақын, әрі шешен. Шығу тегі: Сиыршы – Тоқымбет – Ескелді әулетінен.

6. Өтенай батыр (XVIII ғ.) – Ескелді және Балпық билердің замандасы. Шығу тегі: Сиыршы – Тоқымбет әулетінен.

7. Темірғали ақын (1906-1976) – ақын, әрі айтыскер. Шығу тегі: Сиыршы – Тоқымбет әулетінен.

8. Матай Байысов – Ұлы Отан соғысының батыры, сержант. 1943 жылы қазанда ерлікпен қаза тапқан. 1944 жылы қаңтарда оған ерлігі үшін Ұлы Отан соғысының батыры атағы берілген. Шығу тегі: Сиыршы – Тоқымбет – Сүгір – Азна - Өтеш – Бозан – Байыс – Матай.

### ә) Қарақалпақ руы

Қарақалпақ руы – Жалайырдың Бірманак бөліміне жататын ру. XX ғасыр басындағы Жетісу облысының Қапал уезінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша олардың жалпы

саны – 2252 адам болған<sup>651</sup>. Жалайыр тайпасындағы басқа рулармен салыстырғанда Қарақалпақ руының тарихы күрделі және қайғылы, аянышты болып келеді. Тарихының күрделі деуімізге себеп болған жағдайға – бұл ру ХУІІІ ғасырдың арғы-бергі жағындағы қазақ-жоңғар соғыстары кезінде мемлекеттік деңгейде бірлік, ынтымақтың болмауы салдарынан, қазақ қоғамының билеуші, басқарушы топтары арасында алауыздықтардың өршіп, ел мен жерді қорғау ісінің өте төмен дәрежеде болуы салдарынан көптеген қазақ ру-тайпалары секілді тағдырдың тәлкегіне шыдамай туып-өскен жерлерінен айырылып, басқа аймақтарға, тіпті, басқа көрші елдерге қоныс аударуға мәжбүр болады. Кейіннен жоңғарларды жеңіп, қазақтың көптеген ру-тайпалары өзінің ру-тайпалық құрылымын жоймай, туған топыраққа қайта оралса, ал кейбір рулар мен тайпалардың рулық жүйесінде өзгерістер болады. Олар ата-мекеніне басқаларға қарағанда кештеу оралады. Рудың кейбір тармақтары, бөлімдері мен бөлімшелері, жекелеген аталықтары бір-бірінен ажырап та қалады. Сандарының азаюына байланысты олар бұрынғы тайпалық, рулық мәртебеден айырылып, ру тармағы түрінде басқа бір күшті ру-тайпаларға қосылса, ал кейбіреулері өздерінің шығу-тегін ұмытпай, тайпасының атауын сақтаса да, бұрынғы рулық атауының орнына басқа атауды қабылдауға мәжбүр болады. Міне, осындай қиын да ауыр жағдайды Жалайыр тайпасының құрамындағы Қарақалпақ руы да басынан өткереді. Сол себепті де біз, жоғарыда бұл рудың тарихы күрделі, қайғылы және аянышты деп ескертіп өттік.

Енді Қарақалпақ руының шежіресіне кіріспес бұрын, алдыменен осы рудың тарихына қатысты бірнеше мәселелердің басын ашып алсақ дейміз.

Алдыменен, осы Жалайыр құрамындағы Қарақалпақ руының тарихы мен шежіресіне қатысты деректерге қысқаша тоқтала кетсек. Жалайыр қарақалпақтары туралы алғашқы мәлімет – 1748 жылдың қараша айында Әбілқайыр ханның өлімінің себептерін

---

<sup>651</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Том II. Копальский уезд. – СПб., 1913. Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. – 232- 248 бб.

анықтау мақсатында Кіші жүзге барған сапарының қорытындысы туралы тілмәш Ю. Гуляевтың жазбасында баяндалады<sup>652</sup>. Ал келесі бір дерекке ХХ ғасыр басында Қапал уезінде жүргізілген статистикалық зерттеулер жинағының материалдарындағы мәліметтер жатады<sup>653</sup>. Осы екінші мәліметтің ерекшелігіне – мұнда Қарақалпақ руының тарихындағы кейбір маңызды оқиғалар, әсіресе, бірінші деректегі оқиғалар жаңғырығының қайталануы жатады. Біз, бұл дерек мәліметтеріне төменде тереңірек тоқталамыз.

Шежірелік материалдарға келсек, А. Оспанов пен Ж.Қ. Тазабекатаның «Жалайырлар. Қарақалпақ. Ата-тек шежіресі», Ж.Қ. Тазабекатаның «Жалайырдың Қарақалпағының шежіресі» атты шежіре-кітаптары, А.Оспановтың «Жалайыр шежіресінің қолжазбасы» толығымен Қарақалпақ руының шежіресін тарқатуға арналған<sup>654</sup>. Осы рудың шежіресін жазу барысында жоғарыда айтып өткен екі шежірешінің материалдарын негізгі дерек ретінде қолданғанымызды ескертіп өтеміз.

Енді Қарақалпақ руының тарихына қайта оралсақ.

1907-1910 жылдары Қапал уезінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының бағдарламасында қауымды құрап отырған рулар мен ру тармақтарының шаруашылық өміріне қатысты барлық сұрақтармен бірге, олардың шығу тарихы, өз ішінде жіктелуі, өңірге келу тарихы секілді мәселелер де енгізіледі. Уездің Алтынемел болыстығында өмір сүріп жатқан Қарақалпақ руы, оның тармағы Маңғыт, Телімдердің шығуы жөнінде бұл материалда былай делінеді: «№ 116 қауым. Соңғы рубасы – Маңғыт. Осы және оған жақын туыстас қауымның қырғыздары 200 жыл бұрын Бұхарадан Жетісу облысына көшіп келген; алғашында Жаркент уезіне

<sup>652</sup> Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961. – 425-432 бб.

<sup>653</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. II. Копальский уезд. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. – 62-70 бб.; Поаульная таблица статических сведений о киргизском хозяйстве. – 232- 248 бб.

<sup>654</sup> Жалайырлар. ІҮ-кітап. Қарақалпақ. Ата-тек шежіресі. – Талдықорған, 2006. Жинақты баспаға әзірлеп, Қарақалпақ ата тек шежіресін жинақтаған және шығаруға жауапты Аманкелді Избасарұлы Оспанов пен Тазабеката Жаксылық Қалықбайұлы.; Жалайырдың Қарақалпағының шежіресі. Жинап, құрастырушы: Ж.Қ.Тазабеката. – Алматы, 2003. – 58 бет.; Оспанов А. Жалайыр шежіресінің қолжазбасы.

коныстанды, бірақ та 50 жыл бұрын Қапал уезіне келеді; алғашында үлкен топ құрып өмір сүреді, оның құрамында Түрікпен және Қарақалпақ руларының қазақтары болады; 30-35 жыл бұрын олар іргелерін алшақ салып, жерлерін өзара бөлісіп алады»<sup>655</sup>.

Осы деректен біз, Қарақалпақ, Маңғыттардың екі ғасыр бұрын Орта Азиядан көшіп келгенін байқаймыз. Мұндағы Бұхара деп айтылып отырғанға қарап, әңгіме қала жөнінде емес, бүкіл аймаққа қатысты болып отырғандығын білу қиын емес. Бұхар қаласы – Мауереннахрдың ірі саяси-әкімшілік, діни-мәдени, сауда-экономикалық орталығы болып есептелетіндіктен, бұл атау екі мағынада: тар және кең мағынада қолданылатын болған. Тар мағынада – қала атауы қолданылса, кең мағынадағысына – бүкіл Мәуереннахр аймағы жатқызылған. Біздің қолданып отырған мәліметіміздегі «200 жыл бұрын Бұхарадан келді» деген сөз тіркесі – екі ғасыр бұрын Мауереннахрдан немесе Орта Азиядан келді деген ойды білдіреді.

Біз, жоғарыда Қарақалпақ руының тарихына қатысты деректерге тоқталып өткенде, өзіміз келтірген екі дерек арасында байланыстың бар екендігін айтып өткенбіз. «200 жыл бұрын Бұхарадан көшіп келді» деген мәлімет, біздің ойымызды ХҮІІІ ғасырдың басы мен бірінші жартысындағы тарихи оқиғаларға жетелейді. Алдыңғы бетте айтқан тілмәш Ю. Гуляевтың жазбасының негізгі мақсаты – Әбілқайыр ханның өлімінің себептерін анықтауға арналады. Жазбада баяндалатын бірнеше себептің алғашқысына – Қарақалпақ жерінен қайтып оралған Жалайыр руына қатысты мәселе жатқызылған. Олай болса, оқырмандарға түсінікті болуы үшін Ю. Гуляев жазбасындағы Жалайыр руына қатысты тарихи деректі ешбір өзгеріссіз, толығымен осы жерде бере кетуді жөн санап отырмыз. Содан кейін ғана барып біз, осы дерек жөнінде өзіміздің ой-пікірлеріміз бен тұжырымдарымызды білдіреміз.

Енді дерек мәліметімен мұқият танысалық.

«О притчине Абулхайрхановой смерти слышал я, что пред тем временем, как он убит, из Большой орды Джалаирского роду киргисцов человек 3 дватцеть ездило в Каракалпацкую

---

<sup>655</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т. II. Копальский уезд. –СПб., 1913. Заметки об отдельных общинах. – 70 б.

орду к каракалпаком Джалаирского же роду, коих было тысяча пятьсот кибиток и, будучи тамо, для избежания от киргискайсацких на каракалпацкой народ нападеней и раззорения тех Джалаирского роду каракалпак вызвали в отделение от протчих с таким обещанием, что они, киргисцы, не раззоряя, яко одного с ними роду, приобщат их в кочевье с собою спокойем, в чем им и присягу учинили, в чем те каракалпаки им, киргисцам, поверя, с ними вместе ис каракалпацкого народу в Киргискайсацкую орду и выехали. Но как приехали к их киргискому улусу, которой тогда кочевье свое имел по реке Олкояк, от которой до реки Тургая день езды и лежит она к Орской крепости разстоянием до Орска дней з девять, то, наехав к ним, разных родов киргисцы начали на них, каркалпак, нападать и их грабить, в чем им и проважатые их, киргисцы, вспомочь не могли и, во-первых, напав, Средней орды Кучак-хан со многими людьми не только их, каракалпак, но уже и киргисцов того Джалаирского роду обще с ними, каракалпаками, грабили. А потом, услыша то, и Барак, салтан Средней же орды, с киргисцами приехал и их ограбил, а самих каракалпак почти всех в полон розобрал, а притом и киргисцов, к которым они было прикочевали, к себе обратил. Однако ж из них, каркалпак, которые были пожиточнее, еще кибиток со сто оставалось, что, услыша, и Абулхаир-хан с своими Меньшей орды киргисцами во стопятидесяти человеках к ним приехал и у оных каракалпак стать хотел, которые ево, хана, и встречали весьма склонно, и поставили ему з будущими при нем людьми три кибитки, и притом, для избавления себя, объявили ему, чтоб он их со всем именем и скотом взял к себе, только б Бараку не отдавал. Но хан, не удовольствуясь тем, велел своим киргисцам ограбить еще тех, которых уже Барак-салтан в полон себе взял. И когда Барак о том уведал, то, соединясь с поминутыми джалаирцами и объявил им, что-де Абулхаир-хан не только каракалпак или вас, но и нас уже грабить начал и против себя никою не ставит, а как-де мы соединимся, о ему самому о себе знать дадим, и тако, согласясь обще, на него, хана, пошли и стали нападать. Что видя, имевшиеся при нем киргисцы ево, хана, от того отвращали, объявляя, что Барак многолюден и со всеми джалаирскими киргисцами и каракалпаками соединился. Однако хан, несмотря ни на что, сказал: кто-де Барака боится, тот может бабой прослыть, ибо-де Барак и сам не лучше бабы, - вследствие чего

и против Бараковой партии к драке начал порываться. А между тем прочие ево алчинские киргисцы действительно стали забранных им, Баракком, каракалпак грабить и затем с ханом их, киргисцов, почти только человек с шесть или пять осталось. И тако, Бараксалтан, видя такое от ево, ханских, киргисцов на полоненных им, Баракком, каракалпак нападение и грабительство, приказал своим киргисцом и джалаирцом обще уже с каракалпаками напасть, и сыскать Абулхаир-хана, и где б ево ни наехали, то убить. Почему, набежав на него, хана, Бараковы киргисцы и ево окружили и, во-первых, один ево, хана, копьем ранил, напротив чего и хан из лука одного киргисца в руку, а у другова лошадь ранил, но между тем, набежав, еще один киргизец ударил ево, хана топором в голову и оную розшиб, и от того он, хан, и отпору чинить был уже не в состоянии. А к тому еще, прискакав, киргизец Сарымбет, которой от Бараксалтана по учинении им присяги и ко двору е. и. в. посылан был, ево, хана, на лошади схватав, закричал ему: «Знаешь ли-де ты, что я Сарымбет и что-де ты на свете ни делал, токмо-де на тебя обратились?» - И стащил ево с лошади, даа и сам с ним упал, а к тому и Бараксалтан прискакал и слезши с лошади, ево, хана, заколол ножом досмерти»<sup>656</sup>.

Көріп отырғанымыздай, Жалайыр тайпасының бір тобы қазақ-жоңғар қатынастарының өршіп, жоңғарлардың уақытша болса да үстемдікке жетіп тұрған жылдарында тағдырдың айдауымен Қарақалпақ еліне қоныс аударады. Ал, жалпы Жалайыр руларының осы тұста жоңғарлардың тықсыруымен Сыр бойына көшіп келгендігі белгілі. Қарақалпақ жеріне қоныс аударғандар, осы Сыр бойына көшіп келген жалайырлардың бір бөлігі болса керек. Кейіннен Ескелді би, Балпық би, Қабан (Қабліса) жыраулардың мұрындық болуымен қалың Жалайырлар Жетісуға қайта көшкенде, Қарақалпақ жеріндегі Жалайырлардан қол үзіп қалады.

Деректің бас жағында айтылғандай, Ұлы жүз Жалайыр руының 20 адамы Қарақалпақ еліндегі Жалайырларды кейін оралуға үгіттеп көндіреді. Қазақ жеріндегі Жалайыр руының беделділері өз туыстарының отырықшылыққа ауысып, карақалпақтар арасына сіңіп кететіндігін алдын-ала көре білген. Сондай-ақ, қазақ-

---

<sup>656</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961. – 425-426 бб.

қарақалпақ арасында болып тұратын әр түрлі жанжалдардан Қарақалпақ жеріндегі Жалайырларды сақтап қалу үшін туған жерге қайтуға шақырған. Деректен оқығанымыздай, жалпы саны 1500 шаңырақ кейін оралады. Өкінішке орай, деректе кейін оралған Жалайырлардың қай рудан екендігі айтылмайды, барлығы – Қарақалпақ – Жалайырлар деген ортақ атаумен аталады. Біздің ойымызша, бұл Жалайырлар–Қарақалпақтарда қазіргі Жалайырдың әр руының жекелеген тармақтары және Қарақалпақ жеріндегі жергілікті ру-тайпалардың аталары мен тармақтары болған секілді. «Жалайырдың Қарақалпағының шежіресі» атты кітапта Қарақалпақ руынан таралатын Маңғыт тармағы; Кенегес, Телім аталықтары аталса<sup>657</sup>, К. Мәмбетовтың «Қарақалпақтар шежіресі» атты кітабында Қарақалпақ халқының құрамында ірі тайпалармен бірге Кенегес, Телі, Маңғыт, Балғалы, Қалмақ, Түрікмен, Тоқымбет, Қайшылы руларының атаулары ұшырасады<sup>658</sup>. Бұл аталған рулардың бәрі де Жалайыр тайпасының құрамында кездеседі. Ал Кенегес, Телі және Маңғыт аталары Жалайыр тайпасына кейіннен қосылған Қарақалпақ руы құрамында айтылып жүр.

1740 жылдары Торғай өзені маңындағы Ұлқаяқ өзенінің жағалауына қоныс тепкен 1500 Қарақалпақ руына жергілікті рулар, Орта жүздегі кіші хандардың бірі – Күшік хан, Барақ сұлтаннар шабуылдар жасап, талан-таражға салады. Барақ сұлтан бұл қарақалпақ – Жалайырларды өзіне бағындырып үлгереді. Осылайша, туған жерге оралған Қарақалпақ руы өз қандастарының талауына түсіп, тоз-тоз болады. Кіші жүз ханы Әбілқайыр да оларға екінші жақтан тарпа бас салады. Қарақалпақ руының ең ауқатты деген 100 үйі Әбілқайырға бағынып, өздеріне Барақ сұлтаннан қорғауды өтінеді. Сөйтіп, Әбілқайыр хан Барақ сұлтанға бағынған Жалайырларды шабады. Мұның бәрі қорыта келгенде, 1748 жылы Әбілқайыр ханның Барақ сұлтанның қолынан қаза табуымен аяқталады. Барақ сұлтан да көп ұзамай Түркістан маңында қайтыс болады. Ал Жалайырлар болса әр түрлі қиыншылықтарға ұшырап, Жетісудағы руластарына келіп қосылады. Жетісуға келгенде олар аз санды болғандықтан бірігіп, топтасуға мәжбүр болады. Бұл өңірде де олар Қарақалпақ атауынан арыла алмайды.

---

<sup>657</sup> Жалайырдың Қарақалпағының шежіресі. Жинап, құрастырушы: Ж.Қ. Тазабеката. – Алматы, 2003. – 6 б.

<sup>658</sup> Мәмбетов Қ. Қарақалпақтар шежіресі. – Нөкис, 1993. – 87- 97 бб.



Енді бір-екі ауыз сөзімізді осы Жетісудағы Қарақалпақ руының Жалайырдың қай тобына жататындығына арнасақ.

Біз, бұған дейін Қарақалпақ руын Жалайырдың Бірманақ тобына жататындығын айтқанбыз. Осы жерде ойымызды тереңірек айта кетелік. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы орыс деректерінде Жалайыр тайпасының Сырманақ және Шуманақ болып екі үлкен топқа бөлінетіндігі айтылады да, Бірманақ жөнінде ешқандай мәлімет кездеспейді. Қарқалпақ руының адамдары ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегіндегі аласапыран жылдары өздерінің негізгі тобынан ажырап, Қарақалпақ жеріне көшіп келеді де, ондағы ру-тайпалармен араласады. Арада бір-екі буын ауысады. Бұрынғы ақсақалдар қайтыс болып, олардың орнын басқандар жаңа жағдайларға сай өмір сүре бастайды. Ал ХҮІІІ ғасырдың ортасындағы Әбілқайыр хан мен Барақ сұлтан арасындағы жанжалға себепші болған бұл ру, Әбілқайырдың өлімінен кейін тағы да тағдыр тәлкегіне ұшырап, жан-жаққа бөлініп кетеді. Жан қайғы болған заманда өздерінің шығу тегін, шежіресін ұмытқан олар, пана тұтып, қалың Жалайыр ішіне келеді. Ал ол Жалайырлар өздерінің ру-тайпалық жүйесі мен құрылымдарын бұзбай, өздерін Шуманақ, Сырманақтан таратып отырған. Жаңадан Жалайырға қосылған Қарақалпақ руы алғашында, саны өте аз болғандықтан, ру тармағы, ру аталығы болады да, көбейе келе, ру дәрежесіне жетеді. Өздерін Жалайыр тайпасының үшінші бір тобы – Бірманаққа жатқызады.

Осылайша, тарихы күрделі болған Қарақалпақ руы – қаншама қиыншылықтарды басынан өткерсе де, ең бастысы өздерінің Жалайырекендігін ұмытпай, Жетісу жеріндегі қалың Жалайырларға қосылғаннан кейін ғана етек-жеңдерін жия бастайды. Сан жағынан да аз өсіп, жеке ру деңгейіне дейін жетеді де, өздерін Жалайыр тайпасының Бірманақ тобына жататындығын мойындайды.

Қолымыздағы шежірелік материалдарға сүйене отырып, енді Қарақалпақ руының тарқатылуына назар салып көрелік.

Қарақалпақ руы өз ішінде Қошқар және Маңғыт атты екі ру тармағына бөлінеді. Қошқар ру тармағы – Дос, Ес, Кенегес, Бегентемір, Жайнақ және Телім атты алты ру аталығына жіктеледі де, олардан бірнеше ру аталары өсіп шығады.

Дос аталығы – Бүркітбай және Қарпық атты екі ру атасына бөлініп, Бүркітбайдан – Мекебай, Дайрабай, Тышқанбай, Қаратал және Тыныбай әулеттері тараса, Қарпық ру аталығынан – Отарбай

және Құттыбек әулеттері өсіп-өнеді. Біздің қолымыздағы «Жалайыр Қарақалпағының шежіресі» атты кітапты жинап, құрастырған Жақсылық Қалықбайұлы Тазабеката мен осы рудың шежіресін құрастыру барысында кеңес берген Орынбасар Қалықбайұлы Тазабек Қошқар ру тармағындағы Дос аталығының Бүркітбай атасынан таралады. Олардың шығу тегі мынадай: Қарақалпақ – Қошқар – Дос – Бүркітбай – Мекебай – Бәкел – Тазабек – Қалықбай – Жақсылық және Орынбасар.

Шежірелік материалдарда Қошқардан тарайтын Ес пен Жайнақтан үрім-бұтақтардың тарқатылуы көрсетілмейді. Соған қарағанда, бұл тұлғалар батыр болып, ержігіт шағында қаза тапқан немесе ұлдары жас кездерінде қайтыс болып, қыздары ғана қалған сияқты.

Қошқар ру тармағының келесі бір аталығы – Кенегес. Бұл аталықтан – Түлкітұғыр, одан – Ақұялас, одан – Жәлменбет, одан – Жәнібек және Оразай атты екі әулет тарайды.

Бегентемір аталығынан – Саурық, Байғабыл, Дүйсенбі, Күздеу, Егеубай және Рысбай атты ру аталары шығып, олар одан әрі ру әулеттеріне тарамдалып кете береді.

Телім аталығы – Манас және Қонас атты екі атаға бөлініп, Манастан - Әлжан, Алаш, Боран, Иісәлі және Дүйсәлі атты әулеттер, ал Қонастан – Естөре әулеті ғана өсіп-өнеді.


Қошқар ру тармағына қарағанда, Маңғыт тармағы – анағұрлым көп өсіп-өнген тармаққа жатады. Бұл тармақ та өз ішінде – Жауынбай, Намаз, Қазыбай, Ірімшік, Құрманбай және Қазақбай атты ру аталығына бөлінеді.

Енді осы әр тармақты жеке-жеке қарастырсақ.

Жауынбай аталығы – Кенебай және Құрыш атты ру аталарына бөлініп, Кенебайдан – Қашқынбай, Жарқынбай, Бейімбет, Дауылбай және Тоқтарбай әулеттері, ал Құрыштан – Құтым әулеті ғана одан әрі бұтақталады.

Намаз аталығы – Байторы, Қойторы, Қарасарт атты үш ру атасына бөлініп, Байторыдан – Досжан, Қосжан, Далабай, Толық және Медеу әулеттері, Қойторыдан – Жұмақожа, Қайырман, Матайбай; Қарасарттан – Тоқбай, Барлыбай, Ақшан әулеттері өсіп-өнеді.

Қазыбай аталығы – Садырбай және Қыдырбай атты екі аталыққа бөлініп, Садырбайдан – Төребай, Мәмбет, Бөке, Сәмен, Сарбас,



Сіргебай, және Өмірбек әулеттері, ал Қыдырбайдан – Міңке, Торғауыт, Шөкет, Айнағұл әулеттері шығады.

Ірімшік аталығынан – Абдан, Дада, Оразымбет, Сырымбет, Нұрпейіс және Жапаш аталары шығып, жалпы саны бұл аталықтан он сегіз ру әулеттері тармақталып шығады!

Құрманбай аталығынан – Жиеншора, Жолшора, Өтеп, Көрпебай атты төрт ру атасы бөлініп шығып, Жиеншорадан – Серкебай, Еркебай, Қонақбай; Жолшорадан - Өмір, Темір; Өтептен – Матай, Тілеуберді, Сартіке, Елеусіз; Көрпебайдан – Ашақ, Жиенқұл, Шақантай, Райымбек, Жидебай әулеттері одан әрі жалғасады.

Қарақалпақ руының Маңғыт тармағындағы алтыншы аталыққа - Қазақбай аталығы жатады. Бұл аталық өз ішінде – Жолдыбек, Қалқанбай, Бастаубай, Баянбай, Азнабай, Данияр және Үмбетияр атты жеті ру атасына бөлініп, олар өз ішінде оннан астам ру әулеттеріне жіктеледі.

Осылайша, Жалайыр тайпасының ғылыми түрдегі шежіресіне қатысты жоғарыда айтылған барлық ойларымыз бен пікірлерімізді түйіндей келе, мынадай жалпы қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, басқа да бұған дейінгі қазақ ру-тайпаларының шежіресіне қатысты материалдарды жіктеп, топтастырғанымыздай, Жалайыр тайпасының ғылыми түрдегі шежіресіне қатысты барлық материалдарға деректанулық тұрғыдан талдау жасалынып, топтастырылды. Болашақта бұл әдіс басқа тайпалардың шежірелерін ғылыми тұрғыда жазарда қолданылады және жетілдіріле түседі деген ойдамыз.

Екіншіден, Жалайыр тайпасындағы рулардың саны жөніндегі әр түрлі пікірлерді салыстыра, талдай келе, біз бұл тайпа он төрт рудан тұратындығына көзімізді жеткіздік. Сондай-ақ, ол тайпалардың Шуманақ, Сырманақ және Бірманақ атты үш тайпалық бөлімге топтасқандығын анықтадық.

Үшіншіден, қолымыздағы шежірелік материалдардың көмегіне сүйеніп, біз, Шуманақ бөліміндегі жеті рудың, Сырманақ бөліміндегі бес рудың және Бірманақ бөліміндегі екі рудың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың рулық бөлімшелерінің тармақтарының аталықтары мен аталарының қалай тармақталатынын анықтадық.

Біздің бұл ғылыми түрдегі шежіреміздің болашақ ұрпаққа тигізер танымдық мәні зор деп есептейміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қазақтың жалайыр тайпасының екі кітаптан тұратын ежелгі дәуірден XX ғасыр басына дейінгі үлкен де ауқымды тарихи баянын аяқтадық. Мүмкіндігінше жүйелі де тұтас тарих жазуға талпындық. Осынау игі мақсатты көздеген еңбегімізде қиындықтар аз болған жоқ. Әсіресе жалайырлардың ежелгі және ортағасырлардағы тарихы, этнонимінің өзінің шығуы, тайпаның қалыптасуы, рулық құрамы тәрізді мәселелерді зерттеу көп еңбектенуді қажет етті.

Біртұтас моңғол мемлекеті құрылғандықтан қарсаңында жалайырлар тайпасының қалыптасу тарихына байланысты VIII-X ғғ. оғыздардың Сырдарияға қоныстанулары дегеніміз қаңлылардың және қыпшақтардың қоныстанулары болса керек және олар қарлұқтардың қоластындағы шығыс қаңлыларынан бөлініп, өздеріне оғыз атауын қабылдады деп ой түйеміз.

Осылайша этникалық процестердің өзара байланыстарын анықтайтын жалпы тарихи нобай қалыптасты: бұл жалайырлардың оғыздар арқылы қарлұқтармен; дулаттардың қарлұқтар арқылы қырғыздармен және ақырында, жалайырлардың дулаттармен және қырғыздармен байланысы.

Сондықтан VIII-IX ғасырлардағы жалайырлардың арғы ата-бабаларының оғыз тайпалық одағы құрамында көшіп жүруі мүмкін деген болжам жасадық. Жалайырлардың оғыздардан шыққаны туралы Рашид ад-Диннің пікірі де бұл божамымызды растай түседі. Сонымен бірге жалайырлардың ата-бабаларымен - оғыздарға көрші орналасқан, ежелгі ортағасырлық деректерде көрсетілген қарлұқтардың арасында этникалық байланыстар болуы әбден мүмкін деп есептейміз.

Бүгінде тарихымызға әйгілі «жалайыр» этнонимінің тарих сахнасына шығатыны да осы тұс. Біздің зерттеулер Керулен және Қалайыр (Жалайыр) өзендері бойын жағалай көшіп жүрген ондаған рулардың X-XI ғасырларда жат аталатын беделді түркі руы төңірегіне топтасып, өздерінің тайпалық одақтарын жоғарыда аталған өзен атауынан қабылдағанын аңғартады. Бұл жалайыр руларының моңғол руларымен аралас-құралас, көрші-қоңсы болып көшіп жүрген кезі еді.

Рашид ад-Дин келтірген аңыз-деректер жалайыр руларының ата-бабаларының монғолдармен бауырлас болып Ергенекон қойнауында өсіп-өнгендерін айтады. Осындай қарым-қатынас барысында жалайырлардың басты руларының XI ғасырдан бастап монғолдардың үстем ықпалын сезінгендерін аңғарамыз. Өздері қуатты он рудан құралса да, күрделі ахуалға байланысты этникалық және саяси жағынан берік тұтастыққа және ынтымаққа қол жеткізе алмаған, нәтижесінде Рашид ад-Дин атап көрсеткендей, өздерінің дербес ұлыстарын құрып үлгермеген жалайыр тайпасы ақыры монғолдар билігін толық мойындауға еріксіз мәжбүр болды.

Жалайырлардың ежелгі тарихын зерттегенде оның байырғы, монғол дәуіріне дейінгі ескі шежіресінің бізге келіп жеткеніне шүкіршілік етуіміз керек. Мұның өзі жалайырлардың бұрынғы тарихының негізділігін және ауқымдылығын тағыда дәлелдей түседі.

Сонымен бірге мынаны да айтпауға болмайды: XIII ғасырдағы монғол жаулауы жалайырлардың бұрынғы рулық құрылымын бөлшектеп жіберді. Жалайырдың беделді рулары тасқын судай қуатты монғол әскери қолдарының жетегінде кетті.

X ғасырдың басында Орталық Азияда Ляо мемлекетінің құрылуына байланысты түркі тілдес тайпалар үстемдігінің кезеңі аяқталды. Қидандардың тарих сахнасына пайда болуының негізгі салдарлары түркі тілдес тайпалардың батысқа қоныс аударуларының басталулары болды. Осы тұста жалайыр тайпасы да көше бастаған тәрізді. Әрине, оның негізгі бөлігі дегенмен де, әлі де Моңғолияда қалып қойды.

Қараханидтердің батыстағы иеліктерді, яғни нақтырақ айтсақ Мәуереннахрды жаулап алуы XII ғасырдың 30-40 жылдарына сәйкес келеді. Деректерде жалайырдан шыққан билеушілердің төніп келе жатқан қара-қытайларға қарсы қол жинағаны туралы да мәліметтер сақталған. Бұл деректің XIV ғасырдағы тұлға Бахрам Жалайырды атап көрсетуі тәрізді мәліметтері шатасуларға толы болса да, жалайырлардың бір бөлігінің Жетісу және тіптен Мәуереннахр аймағына монғолдарға дейінгі кезеңде келулері әбден мүмкін екендігін айта кеткен жөн.

Деректерге жүгінсек, жалайырлар Шыңғыс ханға барынша берілген тайпалар қатарында соғыс жағдайының және бейбітшілік

уақытының барлық ауыртпалықтарын онымен бірге бөлісіп жүрген.

Осылайша, біртұтас Моңғол мемлекеті құрылардың қарсаңында жалайырлар тайпасы моңғол тайпаларының Темучинның қоластына бірігу процесіне белсенді түрде атсалысты, және бұл тайпаның өкілдері оның ең сенімді және ең ержүрек әскерлерінің қатарында тұрды.

XIII ғасырдың бірінші жартысындағы моңғол жаулап алушылықтарының белсенді атсалысушысы бола отырып, жалайырлар өздері де төрт топқа бөлініп кетті. Олардың бір тобы Қытайды бағындыруға қатысып, сонда және Моңғолияда қалып қойса, екінші тобы үйсіндер мен олардың көршілерін бағындырып жүріп Шу өңірінде қалып қойды да, үшінші тобы Орта Азияны жаулап алуға қатысып, Шыршық, Ангрен жағында қалып кетті. Ал жалайырдың төртінші тобы Шыңғыс ханның дара туған немересі Хулағудың Иран-Иракты, Кавказды жаулап алуында үлкен рөл атқара жүріп, сол жерлерде ықпалды мемлекет билеушілеріне айналды.

Моңғол жаулауы тұсында жалайырлар үлкен белсенділік танытып, өздерінің орталарынан Мұқали, Бала ноян тәрізді ұлы қолбасшыларды шығарды. Ал Иран-Ирак жеріндегі Ұлы Шейх Хасан Бұзырық Жалайыр мен Сұлтан Уәйіс жалайыр негіздеп, нығайтқан Жалайыр елхандары мемлекеті XIV-XV ғасырларда өзіндік тарихымен ерекшеленді. Оның тарихын тереңдете зерттеу қазақ тарихшылары алдында тұрған абзал міндет.

Сөйтіп, жалайыр тайпасының Шыңғысхан тұсындағы белсенділігі мен жауынгерлігі олардың моңғол жаулап алушылықтары барысында бөлшектенуге ғана емес, сондай-ақ қазақ пен моңғолды айтпағанда қырғыз, өзбек, парсы, тәжік, қытай сияқты халықтардың да этникалық құрамын қалыптастыруға қатысуға және сол ұлттарға сіңісіп кетуге әкеліп соқты.

Тарихи үрдіс осылай болса, оған не айтуға болады. Осыдан 800 жыл бұрынғы біртұтас жалайырлар ұрпақтарының бірі бүгінде қазақ атанса, екіншісі-өзбек, үшіншісі-парсы, төртіншісі-қытай атанып жүр. Дегенменде жалайырлықтар қайда жүрсе де өздерінің дарынды да талантты, батыл да парасатты тайпа өкілдері екендерін

танытты. Сонымен бірге ежелгі жалайырлардың заңды мұрагерлері бүгінгі қазақ жалайырлары екенін де ұмытпауымыз керек. Қалай десекте жалайыр тайпасының есімін өшірмей, туын жықпай берік ұстап, бүгінгі ұрпаққа абыроймен жеткізген қазақ жалайырлары екенін мақтаныш еткеніміз жөн болар.

Мәуереннахр жалайырлары Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайға бөлінген төрт мың әскердің екі мыңдығы құрамына енді. Олар Шағатай ұлысының аумағына кірген Жетісу, Мәуереннахр, Шығыс Түркістан аймағына қоныстанды. XIV ғасырдың екінші ширегінде Шағатай ұлысы екіге бөлінген тұста жалайырлар да орналасуларына байланысты Жетісу және Мәуереннахр жалайырларына бөлінді. Мәуереннахр өлкесіндегі жалайырлар негізінен Ходженд аймағында шоғырланды. Олар Шағатайлық хан Кебектің әкімшілік реформасынан кейін өзінше жеке иелікті құрады. Бұл олардың Сырманақ атанған тұсы. Моңғол билігіне адалдықтарын іспен дәлелдеген жалайырлар Кебек ханның (1318-1326 ж.ж.) реформасы тұсында өздерінің жана тайпалық құрылымын жасауға мүмкіндік алды. Осы тұста жалайырлар аумақтық орналасуларына қарай бірігіп, Моңғол мемлекетінің жергілікті жердегі саясатын жүзеге асыратын “манақтарға”, яғни моңғол тілінен аударғанда “сақшыларға” айналды. Осы кезеңнен бастап ыдырау қарсаңында тұрған жалайырлар қайта күшейді. Енді олар қоғамдағы әлеуметтік орнына сәйкес Шу бойында Шуманақ, ал Сыр бойында Сырманақ рулық бірлестіктеріне топтасып бас қоса бастады. Кезінде Шыңғысханның және оның ұрпақтарының сеніміне ие болған жалайырлардың бұл аймақтарда да беделдері аса жоғары болды. Тарихи деректерге көз салсақ, Мәуереннахр өлкесіндегі Жалайырлар ұлысы да едәуір ықпалды саяси күш бола алды. Олар көшпелі мал шаруашылығы мен көшпелі тұрмыс-тіршілікті сақтау мен дамыту тенденциясын қолдады. XIV ғасырдың екінші жартысында саяси бытыраңқылыққа ұшыраған Мәуереннахрдағы саяси билікке қол жеткізген Әмір Темір де көп ұзамай Шағатай ұлысында жалғасып келе жатқан екі тенденцияның (көшпелілік пен отырықшы өмір салтын жақтаушылар) бірін таңдауға мәжбүр болады. Осы бағытта ол жалайырлар сияқты ықпалды тайпалардың қарсылығына да ұшырайды. Осы кездегі



оқиғаларды талдай келе, Әмір Темірге өзінің жеке-дара билігін орнатуда Мәуереннахрдағы көптеген тайпалар мен олардың көсемдерінің қарсылықтарын басуға тура келгенін, соның ішінде жалайырлар ұлысының оған қарсы күшті саяси оппозицияда болғанын көреміз. Деректерде Жалайыр ұлысының билеушісі Әділ Шах Жалайыри мен оның жақтастарының Әмір Темірге қарсы шығып, Темір мемлекетінің астанасы Самарқанд қаласын қоршауға алғаны туралы мәліметтер сақталған. Сондықтан 1376 жылы Әмір Темірдің жарлығымен Жалайыр ұлысы талқандалып, оның өкілдері басқа ұлыс билеушілеріне таратылып берілді.

Осы төтенше оқиғадан кейін Мәуереннахр жалайырлары туралы біршама уақытқа дейін ешбір мәліметтер кездесе қоймайды. XVI ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының біразының Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп, Мәуереннахрды бағындырғаны белгілі. Міне, осы кезде Шайбани әскері қатарында Мәуереннахрға Шығыс Дешті-Қыпшақ жалайырлары да келіп қоныстанады. Мәуереннахр өлкесіне орналасқан жалайырлар осында өзбек, түркмен, қарақалпақ халықтарының этникалық қалыптасу процесіне атсалысты.

Мәуереннахр жалайырлары арасынан шыққан біраз тарихи тұлғалар Темірдің ұрпағы Бабырмен ілесіп шалғайдағы Үндістан өлкесіне дейін жетеді. Сондықтан да «Бабырнама» шығармасында Сейід Қасым Жалаири, Хасан Али Жалаири (лақап аты Туфейли) және т.б. тұлғалар туралы құнды мәліметтер сақталған. Осылайша жалайырлардың Мәуереннахр аймағындағы бөлігі Азия құрылығындағы қым-қиғаш оқиғалардың бел ортасында өзіндік іздерін қалдырды.

Қазақ мемлекетінің бастауы – Ақ Орда құрамындағы Жалайырлар XIV-XV ғасырларда Сырдария, Шу, Талас тәрізді өзендердің бойларында отырықшы мал шаруашылығын, қала мәдениетін көркейтуге үлес қосты. Ақ Орда мемлекетіндегі саяси оқиғаларға қатынасқан Жалайырлар, әсіресе, Ақ Орданың оң және сол қанаттан тұратын пәрменді қарулы күштері – Алаш мыңдықтарының негізін қалаған.

XV ғасырда өмір сүрген «Көшпелі өзбектер» немесе Әбілхайыр хандығының құрамындағы тайпалар арасында да Жалайырлар

өзіндік орын алды. XVI ғасырдың тарихшысы Ахсикентидің «Маджму ат-тауарих» атты шығармасында «Көшпелі өзбектер» құрамына енген 92 ру-тайпалардың арасында Жалайырлар алғашқы ондықтың ең басында аталады. Ол «Насаб наме-йи узбек (Өзбек шежіресі)» Аваз Мұхаммед Суфи Аттаридың «Туфхат ат-тауарих-и хани» еңбектерінде ірі тайпалардың қатарында көрсетілген.

Жалайырлар көшпелі өзбектердің жорықтары мен соғыстарына қатысып, жеңістерге жетуге, мемлекет аумағын кеңейтуге өз үлестерін қосты.

Олар Моғолстанның әкімшілік-саяси басқаруына атсалысып, хандықтың батыс бөлігіндегі оқиғалардың бел ортасынан орын алып, осы аумақтағы ұлысбектерге, бектер мен әмірлерге қолдау көрсету арқылы жалпы моғолдық саяси дамуға өз үлестерін қосты.

Керей мен Жәнібекке ілесіп, олардың айналасына жинақталған Дешті-Қыпшақ ру-тайпалары арасынан Сыр өңірін мекендеген Жалайырлар да кең танылды. Олар дәстүрлі тарихи деректерде жоғарыда айтқанымыздай «Сыр манақтары» деп аталып келген еді.

Қазақ хандығында этно-саяси бірігудің негізгі ұйытқысы болған ру-тайпалар арасында Жалайыр тайпасы да болды. XV ғасырда Моғолстан мен Мәуереннахрда өмір сүрген Жалайырлар алғашқылардың бірі болып Қазақ хандығы құрамына қосылды. Сөйтіп Жетісу жеріндегі беделді тайпалардың біріне айналды. Қасым ханның билігі тұсында Жалайырлар хан жасағында көрнекті орын алып, қазақ мемлекеттігінің аймағын кеңейту жолында аянбай күресті.

Түркілік кезеңнен бастау алатын қазақ тарихының тағылымды бір тарауы - Иран мен Ирак жерінде 1336-1411 жылдар аралығында өмір сүрген Жалайыр хандығы. Мұндағы Жалайыр мемлекетінің негізін моңғолдардың Хулағу әулетінің елхандарына адал қызметімен ерекшеленген жалайыр әскерінің айбынды қолбасшысы Шейх Хасан ноян құрды. Кейін ол Ұлы Шейх Хасан Бұзырық елхан атанды. Хасан Бұзырықтан кейін осы Жалайыр

хандығын Сұлтан Уәйіс (1356-1375 жж.), Сұлтан Құсайын (1375-1382 жж.), Сұлтан Ахмет (1382-1411 жж.) елхандар биледі. Жалайыр әулетінен шыққан елхандар түркі-моңғол әскеріне сүйенді, елді түркілердің ата дәстүрлері бойынша басқарды. Өзінің 75 жылдық тарихының өн бойында Жалайыр хандығына ішкі-сыртқы жаулармен үздіксіз соғыс жүргізуге тура келді. Соңғы елхандар пацифистік саясат ұстанды, жергілікті халықтың діні мен тілін, мәдениеті мен өнерін құрметтеді. Сондықтан да олар Иран, Ирак, Әзірбайжан және т.б. көршілес елдер тарихында да өзіндік іздер қалдырды. Жалайыр мемлекеті түркмендер тайпалары мен Әмір Темірдің ауыр әскери жорықтарына төтеп бере алмай құлады.

Жалайыр мемлекетінің тарихи атамекенінен жырақта - Орталық Азияда құрылып, біршама ұзақ өмір сүруі - қазақ халқының орта ғасырлардағы тарихында ерекше қайталанбас құбылыс болды.

Жалайырлар көптеген түркі халықтарының, нақтырақ айтсақ, өзбектер, қырғыздар, түркмендер, ноғайлар, қарақалпақтар құрамында кездеседі. Мұның өзі XIII-XV ғасырлардың алғашқы жартысында орын алған этносаяси үрдістермен тікелей байланысты.

Шыңғысхан негіздеген Моңғол империясында ұлыстардың құрылуы барысында жалайырлар негізінен Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу, Мәуереннахр аймағына қоныстанды. Моңғол әскерлері құрамына енген белсенді тайпа ретінде олар моңғол билеушілерінің барлық жаулап алу соғыстары мен кейінгі кезендердегі өзара қырқыс, қақтығыстарына да қатысуға мәжбүр болды. Осылайша олар Хулагу әскерімен Иран жеріне дейін жетсе, ал Еуразияны тітіренткен Алтын Орда әскері құрамында батысқа жылжыды. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап түркі халықтарының этникалық тұрғыдан халық болып қалыптасу процесі аяқтала бастаған тұста жалайырлардың Жетісу жеріне қоныстанған негізгі бөлігі Қазақ хандығы құрамына қосылып, қазақ халқының негізін қалауға белсенді атсалысты. Жалайырлар осында жергілікті ру-тайпалармен қоян-қолтық араласып, басқа түркі халықтарының этникалық бөлігіне айналды.

Жалайырлардың немесе т.б. Қазақ хандығы құрамына кірген көптеген ру-тайпалардың өзге де түркі халықтары құрамында кездесуі, аталған халықтардың шығу тегі мен тарихи тағдырының ортақтығын тағы да дәлелдей түседі.

Қазақ халқының тарихындағы үлкен нәубет - қалмақ шапқыншылығы жалайыр тайпасына да өте ауыр тиді. Жалайырлар азаттық үшін жан аямай күресті. Тарихи деректер мен халық санасы жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ-қалмақ соғысында ерекше ерлік көрсеткен бірталай жалайыр батырларының, билерінің есімдерін есте сақтап қалды. Бүкіл ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған алмағайып кезеңде жалайыр тайпасынан шыққан Жолбарыс би, Қабан жырау, Ескелді би, Балпық би, Тәттібай батыр, Айту билер ел қорғаны бола білді. Бұл тарихи тұлғалар туған жерін қауіпті, басқыншы жаудан қорғауға бар ғұмырын сарп етті.

Жалайыр жауынгерлерінен құралған жасақтар атақты қолбасшылар бастаған қазақ әскерінің алдыңғы қатарында әйгілі Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен, Балқаш көлі маңындағы және т.б. үлкенді-кішілі шайқастарға белсене қатысты.

Сын сағатта жалайыр жауынгерлері бүкіл қазақтың біріккен қарулы күштері құрамында қалмақ-жоңғарларды атамекенімізден қуып шығуға белсенді атсалысты. Осылайша бар қазаққа ортақ жеңіске жалайырлар да айтарлықтай өз үлестерін қосты.

Жалайыр шежіресіне байланысты зерттеулер негізінде мынадай тұжырымдар жасай аламыз:

Біріншіден, ғылымисипаттағы Жалайыр шежіресін құрастыруда өзіміз пайдаланған шежірелік материалдарға жүгіндік. Кейбір жекелеген аталар мен аталықтардың таралуын жазуда нақты материалдардың аздығына немесе жетіспеушілігіне қарамастан, жалпы алғанда, қолымыздағы материалдарды пайдалану арқылы біз, Жалайыр шежіресінің ғылыми нұсқасын жазып бітірдік деп есептейміз.

Екіншіден, деректердің жетіспеушілігіне байланысты кейбір толық ашылмай, тарқатылмай қалған тармақтар мен аталарды болашақта жаңа деректердің табылуына байланысты басқа шежірешілер толықтыра жатар деген ойдамыз.

Үшіншіден, Жалайыр тайпасы қанша бөлімге бөлінеді деген мәселеде біз, оның Шуманақ пен Сырманақ, Бірманақ атты үш

топқа бөлінетіндігіне көзімізді жеткіздік. Осы негізде одан әрі әр бөлімге жататын он үш рудың тарқатылуын жеке-жеке талдап, қарастырдық. Кестемен бірге, әр рудың тарқатылуына қысқаша сипаттама беруге тырыстық.

Төртіншіден, біз құрастырған Жалайыр тайпасының осы шежіресі бұған дейінгі шежірелермен қоса есептегенде Жалайыр тайпасы шежіресінің ғылыми нұсқасы болып саналады.

Бесіншіден, осы шежіре арқылы көптеген оқырмандар өздерінің арғы тегін біле алады, ата-бабаларын тани алады деген сенімдеміз. Шежіренің танымдық және тәрбиелік жағы осында болса керек.

Жалайыр тайпасының XIX-XX ғ. бас кезіндегі орналасу ауқымы кең. Олардың тығыз қоныстанған аймағы Жетісу өңірі. Қапал уезінде жалайырлар Төменгі-Ақсу, Мырза, Жоғарғы-Қаратал, Сыпатай, Таулы-Жалайыр, Ши, Төменгі-Қаратал, Оңтүстік-Балқаш, Күшік, Таз, Андас, Шолақ, Балғалы, Іле-Балқаш болыстарында қоныстанып, болыс тұрғындарының негізгі бөлігін құрады. Жалайырлар қыстаулары Қаратал, Біже, Тентек, Көксу өзендерінің екі жақ бетіндегі аңғарларды алып жатты. Жазда Сандыққысқан, Сарыжаз жайлауларында бас қосты. Ал Верный уезінде Рғайты, Ботпай, Жаңа-Іле болыстарында Іле өзенінің екі жақ сағаларын бойлай қыстап, жазда Алатау қойнауларын жайлаған.

Лепсі уезінде жалайырлар Ақшаулы, Тауқұм-Балқаш болыстары жеріндегі Қаракүнге тауларының бөктері мен Ай өзенінің екі жақ жағалауын бойлай қоныстанды.

Жетісу өңіріндегі жалайырлар қыстаудан жайлауға қарай тау шатқалдары мен өзендерді бойлай көшіп, көшудің «тік-вертикальды» бағытын ұстанды.

Шу өзенінің сол және оң жақ жағалауын, Талас өзенінің төменгі ағысы бойын қоныстанған жалайырлардың кейбір қауымдары жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысса, ал оңтүстікте Бөген және Сасық өзендерінің аңғарында қоныстанған жалайырлар отырықшы мал шаруашылығын кәсіп етті.

Өзбектер құрамындағы қазақ жалайырлары Құрама, Жизак уездерінде, Зерафшан өңірлерінде қоныстанып, негізінен отырықшы ауылдарды құрады және де өздері қоныстанған қышлақтарды «Жалайыр» атауымен атады. Ал, Қызылқұмның оңтүстік

